



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

Think digital!



2018

Жылдық есеп



МАЗМҰНЫ

Алғысөз 1

БҮГІНГІ КОМПАНИЯ 4

Қысқаша шолу

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі 8

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасының үндеуі 10

2018 жылдың оқиғалар күнтізбесі 13

Компания профилі 19

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП 32

Миссиясы, пайымы 34

Компанияның құндылықтары 36

Топты дамытудың стратегиялық бағыттары 38

2018 жылғы телекоммуникация нарығына шолу 40

Саланың реттеуші ортасына шолу 46

Компанияның саладағы орны 49

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 50

Корпоративтік басқару құрылымы 52

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 54

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері 65

Корпоративтік хатшы 69

Басқарма 73

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ 84

Тәуекелдерді басқару жүйесі 86

Тәуекелдерді басқару үдерісінің қатысушылары 87

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша 2019 жылға арналған жоспарлар 90



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ 92

«Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы 94

Операциялық нәтижелер 97

Қаржылық нәтижелер 116

ТҰРАҚТЫ ДАМУ 122

Тұрақты даму саласындағы стратегия 124

Тұрақты даму саласындағы бастамалар 124

Кадрлық әкімшілендіру 125

Персоналды тарту және бейімдеу 126

Жұмыскерлерді оқыту 127

Таланттарды басқару 128

4telecom жаңа корпоратившілік порталы 128

Қоршаған ортаны қорғау 129

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 130

«Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік дамуға қосқан үлесі 131

ҚОСЫМША АҚПАРАТ 132

Глоссарий 132

ҚЕХС шоғырландырылған қаржы есептілігі (қосымша) 133

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі заманды инфокоммуникациялық технологияларсыз, интернетсіз елестету мүмкін емес. Олар адамдардың барлық тіршілік саласында жоғары ену деңгейіне жетті. Бүгінгі күні ақпаратты-телекоммуникациялық технологиялардың жоғары даму қарқыны экономика, ғылым, өнеркәсіпте, елдер арасындағы коммуникацияда, ақпарат пен деректер ағындарын басқаруда үлкен рөл атқарады. Бұл ретте көлемі мен жылдамдығын арттыруға деген қажеттілік күннен-күнге артып келеді. Мәселен, өткен жылы әлемде ИКТ қызметтері мен сервистерін тұтынушылардың саны, сондай-ақ компьютерлік технологияларда, АТ және телекоммуникация саласында сервистер көрсетуге мамандандырылған ұйымдар саны артты. Бұл үдеріс қатардағы тұтынушылармен қатар, түпкілікті пайдаланушыларға да қатысты болды. Кейбір елдерде цифрландыру ауқымы өте жоғары деңгейге жетті, ал бірқатар мемлекет «цифрлық қоғам» деп аталатын форматқа көшті. Бұл форматта адамзат жайлы және қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік беретін технологиялық прогресс пен шешімдердің игілігінен бас тарта алмайды.

Цифрлық технологиялар мынадай артықшылықтар береді: халық пен бизнестің мемлекеттік қызметтерге қатынауын жеңілдету, ақпаратпен алмасуды жеделдету, бизнес жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, жаңа цифрлық өнімдер жасау. Осы ұмтылыстарды өмірде іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру басталды. Оның басты мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ел экономикасын дамыту қарқынын арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының болашақтағы цифрлық экономиканы құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау.

Экономиканы технологиялық жаңғыртуды жеделдету және опто-талшықты инфрақұрылымға

жаппай қатынау үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді іске асыру шеңберінде 2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары (АЕМ ТӨБЖ) технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету бойынша ірі жобаны іске асыруға кірісті. Аталмыш жоба 828 елді мекендегі 2,5 мың мемлекеттік мекеме үшін жоғары жылдамдықты интернетке қатынауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екі жылдың ішінде компания 15 мың шақырымнан асатын талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын жүргізу керек.

Жобаны іске асырудан қол жеткізілетін нәтиженің бірі инновациялық қызметтерді дамыту, сондай-ақ олардың ауылдық жерге ену деңгейін арттыру, телемедицина, онлайн-білім беру, электрондық коммерция саласының қызметтеріне қатынау болады. Жобаны іске асыру желіні өрістету бойынша құрылыс жұмыстары кезінде және құрылыс аяқталғаннан кейін де жұмыспен қамту деңгейіне оң ықпал етпек.

2018 жылдың қорытындысы бойынша бірінші кезеңде АЕМ ТӨБЖ жобасы шеңберінде жоғары жылдамдықты интернетке Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының 7 ауылдық елді мекеніндегі 27 мемлекеттік мекеме қосылды.

Оптикалық желіжолдар бойынша қатынау қызметтерін ұсыну қарқыны туралы айтсақ, бүгінгі күні GPON технологиясы бойынша 1 млн. аса порт салынды, белсенді пайдаланушылар саны 700 мыңнан асты. Мұнымен қатар мыс инфрақұрылымды кәдеге жарату жалғасуда. Бүкіл әлемде тіркелген абоненттердің мобильді желілерге көшіп жатқанына қарамастан, инфокоммуникациялық оператор классикалық телефон бизнесін одан әрі сақтап қалуға ниетті. Компания мобильді байланыспен қатар, тіркелген байланыс сервистерінің артықшылықтарын



пайдалануға мүмкіндік беретін сервистерге көңіл бөліп отыр.

Опто-талшықты көбілге негізделген желі құрылысынан басқа, 5G жаңа буын байланысын дамыту болашағы зор бағыттардың бірі болып анықталды. Осыған байланысты аталмыш технологияның мүмкіндіктерін бірлесіп зерттеу және тестілеу туралы меморандумдар жасалды.

«Қазақтелеком» сарапшыларының зерделеу саласына кірген тағы бір тақырып IoT – «заттар интернетін» қолдану перспективалары болды. Ол таяу болашақта IT-индустрия табысын өсірудің негізгі бір тетігі болмақ. «Қазақтелеком» өзекті үрдістерді ұстана отырып, LoRa технологиясының базасында Орталық Азиядағы ең ірі M2M/IoT желісін салу жобасын іске асырды. Қуат көзін аз тұтынатын желі болашақта IoT барлық сегментін қамтитын болады: ТКШ, көлік, қауіпсіздік, өндірістік объектілер, қалалардың аумағын, көшедегі жарықты бақылау, энергия ресурстарын тұтынуды есепке алу аспаптарынан телеметриялық деректерді жинау. Бірінші кезеңнің шеңберінде Алматы, Астана және Шымкент қалаларында желінің құрылысы аяқталды. Жобаны іске асыру барысында барлық облыс орталығында 400-ден аса LORA базалық станциясын орнату жоспарланып отыр.

Мұнымен қатар компания Smart Home және Smart City тұжырымдамалары бойынша жаңа қызметтер мен сервистерді зерделеу, бейімдеу және оларды нарыққа шығару жұмысын жалғастырды. 2018 жылы GPON қалалық оптикалық инфрақұрылым базасында B2C/B2B/B2G сегменттерінде «Бұлтты бейнебақылау» платформасына 45 мыңға жуық бейнекамера іске қосылды. Жаңа енгізілім қалаларда және қазақстандықтардың үйлерінде белсенді түрде енгізіліп, компанияның тәжірибесі халықаралық салалық конференциялар мен көрмелерде бірнеше рет ұсынылды.

Жаңа аумақтарды талшықты-оптикалық желіжолдармен қамтуды қамтамасыз етуден басқа, ком-

пания жаңа активтерді дамыту бағыты бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Мәселен, «Кселл» АҚ қазақстандық ұялы байланыс компаниясындағы 75% дауыс беретін акцияларын сатып алу туралы Telia Company және Fintur Holdings BV компанияларымен «Қазақтелеком» АҚ-ның шарт жасасуы елеулі оқиғалардың бірі болды. «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының пакетін сатып алу екі оператордың желілері мен тәжірибесін интеграциялау арқылы амбицияға толы бірқатар жобаны іске асыруға мүмкіндік береді. Екі компанияны синергиялау нәтижесі Қазақстан аумағында таяу болашақта жоғары технологиялық біріктірілген желіні салуға септігін тигізеді.

Мұнымен қатар компания электрондық коммерция сияқты жаңа бағыттарда да нәтижелерге қол жеткізді, яғни әңгіме Chocomart, Intermarket, KТstoresыңды өнімдер жайлы. Сенімді және қауіпсіз инфрақұрылымының, сондай-ақ жоғары қауіпсіздік талаптарын сақтаудың арқасында компания фискалдық деректер операторы атанып, республика бойынша үлкен сандағы бақылау-кассалық машиналарды (БКМ) қосуға демеу көрсетіп келеді. Жобаны іске асыру барысында онлайн-режимде негізгі қосуды жүргізуге мүмкіндік беретін инфрақұрылым салынды. Сонымен қатар компания жаңа кассалық аппараттарды тестілеу мен меншікті төлем құралын дамытуды жалғастыруда.

Еуропа мен Азия арасында трафиктің өсуін ескере келе, компания Парсы шығанағы мен Еуропа елдері арасындағы ақпаратты негізгі су асты беру жолына балама жаңа маршрутты операторларға ұсына отырып, сервистердің анағұрлым сенімді және тұрақты жұмысы үшін қолданыстағы телекоммуникация арналарының баламаларын іздестірумен де айналысты.



Өткен жылы басты үдерістердің бірі «Өрлеу» трансформация бағдарламасының шеңберіндегі жұмыс болды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша трансформация бағдарламасын іске асырудан еркін ақша ағыны 34,4 млрд. теңгеден асты.

Компанияны трансформациялау бойынша жобаларды іске асыру және тиімді бизнес-модельді енгізу шеңберінде 2017 жылдан бері қолданыстағы «Қазақтелеком» АҚ Көпфункционалы ортақ қызмет көрсету орталығына (ОҚО) Заң жағынан демеу функциясы бойынша ортақ қызмет көрсету орталығы мен Қаржылық ортақ қызмет көрсету орталығы қосылды.

Барлық жүргізіліп жатқан жұмыс компанияның нәтижелілігіне әсер етті, бұл 2018 жылы халықаралық агенттіктердің жоғарғы рейтингтерімен расталды. Айталық, Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% үлесін сатып алу туралы келісімге «Қазақтелеком» АҚ қол қойғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ (BB+, «Тұрақты» болжамы) және «Кселл» АҚ (BB, «Тұрақты» болжамы) рейтингілерін оң қайта қарауға қойды.

Басқа S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Кселл» АҚ-дағы дауыс беретін акцияларының 75% сатып алу туралы келісімге «Қазақтелеком» АҚ қол қойғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ рейтингісін (BB+, «Тұрақты» болжамы) растады. Бұл ретте жетекші рейтинг агенттіктерінің аналитиктері мәміле «Қазақтелеком» компаниялары тобына мобильді байланыс

нарығындағы үлесін 64%-ға дейін арттыруға, бизнестің маржиналдық кірісін арттыруға және оны одан әрі өсіру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Агенттіктің аналитиктерінің пікірінше, тиімділікті арттыру «Кселл» АҚ жоғары көрсеткіштерімен қатар, «Қазақтелеком» АҚ шығысын төмендету және түсімін одан әрі өсіру тұрғысынан синергетикалық нәтиже есебінен жүргізілуі тиіс. Рейтинг агенттіктері сарапшыларының пайымдауынша, компания өнімдер қатарын әртараптандырудың арқасында түсімді белсенді арттыруда.

Салаларды одан әрі қарқынды цифрландыру және технологиялардың өмірге жаппай енуі – таяу болашақтағы анағұрлым ықтимал сценарийлердің бірі. Осы үдерістерді интеграциялау жылдамдығы ақпараттық технологиялар мен телекоммуникация саласындағы күнделікті жаңартулармен негізделген. «Қазақтелеком» стратегиялық мақсаттарды табысты іске асыра отырып және қызметтер мен сервистерді дамыта отырып, ұзақ жылдар бойы көптеген позиция бойынша нарықтағы көшбасшы орнын сақтап келеді және жаңа бизнес бағыттарын игеру, өнімдер қатарын кеңейту бойынша жұмысты да жалғастырып келеді. Компания ширек ғасырдан тұратын тәжірибесінің арқасында жаһандық трендтер мен жергілікті нарықтың талаптарына сайма-сай келеді және бұл орайда кадрлық әлеуетін, құндылығын, инвестициялық тартымдылығын сақтап, адал айқын бизнестің қағидаттарын да ұстанып келеді. Бұл есеп 2018 жылдың негізгі оқиғаларын көрсетеді және олар «әрбір клиентпен тығыз қарым-қатынас орнату, бірінші таңдаудың бренді болу» деген мақсатқа сәйкес келеді. Өйткені, қазіргі заманда байланыс операторының тиімділігі активтердің көлемімен ғана емес, абоненттік базаның санымен және сапасымен өлшенеді.

01

Бүгінгі компания



Ақылы ТВ қосылу нүктелерінің саны:

772 373





Қысқаша шолу

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы – ел аумағында инфокоммуникациялық қызметтердің кең шоғырын ұсынатын Қазақстан Республикасының жетекші байланыс операторы.



Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сауран к., 12.

«Қазақтелеком» АҚ (компания, қоғам, Қазақтелеком) Қазақстандағы ірі тіркелген телефония операторы, байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылдық жерде байланыс қызметтерін көрсетуде

танылған көшбасшы, сондай-ақ Ұлттық деректер беру желісінің ірі операторларының бірі болып табылады.

Қазақтелеком ұлттық ауқымда тиімді заманауи байланыс желісін қамтамасыз етеді және инфокоммуникациялық қызметтерді тұтынушылардың көптеген негізгі мақсатты нарықтарын қамтиды. Магистральдық желінің сенімділігі мен ауқымы, сондай-ақ инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігінің жоғары болуы компанияның мейлінше маңызды бәсекелі артықшылығы болып табылады.

Компанияның артықшылықтары:

- Қазақстан халқын байланыс қызметтерімен кеңінен қамту – 80% ас үй шаруашылығы «Қазақтелеком» АҚ тіркелген телефониясына қосылған;
- Елімізде аналогы жоқ сым байланыс инфрақұрылымына ие;
- Бөлшек сату орындары мен абоненттерге қызмет көрсетудің жетілген желісі – Қазақстан бойынша 300-ден аса;
- Тұтынушылар сенім білдіретін танымал бренд;
- 248 сервис желісі орны, 17 дата-орталық пен байланысу орталықтары;
- Телефон тығыздығы – 100 тұрғынға шаққанда 17,3 желіжол;
- Тіркелген КЖҚ порттардың саны – 1 700 976 абонент;
- Мобильді байланыс абоненттерінің саны – 7 160 мың абонент* («Кселл» АҚ есепке алмағанда);
- Ақылы ТВ қосылу нүктелерінің саны – 772 373 абонент;
- Кіріс – 222 726 млн. тг;
- Таза пайда – 42 883 млн. тг;
- EBITDA margin – 35,9%.

Сервис желісі орындары

248

Дата-орталықтар мен байланысу орталықтары

17

Телефон тығыздығы 100 тұрғынға шаққанда

17,3

желіжол

EBITDA margin

35,9%

Ақылы ТВ абоненттерінің саны

772 373

абонент

Кіріс

222 726

млн. тг

Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны

1 700 976

абонент

Таза пайда

42 883

млн. тг

Қызметтің басты индикаторлары

Баптар атауы	Өлш. бірл	2014	2015 факт	2016 факт	2017 факт	2018 факт
Қаржылық көрсеткіштер (шоғырландырылған)						
Қызметтерді сатудан кіріс	млн. теңге	208 223	189 754	205 820	210 225	222 726
Таза пайда	млн. теңге	7 484	24 209	55 832	24 718	42 883
ЕБИТДА	млн. теңге	61 580	66 745	73 718	76 445	79 887
ЕБИТДА margin, %	%	29,6	35,2	35,8	36,4	35,9
Күрделі салымдар (есептеу)	млн. теңге	55 154	38 699	15 014	29 109	47 853
Тиімділік көрсеткіштер						
ROIC (инвестицияланған капиталға қайтару)	%	6	9,8	10,1	8,6	6,3
Бір абонентке орташа кіріс (ARPU)	теңге/ай	3 413	3 582	3 605	3 108	5 017
Жұмыскерлер саны (еншілес компанияларды есепке алғанда)	адам	29 000	28 343	25 117	23 610	22 457
Кіріс, барлығы, 1 жұмыскерге	мың теңге	7 180	6 912	8 194	8 904	9 924
Активтер туралы мәліметтер						
Активтер, барлығы	млн. теңге	417 693	436 494	468 962	471 314	793 395
Ұзақ мерзімді кредиттер	млн. теңге	56 426	27 300	53 795	24 968	135 838
Меншікті капитал	млн. теңге	270 309	292 421	343 798	359 108	414 841
Өндірістік көрсеткіштер						
Тіркелген желіжолдар саны	желіжолдар	4 063 258	3 878 584	3 670 276	3 425 559	2 978 472
Жергілікті желіні цифрландыру деңгейі	%	99,06	100	100	100	100
Тіркелген КЖҚ порттардың саны	порттар	1 543 138	1 502 632	1 592 146	1 686 785	1 700 976
Ақылы ТВ қосылу нүктелерінің саны	порттар	530 630	607 762	670 127	735 419	772 373
Макроэкономикалық көрсеткіштер						
Қазақстан халқы, барлығы	мың адам	17 417,4	17 670,9	17 918,2	18 157,1	18 395,6
ЖІӨ есуі	%	104,3	101,2	101,1	104	104
Тұтынушылық баға индексі	%	107,4	113,6	108,5	107,1	105,3
Долларға шаққандағы теңге бағамы, орташа бір жылға	теңге	179,19	221,73	342,16	326	344,71



«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі



Н. Байдәулетов

«Қазақтелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті әріптестер, клиенттер мен серіктестер!

2018 жылы телекоммуникация сервистері бірқатар саланы дамытудың негізгі тетіктерінің бірі болды. Еліміз «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде цифрлық мемлекетке көшуді жариялады. Бұл маңызды кешенді бағдарлама цифрлық технологияларды қолдану арқылы әр азаматтың өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған. «Қазақтелеком» мен оның ұжымына бірқатар жобаны іске асыруға тікелей қатысу, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде іске асырылатын еліміздің ауылдық елді мекендерінде талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салу бойынша ауқымды жобаға қатысу сынды маңызды міндет қойылды.

Компания мультисервистік оператор бола отырып, мемлекет қойған міндеттерді іске асыруға және мақсаттарға қол жеткізуге қажетті ресурстарға ие деп санаймын.

Өткен жылы желімен қамтуды кеңейту, сервис сапасын көтеру, B2C және B2B сегменттерінде жаңа қызметтерді дамыту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. «Қазақтелеком» инфокоммуникациялық қызметтерге қатынаудың бірыңғай орны ғана емес, «ақылды қала», «ақылды үй», Internet of Things жобаларын іске асыру үшін сенімді серіктес және инфрақұрылымдық оператор және осының нәтижесінде әр үйден «көрініс тауып отыр». Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ инновациялық өнімдерді дамыту тұрғысынан Big Data және жаңа амал-тәсілдерді қолдануға да қажеттіліктің өсуі байқалуда.

Компания жұмысының тиімділігі 2018 жылы халықаралық агенттіктердің рейтингілерімен

расталды. Елеулі оқиғалар компанияның кредиттік рейтингілерінде оң бағамен көрініс тапты. Айталық, Fitch Ratings агенттігі «Қазақтелеком» АҚ (BB+, «Тұрақты» болжамы) және «Кселл» АҚ (BB, «Тұрақты» болжамы) рейтингілерін көтеру мүмкіндігі бар қайта қарауға қойды. S&P Global Ratings агенттігі «Кселл» АҚ-дағы 75% акцияларды сатып алу туралы келісімге «Қазақтелеком» АҚ қол қойғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ рейтингісін (BB+, «Тұрақты» болжамы) растады. Мобильді актив акцияларының бақылау пакетін сатып алу «Қазақтелекомның» операциялық бейінін және нарықтық ұстанымдарын жақсартып, ұзақ мерзімді перспективада компания тұрақтылығына оң әсерін тигізді. Бұл мәміле болашақта 5G стандартына көшу перспективаларын ескере отырып, ұялы байланыс қызметтерінің тұтынушылары үшін желінің сапалы көрсеткіштерін жақсартуға да мүмкіндік бермек.

Директорлар кеңесінің атынан барлық стейкхолдерге – Қазақтелеком акционерлеріне, серіктестері мен клиенттеріне сенім білдіргендері және көп жылдық ынтымақтастықтары үшін алғыс білдіремін.

Компанияның әлеуметтік жауапкершілік философиясын, тұрақты түрде жұмысқа енгізілетін инновациялық амал-тәсілдерін ұстана отырып, «Қазақтелеком» АҚ өзінің даму қарқынын сақтайтынына және техникалық тұрғыдан сенімді әрі тұрақты болып қалатынына сенімдімін.

**Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Н. Байдәулетов**



«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасының үндеуі



Қ. Есекеев

«Қазақтелеком» АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті акционерлер, инвесторлар, клиенттер, серіктестер!

2018 жыл «Қазақтелеком» АҚ мен оның сан мыңдаған ұжымы үшін тиімді қызмет, жаңа перспективалы бизнестерді дамыту, инновациялық және озық технологияларды пайдалану, құндылықтарды енгізу және мықты ішкі мәдениетті құру тұрғысынан есте қалмақ.

Компания және сала үшін күрделі кезеңде біздің бизнес жүргізу философиямызға қабылданған қағидаттарды ұстану, дәстүрді сақтау және өзгерістерге икемді және қабілетті болу негіз болып отыр. Жаңа трендтер, трафиктің тіркелген сегменттен мобильдіге қарай жылыстауы, берілетін ақпарат көлемінің өсуі, салалардың цифрландырылуы, бәсекенің күшеюі және ғаламдық телеком-нарықтағы тегереуіндер барлық ойыншыға өз талаптарын қойды. Алайда өткен жыл компания тобына тұтастай жемісті және нәтижелі болды. Біз бірлесе, өзгере және дами отырып жұмыс істей алатынымызды тағы да көрсеттік.

Мен 2018 жылы қабылданған шешімдер мен маңызды оқиғаларды қамтитын жылдық есепті назарларыңызға ұсынудың үлкен құрметіне ие болып отырмын. Оның беттерінен сіздер компанияның қызметі бағаланатын негізгі индикаторларды – техникалық, қаржылық, салалық көрсеткіштерді; нарықтың түрлі сегменттерінде жүргізілген жұмыстың талдауын; жобалардың іске асырылу барысын, сондай-ақ еншілес компаниялардың қызметі туралы ақпаратты, алдағы кезеңнің жоспарларын таба аласыздар.

Маңызды оқиғалардың бірі талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салуды бастау және ауылдық елді мекендерді кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету болды. Екі жыл ішінде 15 000 км аса талшықты-оптикалық байланыс желіжолда-

рын салу және 828 елді мекендегі 2,5 мыңға жуық мемлекеттік мекемені магистральдық арналарға қосу жоспарланып отыр. Бұл осындай ақымдағы және мемлекет-жекешелік серіктестігінің тетігі арқылы іске асырылатын алғашқы жоба: «Қазақтелеком» талшықты-оптикалық желілер салатын болады және оған мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдарды қосып, қызметтерге қатынауды қамтамасыз етпек. Осы салынған инфрақұрылымды нарықтың басқа қатысушыларына сервистерді ұсыну үшін, оның ішінде ұялы компанияларға ресурстарды ұсына отырып, ішкі желілерді салу және телекоммуникациялық қызметтердің толық шоғырын көрсету үшін пайдалануға болады.

Түпкілікті мақсатқа қол жеткізу үшін, яғни ауылдық жердегі мемлекеттік органдар мен бюджеттік саланың мекемелері – ауруханалар, мектептер, жергілікті атқару органдары, авариялық қызметтер, қорғаныс объектілері мен құқық қорғау органдары үшін интернетке қатынауды қамтамасыз ету жолында барынша күш салуымыз керек. Инновациялық қызметтерді дамыту және телемедицина, онлайн-білім беру мүмкіндіктеріне қатынауды, электрондық коммерция қызметтеріне қатынауды ұйымдастыру жобаны іске асырудың оң нәтижесі болмақ.

Компания қызметіне және Қазақстанның телекоммуникация нарығына ықпалын тигізген тағы бір оқиға «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% үлесін сатып алу болды. Мәмілеге дайындық барысында «Қазақтелеком» терең инвестициялық талдау жүргізді, осындай мәмілеге қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес «Кселл» қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалап, кешенді тексеруді іске асырды.

Бұл шешім стратегиялық мәнге ие және желілерді біріктеруден туындайтын синергетикалық нәти-



женің арқасында бірқатар амбициялық жобаны іске асыруға мүмкіндік береді және компаниялардың дамуы үшін қозғаушы күш болады. Өйткені еліміздің екі ірі телекоммуникация операторын құрайтын стратегиялық және операциялық шешімдерді біріктіріп отырмыз. Бірлескен қызмет нәтижесінде клиенттеріміз бұдан да көп қызмет түрлерін пайдаланатын болады.

Өткен жыл компания 5G дамыту бағытында ізденіс жасап, Samsung-пен 5G технологиясын бірлесіп зерделеу бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды және Nokia корпорациясымен бірлесіп, 5G пилоттық режимде тестілеу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Біздің компания бұл технологияны инфрақұрылымдық сервистер мен жаңа бизнес мүмкіндіктерін құру үшін қарастырады.

«Қазақтелеком» ширек ғасыр бойы сенімді серіктес, қызметтерді жеткізуші мен инновациялық қызметтер мен сервистердің провайдері болып келеді. Көп жағдайда мұндай сенім желінің тұрақты жұмысының, корпоративтік әдеп қағидаттарын ұстанатын жұмыскерлердің өз ісіне жауапты қарауының арқасында қалыптасты. 2018 жылы біз ұжыммен жұмысқа айрықша көңіл бөлдік, персоналдың күші мен ынтасын біріктіруге бағытталған іс-шараларды өткіздік. Мәселен, біз көптеген ірі компанияға тән атқарушылық тәртіп мәдениетінен жетістіктермен табысты ойлау мәдениетіне өту сатысында тұрмыз. Біз 2018 жылы жаңа басымдылықтар мен басты идеяларды

корпоративтік құндылықтардың жаңа моделінде көрсеттік және жеке құндылықтарды корпоративтік құндылықтармен біріктіруге бағытталған бірқатар жобаны іске асырдық.

Біздің компанияның сан мыңдаған ұжымына күнделікті еңбектері мен ортақ іске шынайы берілгендері үшін алғысымды білдіремін. Жаппай цифрландыру мен ИКТ сервистерін интеграциялаудың қазіргі жағдайында кәсіби деңгейі жоғары адами ресурстардың рөлі өте маңызды. Бүгінгі телекоммуникация саласы жаһандық тұрғыдан алғанда, барлық сала мен тіршілік ету әрекеттеріне даму импульсін беретін арна болып табылады. Инфокоммуникация ортасы мен құрамдас экожүйені қарқынды дамыту кез келген мемлекеттегі тұрақты экономика факторларының бірі болып саналады. Цифрландыру, телекоммуникация саласын жетілдіру және азаматтар үшін қызметтерге қатынауды қамтамасыз ету міндеттері – біздің басты басымдығымыз.

Жобалар мен жаһандық міндеттерді іске асыру, сондай-ақ өзіне алған міндеттемелерін компанияның орындауы 2019 жылы да жалғасын табатынына сенім білдіремін.

**Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ
Басқарма төрағасы
Қ. Есекеев**

2018 жылдың оқиғалар күнтізбесі

Қаңтар

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев Астанадағы бұлтты бейнебақылау жүйесінің жұмысын бағалады. Таныстырылым барысында инновациялық сервистің негізгі артықшылықтары көрсетілді: бұлтты бейнебақылау көппәтерлі үйлердің кіреберістеріндегі жағдайды тұрақты мониторингілеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мұрағат жазбаларын сақтау және пайдаланушының мобильді құрылғыларында, «жеке кабинетінде» онлайн тәртібінде бейнеге қатынау алу мүмкіндігін ұсынады.

Ақпан

«Қазақтелеком» АҚ-да Autodesk Innovation Genome негізін қалаушы, Autodesk инновациялық стратегі, инновациялар, менеджмент пен технологиялар саласындағы сарапшы Билла О'Коннордың шеберлік класы өтті. Инновациялық шешімдерді енгізу үшін идеяларды өндіру шеберлік класының басты тақырыбы болды.

«Қазақтелеком» АҚ «Шағын және орта бизнес үшін ашық цифрлық платформа» жобасын таныстырды. Жобаның мақсаты – ШОБ өз арасында, мемлекетпен және нарықтың басқа қатысушыларымен цифрлық өзара іс-қимыл жасау жүйесін енгізу.

«Қазақтелеком» АҚ ӨБД қатысушы елдердің электр байланысы және инфокоммуникация операторларының қызметі мәселелері бойынша Инфокоммуникация комиссиясының және ӨБД Электр байланысы және инфокоммуникация операторлары одағының бірлескен отырысына қатысты.

«Қазақтелеком» АҚ мобильді технологиялар саласындағы ірі оқиға – Mobile World Congress Barcelona 2018 бүкіләлемдік мобильді кон-

гресінде қазақстандық стенд пен технологиялық жетістіктерін ұсынды. Компания Smart Home, Smart City шеңберінде Қазақстанда енгізіліп жатқан инфокоммуникация саласындағы инновациялық сервистері мен технологияларын көрсетіп, сондай-ақ транзиттік әлеует мүмкіндіктерімен таныстырды.

«Қазақтелеком» АҚ LoRa, Zigbee және LTE технологиялары базасында ТМД-дағы ең ірі M2M/Internet-of-Things желісін салу жобасының бірінші кезеңін аяқтады. Желі «заттар интернеті» нарығының барлық бағытын қамтиды: B2C сегментінде пәтерлер, жеке үйлер мен кіреберістер; B2B/B2G сегментінде қалалардың көше аумақтары, көппәтерлі үйлер, әкімшілік ғимараттар, өндірістік объектілер мен автомобиль жолдары. Бірінші кезеңнің шеңберінде LoRa технологиясының базасында ТМД-дағы ең ауқымды қуат көзін аз тұтынатын LPWAN желісін салу аяқталып, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы барлық көппәтерлі үйлер, ғимараттар мен қалалық аумақ қамтылды.

«Қазақтелеком» АҚ «Еуропа мен Орталық Азиядағы кибершабуылдардан ең қорғалған абоненттері бар байланыс операторы» номинациясында «Лаборатории Касперского» наградасын алды.

Наурыз

«Қазақтелеком» АҚ ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев басқарған қазақстандық делегацияның құрамында Белорусь Республикасының Жоғары технологиялар паркіне барды. Онда бағдарламалық жасақтама саласындағы, салаға қатысты цифрлық шешімдердің, мобильдік қосымшалардың жұмыстармен танысты.



Сәуір

«Болашақты ұйымдастыру» XIII халықаралық HR конференциясының шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ адами ресурстарды басқару саласындағы халықаралық сарапшылардың, қазақстандық және халықаралық компания өкілдерінің, жеке құрылымдардың HR бөлімшелері басшыларының назарына табысты трансформация үлгісі ретінде Ортақ қызмет көрсету моделін ұсынды.

«Қазақтелеком» АҚ-да түрлі деңгейдегі компаниялардың басшыларының қатысуымен «ТОП-100» конференциясы өтті. Конференция барысында CREDO корпоративтік құндылықтарының жаңа моделі таныстырылды. Бес негізі бағыттан тұратын жаңа модель компанияны тиімді басқару мен дамытуға, тұрғындардың инфокоммуникациялық қызметтер мен сервистерге қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Мамыр

«Қазақтелеком» АҚ-да «Талшықты-оптикалық көбілді ең үздік дәнекерлеуші-кәбілші» жыл сайынғы республикалық конкурсы өтті. Оған өңірлік филиалдардың 30-дан аса маманы қатысты.

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2017 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекітті. 1 жай акцияға шаққанда дивиденд 1 595,79 теңге құрады.

Маусым

«Қазақтелеком» АҚ-да PROTelecom жобасы бойынша тағылымдамадан өтуге үміткерлерді іріктеу өткізілді: 3-4-ші курстардың және магистратураның студенттері Астана және Алматыдағы компанияның бөлімшелерінде жұмыс істеуге кірісті. Тағылымдама бағдарламасының негізгі мақсаты еліміздің жетекші ЖОО сту-

денттері мен магистранттарын компаниямызда тағылымдамадан өтуге тарту болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ сыртқы және ішкі стейк-холдерлер үшін трансформация идеясын интеграциялау бойынша компанияның бастамаларын дамыту шеңберінде TEDxAstana 2018 конференциясының серіктесі болды. Іс-шара жұмыскерлер үшін терең, құндылық деңгейінде трансформация идеяларын көрсетуге септігін тигізді.

«Қазақтелеком» АҚ-да «Қазақтелеком» АҚ цифрлық желіжолдарға күтім жасайтын жұмыскерлері арасында кәсібі жағынан ең үздік» республикалық конкурсы өтті.

«Қазақтелеком» АҚ ҚР-да Блокчейн мен криптотехнологияларды дамыту ұлттық қауымдастығымен серіктестікте тарату есептеу-іштері технологиясын қолдануды заңнамалық реттеу мәселелеріне арналған «Блокчейн реттеу: мүмкіндіктері мен тәуекелдері» атты алғашқы халықаралық конференция өткізді. Мұнымен қатар «Қазақтелеком» АҚ Блокчейн мен криптотехнологияларды дамыту ұлттық қауымдастығына кірді.

«Қазақтелеком» АҚ мобильді технологиялар саласында ірі оқиға – Mobile World Congress Shanghai 2018 бүкіләлемдік мобильді конгресте еліміздің стендісі мен технологиялық жетістіктерін көрсетті. Іс-шара барысында меморандумдарға, келісімшарттар мен келісімдерге қол қойылды, сондай-ақ жаһандық телекоммуникация саласындағы, мобильді және инновациялық технологиялар саласында көшбасшы болып табылатын әлемдік компаниялардың топ-менеджерлерімен бірқатар стратегиялық келіссөз жүргізілді. Стендіде оператордың инфрақұрылымы, технологиялық желінің ерекшеліктері, инновациялық сервистер, Smart Home, Smart City тұжырымдамаларының шеңберіндегі шешімдер, Internet of Things саласындағы жаһандық нарыққа арналған ұсыныстар ұсынылды.

Шілде

Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күнінің алдында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ-да байланыс саласының ардагерлеріне құрмет көрсету іс-шарасы өтті. Компания мен саланың 10 мыңнан аса зейнеткеріне қолдау көрсетіледі, олардың 500-ден астамы Ұлы Отан соғысының ардагерлері және оларға теңестірілген адамдар болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ және «Өзбектелеком» АҚ жаңа бизнес-бағыттар бойынша ынтымақтастық туралы уағдаласты. Ташкенттегі кездесу барысында компаниялардың басшылары инфокоммуникация нарығындағы жоспарларды ортақ үйлестіру үшін инфрақұрылымды дамыту бойынша жоспарларымен алмасты, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ бірегей технологиялық ұсынысын пайдалана отырып, «Өзбектелеком» АҚ сыртқы интернет-арналарын кеңейту бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік және тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті «Қазақтелеком» АҚ-ға «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% сатып алуға рұқсат берді.

Тамыз

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан, Әзірбайжан, Иран Ислам Республикасының, Ресей Федерациясының және Түркменстанның Президенттерінің қатысуымен V Каспий саммитін өткізуге техникалық қолдау көрсетті. Техникалық қолдау шеңберінде 500 жұмыс орнына баспасөз орталығы ұйымдастырылды және ұйымдастыру ісі техникасымен жабдықталды, халықаралық және қалааралық байланыс ұйымдастырылды, жылдамдығы 1Гб/с жоғары жылдамдықты интернетке қатынау ұйымдастырылды.

«Қазақтелеком» АҚ IVI.ru ресейлік онлайн-кинотеатрымен келісім шеңберінде онлайн кинотеатрға қосымша сервис-қатынауды іске қосты.

Қыркүйек

Жыл сайынғы «GCCM 2018» байланыс операторларының халықаралық көрме-конференциясында «Қазақтелеком» АҚ Еуропа мен Азия арасында ақпараттық ағындардың транзиті бойынша жаңа мүмкіндіктерін таныстырды. Болашақта Парсы бұғазы мен Үндістан елдеріне шығатын Еуропа, Ресей, Қазақстан, Түркменстан және Иран елдері арқылы ықтимал жаңа жерүсті маршрутының техникалық параметрлерінің нәтижелері қысқаша таныстырылды. Жаңа маршрут қолданыстағы су асты теңіз кәбілдеріне балама болып ұсынылды. Іс-шара ТМД, Оңтүстік-Шығыс Азия, Еуропа және Таяу Шығыстағы 110 компанияның 350-ден аса өкілінің басын қосты.

«Қазақтелеком» АҚ Fintech шеңберінде B2B нарығындағы жаһандық қаржылық қызметтер саласындағы жаңа технологияларды, инновацияларды дамыту саласындағы тәжірибемен алмасуға бағытталған Interbank Card Center of Turkey BKM Bankalararasi Kart Merkezi A.S. компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Павлодар облысына жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев ТМД-дағы ең ірі, «Қазақтелеком» АҚ деректер өңдеу орталықтары желісіне кіретін Tier III класты дата-орталықтың жұмысымен танысты. Hewlett-Packard компаниясымен бірлескен жоба ДӨО базасында ұсынылатын қызметтер мен сервистердің спектріне қатынау ашатын бағдарламалық жасақтамаға мамандандырылған, әлемдегі ең үлкен желілік және есептеуіш жабдықтарының кешенін білдіреді. Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа бағыты – бұлтты есептеуіштер мен майнинг индустриясына айрықша көңіл бөлінді.

«Қазақтелеком» АҚ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына және бизнес жүргізу қағидаттарын сақтауға бағытталған компаниялар тобының стратегиясына сәйкес Комплаенс қызметі құрылды.



«Қазақтелеком» АҚ телеком-бизнесті цифрлық трансформациялау және 5G технологиясының мүмкіндіктеріне арналған VI халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференцияның жұмысына RIPE NCC, GSMA, байланыс операторларының, консалтингтік және АТ компанияларының, Қазақстан мен Ресейдің телекоммуникация жабдықтарын жеткізушілерінің өкілдері қатысты.

«Қазақтелеком» АҚ Астанада ISMET.kz бизнесіне арналған порталдың таныстырылымын өткізді. Іс-шараға шағын және орта бизнестің 100-ге тарта өкілі қатысты.

«Қазақтелеком» АҚ LoRa технологиялары базасында 2017 жылы басталған Орталық Азиядағы ірі, қуат көзін аз тұтынатын LPWAN желісін салу жобасының бірінші кезеңі аяқталғаны туралы хабарлады. Осы жоба шеңберінде Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы барлық жеке және көппәтерлі үйлер, ғимараттар мен қалалық аумақ қамтылды. M2M желісі «ақылды» қала шешімдерін іске асыру үшін, атап айтқанда, ресурстарды есепке алу (Smart Metering) және ақылды жарық беру (Smart Lightning) аспаптарынан көрсеткіштерді жинауды автоматтандыру үшін негізгі инфрақұрылым болып табылады.

Қазан

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, «Қазақтелеком» АҚ және құрамында «SilkNetCom» ЖШС мен «Транстелеком» АҚ Консорциумы арасында «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік серіктестік шарты жасалды. Жобаны іске асыру мектептерге, ауруханаларға, әкімшіліктер мен басқа да мекемелерге жоғары жылдамдықты қатынауды ұсынуға мүмкіндік

береді. Шартқа сәйкес 3 500 мемлекеттік мекемеден «Қазақтелеком» 2 496 мемлекеттік орган мен бюджеттік саланың мекемесін кеңжолақты деректер беру қызметтеріне қосады.

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингін «BB+», «Тұрақты» болжамы деңгейінде растады. Ұлттық шкала бойынша компанияның рейтингісі «kzAA-» деңгейінен «kzAA» деңгейіне дейін көтерілді.

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы Қуанышбек Есекеев ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанда 5G технологиясын тестілеу және оны практикада қолдану перспективалары туралы баяндады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ ауылдық елді мекендерде талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын (ТОБЖ) жүргізу бойынша ауқымды жұмысты бастады. Алғашқылардың қатарында Шығыс Қазақстан облысының Озерки ауылы мен Павлодар облысы Май ауданының Қаратерек, Кеңтүбек, Малайсары ауылдары болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілдері тәжірибемен алмасу мақсатында Жалақыны есептеу, Заң жағынан демеу және HR ОҚО-дан құралған «Қазақтелеком» АҚ Көпфункционалы ортақ қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты.

«Қазақтелеком» АҚ Samsung-пен 5G технологиясының мүмкіндіктерін бірлесіп зерделеу бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Өзара іс-қимыл шеңберінде тіркелген қатынауды ұйымдастыру мүмкіндігін кеңейтетін, сондай-ақ бизнесті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер құратын 5G пайдалану нұсқалары қаралды.

«Қазақтелеком» АҚ және «СДН-Видео» ААҚ Қазақстанда интернет-контент дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумға қол қоюдың негізгі мақсаты – CDN (Content Delivery Network) мүмкіндіктерін пайдаланудың арқасында «Қазақтелеком» АҚ желісінде трафикті оқшаулау.

«Қазақтелеком» АҚ «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы шеңберінде Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының 4 ауылдық елді мекеніндегі 16 мемлекеттік орган мен бюджеттік ұйымды қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салуды аяқтады.

Қараша

«Қазақтелеком» «Таланттарды басқару» жобасы үшін WOW!HR_KZ персоналды басқару саласындағы ірі халықаралық бизнес-сыйлығының LEVEL UP номинациясында дауыс беру көшбасшысы болды. Жоба 2016 жылы іске қосылды және кадрлық резервті дамыту мен көшбасшыларды анықтауға бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы Қуанышбек Есекеев «Астана Хаб» IT-стартаптар халықаралық технологиялық паркінің ресми ашылуында блокчейн-өнімдер құру үшін блокчейн-платформасын ұсынды.

Қазақстандық биржа форумында «Қазақтелеком» АҚ «Қаржы нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясында бағаланды. Марапаттау қазақстандық қор нарығының, листингтік компаниялардың өкілдерінің, қаржыгерлер мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтті.

«Қазақтелеком» АҚ листинг және Astana International Exchange биржасында 75 млрд. теңгеге облигациялар орналастыруды жүргізді.

Алматыда «Қазақтелеком» АҚ топ-менеджментінің және Телекоммуникация желілерін басқару бас орталығының ұжымының қатысуымен үйлестіру сессиясы өтіп, компанияның корпоративтік құндылықтарын бекіту мен ілгерілетуге бағытталған «CREDO: табыс мәдениетіне жол» пилоттық жобасы іске асырылды.

2017 жылдан «Қазақтелеком» АҚ-да жұмыс істеп келе жатқан Көпфункционалы ортақ қызмет көрсету орталығына Қаржылық қызмет көрсету орталығы мен Заң жағынан демеу функциясы бойынша ортақ қызмет көрсету орталығы қосылды.

«Қазақтелеком» АҚ Астанада Internet of Things екінші халықаралық форумын өткізді. Форум барысында шетелдік және отандық сарапшылар оны күнделікті өмірде қолдану, заманауи даму тенденциялары, сондай-ақ қазақстандық реалияларда концептті пайдалану перспективалары сынды мәселелерді талқылады.

Желтоқсан

Нұр-Сұлтанда «CREDO – табыс мәдениетіне жол» start-up сессиясы өтіп, оған Орталық ӨТД ТОП-100 жұмыскері қатысты.

«Қазақтелеком» АҚ листинг жүргізіп, Astana International Exchange биржасында 25 млрд. теңгеге облигацияларды орналастырды.

«Индустрияландырудың екінші бесжылдығы. Қазақстанда жасалған» жыл сайынғы жалпыұлттық телекөпірі барысында «Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті



Н.Ә. Назарбаевқа еліміздің ауылдық елді мекендерін интернетке кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету бойынша жобаның іске асырылуы туралы баяндады.

«Қазақтелеком» АҚ «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасын іске асыру шеңберінде Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының 3 ауылдық елді мекеніндегі 13 мемлекеттік орган мен бюджеттік ұйымды қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салуды аяқтады. 2018 жылдың 10 желтоқсанына МЖС шарты бойынша міндеттемелерді 2018 жылы орындауды қамтамасыз ететін 7 ауылдық елді мекендегі 29 мемлекеттік орган мен бюджеттік ұйымға ТОБЖ пайдалануға өткізілді.

2018 жылғы 12 желтоқсанда «Қазақтелеком» АҚ, Telia Company және Fintur Holdings BV арасында «Кселл» АҚ қазақстандық ұялы компаниясынан 75% акциялар пакетін «Қазақтелекомның» сатып алуы туралы шарт жасасты. Мәміле шеңберінде «Қазақтелеком» Telia Company компаниясынан «Кселл» АҚ-ның 24% акциясын және Fintur Holdings BV компаниясынан 51% акцияны (Telia Company (58,55%) және Turkcell (41,45%) телекоммуникация компанияларының бірлескен кәсіпорны) сатып алды.

«Қазақтелеком» АҚ Бірыңғай ұлттық зейнетақы қорының таңдауымен үздік жұмыс беруші болып танылды. «Қазақтелеком» HR саясаты айқын қалыптасқан қазақстандық компания болып танылды.

Fitch Ratings рейтинг агенттігі «Кселл» АҚ-дағы дауыс беретін акциялардың 75% үлесін сатып

алу туралы келісімге «Қазақтелеком» АҚ қол қойғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ (BB+, «Тұрақты» болжамы) және «Кселл» АҚ (BB, «Тұрақты» болжамы) рейтингілерін оң қайта қарауға қойды.

S&P Global Ratings рейтинг агенттігі «Кселл» АҚ-дағы дауыс беретін акциялардың 75% үлесін сатып алу туралы келісімге «Қазақтелеком» АҚ қол қойғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ рейтингісін растады (BB+, «Тұрақты» болжамы).

Алматыда «Қазақтелеком» АҚ жастар ұйымының форумы өтті. Іс-шараның шеңберінде талантты жастарды дамыту бойынша «Z-telecom. Қайта жүктеу» жаңа жобасы таныстырылды. Форумға 35 жасқа дейінгі компанияның барлық филиалынан 150-ден аса делегат қатысты.

2018 жылға «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акциялары бойынша 1 акцияға шаққанда 300 теңге мөлшерінде кепілді дивиденд төлеу жүргізілді.



Компания профилі

Негізгі мәліметтер

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы №666 қаулысына сәйкес республиканың барлық аумағында байланыс қызметтерінің кең шоғырын көрсететін, құрылып отырған ұлттық ауқымдағы акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру жолымен құрылды. Бастапқы мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет органдары 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізген.

1996 жылдың наурыз айында көлемі 12 млрд. теңгені құраған жарғылық қоры шамасына акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақтелеком» ашық акционерлік қоғамын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына («Қазақтелеком» АҚ) қайта тіркеу жүргізілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №6924-1901-АҚ куәлікті Астана қаласының Әділет департаменті 2004 жылғы 1 сәуірде берген. 2012 жылғы 26 қаңтарда Астана қаласы Әділет департаменті Сарыарқа аудандық Әділет басқармасының құрылуына байланысты Қоғамға заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы басқа нөмірмен №570-1901-01-АҚ жаңа куәлік берілді.



«Қазақтелеком» АҚ заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. Компания Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті берген 2014.09.10 №14014826 бас лицензия негізінде әрекет етеді. Компанияның акциялары Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізіміне енгізілген. «Қазақтелеком» АҚ негізгі акционері жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын, компанияның 51% жай акцияларының ұстаушысы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ – заңды тұлға, құрамында өңірлік филиалдары бар. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ активтерінің құрамына еншілес ұйымдар кіреді. Компания республиканың бар аумағынан орындалған және ол 248 сервис орнынан құралған желіге, 15 data-орталықтан тұратын меншікті желіге, байланысу орталықтарына ие. Компанияның орталық офисі Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобында 23 мыңнан аса адам жұмыс істейді.



«Қазақтелеком» АҚ ұйымдық құрылымы

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма

Орталық аппарат

Филиалдар

Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион	Бөлшек бизнес жөніндегі дивизион
Орталық өңірлік телекоммуникация дирекциясы	«Алматытелеком» өңірлік телекоммуникация дирекциясы
Батыс өңірлік телекоммуникация дирекциясы	Шығыс өңірлік телекоммуникация дирекциясы
Солтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы	Оңтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы
«Алыспен байланыс» бірлестігі	Телекоммуникация желілерін басқару бас орталығы
Ақпараттық жүйелер дирекциясы	Телекоммуникация және инфрақұрылым объектілерінің құрылысы дирекциясы
«Телеком Жинақтау» дирекциясы	«Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы

«Қазақтелеком» АҚ еншілес және басқа аффилирленген ұйымдарының тізбесі

«Қазақтелеком» АҚ еншілес және басқа аффилирленген ұйымдарының тізбесі

1. «КТ Cloud Lab» ЖШС;
2. «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС;
3. «Info-Net Wireless» ЖШС;
4. «КТ-АйИкс» ЖШҚ;
(Ресей Федерациясы);
5. «НУРСАТ» АҚ*;
6. «Нурсат+» ЖШС;
7. Khan Tengri Holding B.V.
(Хан Тенгри Холдинг Б.В.);
8. «QazCloud» ЖШС;
9. «Кселл» АҚ.

*Телекоммуникациялық оператор ерікті түрде таратудың соңғы сатысында тұр

Акционерлік капитал құрылымы

Қоғамның жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгені құрайды, 10 922 876 жай акциядан және 1 213 653 артықшылықты акциядан тұрады. Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге. «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларының үлесі айналысқа шығарылған акциялар жалпы санының 10% құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ресми тізіміне қосылған, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды.

Қазіргі уақытта компанияның жай және артықшылықты акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ «Премиум» ресми санатына кіреді және биржаның негізгі алаңында сатылады.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысымен құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ға берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы №669 Жарлығын іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы №962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ, Қор) «Қазына» тұрақты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық қоры» акционерлік қоғамдарының бірігуі жолымен құрылды. Бүгінгі күні Қор Қоғамның ең ірі акционері болып табылады.

2018 жылдың шілде айында SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A. компаниясы «Қазақтелеком» АҚ жаңа ірі акционері болды.

1-сурет.





01.01.2019 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының меншік иелері

Акционерлер	Акциялар саны	Үлесі (%)*
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	5 570 668	51,00
SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A.	2 671 481	24,46
ADR (BNY Mellon атаулы ұстаушысы)	1 001 276	9,17
Үлесі 5% аз өзге акционерлер**	1 679 451	15,37
Жарияланған жай акциялардың барлығы	10 922 876	100

01.01.2019 жағдай бойынша Қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің мүшелері не «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының меншік иесі болып табылмайды, акцияларды тоғыспалы иемдену жоқ.

Акциялардың құны (теңге)***	31.12.2015	31.12.2016	31.12.2017	31.12.2018
Жай акциялар (1 данасы)	9 280	14 523	20 505	33 499
Артықшылықты (1 данасы)	6 812	7 828	8 500	12 800

Бағалы қағаздар

Тіркеуші туралы ақпарат

Толық атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы.

2018 жылғы 16 тамызда «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (Орталық депозитарий) және «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ (Бірыңғай тіркеуші) акционерлерінің бірлескен кезектен тыс. жалпы жиналысы өтіп, онда Бірыңғай тіркеушіні Орталық депозитарийге қосу арқылы Орталық депозитарий мен Бірыңғай тіркеушіні қайта құру туралы шешім қабылданды. Орталық депозитарий 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап Бірыңғай тіркеушінің барлық құқығы мен міндеті бойынша құқықтық мұрагері болып табылады.

Пошталық мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
050051, Алматы қ., «Самал-1» ықш., 28

тел.: +7 (727) 262 08 46
факс: +7 (727) 355 47 60

«Ашық желі» телефоны: 8 800 080 86 68 (Қазақстан Республикасы бойынша қалалық және мобильдік телефондардан қоңырау шалу тегін)
E-mail: kacd@kacd.kz

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» туралы ақпарат «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік веб-сайтында (Компания туралы>>Инвесторлар мен акционер үшін>>Бағалы қағаздар>>Тіркеуші туралы мәлімет бөлімі) және Орталық депозитарийінің сайтында (<http://kacd.kz>) ұсынылған.

*Үлес орналастырылған жай акциялардың жалпы санынан есептелген

**Соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ сатып алған акциялар

***Соңғы қолжетімді күні жабу бағасы

Облигациялар шығару

«Қазақтелеком» АҚ 2018 жылы жалпы сомасы 100 000 000 000 теңгеге облигациялар шығарды және орналастырды. 2018 жылғы 6 қараша мен 12 желтоқсан аралығында Қоғамның облигациялары «Астана» – Astana International Exchange халықаралық қаржы орталығы биржасының ресми тізіміне енгізілді.

Компания активтерінің құрылымы: еншілес және басқа аффилирленген ұйымдар

Еншілес компаниялар телекоммуникациялық нарықтың мобильдік сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ тобының позицияларын күшейтуде және дәстүрлі телекоммуникация қызметтерін, сондай-ақ саланың өсу әлеуеті бар шектес қызметтерін дамытуға өз үлесін қосуда.

01.01.2019 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының құрылымы



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ





«KCELL» АҚ

2018 жылдың желтоқсанында «Қазақтелеком» АҚ қазақстандық ұялы байланыс компаниясы «Кселл» АҚ акциялар пакетінің 75% сатып алу туралы шартқа қол қойды. «Кселл» акцияларының 75% сатып алу туралы шешімді «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі және «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық-стратегиялық комитеті қабылдады. Бұл мәміле компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ ұялы байланыс нарығындағы орнын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Кселл» акцияларының бақылау пакетін сатып алу «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнына оң әсерін тигізіп, сондай-ақ Қазақстанның жалпы телекоммуникация нарығын одан әрі дамытуға, соның ішінде республика халқына ұсынылатын заманауи телекоммуникациялық қызметтердің шоғыры мен сапасын арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Қазақстан аумағында мобильді және тіркелген байланыс қызметтерін үздік сапада ұсынуға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық біріктірілген желі салу жоспарлануда.

Хан Тенгри Холдинг Б.В. (Tele2-мен мобильдік сегменттегі бірлескен кәсіпорын)

Біріктірілген операторды қалыптастыру бойынша стратегиялық бастаманы іске асыру мақсатында мобильдік сегменттегі Tele2 Group-мен бірлескен кәсіпорын базасында Хан Тенгри Холдинг Б.В. басқаратын Tele2/ALTEL БК мобильді бизнесін дамыту жұмысы жалғасын тапты. Tele2/ALTEL БК қызметін табысты жүзеге асыруда және 2018 жылдың қорытындысы бойынша негізгі жоспарлы операциялық және қаржы-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. 2018 жылғы түсім 2017 жылмен салыстырғанда 17,5% өсіп, 122 млрд. теңгені құрады. Tele2/ALTEL БК жалпы абоненттік базасы 7,2 млн. адамды құрады, ал базалық станциялардың саны 6 мыңнан асты.

Tele2/ALTEL БК республикадағы телекоммуникациялық саланың технологиялық көшбасшысы ретінде орнын сақтап, түпкілікті пайдаланушылар үшін алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуде. 2018 жылдың соңында LTE Advanced технологиясы желіде жаппай енгізілді және халықты қамту үлесі 75% жетті. Сондай-ақ мобильді қаржылық сервистер іске қосылып, соның нәтижесінде Tele2/ALTEL БК абоненттері қажетті тауарлары мен қызметтері үшін мобильді телефонның теңгерімінен төлей алады.

Сонымен қатар «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ны «АЛТЕЛ» АҚ-мен біріктіру үдерісі Азиядағы үздік телекоммуникациялық жоба ретінде Global Carrier Award марапатын алды.

«QazCloud» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компаниясымен бірлескен кәсіпорын)

«QazCloud» ЖШС – «Самұрық-Қазына» АҚ Тобының компаниялары үшін ІТ-сервистерінің бірыңғай провайдері. Негізгі қызмет бағыттары:


- IaaS – сервис ретіндегі инфрақұрылым;
- Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және дамыту орталығының қызметтері;
- SaaS (Microsoft, 1C Cloud сервистері);
- Аутсорсинг және АТ қызметтер, баспа сервисі, пайдаланушылық техника.

2018 жылы компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Инвестициялық комитеті бекіткен бизнес-жоспарды іске асыру бойынша белсенді әрекеттер бастады. Қызметтің барлық бағыты бойынша мамандардан команда құрылды. Жұмыскерлердің жобаларды басқару, АТ жабдығы мен бағдарламалық жасақтаманы басқару бойынша халықаралық сертификаттары бар.

2018 жыл ішінде:

- IaaS қызметтерін көрсету үшін меншікті виртуалды бұлт салынды (Сервис ретіндегі инфрақұрылым), SaaS (Сервис ретіндегі БЖ);
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының ақпараттық жүйелерін кезең-кезеңмен көшіру басталды;
- Компанияда АТ инфрақұрылымды басқару бойынша SDS сияқты Қазақстан Республикасы үшін бірегей, инновациялық шешімдер енгізілді (Бағдарламалы-анықталатын сақтау желісі);
- 3,7 млрд. теңге көлемінде кіріс түсті.

2-сурет. Кірістер құрылымы





«KT Cloud Lab» ЖШС

«KT Cloud Lab» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары:


- Республикалық байланысу орталығы (БО) қызметтерін көрсету;
- АТП ЕЭА (ДӨО) инфокоммуникациялық орталық қызметтерін көрсету;
- IT-аутсорсинг қызметтерін көрсету.

2018 жылдың нәтижелері:

- БО клиенттерінің ортасы кеңейді – «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Астана» халықаралық қаржы орталығы» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Қазақстан жастарының конгресі, «Kompetenz сақтандыру компаниясы» АҚ, «KTZ EXPRESS» АҚ және басқалар үшін байланысу орталықтары ұйымдастырылды.
- «Қазақтелеком» АҚ абоненттерін қолдау функцияларын (БО 160) «KTCloud Lab» ЖШС-ға өткізу жүзеге асырылды. БО 160 бизнес-үдерістерін жақсарту, сервистерді бірегейлендіру және персоналды басқару бойынша жүргізілген іс-шаралар кешені нәтижесінде Қоғамның абоненттеріне қызмет көрсету сапасы 82%-дан 92%-ға өсті, бұл әлемдік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес келеді.
- Қолданыстағы жобаларды, соның ішінде байланысу орталығының балалар мен жастардың құқығын қорғау бойынша 111 жобасын іске асыру жұмысы жалғыстырылды. 2018 жылы Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілетті органнан алғыс хат алынды.
- Интернет-порталдарды техникалық қолдау және әкімшілендіру қызметтерін көрсету басталды. Компания «Қазақтелеком» АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ порталдары, t.sk.kz, privatization.sk.kz жекешелендіру порталы, transformation.sk.kz трансформация порталы үшін аталған қызметтің провайдері болып табылады, www.balaombudsman.kz сайты әзірленіп, әкімшілендірілуде.

- Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) базасында жаңа өнімдер мен сервистер әзірлеу жұмысы жүргізілуде, жаңа өнімдерді, соның ішінде «Қазпочта» АҚ мен «Кегос» АҚ үшін жобаларды басқару бойынша виртуалды платформаны оқшаулау қызметін іріктеу және енгізу жұмысы жүргізілді.

3-сурет. «KT Cloud Lab» ЖШС түсімі, млрд. теңге



«НҰРСАТ+» ЖШС

«НҰРСАТ+» ЖШС – «Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниясы, қаржы төлемдері және электронды коммерция саласында бизнестің жаңа бағыттарын дамытуда.

2018 жылы компания мынадай негізгі бизнес бағыттарын белсенді түрде дамытты:



Төлем жүйесі қызметтері (Fin Tech):

Ктрау төлем жүйесі

- Компания ктрау төлем жүйесін тестілік режимде әзірлеп, іске қосты;
- iOS және Android платформалары үшін өнімнің мобильді қосымшасы жасалды, төлем виджетінің платформасын әзірлеу жұмысы жүргізілуде;
- Touch ID/Face ID арқылы қосымшада авторландыру функционалы әзірленді;
- «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп абоненттерден телекоммуникация қызметтері үшін төлемдер қабылдауды ұйымдастыру жұмысы жүргізіліп жатыр.

Электрондық коммерция қызметтері (E-commerce):

www.Chocomart.kz және www.Intermarket.kz интернет-дүкендері

- 2018 жылдың басында интернет-дүкендерді компаниялар тобының үдерістерімен және ресурстарымен ықпалдастыру бойынша іс-шаралар аяқталды;
- Тауарлар тұржинағы 30-дан 40-қа дейін арттырылды;
- Тауар жеткізушілердің саны 45-тен 90-ға дейін артты;
- Интернет-дүкендерге кірушілер трафигі айына 100 000 кірушіні құрайды, 6 000 астам тұрақты сатып алушы бар.

market place KT Store платформасы

- 2018 жылдың қазанында компаниялар тобының ішінде маркетплейстің MVP нұсқасы іске қосылды. Аталған жоба аясында chocomart.kz және intermarket.kz электронды дүкендерімен ықпалдастыру жүргізілді.
- Жұмыстардың келесі кезеңінде басқа онлайн-дүкендерді қосу және өнімді одан әрі дамыту жоспарланып отыр.



«ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС

2018 жылы «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС ҚР ауылдық жерлерінде сымсыз қатынау желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Оның базасында ауылдық елді мекендердегі «Қазақтелеком» АҚ абоненттеріне дауыс байланысы және интернетке қатынау қызметтері ұсынылады, сондай-ақ Tele2/ALTEL БК базалық станцияларының антенналы-фидерлік құрылғыларына техникалық күтім жасауды жүзеге асырды.

Сондай-ақ 2018 жылы «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төртінші буын желісін (LTE) дамытуды күшейту үшін 800 МГц диапазонында радиожиліктерді алды. Оларды пайдалану арқылы ауылдық елді мекендерді ҚЖҚ сапалы қызметтерімен қамтамасыз ету үшін LTE/WLL-800 желісін дамыту жоспарланып отыр.

«КТ-АйИкс» ЖШҚ

«КТ-АйИкс» ЖШҚ –пирингілік орталық, Ресей Федерациясы аумағындағы (Мәскеу қ.) «Қазақтелеком» АҚ байланыс торабы.

2018 жылы компания №9 ҚХТС-да телематикалық қызметтер мен деректер беру желісінің үздіксіз және авариясыз жұмысын қамтамасыз етті. «Қазақтелеком» АҚ мен «MSK-IX» бірлесіп, Қазақстан Республикасындағы пайдаланушылар үшін арналарды агрегациялау және Ultra HD мен 4K стандарттарындағы жоғары сапалы телевизиялық контент жеткізу бойынша «Агрегация 25», «Агрегация 50» жобалары тестілік режимде іске қосылды. Жобаларды коммерциялық пайдалану 2019 жылы басталады.

Дивидендтік саясат

«Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясатының мақсаты Қоғамның және акционерлердің мүдделерінің теңгерімін, дивидендтер көлемін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін анықтау барысында тәсілдердің болжамдығын және ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында бекітілген (2013.18.01 №49 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясат туралы ережесіне сәйкес дивидендтер мөлшерін і) таза пайданың 15% және ii) Қоғамның қаржы-экономикалық жағдайын (тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері) ескеретін формула бойынша есептеумен ең жоғарғы мән ретінде анықтауға амал-тәсіл көзделген. Дивидендтер төлеу тәртібі және төленбеген дивидендтер бойынша акционерлермен есеп айырысу тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясат туралы ережемен реттеледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес (2018.30.05 №62 хаттама) 2018 жылдың маусым айында 2017 жылдың нәтижелері бойынша Қоғамның бір жай акциясына 1 595,79 теңге мөлшерінде дивидендтер төленді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілді мөлшері бір артықшылықты акцияға шаққанда 300 теңгені құрайды. Басқарманың 2018.26.11 №48/221 шешіміне сәйкес 2018 жылға кепілді дивидендтер 2018 жылғы желтоқсан айында төленді.

«Қазақтелеком» АҚ компания акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін сақтайды және дивиденд алуға құқылы тұлғаларға дивидендтерді аудару бойынша өз міндеттемелерін толық орындайды.

Ақпараттық саясат

«Қазақтелеком» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашудың басты қағидаттары мен жалпы талаптарын анықтайтын негізгі құжаттардың бірі компанияның ақпараттық саясаты болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық саясаты компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен әзірленген және бекітілген (2009 жылғы 26 қазандағы № 45 хаттама), өзгерістер енгізілген (2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 15 хаттама).

«Қазақтелеком» АҚ компания туралы дұрыс ақпаратты, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызмет нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақытында ашуды қамтамасыз етеді. Қандай да бір ақпаратты ашу және жариялау кезінде ҚР коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының ережелері, сондай-ақ ішкі құжаттардың талаптары ескеріледі.

Ақпарат «Қазақтелеком» АҚ ресми порталында бірдей мерзімде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, республикалық мерзімді, электрондық және интернет БАҚ-та компанияның қызметтік, коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесін сақтай отырып, орналастырылады.

Әлеуметтік медиаларда «Қазақтелеком» АҚ беделін жоғарылату саясаты Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген ақпаратты ашудың ашықтығы мен дұрыстығы қағидаттарына негізделген. Әлеуметтік медиаларға қатысудың басты мақсаты – клиентке бағдарланған компания, ілгерішіл ақпараттық-коммуникациялық оператор беделін қалыптастыру, сондай-ақ хабардарлық деңгейінің артуы есебінен қызметтерге деген сұранысты арттыру.



Әлеуметтік медиаларда өтімділігін арттырудың негізгі қағидаттары – бірегей контент құру және кері байланыс қалыптастыру. Әлеуметтік медиаларда «Қазақтелеком» АҚ өтімділігін арттыру тиімділігін талдау интернет кеңістігін мониторингтеу жолымен анықталады.

Есепті кезеңде 120 PR-іс-шара өткізілді, БАҚ-та 7 601 материал жарияланды және айтылды.

Ағымдағы жылдың басынан бері Қоғаммен байланыс қызметіне бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері 30 рет ресми сұраумен жүгінді. Сұрауларға заңнамада белгіленген мерзімде 100% толық қамтылған жауап берілді.

2018 жылы БАҚ-та айтылған маңызды тақырыптар:

- Fintech;
- АЕМ ТӨБЖ жобасын іске асыру;
- M2M (бұлтты бейнебақылау, Big Data, Smart City, Smart Home);
- Халықаралық рейтинг агенттіктері зерттеулерінің нәтижелері;
- Трансформация;
- Компанияның халықаралық ивенттерге қатысуын баяндау;
- Филиалдардың ағымдағы қызметі.



2018 жылдың 12 айында әлеуметтік желілерде 1 615 пост, яғни әр әлеуметтік желіде 323 жарияланым орналастырылды.

Компанияның аккаунттарындағы жеке хабарламаларға жіберілген өтініштер, шағымдар мен сұрақтар, сондай-ақ Facebook парақшасындағы жарияланымдарға пікірлер бойынша көрініс мынадай: 1 қаңтардан бастап 12 ай ішінде Facebook жеке хабарламаларына 2 648 өтініш, жарияланымдар мен пікірлер астында – 10 291, VK.com жеке хабарламаларына 1 428 дербес өтініш, жарияланымдар мен пікірлер астында – 12 768, Instagram дайректіне – 4 056, жарияланымдар мен пікірлер астында – 3 018, Twitter пікірлеріндегі жарияланымдар астында – 25, Twitter жеке хабарламаларына 71 дербес өтініш. Жалпы барлығы 34 305 өтініш, хабарлама, сұрау түсті. Оның 90% қанағаттандырылды.

Интернетте 12 ай ішінде компанияның 62 201 рет аты аталды, соның ішінде бірегей авторлардан – 26 109. Бұл жаңа авторлардың келіп жатқанын және барлық алаң мен парақшаларды орталықтандырудың тиімділігін көрсетеді. Біз ағымдағы жылдың 12 айында пайдаланушылармен қарым-қатынас орнатып, өтініштерді өңдеу қағидаларын енгізе алдық. Ашық мәндегі жағымсыз өтініштер көлемі азайып, хабарламалар мен комментарийлер бейтарап ретінде сипатталады.

Мұндай амал-тәсіл парақшаларға және брендке деген ниеттестікті күшейтіп, жарияланатын хабарламаларға сенімді арттырады және абоненттер мен филиалдар арасындағы байланысты нығайтады. Бұл ретте ол тағы бір толыққанды коммуникация арнасы және өтініштер қабылдайтын орын ретінде қалыптасты. Осылайша, барлық алаңдағы жазылушылар саны 275 466 пайдаланушыдан асты, оның ішінде Facebook – 84 828, Твиттер – 79 100, VK.com – 43 825, Instagram – 52 500, Мой мир – 15 213.



2018 жылы визуалды кескіндер стилистикасы пысықталып, брендбук пен әлемдік трендтерге сәйкес әлеуметтік медиада мәтіндік хабарламаларды ресімдеу және дизайнын жасаудағы визуалдау талаптары әзірленді. Визуалдық материалдар – постерлер, посттарға визуалдар, ақпараттық кестелер саны 12 ай ішінде 323 бірлікті құрады.

Веб-сайт

Компанияның веб-сайты жақсы құрылымдастырылған, навигациялауға ыңғайлы және мүдделі тұлғалар компанияның қызметі туралы хабардар болуы үшін қажетті ақпаратты қамтиды. Бұл ресурс қызметтер өтімділігін арттыруда және компанияны нарықта жайғастыруда басты құрал болып табылады, сондай-ақ барынша ашықтық пен ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты

«Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2011.14.10 № 10 шешімімен бекітілген. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді. «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу саясаты мүдделер қайшылығының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібін; мүдделер қайшылығы туындағанда немесе туындауы ықтимал болғанда, Қоғам органдарының өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру іс-жосығын айқындайды. Осы Саясаттың мақсаты қандай да бір теріс салдарды болдырмайтын «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеудің тиісті дәрежесіне қол жеткізу болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес (2013.26.11 № 13 хаттама) Саясат 5-1 «МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ» бөлімімен толықтырылды. Онда мүдделер қайшылығының жағдайы немесе мүдделер қайшылығына әкелуі мүмкін жағдайлар санамаланып келтірілген. Әрбір жаңа жұмыскер Қоғамға жұмысқа қабылданатын кезде «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу іс-жосықтарымен танысу парағына және Саясаттың талаптарын орындау және оны өзінің кәсіби қызметінде басшылыққа алу міндеттемесіне қол қояды.

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

Компания инвестициялық қоғаммен қарым-қатынасын нығайтуға тырысуда.

Жария компания ретінде IR – Қоғам қызметінің басым бағыты. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – Қоғамның инвестициялық тартымдылығын өсіріп, оның нарықтағы құнын арттыру.

«Қазақтелеком» АҚ өкілдері инвестициялық банктердің аналитиктерімен үнемі байланыста болады және Қоғамның әлеуетті инвесторларымен және акционерлерімен тұрақты түрде кездесулер өткізіп тұрады.

Компанияда инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау тұжырымдамасы әзірленіп бекітілген және онда IR негізгі қағидаттары жазылған.

«Қазақтелеком» АҚ қаржы нарықтарына шығуы, атап айтқанда, акцияларын жария орналастыруы, капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында қаржы ресурстарын тартуы қазақстандық пен шетелдік инвестициялық қауымдастықтың Қоғам қызметіне қызығушылығын арттырады.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысын іске асыру мақсатында Қоғам шетелдік инвесторлар үшін роуд-шоу ұйымдастырып, соның аясында компания менеджменті Шанхай, Нью-Йорк, Мәскеу қалаларында инвесторлармен, сондай-ақ банк аналитиктерімен кездесулер өткізді.

Компанияның сайтындағы «Инвесторлар мен акционерлер үшін» бөлімінде тұрақты түрде жаңартылатын инвестор күнтізбесі орналастырылған.

02

Стратегиялық есеп

«Қазақтелеком» АҚ
нарықтағы орны*

Тіркелген телефония:

76%

Тіркелген интернет:

71%

*түсім бойынша





Миссиясы, пайымы



МИССИЯ

Өзгере, таңдандыра және үміт еткеннен де асып түсіп, әрбір адамның қайталанбас әрі әдеттегі өмірінің бөлшегі болу!

ПАЙЫМ

Инфокоммуникациялар нарығындағы көшбасшы қазақстандық ықпалдастырылған сервис-провайдер

СДБ

Бірінші таңдау бренді

Цифрлық платформа

БАСТАМАЛАР

- Өнім портфелін дамыту: меншікті өнімдер, серіктестік өнімдері, контент, БЖ, сервистік платформалар, бизнестің сабақтас бағыттарын іске қосу (Fintech, e-commerce, edutech, medtech);
- Бірыңғай бренд қалыптастыру (тіркелген және мобильді бизнес конвергенциясы);
- Сапаны жақсарту мақсатында өтімділікті арттыру арналарын, сатуды және қызмет көрсетуді цифрландыру;
- Өнімдерді қалыптастыруды цифрландыру (тариф белгілеу, маркетинг, үлкен деректер құралдарын қолдану).

- Желілік ресурстарды цифрландыру (o.i. FWA, 5G құру, виртуалдандыру, бағдарламалы-айқындалатын желілер, ресурстарды цифрлық есепке алу);
- Бизнесті қолдаудың ақпараттық жүйелерін цифрландыру (биллинг, шот қою, тапсырыстарды басқару, оркестрация, клиенттермен өзара іс-қимыл, сапаны қолдау);
- Серіктестер үшін цифрлық сервистік платформалар құру, API дамыту, ашық кодпен БЖ экожүйелері;
- Деректерді орталықтан басқару (Big Data).



Шығындар трансформациясы

- Активтерді/балансты оңтайландыру;
- Компанияның тиімді ұйымдық архитектура-сын құру;
- Қызметтердің өзіндік құнын төмендету;
- Еңбек өнімділігін арттыру;
- Бизнес-бірліктердің маржиналдығын арттыру;
- CAPEX реновациясы;
- M&A тиімділігін арттыру.

«Қазақтелеком» АҚ сыртқы сын-тегеуріндерге, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына («Цифрлық Қазақстанды» қоса алғанда) икемді іс-қимыл жасай отырып, стратегияның басты назарын дамудың бес стратегиялық бағытынан (Барлық отбасына арналған қызметтер супермаркеті, Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы, Ықпалдастырылған оператор, Тиімді бизнес-модель, Жаңа бизнестер) дамудың үш стратегиялық бағытына ауыстырды: Бірінші таңдау бренді, Цифрлық платформа, Шығындар трансформациясы. Бұл ретте «Қазақтелеком» АҚ мобильдік бизнестің белсенді қатысушысы болады деп күтіледі, сондай-ақ АЕМ-де ТОВЖ жобасын іске асырып, Цифрлық трансформация үшін негіз қалыптастырып, оны жүзеге асырады.



Компанияның құндылықтары

2018 жылы сәуірде корпоративтік мәдениетті трансформациялау жобасы аясында «Қазақтелеком» АҚ CREDO корпоративтік құндылықтардың жаңа моделін таныстырды. Бес негізгі бағыттан тұратын жаңа модель жұмыскерлерге көптеген компанияға тән атқарушылық тәртіп мәдениетінен табысты кәсіпкерлік ойлау мәдениетіне көшуге, сондай-ақ жеке құндылықтарын Қазақтелекомның корпоративтік құндылықтарымен ықпалдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл орайда жүйелі жұмыстың арқасында HR бөлімшесінің қоржыны «Үздік жұмыс беруші» номинациясымен, сондай-ақ «Таланттарды басқару» жобасымен WOW!HR_KZ ең ірі халықаралық бизнес-сыйлығымен толықты.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік мәдениетін трансформациялау

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік мәдениеті компанияның ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруға ықпал ететін тиімді жұмыс ортасын құруға бағытталған.

Персоналдың мінез-құлқындағы өзгерістер – корпоративтік мәдениетті трансформациялаудағы түпкілікті мақсат, ол идеологиялық құрамдасы мен бизнес-үдерістерін өзгерту жолымен қамтамасыз етіледі.

«Қазақтелеком» АҚ жаңа корпоративтік құндылықтары

Барлық 5 жаңа құндылық CREDO деген бір сөзге біріктірілген және «Қазақтелеком» АҚ әрбір жұмыскері үшін маңызды ұстанымдар мен бағыттарды қамтиды.

Зерттеуге «Қазақтелеком» АҚ-ның 16 000-ға жуық жұмыскері қатысқандықтан, жаңа корпоративтік құндылықтар моделін бүкіл компания жасады деп айтуға болады. Жүргізілген зерттеуден кейін компанияның топ-менеджментінің қатысуымен стратегиялық сессия ұйымдастырылды. Оның барысында «Қазақтелеком» АҚ ұмтылып отырған мақсатты корпоративтік мәдениет образы айқындалды. Бұл – табыс мәдениеті.

Өз тиімділігін дәлелдеген «CREDO: табыс мәдениетіне жол» жобасы қазіргі сәтте Ақпараттық жүйелер дирекциясында, Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионда және Орталық ӨТД-де іске қосылды. Келешекте жобаны басқа филиалдарға да тарату жоспарланған.



CLIENT / Клиент
Клиенттің үміт еткенінен де асып түсу

Негізгі мәні:

- Сыртқы және ішкі клиенттердің қажеттіліктерін дәл әрі толық қанағаттандыруға ұмтылу;
- Клиентпен кері байланысқа түсе отырып, клиенттік сервисті үнемі жетілдіріп отыру;
- Бір қадам алда болу – клиенттің үміт еткенінен де асып түсіп, таң қалдыру.



RESPONSIBILITY /
Нәтиже үшін жауапкершілік
Жауапкершілікті алу – нәтижесіне жауап беру

Негізгі мәні:


- Ақтық нәтиже үшін жеке жауапты болу;
- Шешім қабылдауда дербес бола білу;
- Үдеріске емес, нәтижеге бағдарлану.



ENTREPRENEURSHIP /
Кәсіпкерлік рух
Нарық көшбасшысының кәсіпкерлік батылдығы

Негізгі мәні:

- Кәсіпкерлік бастама жасау: жаңа идеяларды сенімді түрде ұсыну, тәуекелге баруға және жеңіп шығуға дайын болу;
- Амбицияға ие болу, табысқа ұмтылу;
- Бизнесі дамыту үшін үнемі жаңа мүмкіндіктер іздеу.



DIGITAL CULTURE /
Цифрлық мәдениет
Цифрлық коммуникация технологиялары жұмыста және өмірде

Негізгі мәні:

- Жаңалыққа құмар болу және жетістікке талпыну;
- Жаңашылдықпен әрекет ету: цифрлық технологиялар арқылы бизнесті өзгерту;
- Өзгерістерге дайын болу.



OUTSTANDING DECISIONS /
Көрнекі шешімдер
Табысты бизнес үшін сапалы шешімдер

Негізгі мәні:

- Шешім қабылдау барысында барлық тараптың мүддесін және алуан түрлі факторларды ескеру;
- Міндеттерді шешуде стандартты емес амал-тәсілдерді қолдану;
- IQ + EQ + DQ* балансын қолдау – логиканы, жаңа технологиялар білімін, жаңа әлемнің әлеуметтік және психологиялық трендтерін біріктіре отырып, шешімдер қабылдау.

* IQ + EQ + DQ – зияткерлік, эмоционалдық зияткерлік, цифрлық зияткерлік.



Топты дамытудың стратегиялық бағыттары

Жаһандық трендтерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласы қарыштап өзгеру үстінде. Пайдаланушылардың қалауы өзгеруде, жеке тұлғалардың цифрлық ойын-сауықтарға, цифрлық коммуникацияларға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сапалы қаржылық сервистерге және басқа да цифрлық қызметтерге (e-payments, e-education, security, Smart Home, Smart Building, e-health және т. б.) қызығушылығы артуда. Заңды тұлғалар дәстүрлі телекоммуникация қызметтерінен өзге ақпараттық қауіпсіздік сервистеріне, QOS, cloud-сервистерге, клиенттерге бейімделген бизнес-шешімдерге және т. б. сұраныс танытуда.

Бұл жағдайда «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық бастамалардың эволюциялық өзгерістерін бастан кешіруде және бұл компанияны сыртқы орта өзгерістеріне бейімдейді. «Қазақтелеком» АҚ дәстүрлі байланыс операторы моделінен ықпалдастырылған сервис-провайдер моделіне жоспарлы түрде көшуде.

Компанияның алдында жаңа өсу нүктелерін іздеумен байланысты бизнес-модель трансформациясы бойынша міндеттер түр: қазіргі бар қызметтерді дамыту; топтың мобильдік активтерімен ықпалдасу; ұйымдастырушылық трансформация; үздік практика мен тәжірибе деңгейінде клиенттік сервисті дамыту; тиімділікті арттыру (инвестициялар рентабельділікті, өндірістік шығындарды азайтуды, еңбек өнімділігін арттыруды басты назарға ала отырып, күрделі шығындарды оңтайландыру); бизнес пен телекоммуникацияның сабақтас салаларын дамыту арқылы жаңа нарықтарға шығу.

Компанияны ықпалдастырылған сервис-провайдерге қайта құру аясында Қоғам өзінің одан әрі дамуы үш стратегиялық бастаманы іске асыру жолымен ұштастырады:

1. Бірінші таңдау бренді;
2. Цифрлық платформа;
3. Шығындар трансформациясы.

1. Бірінші таңдау бренді

«Бірінші таңдау бренді» стратегиялық даму бағыты тұтынушы ұғымында «Қазақтелеком» АҚ брендин ҚР аумағында кез келген инфокоммуникациялық қызметтің үздік жеткізушісі ретінде тұрақты қабылдауды қалыптастыруды көздейді. Компанияның алға қойып отырған міндеттері «Қазақтелеком» АҚ нарықта нөмірі бірінші деп одан әрі дамытуға бағытталған.

Ақпараттық кеңістіктің дамуына және интернеттің жаһандық дамуымен бірге телекоммуникация саласы да қарқынды өзгеріп келеді. Инфокоммуникациялық сервистер дәстүрлі телекоммуникациялық операторларды дамытумен қатар, онлайн сервистердің (Netflix, WhatsApp, Amazon, Google, Яндекс және т.с.с.) көптеген жаңа түрін де табысты дамытып келеді.

Шапшаң инновациялар, мейлінше көбірек конвергенциялар мен қызметтерге деген қажеттілік телекоммуникациялық компанияларға инновациялардың жаңа модельдері мен жаңартылған стратегияларды пайдалана отырып, мүмкіндіктердегі басты кемшін тұстардың орнын толтыру қажеттілігін білдіреді. Тұтынушылар жылдамдықтарға, өнімдер мен экожүйелердің алуан түріне, сондай-ақ қосылыстардың қауіпсіздігіне барынша көп мән беруде.

«Қазақтелеком» АҚ жаңа трендтерге сүйене отырып, өнімдерді дамыту және оларды нарыққа ұсынуда мынадай бастамаларды іске асыру арқылы жаңа амал-тәсілдерді сапа жағынан өзгертуі қажет:

- 1.1. Өнім портфелін және цифрлық платформаларды дамыту;
- 1.2. Бірыңғай брендті қалыптастыру;
- 1.3. Өтімділікті арттыру, сату және клиенттерге қызмет көрсету арналарын цифрландыру;
- 1.4. Өнімдерді қалыптастыруды цифрландыру.

2. Цифрлық платформа

«Цифрлық платформа» стратегиялық даму бағыты инфрақұрылымды цифрландыру және тиімділігін арттыру, технологиялық үдерістерді оңтайландыру бойынша міндеттерді шешуге және «Бірінші таңдау бренді» стратегиялық даму бағытының бастамаларын қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланушылар саны мен тұтынылатын трафиктің үнемі өсуі телекоммуникация саласында іргелі қайта құруды талап етеді. Алайда физикалық инфрақұрылымның жіктелуге деген икемділігі айтарлықтай төмендеді: жаңа сервистерді дамыту үшін жаңа аппараттық құрылғыларды таңдау, жобалау, ықпалдастыру, желіні тарамдау бойынша іс-жосықтарды көптеп жүргізуді талап етеді. Пайдаланушылардың, құрылыстардың және трафиктің көптеген есе өсуі операторлар бизнесінің дамуына қатысты жаңа амал-тәсілдерді қажет етеді.

SDN мен NFV желілерді салудың басты технологиялары болып табылады, олар мыналарды жүргізе алады:

- Инновацияларды қамтамасыз ету, атап айтқанда корпоративтік пайдаланушыларға қосымшалардың, қызметтер мен бизнес-модельдердің жаңа типтерін құру мүмкіндігін ұсынады;
- Жаңа ақша ағынын өндіретін жаңа қызметтерді ұсыну;
- CAPEX күрделі шығындарын азайту;
- Бағдарламаланатын желілік элементтердің көмегі арқылы басқаруды автоматтандыру мен алгоритмдеу есебінен OPEX операциялық шығындарын төмендету, бұл өз кезегінде желілерді жобалау, тарамдау, әкімшілендіру және масштабтау бойынша операцияларды мейлінше жеңілдетеді;
- Agility (тиімділік, шапшаңдық пен икемділік) қамтамасыз ету, бұл өзгеріп отыратын талаптарға сай жаңа қосымшаларды желілерде, қызметтерде және инфрақұрылымдарда жылдам таратуға мүмкіндік береді.

Бұл бастама «Қазақтелеком» АҚ үшін 2018–2020 жылдарға мынадай драйверлерді дамытуды көздейді:

- 2.1. Желілік ресурстарды цифрландыру;
- 2.2. Бизнесісті қолдаудың ақпараттық жүйелерін цифрландыру;
- 2.3. Серіктестер үшін цифрлық сервистік платформаларды құру;
- 2.4. Деректерді орталықтандырылған басқару (Big Data).

3. Шығындар трансформациясы

ARPU өсімінің төмен динамикасымен бірге шығындардың өсуі кезінде трафиктің ұлғаюы мен телекоммуникациялық инфрақұрылымға түсіп отырған жүктеменің артуымен байланысты телекоммуникациялық нарықтағы болып жатқан жаһандық құрылымдық өзгерістер операциялық тиімділікті арттыру мен жұмсалатын ресурстардың қайтарымын арттыру бойынша жұмысты тұрақты жүргізу қажеттілігін талап етеді.

Жоғарыда аталған өзгерістерге сүйене отырып, Қоғам «Шығындар трансформациясы» стратегиялық даму бағытын әзірледі және ол операциялық тиімділікті арттыруға, бизнес-модельдерді қайта қарауға, оларды оңайлатуға және оңтайландыруға, тиімді ұйымдық архитектураны құруға бағытталған ішкі трансформациялық өзгерістерді жүргізуді көздейді. Бұл стратегиялық бағыт бірқатар бастамаларды іске асыруды көздейді:

- 3.1. Активтерді/балансты оңтайландыру;
- 3.2. Компанияның тиімді ұйымдастыру архитектурасын құру;
- 3.3. Қызметтердің өзіндік құнын төмендету;
- 3.4. Еңбек өнімділігін арттыру;
- 3.5. Бизнес-бірліктердің маржиналдығын арттыру;
- 3.6. CAPEX реновациясы.



2018 жылғы телекоммуникация нарығына шолу

(интернет-ақпарат көздеріндегі байланыс нарығы бойынша Статистика, маркетингтік деректер жөніндегі комитеттің деректері мен сараптамалық бағалау деректері бойынша ұсынылған)

2018 жылы телекоммуникация нарығының негізгі үрдістері:

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша телекоммуникация нарығының көлемі ақшалай түрде 2017 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға артып, 728,7 млрд. теңгені құрады.
- 2018 жылы байланыс нарығында дәстүрлі төмендеп кележатқан тіркелген телефонияны (-4% немесе -2,8 млрд. теңге) қоспағанда, барлық бизнес бағыттары бойынша өсім байқалады.
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша байланыс нарығында кірістер өсімінің негізгі драйверлері мынадай бағыттар болып табылды:
 - деректер беру (+6,3%);
 - тіркелген КЖҚ (+3%);
 - мобильдік интернетті қоса алғанда, мобильдік байланыс (+3,7%);
 - цифрлық және спутниктік телевидение (+8,3%);
 - ИКТ қызметтері (+3,4%).
- 2018 жылы нарықтағы негізгі үрдіс – желілердегі трафиктің өсуі де сақталды – интернетке мобильдік қатынау кірістері байланыс нарығының көшбасшысы болып қалуда. ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылы



интернетке қатынауы бар ұялы байланыс абоненттерінің саны 4,2%-ға артты.

- Смартфондар үлесінің ұдайы өсуі интернет желісіне мобильдік қатынаудың өсуінің негізгі факторы болып отыр. ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша интернет желісін пайдаланушылардың 97% астамы интернетке шығу үшін мобильдік телефондарды пайдаланады.
- Тіркелген желіжолдардың 374 мыңға азаюы (-10%) тіркелген телефония нарығындағы жалпы төмендеу үрдісімен байланысты.
- Сонымен қатар интернет желісіне тіркелген қатынау нарығының 4%-ға төмендеуі орын алды, бұл оны біртіндеп мобильдік қатынаудың ығыстыруымен түсіндіріледі.
- 2018 жылы ерекше күтілген жыл оқиғасы болды – «Kcell» АҚ акцияларының 75% сатып алынды.

2018 жылғы телекоммуникация нарығы

Статистика комитетінің деректері бойынша ҚР байланыс нарығының көлемі 2018 жылы 728,7 млрд. теңгені құрады. 2013 жылдан бастап соңғы 5 жыл ішінде 2016 жылы 1% төмендегенді қоспағанда, байланыс нарығында кіріс көлемінің сенімді түрде өсіп отырғаны көрінеді. 2018 жылы нарық 2017 жылмен салыстырғанда 2,5% -ға өсті.

Өздерінің қосалқы нарықтарында байланыс нарығы түрлі үрдістерге ие:

- Тіркелген телефония 2007 жылдан бастап төмендеп келеді, 2018 жылы тіркелген желіжолдардан кету 374 мыңды құрады, оның ішінде В2С сегментінде кету 230 мыңға жуық абонентті құрады.
- 2018 жылы мобильдік байланыстың клиенттік базасының көлемінде айтарлықтай өзгерістер байқалған жоқ, теріс өсім шамамен 465 мың абонентті құрап, 26 млн. адам болды
- Мобильдік интернет оң динамикамен дамып келеді, атап айтқанда 2018 жылы мобильдік КЖҚ клиенттік базасы 485 мың абонентке өсіп, 14.4 млн. абонентті құрады.
- Тіркелген КЖҚ 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда төмендеді, абоненттер базасы 4%-ға азайып, шамамен 2.5 млн. адамды құрады.
- Ақылы телевидение мен ИКТ қызметтері (телекоммуникациялық сектор) нарығы белсенді дамып келеді. Алайда, көлемі аз болғандықтан, барлық байланыс нарығына айтарлықтай әсер ете алмай отыр.

2018 жылдың нәтижелері бойынша байланыс нарығының құрылымы 7 жекелеген қосалқы нарықтан тұрады:

- 1) Мобильдік байланыс (дауыс байланысы, VAS, КЖҚ) 48%;
- 2) Кеңжалақты интернет (тіркелген) 14%;
- 3) Тіркелген телефония 9%;
- 4) Операторлық қызметтер 10%;
- 5) ИКТ қызметтері 10%;
- 6) Ақылы телевидение 5%;
- 7) Деректер беру 4%.

4-сурет. 2014–2018 жылдары ҚР телекоммуникация нарығының өсу көлемі мен қарқыны




Дереккөз: ҚР Статистика комитетінің деректері



Телекоммуникация нарығы дамуының соңғы 20 жылында нарық құрылымы түбегейлі өзгерді және әр 5 жыл сайын өзгеріп отыр. 2000 жылға дейінгі кезеңде тіркелген телефония (байланыс нарығының **90%** дейін) және операторлық сегмент (**9%**) басым болды.

Қазіргі уақытта негізінен мобильдік интернет қызметтері есебінен мобильдік нарық (48%) басым болуда.

5-сурет. Қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасындағы байланыс нарығы кірісінің құрылымы (интернет технологиялары бойынша кірістер бөлінісмен)



- Мобильдік байланыс (дауыс бай., VAS, КЖҚ)
- Тіркелген телефония
- Тіркелген интернет
- Операторлық қызметтер
- ИКТ қызметтері
- Ақылы телевидение
- Деректер беру

Нарық (млрд. теңге)	728,7
Телефония	68.2
Интернет	99.9
Деректер беру	31.3
Операторлар	69.9
ИКТ	72.3
ТВ (о.і. спутник.)	35.5
Мобильдік байланыс (дауыс, Интернет)	351.4

«Қазақтелеком» АҚ нарықтағы позициялары

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес жалпы байланыс нарығында «Қазақтелеком» АҚ үлесі 2018 жылы 30% деңгейінде сақталды.

Нарық сегменттері бөлінісінде «Қазақтелеком» АҚ түсім бойынша позициясы мынадай:

- Тіркелген телефония – 76%;
- Тіркелген интернет – 71%;
- Мобильдік байланыс («ХАН ТЕНГРИ» БК есепке алмағанда) – 2%;
- Ақылы ТВ – 43%;
- Деректер беру – 64%;
- ИКТ қызметтері – 10%;
- Операторлық бизнес – 58%.

Қазақстан байланыс нарығының көлемі екі ірі сегментпен қамтылған: тұрғындарға көрсетілген қызметтер – В2С және ірі, орта және шағын бизнесті, мемлекеттік секторға көрсетілетін қызметтерді, байланыс операторларына көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, корпоративтік секторға көрсетілген қызметтер – В2В.

2018 жылы көрсетілген байланыс қызметтерінің көлемі:

- В2С – 400.7 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылғыдан 1.8 млрд. теңгеге артық;
- В2В – 328 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылғыдан 16 млрд. теңгеге артық.

Тіркелген телефония

2014–2018 жылдардағы тіркелген телефония нарығының динамикасы мен сыйымдылығы

2018 жылы тіркелген телефония нарығының сыйымдылығы 68.2 млрд. теңгені құрады. Соңғы 5 жыл ішінде тіркелген телефония нарығы жалпы кіріс көлемінде өз позицияларынан айырылып отырды. 2018 жылы осы үрдіс жалғасуда және бұл тіркелген телефония қызметтеріне деген сұраныстың төмендеуімен түсіндіріледі.

6-сурет. 2014–2018 жылдардағы ҚР телекоммуникация нарығы кірісінің динамикасы



Дереккөз: ҚР Статистика комитеті, 2018 жыл

Нарық көлемінің ақшалай түрде төмендеуі негізінен тіркелген байланыс абоненттерінің 374 мыңға айтарлықтай қысқаруымен байланысты. 2018 жылдың соңына тіркелген желіжолдардың жалпы саны 3 323 мыңды құрады.

Ағымдағы даму кезеңінде тіркелген телефония абоненттерінің кетуі жетекші дүниежүзілік телекоммуникация нарықтарының даму сценарийіне сәйкес келеді және кемел нарықта тіркелген телефонияның орнын сөзсіз ауыстыратын мобильді байланыс қызметтерінің ерекше жоғары деңгейде таралғандығы мен қолжетімділігін дәлелдейді. Басқаша айтқанда, нарықтың жалпы даму барысында тіркелген телефония абоненттерінің кетуінің елеусіз деңгейі оның өзекті бағыттарда дұрыс әрі дамушы ретінде сипаттайды.



Мобильдік байланыс

2018 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанда ұялы байланыс нарығының көлемі 351.4 млрд. теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 3,7% -ға өсті.

2018 жылы мобильдік интернет кірістері өсті. Ұялы байланыс кірістерінің құрылымында олардың үлесі 39% пайызға дейін артты.

2018 жылы мобильдік байланыс абоненттерінің тығыздығы 100 адамға шаққанда 142 пайдаланушыға дейін аздап төмендеді, ал интернетке қатынауы бар абоненттердің тығыздығы өсіп, 79% құрады.

Мобильдік интернет нарығын дамытудың табиғи драйвері смартфондардың пайдаланушылары қатарының жылдам өсуі болды және солай болып қалуда. 2015 жылдың тамыз айында ұлттық валютаның құлдырауынан болған үзілістен кейін 2018 жылы мобильдік телефондардың қазақстандық нарығында смартфондарды сату көлемінің ұлғаюы жалғасты. ҚР Статистика комитетінің деректеріне сәйкес қазір Қазақстанда мобильдік байланыс операторлары барлық абонентінің 97% өз смартфондарында интернетті пайдаланады.

Интернет желісіне тіркелген қатынау нарығы

Есептеу деректері бойынша интернетке тіркелген КЖҚ жалпы сыйымдылығы 99,9 млрд. теңгені құрады, бұл ретте 2018 жылы кірістің өсуі 2017 жылмен салыстырғанда 3% құрады. Интернетке мобильдік КЖҚ абоненттерінің өсуі мен Қазақстандағы 4G дамуы тіркелген интернет абоненттері базасының 4%-ға төмендеуіне әсер етті және ол 2,5 млн. абонентті құрады.

Нарық абоненттерінің жалпы саны 110 мыңға дейін төмендеп, 2,5 млн. құрады, 2018 жылы кірігу деңгейі 100 үй шаруашылығына шаққанда 42 абонентті құрады.

Жалпы нарық көлемінде «Қазақтелеком» АҚ үлесі түсімде 71% және көлемдік көрсеткіштер бойынша 69% құрады.

«Қазақтелеком» АҚ абоненттік базасының өсуі 2017 жылдың базасы көлеміне қатысты + 30.7 мың портты құрады. Клиенттік базаның өсімі негізінен ауылдағы КЖҚ қосылыстары есебінен болды.

7-сурет. 2014–2018 жылдары тіркелген КЖҚ нарығы кірісінің динамикасы



Дереккөз: ҚР Статистика комитеті, 2018 жыл

2018 жыл тіркелген КЖҚ ARPU жалпы алғанда 1%-ға ұлғайды және 3 297 теңгені құрады. Интернет трафигін тұтыну нарығына әсер ететін негізгі факторлар мыналар болып табылды: сымсыз интернеттің қолжетімділігі, бөлшек сегментте медиялық трафиктің таралуы, сатудың дауыс ұялы байланысынан интернетке көшуі, бұлтты БЖ жалдаудың дамуы мен LTE абоненттік базасының жылдам тарамдалуы.

Деректер беру нарығы

Деректер беру нарығы ҚР телекоммуникация нарығының тұрақтанған сегменті болып табылады. Жыл сайын аталған нарық сегментінде тұрақты даму байқалады. Атап айтқанда, 2018 жылы көлем 2017 жылмен салыстырғанда 6%-ға ұлғайып, 31.3 млрд. теңгені құрады.

ИКТ қызметтері нарығы

Лицензиялы телекоммуникациялық компаниялардың ұсынатын өзге ИКТ қызметтері нарығында да Дата-орталықтар қызметтерін ұсыну, аппараттық қамтамасыз ету инжинирингімен қатар, түрлі АТ аутсорсинг қызметтерін көрсету бойынша да қатал бәсекелестік қалыптасты.

ИКТ нарығы байланыс нарығында басты емес, қосалқы болып табылуына байланысты оның жалпы кіріс құрылымындағы үлесі сенімді түрде өсіп келеді. 2018 жылы байланыс нарығы кірістерінің жалпы құрылымындағы ИКТ кірістерінің көлемі 72.4 млрд. теңгені құрады.

Ақылы телевидение

Ақылы телевидение қызметтерінің кірістері 35.5 млрд. теңгені құрады. 2017 жылмен салыстырғанда кірістің өсу қарқыны 2018 жылы 8% немесе + 2.7 млрд. теңгені құрады. Кірістің өсу шыңы 2014 жылы байқалды және ол ақылы ТВ қызметтеріне қосылыстардың максималды санымен байланысты болды. 2015 жылдан бастап кірістің өсу қарқыны баяулап келеді, бұл нарықтың кезең-кезеңмен толығып келе жатқанын білдіреді.

2018 жылы цифрлық, кәбілдік және спутниктік телевидение абоненттерінің жалпы саны алдын ала есептеу бойынша шамамен 1.8 млн.

8-сурет. 2014–2018 жылдардағы Ақылы ТВ қызметтерінің кіріс динамикасы





Телекоммуникация қызметтерінің операторлық нарығы

2018 жылы нарық қатысушыларының операторлық сегментінде кіріс көлемі шамамен 70 млрд. теңгені құрады. 2018 жылы Орталық Азия операторларынан трафик транзитіне деген сұраныстың төмендеуінен біршама нарықтың төмендеуі орын алды.

9-сурет. Операторлық сегмент кірістерінің динамикасы, 2014–2018 жылдар



Саланың реттеуші ортасына шолу

Мемлекет тарапынан Қоғамның қызметін уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – ҚР ЦДҚАӨМ комитеті) реттейді және бақылайды).

Сондай-ақ ҚР ЦДҚАӨМ комитеті телекоммуникация саласындағы табиғи монополия саласының уәкілетті органы болып табылады. Сонымен қатар Қоғамға қатысты бәсекелестікті қорғау бөлігінде өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылар құқықтарын реттеу комитеті жүзеге асырады.

«Қазақтелеком» АҚ қазіргі уақытта Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімінде тіркелген.

Кәсіпкерлік кодекске сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап реттелетін нарықтарда басымды немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі алынып тасталды. Онда Қоғам 16 қызмет бойынша тіркеліп, олар бойынша компанияның қызметі бағалық реттелуге жататын. Сонымен қатар бағалық реттеу монополияға қарсы құралдарға ауыстырылуына байланысты алынып тасталғанын атап өткен жөн.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметі тариф белгілеу бөлігінде үш бағыт бойынша мемлекеттік реттелуге жататын:

1. Табиғи монополиялар саласы қызметтері.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2) тармақшасына сәйкес табиғи монополиялар салаларындағы қызметті мемлекеттік реттеу тарифті қалыптастыру, белгілеу және бекіту арқылы жүзеге асырылады. Табиғи монополия саласында Заңның 5-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қоспағанда, кәбілдік кәрізді мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе пайдалануға беру қызметі реттеледі.

2. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №238 қаулысымен бекітілген Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесіне мынадай қызметтер түрі енгізілген:

- 1) Жергілікті телефон байланысы қызметтері;
- 2) Қосылыс жылдамдығы кемінде 1 536 Кбит/с интернет желісіне жеке қатынау қызметтері.

3. Күш құрылымдарына, сондай-ақ «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына көрсетілетін қызметтер.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі №514 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының мұқтажықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кәбілдік кәріздердегі арналарды және алаңдарды берудің көрсетілетін қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу қағидаларында көзделген қызметтер тарифтерін уәкілетті орган бекітеді. Бұл ретте 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап аталған пайдаланушылар санатына көрсетілетін

арналық және/немесе желілік деңгейде деректер берудің цифрлық байланыс арналарын жалға алу қызметіне жаңа тарифтер енгізілген.

Сонымен қатар жаңа қызметтерді енгізу, телекоммуникация желісін одан әрі жаңғырту аясында жұмыстар жүргізу кезінде Қоғамға радиожилік спектрін, нөмірлеме ресурсын пайдалануға рұқсаттармен байланысты мәселелерді мемлекеттік органдармен келісу талап етіледі.

Осы мақсатта Қоғам ҚР радиожилік спектрін пайдалануға, сондай-ақ нөмірлеме ресурсын пайдалануға рұқсатты ресімдеу бойынша уәкілетті органмен жұмыс жүргізеді. elicense.kz мемлекеттік порталында Қоғам тиісті өтінімді қалыптастырады. Өтінімді уәкілетті орган заңмен белгіленген мерзімдерде қарайды, ол мерзімдер аяқталғаннан кейін тиісті шешім қабылданады.





Телекоммуникация саласындағы мемлекеттің субсидиялары және кепілдіктері

Қала мен ауыл арасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында кез келген пайдаланушыға қайда орналасқанына қарамастан, оған қолайлы бағамен әлеуметтік маңызы бар қызметтерді белгіленген сапада ұсынуды қамтамасыз ететін әмбебап қызмет көрсету механизмі көзделген. Көптеген жылдан бері әмбебап қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелер «Қазақтелеком» АҚ-ға жүктеліп келді.

2018 жылы 12 шілдеде «Қазақтелеком» АҚ мен байланыс саласындағы уәкілетті орган арасында Ауылдық жерде телекоммуникация секторына бекітілген байланыстың әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау туралы шарт жасалды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша көрсетілген қызметтердің нақты сомасы 6 183,58 млн. теңгені құрады. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету аясында Қоғам 745 289 абонентті жергілікті телефон байланысы қызметтерімен және 188 882 абонентті интернет желісіне жеке қатынау қызметімен қамтамасыз етті.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы өңірлерінде «цифрлық теңсіздікті» төмендету мақсатында 2018 жылы «Қазақстан Республикасы ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары технологиясы бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын (бұдан әрі – МЖӨ жобасы) іске асыру басталды.




МЖӨ жобасы міндеттерін іске асыру мақсатында мынадай мемлекеттің мынадай қызметтерді тұтынуына кепілдік түрінде мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған:

- 1) мектептерге арналған интернет желісіне кеңжолақты қатынау;
- 2) өзге мемлекеттік мекемелерге арналған интернет желісіне кеңжолақты қатынау;
- 3) Бас прокуратураға арналған облыстық IP VPN;
- 4) өзге мемлекеттік мекемелерге арналған республикалық IP VPN.

Компанияның саладағы орны

Қазақстанның телекоммуникация нарығындағы бәсекелестік жағдай

10-сурет. 2010–2018 жылдардағы ҚР телекоммуникация нарығының динамикасы



Ақпарат көзі: жылдық есептер, сараптамалық бағалау, ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

Нарықтың жалпы динамикасы соңғы 3 жылда «Қазақтелеком» АҚ кірістер бойынша өз үлесін сақтап отырғанын көрсетіп отыр. Сондай-ақ, біріктірілген сәттен бастап Altel/Tele 2 компаниялары тобының қарқынды өсуі де байқалады.

03

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2018 жылы:

Директорлар кеңесі:

117

Басқарма:

248

шешім қабылдады





Корпоративтік басқару құрылымы

Тиімді басқару құрылымы компанияны корпоративтік басқарудың негізі болып табылады. Ол акционерлік қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғаның құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде беделінің нығаюына, қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті сақтап тұруға септігін тигізеді.


«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлік қоғам қызметін басқару мен бақылауды, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығынан тұрады. Органдардың құзыреттілігі және шешімдер қабылдау тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Жарғысында анықталып бекітілген.

Қызметтің басты көрсеткіштер жүйесі «Қазақтелеком» АҚ атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі болып табылады. Акционерлік қоғам ҚБК тізбесі мен мақсатты мандерін Директорлар кеңесі бекітеді. ҚБК-ға қол жеткізу мақсатында компания тиісті даму жоспарларын әзірлейді.


Басқару органдары

Акционерлік қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, тәуекелдерді ішкі бақылау, басқару саласындағы және корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ акционерлік қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.



«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік құрылымы





«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) акционерлік қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын, сондай-ақ Басқарманың қызметін бақылайтын орган.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, акционерлік қоғамның Жарғысында және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің бұдан бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда кезектен тыс. жалпы жиналыста қайта сайланады.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін кандидатуралар:

- 1) акционерлер – жеке адамдардан;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
- 3) компанияның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан ұсынылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелері өз міндеттерін орындау үшін тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктерге және іскери және/немесе салалық салада және акционерлер мен акционерлік қоғамның мүддесі үшін тұтас Директорлар кеңесінің тиімді

жұмысын ұйымдастыруда мінсіз беделге ие болу керек.

2018 жылғы 1 қаңтар мен 2018 жылғы 30 мамыр аралығында Директорлар кеңесі «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс. жалпы жиналысының 2015.30.06 (№55 хаттама) шешімімен сайланған құрамда жұмыс істеді.

2018 жылғы 30 мамырдағы (№62 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Д.А. Прихожан АҚЖЖ 2018.19.11 шешімі бойынша өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

2019.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы мына адамдардан тұрады:

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов
- Қуанышбек Бақытбекұлы Есекеев
- Абай Савитұлы Алимов
- Ерұлан Айташұлы Құсайынов
- Серік Болатұлы Саудабаев

Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар:

- Алексей Николаевич Буянов
- Гарретт Мартин Джонстон
- Дмитрий Александрович Заика
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 мамырдағы (№6 хаттама) шешімімен Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов

**Туған күні:**

1960 жылғы 1 қыркүйек

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2012 жылғы 8 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні :

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Директорлар кеңесінің төрағасы
«Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі
(5 570 668 жай (дауыс беретін) акциялар)

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Білімі:

2017 – 2018

Ұлыбританияның Директорлар институтының
IOD директорларын сертифициаттаудың халықаралық бағдарламасы

09.1977 – 06.1986

Мәскеу теміржол көлігі институты

Мамандығы: Теміржол көлігінде тасымалдау
үдерістерін басқару

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

17.04.2016 – қазіргі уақытта

«Самұрық-Қазына» АҚ

«Эйр Астана» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Qazak Air» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесіндегі
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.

«Самұрық-Қазына» АҚ

АО «Самрук-Қазына»

Активтерді басқару жөніндегі бас директор

27.11.2008 – 01.06.2014

«Самұрық-Қазына» АҚ

Басқарушы директор



Қуанышбек Бақытбекұлы Есекеев



Туған күні:

1975 жылғы 10 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2006 жылғы 16 желтоқсан

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Директорлар кеңесінің мүшесі
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Білімі:

2015 – 2017

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: Қаржы

Дәрежесі: Executive MBA

2001 – 2002

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы

Мамандығы: Менеджмент

1991 – 1995

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: Қолданбалы математика
Математика ғылымдарының кандидаты

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.03.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

23.02.2007 – 15.03.2010

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Төраға

Абай Савитұлы Алимов

**Туған күні:**

1975 жылғы 29 қазан

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 19 қараша

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 19 қараша

Мәртебесі:

Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционер – Skyline Investment Company өкілі

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Білімі:

1998 – 2000

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ ұлттық басқару академиясы

Мамандығы: Қаржы және кредит

1993 – 1997

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті

Мамандығы: Құқықтану

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

05.2018 – қазіргі уақытта

Skyline Investment Company

Өкіл

01.2018 – қазіргі уақытта

«Parasat Advising Group» ЖШС

Басқарушы директор

08.2016 – 12.2017

«КИПРОС» ЖШС

Басқарушы директор

03.2010 – 12.2015

«PetroKazakhstan» мұнай холдингі

Құқықтық мәселелер жөніндегі директор



Ерұлан Айташұлы Құсайынов



Туған күні:

1976 жылғы 28 қаңтар

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционер – Skyline Investment Company өкілі

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Білімі:

2012 – 2013

Я.Коменский атындағы университет (Прага қ., Чехия)

Іскери әкімшілендіру магистрі.

2001 – 2005

О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті.

Мамандығы: Қаржы және кредит.

1993 – 1996

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының
Қарағанды банк колледжі

Мамандығы: Банк ісі

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

12.2014 – қазіргі уақытта

«Damina» білім беру орталығы» ЖШС

Бас директор

04.2016 – 07.2017

«Қазкоммерцбанк» АҚ

Атқарушы директор, Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

07.2014 – 10.2014

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС

Бас директордың орынбасары

08.2006 – 12.2013

«Темірбанк» АҚ

Басқарма төрағасының кеңесшісі, басқарушы директор, Басқарма мүшесі, филиал директоры, басқарушы директор – Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі

Серік Болатұлы Саудабаев

**Туған күні:**

1977 жылғы 8 желтоқсан

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2010 жылғы 12 шілде

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Директорлар кеңесінің мүшесі
«Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі
(5 570 668 жай (дауыс беретін) акциялар)

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Образование:

2004 – 2006

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

Мамандығы: Экономика

1995 – 1999

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті

Мамандығы: Құқықтану

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

02.05.2018 – қазіргі уақытта

«Самұрық-Қазына» АҚ

Активтерді басқару дирекциясының «Коммуникациялар» секторының басшысы

11.07.2016 – 01.05.2018

«Самұрық-Қазына» АҚ

Коммуникациялар дирекциясының директоры

11.05.2014 – 10.07.2016

«Самұрық-Қазына» АҚ

Бас директордың активтерді басқару жөніндегі орынбасары

17.06.2010 – 10.05.2014

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Коммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор



Алексей Николаевич Буянов



Туған күні:

1969 жылғы 15 тамыз

Гражданство:

Ресей Федерациясы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Тәуелсіз директор

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

1986 – 1992

Мәскеу физика-техникалық институты (МФТИ)

Мамандығы: Қолданбалы физика және математика

Біліктілігі: инженер-физик

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

2016 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін

Bengala Investments SA инвестициялық компаниясы

Директор

2014 – 2016

Redline Capital Management

басқарушы директоры,

«Московская Биржа» ААҚ

Биржа кеңесінің мүшесі

Гарретт Мартин Джонстон

**Туған күні:**

1968 жылғы 22 шілде

Азаматтығы:

Ирландия, Ресей Федерациясы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Тәуелсіз директор

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

1990 – 1991

Тринити колледжі, Дублин, Ирландия

Мамандығы: Халықаралық сауда, TMI дәрежесі (Postgraduate Diploma International Commerce)

1985– 1990

Дублин университеті,

Мамандығы: Экономика

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.06.2015 –қазіргі уақытта

Macroscope consulting

Owner and CEO

01.10.2014 –қазіргі уақытта

Appselekt.com

Chief Marketing Officer

15.01.2014 – 30.09.2014

Digicel Caribbean and Central America

CEO Enterprise Solutions

27.12.2011 – 11.01. 2014

Rosnano MedInvest (RMI Partners)

Маркетинг және стратегия жөніндегі вице-президент



Дмитрий Александрович Заика



Мәртебесі:

Тәуелсіз директор

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

2003 – 2005

Қазақ мемлекеттік экономика университеті

Мамандығы: Қаржы менеджменті

Біліктілігі: экономист (үздік диплом)

1992 – 1998

Алматы Энергетика және Байланыс Институты

Мамандығы: Радиотехника,

Біліктілігі: радиоинженер

Туған күні:

1975 жылғы 27 сәуір

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:

2015 жылғы 30 маусым

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

20.04.2012 – 15.08.2016

«АЛТЕЛ» АҚ

Тәуелсіз директор

29.08.2011 – қазіргі уақытта

«Химфарм» АҚ

Тәуелсіз директор

Тимур Күрманғазыұлы Найзабеков



Туған күні:

1983 жылғы 21 сәуір

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесі құрамына далғашқы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:

2018 жылғы 30 мамыр

Мәртебесі:

Тәуелсіз директор

Акцияларға иелік етуі:

Иелік етпейді

Тәуелсіздік критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

Білімі:

2014 – 2015

Лондон университет колледжі (UCL)
(үздік диплом)

2005 – 2007

Халықаралық бизнес университеті
Қаржы магистрі (үздік диплом)

2000 – 2004

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Математика және бизнестегі ақпараттық жүйелер бакалавры (үздік диплом)

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

04.2016 – 09.2017

«Estate Management Company» АҚ

Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Ішкі аудит комитетінің, Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылау комитетінің мүшесі

09.2015 – 04.2016

«Commercial RE» ЖШС

Қаржы директоры, бас директор

09.2014 – 09.2015

Union Bancaire Privee (Ұлыбритания)

Қаржы аналитигі/Еуропалық акциялар нарығы

10.2012 – 07.2014

Ұлттық инвестициялық корпорация

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі/Басқарма төрағасының кеңесшісі



Есепті жылы Директорлар кеңесінің құрамында **4 тәуелсіз директор** жұмыс істеді және олар Қазақстан Республикасы заңнамасының «тәуелсіз директор» деген ұғымға қоятын талаптарына толық сәйкес келді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына сәйкес қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде **30%** тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

«Қазақтелеком» АҚ-да бұл талап орындалып отыр, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны ең төменгі шектен асып, **44%** құрайды.

Тәуелсіз директорлардың тәуелсіздігін анықтау критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес **тәуелсіз директор**:

- аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда),
- осы акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын;
- аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған;
- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері

Мәселелерді мейлінше терең және сапалы пысықтау үшін Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға көмек көрсету мақсатында Директорлар кеңесі жанында мынадай комитеттер құрылды:

1. Аудит комитеті;
2. Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті;
3. Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Директорлар кеңесі комитеттерді құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сан құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімдерін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін анықтайды.

Барлық комитеттің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен реттеледі, онда құрамы, біліктілігі, комитет мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелер қамтылады.

Аудит комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беру органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2010.01.03 №2 хаттама) Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Аудит комитетінің қызметі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдарды дайындау жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Комитет толығымен тәуелсіз директорлардан құралған, олар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көзделген тәуелсіз директорларды тану критерийлеріне сәйкес келеді.

2019.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Аудит комитетінің құрамы:

Комитет төрағасы:

- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор.

Комитет мүшелері:

- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор;
- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор.

Аудит комитеті тұрақты түрде тоқсанына кемінде бір рет қатысу тәртібіндегі отырыстарын және қажеттілігіне қарай кезектен тыс отырыстарын өткізіп тұрады.

2018 жылы Аудит комитеті 11 отырыс өткізді, оның біреуі сырттай өткізілді. Онда 33 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді, оның ішінде мынадай мәселелер бар: Ішкі аудит қызметінің жұмысы, ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік, сыртқы аудит және басқа да маңызды мәселелер.



2018 жылы Аудит комитетінің отырыстарына қатысу:

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 15.01	№ 2 22.01 сыртта.	№ 3 01.02	№ 4 12.02	№ 5 07.03	№ 6 14.03	№ 7 21.05	№ 8 12.07	№ 9 14.09	№ 10 28.09	№ 11 30.10	Қатысу пайызы
Т.Қ. Найзабеков	АК құрамына 2018 жылғы 31 мамырда сайланғанына байланысты қатыспады							+	+	+	+	100%
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	90,9%

Аудит комитеті аудиторлық үдерісті мұқият қадағалайды, Ішкі аудит қызметімен тұрақты түрде өзара іс-қимыл жасайды, сыртқы аудитормен, сондай-ақ аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсететін компаниялардың өкілдерімен кездесу өткізеді.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті өз қызметінде толығымен акционерлік қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2015.18.03 № 2 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау комитеттің міндеттері болып табылады:

- 1) акционерлік қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің құрамына, еншілес ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ Басшы жұмыскерлердің лауазымдар тізбесіне сәйкес өзге де басшыларды кадрлық тағайындау;
- 2) Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларын уәждеу және сыйақылау жүйелері;
- 3) компания жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау;
- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

- 5) Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер.

2018 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізгенге дейін 30.05.2018 Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті мына тұлғалардан тұрды: Д.А. Заика, А.Н. Буянов, Гарретт Мартин Джонстон, С.Б. Саудабаев, Д.А. Прихожан.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің қазіргі құрамы 2018 жылғы 31 мамырда бекітілген:

Комитет төрағасы:

- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор.

Комитет мүшелері:

- Ерұлан Айташұлы Құсайынов – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Серік Болатұлы Саудабаев – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор;
- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті 2018 жылы қатысу тәртібімен 8 отырыс өткізді, онда 24 мәселе қаралып, олар бойынша компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Атап айтқанда, мынадай мәселелер: Қоғам Басқармасының құрамына жұмыскерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшылары лауазымдарына тағайындау, басшы жұмыскерлерге ҚБК бекіту, еңбекке ақы төлеу, персоналды басқару және басқа да мәселелер.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес комитет төрағасы отырыстарға баяндамашылар, қадағалаушылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат беру үшін:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін;
- Қоғамның жұмыскерлерін (топ-менеджмент, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар);
- Басшы жұмыскерлердің лауазымдар тізбесіне сәйкес басшы лауазымдарға кандидаттарды шақырды.

Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті мүшелерінің 2018 жылы комитет отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 15.01	№ 2 07.03	№ 3 21.05	№ 4 17.07	№ 5 23.07	№ 6 14.09	№ 7 05.11	№ 8 11.12	Қатысу пайызы
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
С.Б. Саудабаев	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Е.А. Құсайынов	КСӨМК құрамына 2018 жылғы 31 мамырда сайланғанына байланысты қатыспады			+	+	+	+	+	100%
Т.К. Найзабеков				+	+	+	+	+	100%

Комитет өз жұмысында «Қазақтелеком» АҚ Жарғысын, акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, Кадрлар, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережені мүлтіксіз басшылыққа алады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2010 жылы құрылды. Стратегиялық жоспарлау комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беру органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен (2010.19.11 № 14 хаттама) бекітілген Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттері ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, компанияның басым қызмет бағыттарын және оның даму стратегияларын анықтау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну болып табылады.

30.05.2018 дейін Стратегиялық жоспарлау комитеті мына тұлғалардан тұрды: А.Н. Буянов, Д.А. Заика, С.Б. Саудабаев, А.Ф. Сәрсенов, Д.А. Прихожан.



**«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі
Стратегиялық жоспарлау комитетінің
қазіргі құрамы** 2018 жылғы 31 мамырда бекітілген

Комитет төрағасы:

- Алексей Николаевич Буянов – тәуелсіз директор.

Комитет мүшелері:

- Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор,
- Дмитрий Александрович Заика – тәуелсіз директор,
- Тимур Құрманғазыұлы Найзабеков – тәуелсіз директор,
- Ерулан Айташұлы Құсайынов – Директорлар кеңесінің мүшесі,
- Серік Болатұлы Саудабаев – Директорлар кеңесінің мүшесі,
- Абай Савитұлы Алимов – Директорлар кеңесінің мүшесі, (СЖК құрамына 2018 жылғы 12 желтоқсанда сайланды).

Стратегиялық жоспарлау комитеті Комитет туралы ереженің 15-тармағына сәйкес Комитеттің шешімімен бекітілген жыл сайынғы жоспар бой-

ынша тоқсанына кемінде бір рет, кезектен тыс отырыстарын қажеттілігіне қарай өткізіп отырады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2018 жылы қатысу тәртібімен 7 отырыс өткізіп, онда 17 мәселе қаралды және олар бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Бұл «Кселл» АҚ акцияларын сатып алу бойынша мәмілені іске асыру, бизнес-жоспарлау, компанияның акционерлік құнын арттыру стратегиясын мақұлдау, консультациялық қызметтерді тарту, стратегиялық жобаларды іске асыру және компания қызметінің басқа да маңызды мәселелері.

Комитеттің төрағасы отырыстарға бақылаушылар, баяндамашылар ретінде, сондай-ақ күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпарат ұсыну үшін:

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелерін;
- Қоғамның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басшы және өзге жұмыскерлерін;
- консалтингтік компаниялардың өкілдерін шақырды.

2018 жылы Стратегиялық жоспарлау комитет мүшелерінің комитеттің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 05.04	№ 2 19.04	№ 3 30.05	№ 4 23.07	№ 5 24.09	№ 6 06.11	№ 7 11.12	Қатыспау Себебі	Қатысу пайызы
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+		100%
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	–	Мүдделер қайшылығы	85,7%
С.Б. Саудабаев	+	+	+	+	+	+	+		100%
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	+	+	+	+	+		100%
Е.А. Құсайынов	мамырда сайланғандықтан қатысқан жоқ			+	+	+	+		100%
Т.Қ. Найзабеков				+	+		+		100%
А.С. Алимов СЖК	құрамына 2018 жылғы 12 желтоқсанда сайланғандықтан қатысқан жоқ								

Комитет ұзақ мерзімді перспективада қызмет тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, компанияның басым қызмет бағыттарын және оның даму стратегияларын анықтау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну міндетін толықтай шешеді.

Комитеттердің жұмысын бағалай келе, «Қазақ-телеком» АҚ Директорлар кеңесінің комитеттері

өз міндеттерін орындау барысында Қоғамның мүдделерін көздеп, адал және орынды әрекет ететінін атап өту қажет. Комитеттер есепті жылы комитеттер туралы ережелерге, Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Директорлар кеңесінің тапсырмаларына, сондай-ақ комитеттердің 2018 жылға жұмыс жоспарларына сәйкес акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген мақсаттарын, міндеттері мен функционалды міндеттерін орындады.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда Корпоративтік хатшы институты жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктерінің мерзімін, функцияларын және қызмет тәртібін анықтайды.

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және ҚР заңнамасының нормаларына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам мен акционерлердің арасында, сондай-ақ Қоғамның органдары арасында өзара анық және тиімді іс-қимылды қамтамасыз етеді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіқалықов мемлекеттік марапаттарға, «Үздік байланысшы» салалық атағына ие. «Самұрық-Қазына» қоры компаниялары тобының үздік корпоративтік хатшыларының бірі деп танылды. Корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарының тұрақты қатысушысы.



2018 жылы Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі өз отырыстарын жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізеді. 2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 13 отырыс өткізді, оның 9-ы қатысу тәртібінде және 4-і сырттай дауыс беру нысанында өткізілді.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына 117 мәселе шығарылды. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 2018 жылы қабылдаған ең маңызды шешімдердің ішінен мыналарын атап өту қажет:

- «Қазақтелеком» АҚ 2019–2023 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ тұрақты даму саясатын бекіту туралы және «Қазақтелеком» АҚ стейкхолдерлер картасы туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ жұмыс тәртіптемесін бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшелерін жаңа мерзімге сайлау туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппараты жұмыскерлерінің штатын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Комплаенс қызметін құру туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ ірі мәміле жасасуы туралы.



«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының есептері жүйелі түрде (тоқсан сайын) қаралып тұрады:

- ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы;
- Қоғамның даму жоспарын іске асыру туралы;
- тәуекелдер туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ айқындылығы және ақпаратты ашу үдерістерінің тиімділігін бағалау туралы;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі және Басқарма олар туралы шешімдер қабылдаған мәмілелерді жасасу туралы;
- Ішкі аудит қызметінің есептері.

2018 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№ 1 01.02	№ 2 15.02 сырттай	№ 3 16.03	№ 4 05.04	№ 5 30.05 сырттай	№ 6 31.05	№ 7 24.07	№ 8 25.09	№ 9 09.10	№ 10 12.10 сырттай	№ 11 06.11	№ 12 04.12 сырттай	№ 13 12.12	
Н.Т. Байдәулетов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Қ.Б. Есекеев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	
Д.А. Прихожан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		19.11.2018 АКЖЖ шешімімен өкілеттіктер тоқтатылды	
А.С. Алимов					19.11.2018 АКЖЖ шешімімен ДК құрамына сайланды							+	+	
А.Ф. Сәрсенов	+	+	+	+	+	30.05.2018 АКЖЖ шешімімен өкілеттіктер тоқтатылды								
Е.А. Құсайынов	30.05.2018 АКЖЖ шешімімен ДК құрамына сайланды					+	+	+	+	+	+	+	+	
С.Б. Саудабаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
А.Н. Буянов	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
Гарретт Мартин Джонстон	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	
Д.А. Заика	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	
Т.Қ. Найзабеков	30.05.2018 АКЖЖ шешімімен ДК құрамына сайланды					+	+	+	+	+	+	+	+	

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау саясаты туралы ақпарат

Есепті жылы Директорлар кеңесін бағалау мәселелері 2018 жылғы ақпанда бекітілген «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларымен реттелді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жалпы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшының жұмысы тиімділігін талдау жүргізуге, халықаралық үздік тәжірибелер және стандарттармен салыстырғанда Директорлар кеңесі жұмысының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жасырын резервтері мен пайдаланылмаған әлеуетін анықтауға бағытталған.

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды айқындап, Директорлар кеңесінің жұмысын одан әрі жақсарту шараларына ұсыным беруге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексімен және жоғарыда аталған қағидалармен Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс аясында жыл сайынғы бағалау өткізу көзделген. Бұл ретте кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, бағалау жүргізіледі. Сауалнамаға және/немесе сұхбат алуға қатысуды қоспағанда, ешқандай директорды оның қызметін бағалау үдерісіне тартуға болмайды.



2018 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару деңгейін диагностикалау аясында Қоғамның Директорлар кеңесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау жүргізді. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін диагностикалау нәтижелері бойынша оң баға алды.

Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері 2018 жылғы қызмет нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі тарапынан оң баға алды.

Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылау туралы ақпарат

Тәуелсіз директорларды сыйақылау талаптары олармен жасалған шарттарда көрсетілген. Тәуелсіз директорларды қоспағанда, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын тегін жүргізеді.

Тәуелсіз директорлар бола отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері жылдық белгіленген сыйақы және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі комитетінің отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына келуіне байланысты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына, сондай-ақ акционерлердің, Директорлар кеңесі төрағасының және/немесе Қоғам Басқармасының бастамасымен шақырылатын және тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарға қатысқаны үшін шығыстары (жол

жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы, сканерлеу, ксерокөшіру, факс, құжаттарды басып шығару, теру қызметтері, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау, курьер және пошта қызметі) өтеледі.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын орындағаны үшін сыйақы төлеу Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған тәуелсіз директорларға ғана жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2009 жылғы 4 қыркүйектегі №39 хаттама және 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №46 хаттама шешімдеріне сәйкес жылдық белгіленген сыйақының және Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақының мөлшерлері:

1. «Қазақтелеком» АҚ әрбір тәуелсіз директоры үшін жылдық белгіленген сыйақы мөлшері:
 - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне – 45 000 АҚШ доллары;
 - Қазақстан Республикасының резидентіне – 6 660 000 теңге.
2. Директорлар кеңесі комитетінің қатысу тәртібіндегі, сондай-ақ теле-бейне конференцбайланыс арқылы өткізілетін әрбір отырысына қатысқаны үшін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір тәуелсіз мүшесі үшін қосымша сыйақы мөлшері:
 - комитет мүшесі ретінде сөз сөйлейтін Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне 500 АҚШ доллары сомасында;
 - комитет мүшесі ретінде сөз сөйлейтін Қазақстан Республикасының резиденттеріне 75 000 теңге сомасында.

2018 жылға тәуелсіз директорларға төлемдер

№	ДК мүшелері – тәуелсіз директорлар	Валюта	Жылдық белгіленген сыйақы сомасы	Комитеттердің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы сомасы	2018 жылдың қорытындысы
1	ҚР бейрезиденттері (2 адам)	АҚШ доллары	90 000	23 500	113 500
2	ҚР резиденттері (2 адам)	теңге	10 582 000	2 625 000	13 207 000

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес барлық мүдделі тұлға үшін Директорлар

кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметті ашып көрсетеді.

Басқарма

Басқарма Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында оның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау қағидатының негізінде құрылады және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне толықтай есеп береді.

Басқарма 7 мүшеден – Басқарма төрағасынан және Қоғамның Директорлар кеңесі сайлаған басқа да тұлғалардан тұрады.





Қуанышбек Бақытбекұлы Есекеев



Туған күні:

1975 жылғы 10 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы сайланған күні:

2006 жылғы 15 желтоқсан

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына ағымдағы сайланған күні:

2016 жылғы 05 ақпан

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы

Акцияларға иелік етуі:

иелік етпейді

Білімі:

Жоғары. Математика ғылымдарының кандидаты
2015 – 2017

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: Қаржы

Дәрежесі: Executive MBA

2001 – 2002

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы

Мамандығы: Менеджмент

1991 – 1995

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: Қолданбалы математика, Математика ғылымдарының кандидаты

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.03.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

23.02.2007 – 15.03.2010

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
төраға

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» Директорлар кеңесінің мүшесі, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді

Асхат Архатұлы Өзбеков

**Туған күні:**

1980 жылғы 18 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

27.09.2016

Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

14.03.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры.

Білімі: жоғары

1996 – 2000

«Туран» университеті

Мамандығы: халықаралық экономика

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

01.2015 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

«Қазақтелеком» АҚ, басқарушы директор – басқазынашы, басқарушы директор – қаржы бақылаушысы, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

02.2012 – 12.2014

KMG EP International

Қаржы директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі: жоқ

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді



Батыр Әпенұлы Маханбетәжиев



Туған күні:

1972 жылғы 12 наурыз

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

07.06.2010

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

17.03.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

Білімі: жоғары

2015–2017

Hult Business School, London, GB

Мамандығы: қаржы

Дәрежесі: Executive MBA

1989 – 1994

М. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университеті

Мамандығы: экономикалық кибернетика, экономист-математик

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

04.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Бас әкімшілік директор, «Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі: жоқ

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді

Рафаэль Еламанұлы Абыханов

**Туған күні:**

1971 жылғы 07 маусым

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

09.09.2013

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

14.03.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, Корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор
«Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

Білімі: жоғары.

1990–1996

Қазақ ұлттық техникалық университеті

Мамандығы: радиотехника

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

09.09.2013 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Бас коммерциялық директор, Корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

07.05.2009 – 08.09.2013

«Қазақтелеком» АҚ

Операторлармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

«КТ-АйИкс» ЖШҚ Қадағалау кеңесінің төрағасы

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді



Лезговко Александр Владимирович



Туған күні:

1961 жылғы 15 қыркүйек

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

26.03.2007

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

14.03.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры

Білімі: жоғары

1978 – 1983

Алматы энергетика институты

Мамандығы: автоматты электр байланысы

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

03.2007 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Вице-президент – бас техникалық директор,
«Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:
жоқ

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі:

«Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларына ие

Марат Мұхтарұлы Әбділдәбеков

**Туған күні:**

1967 жылғы 13 қазан

Азаматтығы:

Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

08.06.2007

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

14.03.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры

Білімі: жоғары

1984 – 1991

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы: механика және қолданбалы математика

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

05.2007 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ

Вице-президент – Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директор, «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры.

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

«КТ Cloud Lab» ЖШС Қадағалау кеңесінің төрағасы, «QazCloud» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі.

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компаниябәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді



Кукелис Каспарс



Туған күні:

1971 жылғы 03 қараша

Азаматтығы:

Латвия Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына алғашқы сайланған күні:

01.06.2017

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының құрамына ағымдағы сайланған күні:

01.06.2017

Мәртебесі:

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының мүшесі, Бөлшек сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

Білімі: жоғары

2001–2004

Harvard Business School, Boston, USA
EMBA (Маркетингтік стратегия, Жалпы басқару, Есеп және бақылау, Көшбасшылық және ұйымдастыру тиімділігі, Ақпараттық технологиялар)

1989 – 1994

Алматы технологиялық университеті.

Мамандығы: экономист

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

01.06.2017 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

01.02.2017 – 01.06.2017

«Қазақтелеком» АҚ,
Бөлшек сегмент жөніндегі бас директор

01.09.2015 – 20.03.2016

«АЛТЕЛ» АҚ, Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі

01.09.2013 – 01.02.2014

«КСЕЛЛ» АҚ, Коммерциялық директор

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі: жоқ.

Компания акцияларына, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі: иелік етпейді

Басқарманың 2018 жылғы қызметі туралы есеп, қабылданған шешімдердің ең маңыздылары

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы аптасына бір рет қатысу тәртібімен отырыс өткізеді, қажет болғанда қосымша отырыстар өткізіледі.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы қатысу тәртібімен 54 отырыс өткізді, онда Басқарманың 248 шешімі, сондай-ақ 2 шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды.

Есепті жылы Басқарма мынадай негізгі мәселелер бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.

«Қазақтелеком» АҚ және еншілес компаниялардың алдын ала жылдық қаржылық есептілігі, «Қазақтелеком» АҚ тұрақты даму туралы 2017 жылға арналған есебі, тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер, 2019 жылғы тәуекелдер тіркелімі мен картасы, «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің көрсеткіштері бойынша нормативтер, Акционерлік құнды арттырудың 2018–2028 жылдарға арналған стратегиясының жобасы, «Қазақтелеком» АҚ Жұмыс тәртіптемесі (өзектендіру) және т. б.

Мынадай бірқатар құжаттар бекітілді: Операциялық бюджет, Күрделі салымдар бюджетінің және 2019–2023 жылдарға арналған даму жоспарының жобалары, Тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру бойынша нұсқама мен бағдарлама, «Қазақтелеком» АҚ стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл бойынша 2018 жылға коммуникациялық жоспары, «Қазақтелеком» АҚ цифрлық трансформация бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары және т. б.

«Өрлеу» трансформация бағдарламасы аясында «Қазақтелеком» АҚ ұйымдық басқару құрылымы қайта өзгертілуіне байланысты заң жағынан де-меу функциясы, персоналды басқару функциясы, әкімшілік және қаржылық функциялар бойынша ортақ қызмет көрсету орталықтары құрылды.

Басқарма мүшелерін сыйақылау туралы ақпарат

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының мүшелерін сыйақылау шарттары мен тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы туралы ережемен, «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппараты жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережемен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ басшы жұмыскерлердің еңбегін бағалау және сыйақылау саласындағы саясатына сәйкес әзірленген «Қазақтелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшысына және Ішкі аудит қызметінің басшысына бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу қағидаларымен анықталған.

Директорлар кеңесі жоғарыда көрсетілген құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы тиісті комитеттің ұсынымы бойынша Басқарма төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, еңбекке ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын анықтайды.

Сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті жыл үшін шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып табылады.

Басшы персоналды бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша сыйақылау Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен қызметтің уәждемелік басты көрсеткіштерін орындауға байланысты төленеді. Белгіленген корпоративтік ҚБК мақсатты мәндерін асыра орындау Басқарманың әрбір мүшесінің жеке үлесінің нәтижесі болып табылады. Басқарма төрағасының уәждемелік ҚБК нәтижелілігі 2018 жыл қорытындылары бойынша 100% құрады.



Компанияның елеулі мәмілелері

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 33-бабының 1-тармағының 33) тармақшасына сәйкес жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау Қоғамның Жарғысында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуға қатысты Басқарманың 9 шешімін мақұлдады және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарды, соның ішінде мыналар жасалды:

- 1) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында байланыс объектілеріне техникалық күтім жасау туралы 2016.23.12 № АЛМ-ОТД-1231/16/37/№624-43-ДТО шартқа №2 қосымша келісім;
- 2) «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында антенналы-діңгекті ғимараттарға, антенналы-фидерлік құрылғыларға, радиорелелі жабдықтарға техникалық күтім жасау туралы 2016.28.12 №639-43-ДТО/01/176-ДУ/16 шартқа №2 қосымша келісім;
- 3) «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасында байланыс объектілеріне техникалық күтім жасау туралы 2017.28.07 №443-43-ДТО/17086 шартқа №1 қосымша келісім;
- 4) «QazCloud» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ аффилирленген тұлғаларға қызметтер ұсыну және өтімділігін арттыру бойынша ортақ қызмет туралы 2018.06.08 №523-24-ДЗ шарт;
- 5) Телекоммуникация қызметтерін және интернет қызметтерін ұсыну келісімшарттарын 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту туралы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен ортақ қызмет жөніндегі 2012.14.12 №743/12-ДО/1171-03-ДСД шартқа №7 қосымша келісім;
- 6) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ филиалдары арасында металл құрастырылымдарға арналған орындарды жалдау шарттары: Орталық ӨТД, 2018.04.06 №351/18/11; Оңтүстік ӨТД, 2018.20.08 №АЛМ-РМО-464/18/11; «Алматытелеком» ӨТД, 2018.20.08 №АЛМ-РМО-550/18/11;
- 7) Ашық кредиттік желі ашу туралы 2016 жылғы 25 ақпандағы №1923 келісімді бұзу туралы 2018.27.06 №361-15-СРС келісім;
- 8) «Қазақтелеком» АҚ мүлкін пайдаланбай телекоммуникация қызметтерінің өтімділігін арттыру бойынша «Қазақтелеком» АҚ және «QazCloud» ЖШС (Агент) өзара ынтымақтас-тығы туралы 2018.05.06 №506-18 келісім;
- 9) «Қазақтелеком» АҚ клиенттерінің телекоммуникация қызметтері үшін төлеушілерден төлем арналарын бірлесіп ұсыну және өтімділігін арттыру бойынша күш пен ресурстарды біріктіру туралы «Қазақтелеком» АҚ және «НҰР-САТ+» ЖШС арасындағы 2018.24.10 №778-27-ДСД шарт;
- 10) «Тіркелген және мобильді байланыстың бірыңғай және конвергенттелген қызметтер топтамаларын сату туралы» 2016 жылғы 29 ақпандағы №123-27-ДУ шартқа байланыс қызметтерін көрсетуге жеке тұлғалармен шарт жасасу рәсімдерін жеңілдету мақсатында тиісті өзгерістерді енгізу туралы №1 қосымша келісім;
- 11) Ұсынылатын қызметтердің сыйымдылығын 2019 жылғы кезеңге қосымша көлемдердің әрбір 1 Мбит/с шартты құнын төмендету есебінен арттыру туралы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен ортақ қызмет туралы 2012.14.12 №743/12-ДО/1171-03-ДСД шартқа №8 қосымша келісім.

Компанияның ішкі аудиті



«Қазақтелеком» АҚ ішкі аудитін ұйымдастыру және жүзеге асыруды Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) қамтамасыз етеді. ІАҚ Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қоғам Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жүзеге асырады.

ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты Қоғамда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруде жүйелік амал-тәсілді енгізу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесіне компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және шынайы ақпарат ұсыну болып табылады.

ДІБҚ қызметі «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, «Қазақтелеком» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру саясатына негізделген.

Аудиторлық тексерулер Аудит комитеті мақұлдаған және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіт-

кен жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметі ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келеді. Бұл 2018 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз консультанты өткізген ішкі аудит жүйесін сыртқы бағалау нәтижелерімен расталған.

2018 жылы аудиторлық тексерулердің бекітілген жылдық жоспарына сәйкес ІАҚ 17 (он жеті) жоспарлы аудиторлық іс-шара, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмалары мен акционерлік қоғам менеджментінің сұраулары бойынша 5 (бес) жоспардан тыс. аудиторлық іс-шара жүргізді. Аудиторлық тапсырмалардың мақсаттарына қол жеткізілді. Жұмыс Ішкі аудит қызметінің 10 жұмыскерінің күшімен жүргізілді.



04

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

ТБКЖ тиімділігінің
жиынтық бағасы

99,2%

құрады







Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБКЖ) «Қазақтелеком» АҚ мен оның ЕҰ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге кері әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингілеуге және оларды азайтуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- ашықтық – ТБКЖ автономды немесе оқшау ретінде қабылдауға тыйым салу;
- құрылымдылық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесіне тән айқын құрылымның болуы;

- ақпараттану – тәуекелдерді басқару үдерісін объективті, дұрыс әрі өзекті ақпаратпен демеу;
- үздіксіздік – тәуекелдерді басқару үдерісін тұрақты негізде жүзеге асыру;
- кезеңділік – тәуекелдерді басқару үдерісі оның негізгі құрамдастарының үнемі қайталанып отыратын жолға қойылған циклі болып табылады.

Компанияда тәуекел-менеджмент Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің, Тәуекелдерді басқару қызметінің, сондай-ақ Ішкі бақылау қызметінің қатысуымен жүзеге асырылады.

2018 жылы тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінде негізгі үдерістер бөлігінде 2018 жылы айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Қолданыстағы Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Директорлар кеңесі тоқсан сайын Қоғамның Тәуекелдерді басқару қызметінің есептерін қарайды, ішкі аудитормен қатар, тәуелсіз сыртқы бағалаушы жүргізетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша корпоративтік жүйелердің тиімділігін жыл сайын бағалау туралы хабардар етіледі.


ТБКЖ дамыту 2017 жылы «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесінің кемелдігі мен тиімділігін бағалауды жүргізген тәуелсіз сыртқы сарапшының ұсынымдары бойынша әзірленген жол картасы негізінде жүзеге асырылды. 2018 жылы ІБҚ бойынша негізі іс-шаралар Қоғамның жүзеге асырылып жатқан ұйымдық құрылымының трансформациясы мен негізгі

бизнес-үдерістерімен байланысты жүйенің құжаттамасын өзекті етуге бағытталды.

Қоғамның барлық тәуекел өрісі стратегиялық, қаржылық, операциялық, құқықтық санаттарға жіктеледі. Тәуекелдерді басқару үдерісі аясында компанияда Корпоративтік тәуекелдер тіркелімі жүргізіледі, онда Директорлар кеңесі бекіткен Даму жоспарының басты қызмет көрсеткіштері мен ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ете алатын тәуекелдер көрсетіледі.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде компанияның Тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекітеді. Тәуекелдерді басқару қызметі 2018 жылы Тәуекелдер тіркелімін мониторингілеу, тәуекелдер бойынша деректерді өзекті ету, тәуекелдерді азайту іс-шараларын бақылау бойынша жұмыстар жүргізді.

Тәуекелдерді басқару үдерісінің қатысушылары





Компанияның Тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасы бойынша компанияның Тәуекелдер тіркелімінде 2018 жылдың соңында барлығы 38 тәуекел болды.


Тәуекелдер тіркелімінде көрсетілген жекелеген тәуекелдер бойынша тәуекелдердің іске асу себептерін жоюмен қатар, тәуекел оқиғалары іске асқан жағдайда олардың салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралар әзірленді. Тәуекелдерді басқару қызметі күрделі тәуекелдердің динамикасы мен олардың митигациясы бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын тәуекелдер бойынша есептілік түрінде компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне жолданады.

11-сурет. Санаттар бойынша тәуекелдер радары

операциялық тәуекелдер



стратегиялық тәуекелдер



қаржылық тәуекелдер



Құқықтық тәуекелдер



- төмен
- орта
- жоғары
- күрделі

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін филиалдар мен еншілес ұйымдарға ықпалдастыруды жалғастыру

Филиалдар мен еншілес ұйымдар деңгейінде жинақталған және өзекті етілген әлеуетті тәуекелдер бойынша ақпарат жергілікті деңгеймен қатар, барлық Топ деңгейінде әсер ететін факторларды қамтып, бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жергілікті деңгейде тәуекелдерді реттеу бойынша профилактикалық шараларды мейлінше табысты жүргізуге және барлық субъектілерден түсетін ықпалдастырылған деректерге негізделген кешенді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Филиалдар мен еншілес ұйымдар тәуекелдер тіркелімі мен карталарын тоқсан сайын қайта бағалайды және өзекті етеді. Жергілікті көрсеткіштермен қоса, корпоративтік деңгейдегі тәуекелдерге әсер ететін және оларды азайту үшін қаржылық салымды қажет ететін елеулі тәуекелдер бойынша филиалдар келесі жылы іске асырылатын шараларға бағытталған жобаларды дайындап қорғады.

2018 жылы Ішкі бақылау қызметі Тәуекелдерді басқару қызметімен бірге Корпоративтік тәуекелдер тіркеліміне кері әсер ететін, тәуекелдердің іске асу ықтималдығын және кейбір тәуекелдердің Тәуекелдер картасының күрделі аймағына миграциясын арттыратын Компанияның ӨТД жекелеген бизнес үдерістеріне тәуекел-аудит жүргізді. Нәтижелері бойынша өңірлердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Басты тәуекелдер

№	Тәуекел	Тәуекел сипаттамасы және салдары	Әрекет ету шаралары	2018 жылы басқарымдылығы
1	«Тіркелген телефония» сегменті бойынша жоспарлық көрсеткіштердің орындалмауы	Дәстүрлі қызметтердің тұтынушылық құнының төмендеуі мен трафиктің «тіркелген телефония» сегментінен «мобильді байланыс» сегментіне ауысуы аталған сегмент бойынша Компанияның кірістеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.	Өнімнің тұтынушылық құны мен бәсекеге қабілеттілігін ұлғайту үшін жаңа қызметтер мен топтамалық шешімдерді әзірлеу және енгізу; тарифтердің жаңа қатары бекітілді; клиентке бейінділік деңгейін арттыру мақсатында Сервистік қызмет көрсету стандарттары бекітілді.	орташа
2	«Интернет желісіне» тіркелген КЖҚ» сегменті бойынша жоспарлық көрсеткіштердің орындалмауы	Тіркелген КЖҚ-ны мобильді түрлерінің белсенді түрде ығыстыруы мен орнын алмастыруы, сондай-ақ қазақстандық интернет желісіне тіркелген КЖҚ нарығында инвестициялық мүмкіндіктерге, ең жаңа технологияларға ие меншікті инфра құрылымы бар мықты бәсекелестердің пайда болуы қазіргі бар және әлеуетті клиенттерді жоғалтуға алып келеді, бұл өз кезегінде Компанияның кірістеріне әсер етуі мүмкін.	Өнімнің тұтынушылық құны мен бәсекеге қабілеттілігін ұлғайту үшін жаңа қызметтер мен топтамалық шешімдерді әзірлеу және енгізу; Тарифтердің жаңа қатары бекітілді; Қызмет көрсету сапасы жақсарды.	орташа
3	Клиенттердің мерзімі өткен дебиторлық берешегінің өсуі	Абоненттердің тіркелген байланыстан бас тартуына байланысты күмәнді және мерзімі өткен дебиторлық берешек үлесінің ұлғаяуы байқалуда, мұны берешекті өндіріп алу іс-шараларынан кейін ғана есептен шығаруға болады.	Компанияда Дебиторлық берешекті басқару бойынша бірыңғай орталық (ДБББО) құрылған. Абоненттерден берешекті өндіріп алу қызметтерін көрсету үшін бөгде ұйымдар тартылуда; ID TV абоненттерінің берешегі бар екенін хабарлайтын жүйені енгізу жоспарланып отыр.	орташа
4	Қойылған талап-арыздар, ұйғарымдар және басқа да шағымдар бойынша Қоғамның міндеттемелерінің пайда болуы	Компанияға миноритарлық акционерлерден «Қазақтелеком» АҚ акцияларын сатып алу бойынша ірі мәмілені жасасу туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен келіспеуіне байланысты оларға тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаппен өтініштер түсті. Сотта қаралып, сот шешімі Қоғам пайдасына болмайтын жағдайда, миноритарлық акционерлердің алдында қаржылық міндеттемелер туындауы мүмкін.	Мемлекеттік кірістер департаментіне инсайдерлік ақпаратты пайдалану және акционерлер тобының Қоғамға зиян келтіру фактісі бойынша сотқа дейінгі тексеруге өтініш берілді; Акционерлердің талабы бойынша акцияларды сатып алу мәселесін шешу бойынша комиссия құрылды.	орташа



Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіру


Компанияда тәуекел мәдениеті «Қазақтелеком» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ тәуекелдерді басқару үдерісіне тартылу жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару комитеті мен Компания жұмыскерлері арасында үнемі ақпарат алмасу есебінен дамып келеді. Компанияның және ЕҰ жұмыскерлеріне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша әдіснамалық, консультациялық және білім жағынан қолдауды Тәуекелдерді басқару қызметі мен Ішкі бақылау қызметі қамтамасыз етеді.

2018 жылы IV тоқсанда «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес компанияда ТБКЖ тиімділігін бағалауды жүргізді. Жүргізілген іс-шаралар нәтижелері бойынша ТБКЖ жиынтық тиімділік бағасы 99,2% құрады (2017 жылы ТБКЖ жиынтық тиімділік бағасы 97,1% құрады).

2019 жылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс тәуелсіз сыртқы сарапшының ұсынымдары, акционерлердің күтетін нәтижесі мен үздік әлемдік тәжірибелер негізінде әзірленген жол картасы аясында жалғасады.



12-сурет. ТБКЖ



Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша 2019 жылға арналған жоспарлар

2019 жылы «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесін мына түрде дамытуды жоспарлап отыр:

- Тәуекелдерді басқару жүйесінің әдіснамалық базасын жетілдіру;
- Тәуекелдердің басты индикаторларын қолдануды дамыту;
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау құралдарын кеңейту;
- Тәуекелдерді басқарудың тәуекел-мәдениетін арттыру;
- Инвестициялық жобалар тәуекелдерінің мониторингі және пост-мониторингі құралдарын енгізу;
- Тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін дамыту.



05

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылға таза пайда

42 883

млн. теңге.

жоспарланғаннан **72%**-ға жоғары





Өткен жылмен салыстырғанда
17%-ға өсіп, 2018 жылы еркін ақша
ағынының нәтижесі

34,9
млрд. теңге құрады.

14 облыстық
дирекция
қайта құрылды

«Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы

«Қазақтелеком» АҚ-да «Өрлеу» ауқымды трансформация бағдарламасының басталғаны туралы 2014 жылдың көктемінде жарияланды. Міне, 5-ші жыл «Қазақтелеком» АҚ жақсартуға бағытталған іс-шараларды бірізді іске асыруда, қаржылық және сапалы нәтижеге қол жеткізілген бірқатар өзгерістерді енгізуде. Трансформация бағдарламасын бес жылға тарта уақытта іске асырудан еркін ақша ағынының нәтижесі (табыс пен үнемделген ақша сомасы) **106,2** млрд. теңге болды.

«Өрлеу» трансформация бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын басты оқиғалардың арасынан, қаражатты тиімді пайдалануды және қосымша табыс табуды үйренген оқиғаларды атап өтуге болады:

- «Қазақтелеком» АҚ желілерін бірыңғай басқару орталығын іске қостық;
- грейдтер негізінде еңбекке ақы төлеу жүйесін енгіздік;
- клиенттердің кетуін басқаруды үйрендік;
- абоненттерге топтамалық ұсыныстар ұсындық;
- HR, заң жағынан және қаржылық демеу, жалақыны есептеу және төлеу, IT қызмет көрсету, сатып алу, жөндеу бюросының, байланысу орталығының функциялары орталықтандырылды;
- 14 облыстық дирекцияны 6 өңірлік дирекция етіп қайта құрдық;
- B2B және B2C дивизиондарын құрдық.

2018 жылы «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасының шеңберінде ұйымдық тиімділікті көтеру, корпоративтік мәдениетті қабылдау, жаңа бизнестерді дамыту, сату арналарын дамыту, клиенттердің кетуіне жол бермеу және ішкі үдерістерді оңтайландыру бойынша жұмыстар жалғасын тапты.

Ұйымдастырушылық және операциялық жақсартулар бағытында функцияларды орталықтандыру және үйлестіру, ішкі үдерістер мен клиенттермен қарым-қатынас үдерістерінің тиімділігін арттыру жұмысы одан әрі жүргізілді. Корпоративтік мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі – «CREDO» корпоративтік құндылықтары әзірленді. Жаңа бизнестер бойынша жобалар іске асырылуда. Дивизиондық құрылым шарттарында коммерциялық жобалар бойынша жұмысты жүргізу жалғасты, жаңа бастамалар басталды.


«ӨРЛЕУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДАН ЖЫЛ САЙЫН КӨРСЕТИЛЕТІН НӘТИЖЕ ОДАН ӘРІ ӨЗІНІҢ ӨСУІН ЖАЛҒАСТЫРДЫ

Егер 2017 жылы бұл сома 29,7 млрд. теңге болса, ал 2018 жылы еркін ақша ағынының нәтижесі 34,9 млрд. теңге құрап, өткен жылмен салыстырғанда 17%-ға өсті.

Сегментке бағдарланған құрылымды логикалық жалғастыру ретінде В2В және В2С дивизиондары байланысу орталықтары, дебиторлық берешекті басқару, сервис-менеджмент, маркетинг және менторлар қызметі сияқты бірқатар функцияны орталықтандырды. Осының арқасында жұмыстағы үдерістер мен амал-тәсілдер біріздендірілді және стандартталды. Өткен жыл дивизиондар ішінде және компанияның қалған бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау үдерістерін құру сатысында болды.

Заң жағынан демеу ортақ қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – ОҚО) және Қаржылық ОҚО құрылды. Бұлар да өз кезегінде үдерістерді стандарттауға және тиісінше еңбек өнімділігін арттыруға, операцияларды орындау мерзімін қысқар-

13-сурет. 2014–2018 жылдарға еркін ақша ағынының нәтижесі, млрд. теңге



туға мүмкіндік берді.

Орталық аппараттың құрылымынан Әкімшілік-шаруашылық департаменті мен Жылжымайтын мүлікті басқару және аутсорсинг қызметі жаңадан құрылған Әкімшілік ОҚО-ға шығарылды. Бұл қадам әкімшілік-шаруашылық функцияларды, көлікпен қамтамасыз етуді және жылжымайтын мүлікті басқаруды үйлестірудің бастамасы болып табылады. Осылайша, қазіргі уақытта АББ құрылымында («Алыспен байланыс» бірлестігі) 5 ОҚО бар. Болашақта ОҚО тұтас компания үшін бизнеске қолдау көрсету функциясын орындайтын жеке филиал – Сервистік фабрикаға шығару жоспарланып отыр.



Өткен жылы сатудың басты көрсеткіштерінің бірі FMS қызметтері – тіркелген және мобильді байланыстың конвергенттелген топтамалық шешімдерінің өтімділігін арттыру болды. Бір жылдың ішінде клиенттер базасы 398 мыңнан 896 мыңға дейін артып, 2 есе өсті.

Бұл ретте бәсекелестік орта жағдайында сату ғана емес, клиенттерімізді де сақтап қалу маңызды. Осы мақсатта клиенттердің кетуін басқаруда реактивтік амал-тәсілдер қайта қаралып, жаңа проактивті амал-тәсілдер әзірленді. Нәтижесінде 200 мың клиент бізбен қалды. Клиенттік базаны сақтау және қызметтерді тұтыну кепілінің қосымша жаңа құралы жылдық келісімшартпен тарифтік жоспарларды қосу болды. Мұндай қосу саны 145 мыңға жетті.

Жылжымайтын мүлікті басқаруды оңтайландыру жобасының шеңберінде 1 млрд. теңгеге орынжайларды босату мен сату жүргізілді.

«Жаңа бизнестер» бағытының жобаларын іске асыру жалғасын тапты: электрондық коммерция қызметтерін дамыту жобасы бойынша chocomart.kz және intermarket.kz интернет-ритейлері 550 млн. теңгеге өнім сатты, B2C/B2B/B2G сегменттерінде «Бұлтты бейнебақылау» платформасына 45 мыңға жуық бейнекамерамен қамту қамтамасыз етілді, Қазақстанның 14 қаласында LoRaWAN қашықтағы әрекет радиусының сымсыз энерготиімді желісі салынды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Шағын және орта бизнеске арналған ашық цифрлық платформа» жобасы іске асырылуда. Платформа кәсіпорынның барлық тіршілік кезеңінде бизнестің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті сервистердің агрегаторынан тұрады. 2018 жылдың соңында ismet.kz порталында пайдалануға болатын 140-тай сервис қолжетімді болды.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер

B2B

B2B сегментінде «Қазақтелеком» АҚ барлық шешім клиенттің сапа мен қолайлылыққа негізделген кәсіби коммуникациялық шешімдерін толықтай қанағаттандыруға ұмтылады. Осы сегментте Қоғам мынадай қызметтер көрсетеді:

- тіркелген қызметтер;
- конвергенттелген қызметтер;
- инфокоммуникациялық, соның ішінде бұлтты қызметтер.

Осы сегмент бойынша тіркелген байланыс қызметтеріне Megaline Business және ID Net Business брендтерімен дәстүрлі телефония және интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтері кіреді.

2018 жылдың нәтижелері бойынша 20 мыңнан астам орын ҚР бойынша және одан тыс. жерлерде «Қазақтелеком» АҚ VPN виртуалдық жеке желілері қызметтері арқылы корпоративтік желіге біріктірілді. VPN қызметтері L2- және L3-технологияларын қолдана отырып, үстеме салынған желілерді ұйымдастыру мүмкіндіктерінің кең көлемін ұсынады және еліміздегі бизнес-ұйымдардың көпшілігі үшін үлкен көлемдегі таратылған корпоративтік желілер құрудың негізі болып табылады.



Р.Е. Абыханов

Корпоративтік сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

«Осы жылы біз стратегиялық цикл нәтижелерін қорытындылап, өткен жылдың нарықтық трендтерін қайта қарадық. 2018 жыл біз үшін технологиялық көшбасшылық пен қызметтердің сараланған портфелін қоса алғандағы, бәсекелестік артықшылықтарды күшейту үшін трансформацияның басталған жылы болды. Инфрақұрылымға инвестициялар бізге клиенттерге қызметтер ұсыну жағынан бір қадам алға болуға мүмкіндік береді. Кәсіби шеберлерден мықты команда құра отырып, біз болашаққа сенімді түрде қараймыз және күрделі ұзақмерзімді жобаларды табысты түрде іске асырамыз.»



«Қазақтелеком» АҚ зияткерлік қызметтері B2B сегменті үшін әмбебап шешім болып табылады, бұл телефон бойынша толық немесе жартылай автоматты тәртіпте кез келген ақпарат жинау немесе ұсынуға, сондай-ақ өз клиенттерін тегін шақыру, ақылы ақпараттық қызмет, теледауыс беру секілді қосымша сервистермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бизнес үшін дайын шешімдер әзірлеу заңды тұлғалар нарығын сегменттеуден тұратын алдын ала үлкен көлемдегі жұмыстарды қажет етеді. Жұмысты оңтайландыру үшін клиенттер мынадай сегменттерге бөлінді: мемлекетті құйымдар, ірі корпоративтік клиенттер, орта бизнес, шағын бизнес, жеке кәсіпкерлер.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның көшбасшы телекоммуникация және инфокоммуникация операторы ретінде технологиялармен жаңа сервистер дамуының алдында тұру маңызды.

Сегмент бағдарлы модель аясында корпоративтік сегмент үшін телекоммуникация қызметтерін ұсыну моно қызметтер ұсынудың орнына заңды тұлғалардың ерекшелігін ескере отырып әзірленген клиент үшін кешенді шешімдер ұсынуға жұмылдырылған. Осы мақсатта ірі корпоративтік клиенттерден бастап жеке кәсіпкерлерге дейін әрбір сегмент үшін шешімдер әзірленген:

- интернет желісіне жоғары жылдамдықта қатынау, телефония қызметтері, ҚР бойынша және ALTEL/TELE2 желісінде лимитсіз қала аралық қоңыраулар кіретін шағын және орта-бизнеске арналған топтамалық шешімдер;
- «Бұлтты бейне бақылау» қызметі: деректер тасымалы және сақтау жүйесі – клиенттер камераларын қорғалған байланыс арнасына қосу және 30 күнге дейінгі деректерді бұлтты сақтау;

- «Бизнес үшін әмбебап нөмір» топтамасы – мобильді нөмірлерден және тіркелген телефония нөмірлерінен қоңырауларды клиенттің мобильді телефонынан аудару мүмкіндігі. Топтамаға лимитсіз қоңыраулар және 4G технологиясы бойынша интернетке қатынау кіреді;
- бизнеске арналған Wi-Fi бизнес орталықтар, мейрамханалар, кафе, университеттер, мектептер, саябақтар және басқа қоғамдық орындар басқарушылары мен иелеріне өз келушілеріне жоғары жылдамдық интернет ұсынып, онда пайдалы ақпарат, жарнама, акциялар туралы мәліметтер мен ұсыныстар туралы ақпарат орналастыруға, сол арқылы тұтынушылар мен келушілер адалдығын, клиенттер ағынын және қолма-қол түсімді арттыруға мүмкіндік береді;
- мынадай қызметтермен бизнес үшін ІТ шешімдер: Бұлтты вебинар, Бұлтты бейнеконференция, Деректер сақтау жүйесі, Виртуальдық нөмір, Colocation.

Қоғамда ірі корпоративтік клиенттермен орта-бизнес клиенттері үшін икемді тариф саясатын іске асыру мақсатында Шегерімдердің автоматты жүйесі модулін пайдалана отырып, өнімдік ұсыныстар қалыптастыру тетігі іске асырылды. Бұл клиенттіңде, Қоғамныңда мүддесін ескеруге мүмкіндік береді. Шағын бизнес және SOHO сегменті клиенттері үшін SOHO желісі дайын топтамалық өнімдік ұсыныстары әзірленіп, белсенді түрде іске асырылуда.

Мемлекеттік органдар үшін интернет желісіне қатынау қызметтері аумақты мейлінше кең қамти отырып, бірыңғай шлюз арқылы орталықтан шығуды қамтамасыз етеді: қызметтің қолжетімділігі ҚР 100 елді мекенінен астам аумақты қамтиды.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ B2B сегментінде маңызды инновациялық жобаларды іске асыруды жалғастырды. Коммерциялық пайдалануға келесі қызметтер іске қосылды және енгізілді:

1. «Бейне бақылау үшін камераларға онлайн қатынау»;
2. «Әкімшілік-шаруашылық қызметті есепке алу және жоспарлау бұлтты ақпараттық жүйесі» (Бұлтты бухгалтерия);
3. «Қазақстанның цифрлық медицина картасы» бірыңғай платформасына қосылу;
4. FMC – One contact (fixed mobile convergence) – тіркелген және ұялы байланысты біріктіретін технология) қызметін сынама сату іске қосылды, әрі қарай коммерциялық пайдалануға көшірілді;
5. 2018 жылғы желтоқсанда Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 300 БКМ сынама сатуларымен «БКМ жалдау» пилоттық жобасы іске қосылды.

2018 жылы «B2B, B2G сегментінде бейнебақылау платформасы мен деректер сақтау жүйесі» өнімі іске қосылды. Осы өнім бойынша «Қалалық бейнебақылау жүйесі» жобасын іске асыру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ және «Қалалық мониторингілеу және жедел әрекет ету орталығы» МКК арасында Бірлескен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

B2B сегментінде FMC шешімдері мен M2M шешімдерін іске қосу конвергенттелген өнімдерді одан әрі дамыту нәтижесі болып табылады. Корпоративтік сегментке арналған бұл қызметтер шағын және орта бизнес үшін телефония, деректер беру қызметтерінен және тіркелген және мобильді желілерінің базасында M2M шешімдерінен тұрады. Осы бағытта Мобильді офис, БКМ (ФДО) сынды қызметтер әзірленіп енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қазақтелеком» АҚ ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша салық қызметінің органдарына жедел тәртіпте ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтер беруді қамтамасыз ететін заңды тұлға болып анықталды.

Қазақстан Республикасында бақылау-кассалық машиналарды қолданудың қолданыстағы жүйесін жаңғырту, сондай-ақ қолма-қол-ақшалай операцияларды мониторингілеу мен талдауды жақсарту мақсатында 2015 жылы деректер беру функциясы бар кассалық техниканы енгізу жобасы іске асырылды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша қосылған кассалардың саны 156 073 БКМ құрады. 2018 жылдың желтоқсан айында Астана, Алматы, Шымкент қалаларында «БКМ жалдау» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаны таралымға шығару мақсатында 2019 жылдың 2-ші тоқсанында «БКМ жалдау» тарифі бойынша 3 000-ға тарта кассаны сату жоспарланып отыр.

«Smart City – Ақылды қала» жобасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып анықталды. Осы жобаны іске асыру аясында инфрақұрылымдық оператор ретінде «Қазақтелеком» АҚ «Tengrilab» ЖШС және «Евразийская Группа» ЖШС-мен бірлесіп, «Smart Aqkol» жобасына белсене атсалысты. Жобаның мақсаты басқарылатын деректер қалаларын құру үшін ақпараттық ағындарды агрегаттау базасында «Smart City – Ақылды қала» тұжырымдамалық моделін құру болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ күшімен жоба бойынша мыналар іске асырылды:

- 9 әлеуметтік объектіге дейін (мектеп, аурухана, ІІБ, қалалық және аудандық әкімшілік, мәдениет үйі) 17,5 км талшықты-оптикалық байланыс желіжолы салынды;
- қоғамдық Wi-Fi ұйымдастырылды (орталық алаң, мектептер, аурухана, барлығы 34 қатынау орны);
- қоғамдық көлікте Wi-Fi ұйымдастырылды;
- 4 500 су есептеуішінің көрсеткіштерін жинау үшін LoRa желісімен толық қамту қамтамасыз етілді;
- қалалық бейнебақылау жүйесі ұйымдастырылды (62 қоғамдық және жол қауіпсіздігі камерасы, кіреберісте 24 бейнебақылау камерасы);
- аудандық әкімшілік пен № 1 мектепте «Smart Building – Ақылды құрылыс» жүйесі орнатыл-



ды (түтіндеу/өрт, есіктің ашылуы, қозғалыс датчиктері, бейнекамера және ақпарат жинау үшін датчиктер контроллері);

- экологиялық мониторинг жүйесі орнатылды (3 датчик ауаның ластануын (SO₂), азот тотығын (NO), бензолды (C₆H₆), азот тотығын (NO) тіркейді);
- жол қозғалысын қашықтан басқарудың автоматтандырылған жүйесі орнатылды (3 қиылыс);
- өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерін қашықтан басқару ұйымдастырылды (8 объект).

Сонымен қатар «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ақкөл қаласында ахуалдық орталық салынды. Ол коммуналдық қызметтерді басқару, қалалық ресурстар туралы дұрыс және уақытында берілетін деректерді агрегаттау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шешімдерді визуалдандыру үшін қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған.

Ахуалдық орталықтың жалпы ауданы 400 шаршы метрден асады. Объект үздік әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып жоспарланған. Орталықтың негізгі орынжайлары мыналар болып табылады: анағұрлым өзекті ақпаратты шығару үшін бейнеқабырғамен жабдықталған және 9 операторға арналған диспетчер залы, ведомствоаралық өзара іс-қимыл үшін бейнеконференция жүйесі бар, 12-ден аса адамға шақталған дағдарыс бөлмесі.

Деректерді агрегаттау және өңдеу бункер сияқты «Қазақтелеком» АҚ деректер өңдеу орталығында жүргізіледі. Сондықтан да бірегей және бұдан басқа, қажетті инженерлік инфрақұрылымды резервтеуге, күшпен ену және деректерді жою қаупін төмендетуге мүмкіндік береді. Бункер 1973 жылғы жоғары талаптарға сәйкес жердің

астына салынған және географиялық тұрғыдан өнеркәсіптік аймақтардан алыс орналасқан.

«Tengri Lab» ЖШС күшімен жобалау деректерді өңдеу, корреляциялау және оқиғаларды болжауға арналған зияткерлік-аналитикалық платформа салынды. Сондай-ақ жобалау мыналар іске асырылды:

- 18 қабаттан тұратын геоақпараттық жүйе;
- білім беру объектілерінде қатынауды бақылау және басқару жүйелері;
- қаланы ақылды жарықтандыру жүйесі (250 жарық беретін объект);
- салалық және мемлекеттік ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру.

Қала тұрғындарының әкімшіліктің және қалалық қызметтердің қызметкерлерімен байланысқа шығу үдерісін жеңілдету үшін қалалық сервистер мен мессенджерге қатынайтын қалалық мобильді қосымша әзірленді.


IoT дамыту бөлігінде «Қазақтелеком» АҚ LORA және Zigbee технологиялары базасында Орталық Азиядағы ірі M2M/Internet of Things желісін салу жобасының бірінші кезеңін аяқтады (аталған желілер «заттар интернеті» нарығының барлық сегментін қамтиды: B2C сегментіндегі пәтерлер, жеке үйлер мен кіреберістер; B2B/B2G сегментіндегі көппәтерлі үйлер, әкімшілік ғимараттар, өндірістік объектілер және автокөлік жолдары).

B2O



«Қазақтелеком» АҚ операторлық сегментте (B2O) телекоммуникация желілерін қосу және желіаралық трафикті өткізу, интернет желісіне қатынау және арналарды жалға беру қызметтерін ұсына отырып, қолданыстағы заңнаманың нормалары мен өзара тиімді серіктестік қағидаттарын қатаң сақтай отырып, ҚР байланыс операторлары желілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Компания бәсекелестік артықшылық факторлары, яғни операторлардың желілерін қосу және трафиктің барлық түрін өткізу үшін қажетті мөлшердегі желілік ресурстардың болуын, операторлар мен олардың абоненттеріне сапалы әрі сенімді сервис ұсынуды қамтамасыз ететін және өткізу мүмкіндігі жоғары заманауи цифрлық жабдық негізіндегі тармақталған телекоммуникация желісін сақтап қалуға және дамытуға тырысады. «Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы соңғы жылдар ішінде ҚР ISP-провайдерлері үшін интернет желісіне қатынау және магистральдық байланыс арналарын жалға беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша тұрақты қадамдар жасап келеді, сондай-ақ жылдан жылға тарифтерді төмендетіп, Еуропа, Ресей, Орта Азия мен ҚХР бағыттарында транзиттік қызметтер ұсыну сенімділігі мен сапасын арттыруда және географиясын кеңейтуде.

14-сурет. «Қазақтелеком» АҚ операторлық сегменттегі үлесі



- Өзбекстан нарығы 400G транзитке бағаланады. Қазақтелеком 100G сатты нарық үлесі 25%
- Қырғызстан нарығы 180G транзитке бағаланады. Қазақтелеком 90G сатты нарық үлесі 38%
- Қазақстан арқылы Қытай-Еуропа транзит нарығы 300G тең Қазақтелеком 100G сатты нарық үлесі 30%
- нарықтағы жалпы көлемі 910G транзит Қазақтелеком 290G сатты нарық үлесі 30%



К. Кукелис

Бөлшек сегмент жөніндегі бас директор – «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Бөлшек бизнес жөніндегі дивизионның бас директоры

«Бөлшек бизнес жөніндегі дивизион үшін 2018 жыл құрылу және қалыптасу кезеңі ретінде есте қалды және жоғары талаптарға толы болды: бәсекелестігі жоғары орта бизнес моделіне бейімделуді және қазақстандықтардың қажеттіліктерін дәл табатын өнім каталогтарын әзірлеуді талап етті. Бұл бөлшек сегменттің барлық саласына жоспарлау мен қаржыдан бастап сату мен клиенттік тәжірибені басқаруға дейін айтарлықтай өзгерістер алып келді. 2018 жылы өте маңызды шешімдер қабылданды: Қазақстан үшін теңдессіз тарифтік қатар нарыққа шығарылды, ішкі үдерістер клиенттер үшін жеңіл және ыңғайлы қалыпқа келтірілді. Бұл бастамалар 2018 жылы басталды, бірақ В2С командасын оларды алдағы жылдары іске асыру бойынша үлкен міндет күтіп тұр».

В2С

Байланыс қызметтерінің бөлшек нарығында (В2С) «Қазақтелеком» АҚ түпкілікті тұтынушылар үшін мына бағыттарда инновациялық жоғары технологиялық телекоммуникациялық шешімдер ұсынады:

- тіркелген байланыс қызметтері;
- ақылы телевидение қызметтері;
- конвергенттелген қызметтер;
- топтамалық шешімдер.

Тіркелген байланыс қызметтері

Тіркелген байланыс қызметтері дәстүрлі телефония және алдыңғы қатарлы технологиялар бойынша интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерін қамтиды. Бұл бағытта В2С жаппай нарығына мынадай қызметтер шығарылды:

Виртуалды телефония

Қызмет 2009 жылы іске қосылған және қазіргі уақытта қызметке барлық өңірден 150 мыңнан астам абонент қосылған.

Интернет желісіне кеңжолақты қатынау

Қатынау қызметтері 2005 жылдан бастап ұсынылады. Бүгінгі таңда бұл қызметтің тарифтік жоспарлары қызметтің параметрлеріне қарай түрлі баға сегменттеріндегі ұсыныстардан тұрады. Соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ қатынау жылдамдығы 1 Гбит/с дейінгі FTTH жоғары жылдамдықты технологиясы бойынша интернет желісіне қатынауды қамтамасыз етеді, бұл бәсекелестердің мүмкіндіктерінен анағұрлым басым. 2018 жылдың деректері бойынша қызметке ҚР барлық қаласы мен елді мекеніндегі 1,6 млн. астам үй шаруашылығы қосылған.

15-сурет.



Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ өз абоненттеріне қоғамдық орындарда Wi-Fi технологиясы бойынша интернетке қатынау, ауылдық жерлерде WLL CDMA EVDO сияқты сымсыз шешімдер базасында интернет желісіне қатынау қызметін ұсынады. Тіркелген байланыстың орнын мобильді қызметтер басуына қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ 2018 жылы B2C сегментінде тіркелген байланыс қызметтері нарығындағы үлесі бойынша жетекші позицияларын 94% деңгейінде сақтап қалды. Бүгінгі күні «Қазақтелеком» АҚ тіркелген телефония қызметтерін ҚР-мен қатар, ТМД түрлі бағыттары бойынша лимитсіз қоңыраулар топтамасымен алуға болады. Әлемдік телекоммуникация нарығының үрдістеріне сәйкес абоненттердің мобильді желіге көшуі орын алып отырған бәсекелі ортада «Қазақтелеком» АҚ интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерінің клиенттік базасы 2018 жылы шамамен 1,6 млн. абонентке жетті.

Абоненттердің ARPU, компанияның кірісін ұлғайту, сондай-ақ қызметтерге ниеттестікті арттыру үшін «Қазақтелеком» АҚ қосымша қызметтерді әзірлеу және қолданыстағыларын жаңғырту үшін қосымша күш салуда.

Ақылы телевидение қызметтері

2018 жылы Қоғам тапсырыспен және жазылу бойынша бейнені, караоке, HD-телеарналар топтамасы мен эфирлік телевидениеге онлайн қатынауды қоса алғанда, цифрлық телевидение қызметтерін дамыту мен өтімділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырды. 2018 жылы клиенттік база B2B қоса 770 мың абоненттен асты, оның 620 мыңы IPTV технологиясы бойынша цифрлық телевидение абоненттері болып табылады.

Бизнестің бұл бағытын дамыту, бір жағынан, ақылы ТВ нарығындағы көшбасшылық үлесті сақтауды білдірсе, екінші жағынан, кешенді шешімдерді қамтитын қызметтер топтамасының кең шоғыры есебінен топтамалық ұсыныстар (қызметтер топтамасын сату: интернетке жоғары жылдамдықпен қатынау, IP TV және телефон байланысы) қағидатын іске асыруды қамтамасыз етуді көздейді. Сондай-ақ телеарналар мен бейнеконтентті кеңінен ұсына отырып, SmartTV, мобильді құрылғылар, дербес компьютер және т. б. құрылғылар арқылы контентті кешенді ұсыну есебінен ұзақ мерзімді бәсекелі артықшылықты ұлғайту жүзеге асырылады.

16-сурет.



* B2B, B2C сегменттерін қосқанда



Конвергенттелген қызметтер

2018 жылы тіркелген және мобильді желілердің конвергенциясы белсенді дамыды. Tele2/ALTEL-мен серіктестік аясында осындай қызметтерді дамыту үшін қажетті технологиялық база қамтамасыз етілді. Бұл бағыт нарықта FMS өнімдерімен ұсынылады. «Әмбебап нөмір» және FMS қызметтері тіркелген сервистердің мобильді сервистермен ұштастырылуының айқын көрінісі болып табылады, бұл абоненттердің дәстүрлі байланыс туралы түсініктерін өзгертеді. FMS қызметіне қосылған абоненттер саны 850 мыңнан асты, бұл мобильдік байланыс нарығының 3% немесе конвергенция нарығының 84% құрайды.

Топтамалық шешімдер

Телекоммуникация нарығының даму үрдістеріне және байланыс қызметтерін пайдаланушылардың қалауларының өзгеруіне байланысты «Қазақтелеком» АҚ топтамалық шешімдерді дамытуға ерекше назар аударып отыр.

Қызметтерді тұтыну профилі бойынша B2C сегментінде әрбір абоненттің (үй шаруашылығы) қажеттіліктерін ескере отырып, топтамалық шешімдер құрылымы әзірленген және түрлі микросегменттердегі отбасылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған маңызды топтар анықталды. Топтамалар құрылымы түрлі техникалық параметрлер мен оларға қосымша қызметтер (VAS) қосылған базалық тіркелген байланыс қызметтерінен тұрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Супертелефон қызметтер топтамаларына қосылған клиенттік базасы шамамен 1 537 998, КЖҚ қызметтері топтамаларына 1 572 613, ТВ қызметтеріне 751 345 абонентті құрады.

2018 жылдың соңында енгізілген тарифтердің жаңа қатарына ерекше көңіл бөлу қажет. Компания 2018 жылы B2C сегментінде компанияның нарықтағы жайғасымын өзгертуге мүмкіндік беретін жаңа бизнес-үлгіні қабылдады. Жаңа жайғасым клиенттің өмірлік цикл құндылығы (CLV – customer lifetime value) көрсеткішін өсіруге бағытталған. Абоненттердің мұндай көрсеткішін арттыруға клиенттермен нарықта бұрын болмаған, өзара

кепілдіктер қарастырылған ұзақ мерзімді келісімшарттар жүйесін енгізу арқылы қол жеткізіледі. Компания ұзақ мерзімді келісімшарт жасалған жағдайда клиентке бұрынғыдан жоғары параметрлер мен қызметтер тізбесін қолжетімді тарифтермен алу мүмкіндігін ұсынады. Клиент ұзақ мерзімді ниеттестік кепілдігін келісімшартпен бекітеді. Келісімшарттарды бұзу екі тарапқа да экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Келісімшарттар компанияға үш жылға дейін абоненттің өмірлік циклі (CLV) мерзімін айтарлықтай арттыруға және клиенттік базаны қолдау шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Жаңа бизнес-үлгі мен өнімдер қатары абоненттерді ұстап қалуды ғана емес, нарықтан жаңа пайдаланушыларды тартуды да көздейді. Барлық өнімдік ұсыныс (топтама) FMS қағидаты бойынша құралған.

Бизнес-үлгі 2018 жылғы 1 желтоқсаннан бастап тарифтердің жаңа қатарын шығару арқылы іске асырылды. Жаңа қатардың қосымша ерекшеліктері:

1. Бәсекелестер көшіріп алуы үшін қолжетімсіз бірегей ұсыныстар қалыптастыру (жаңа телеарналар топтамалары, FttH технологиясы бойынша жоғары жылдамдықтағы КЖҚ: 200 Мбит/сек пен 500 Мбит/сек аралығы);
2. Нарықтан жаңа пайдаланушыларды тартуға бағытталған бағалардың шабуылдаушы деңгейі;
3. Келісімшарттардың мерзімін арттыру есебінен бұрынғыдан құндырақ өнім ұсыну арқылы ұзақ мерзімді негізде кепілдендірілген келісімшарттар жүйесін енгізу;
4. Абонентке қосымша сервистерді өз бетінше таңдау мүмкіндігін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ ақпараттық қауіпсіздік қызметтерін белсенді дамытып, қызметтер шоғыры мен функционалын кеңейтуде. «РентСофт» ЖШҚ-мен «Қазақтелеком» АҚ қолданыстағы тарифтік қатарларына эксклюзивті бағамен «Kaspersky Internet Security» кешенді антивирусын қосуға қатысты қосымша келісім жасалды. Өнімді ұсынуды жеңілдету және техникалық қолдауға жүктемені азайту мақсатында «Лаборатория Касперского» антивирусын инсталляциялау/деинсталляциялау және оны басқару бойынша нұсқаулықтар әзірленді.

Жаңа бизнестер

Жаңа стратегия – бұл цифрлық бизнестер стратегиясы

IoT нарығындағы жаңа бизнестер мен өнімдер

Internet of Things (IoT) технологиялары деректерді жинаудың әмбебап тәсіліне қол жеткізуге және автоматика жүйелерінің құрамдастарын басқаруға, еңбек шығындарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазақстанда IoT нарығы енді пайда болып келе жатыр және оның телекоммуникация нарығын өсіруге айтарлықтай әлеуеті бар. Әлемдегі және Қазақстандағы негізгі трендтерді ескере отырып, «Қазақтелеком» АҚ Internet of Things нарығын қалыптастыруға белсенді қатысуда. Нарық алдағы он жылдықта ИКТ кірісін арттыратын негізгі драйвер болмақ. «Қазақтелеком» АҚ бағалауы бойынша 2025 жылға қарай Қазақстанда заттар интернетіне шамамен 100 млн. құрылғы қосылады, бұл мобильді байланыс нарығынан 3,5 есе көп. Елдегі нарықтың өз көлемі 2025 жылға қарай 251 млн. АҚШ долларына жетеді.

Қазақстандағы IoT нарығының өсу әлеуетін ескере отырып, 2017 жылы «Қазақтелеком» АҚ B2C және B2B/B2G сегменттері үшін IoT бағытында 2 жобаға бастама жасады:

1. B2C сегменті үшін Smart Home өнімін дамыту жобасы;
2. LoRa желісі базасында B2B/B2G сегменті үшін IoT өнімдерін дамыту жобасы.

Жоғарыда аталған жобалар заттар интернеті нарығының барлық сегментін қамтиды: B2C сегментіндегі пәтерлер, жеке үйлер мен кіреберістер; B2B/B2G сегментіндегі қалалардың көше аумақтары, көппәтерлі үйлер, әкімшілік ғимараттар, өндірістік объектілер және автомобиль жолдары.



Б.Ә. Маханбетәжиев «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

«Қазақтелеком» АҚ, жалпы саланың және Қазақстанның алдында цифрлық дәуір шыңдарын бағындыру міндеті тұр. Тұтас еліміздің экономикасы трансформациялану барысында және бұл бізден бизнестегі амал-тәсілдерімізді өзгертуді талап етеді. «Цифрлық Қазақстанды» қалыптастыру дегеніміз Қазақстан ауқымында технологиялық жаңалықтар қатарын іске асырып, бизнестің жаңа бағыттарын іске қосуды және қазіргі телекоммуникация саласын едәуір трансформациялауды білдіреді.

Біз бұны іске асырудамыз. Компания стратегиялық тұрғыда 2018 жылы негізі қаланған бағыттарда жұмыс істеп жатыр: заттар интернеті технологиялары (IoT) біздің инвестицияларымыздың басты элементтеріне айналды, сондай-ақ электронды коммерция мен fintech сияқты бағыттар компаниядан жаңа бизнес құрудың стандарттан тыс. амал-тәсілдерін талап етті».



B2C сегментіне арналған «Smart Home–Ақылды үй» өнімі

2018 жылы үй шаруашылықтарындағы қауіпсіздікке бағытталған B2C сегменті үшін «Smart Home – Ақылды үй» өнімін әзірлеу және іске қосу бойынша жоба іске асырылды. Жоба аясында 2018 жылы Smart Home бұлтты платформасы дайындалып, іске қосылды. Бұл платформа «Smart Home – Ақылды үй» өнімін пайдаланушыларға арнайы мобильді қосымша арқылы өз шаруашылығында Smart Home құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді. «Smart Home» платформасы 5 миллион құрылғыға және бір миллион бірегей пайдаланушыға дейін есептелген.

Сондай-ақ жоба шеңберінде Smart Home мобильді қосымшасы әзірленді, оны Android және iOS операциялық жүйесінен жүктеуге және орнатуға болады.

«Smart Home – Ақылды үй» қызметін пайдаланушыларға үй шаруашылығында ZigBee технологиясын және бейнекамера, қозғалыс датчиктері, есік пен терезені ашу/жабу датчиктері, түтін сенсоры сияқты Smart Home құрылғыларын қолдайтын арнайы Smart Home бақылаушысы орнатылады. Smart Home барлық құрылғысы кіріктірілме аккумулятор арқылы жұмыс істейді және электр қуаты желісіне қосуды талап етпейді, сондай-ақ Smart Home үй бақылаушысына ZigBee сымсыз қатынау технологиясы арқылы қосылады және сымды қосу қажет емес.

Smart Home бұлтты платформасы және мобильді қосымшасы көмегімен Smart Home пайдаланушылары шынайы уақыт режимінде пәтерлеріндегі бейнекамералардан бейнеағынды қарап, түрлі жұмыс сценарийлерін теңшей алады және Smart Home құрылғыларын басқарып, сондай-ақ датчиктерден хабарламалар алуына болады.

LoRa желісі базасында B2B/B2G сегментіне арналған IoT өнімдері

Сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ 2018 жылы LoRa желісі базасында B2B/B2G сегментіне арналған IoT өнімдерін дамыту жобасының 1-кезеңін іске асырды. 1-кезеңнің шеңберінде LORA технологиясы базасында Орталық Азиядағы ең ауқымды LPWAN энергиялық тиімді желісін салуды бастады.

2018 жылы Астана, Алматы, Шымкент және Ақкөл қалаларында барлық көппәтерлі үйді, ғимарат пен қалалық аумақты қамтитын 97 LoRa базалық станциясы орнатылды.

Жалпы жоба аясында 19 қалада 30 мыңнан аса көппәтерлі үйді, шамамен 1,5 млн. пәтерді және 6 926 шаршы километр қалалық аумақты қамтитын 400-ден аса LORA базалық станциясын орнату жоспарланып отыр.

Қамту радиусының үлкендігі (25 км дейін), түпкілікті құрылғылардың батареяларының қызмет ету мерзімінің ұзақтығы (10 жылға дейін) және құрылғылардың кең шоғыры үшін протоколдың ашықтығы LoRa желісінің артықшылықтары болып табылады. Бұл IoT желісі ақылды қалаға арналған шешімдер мен өнімдерді іске асыру үшін негізгі инфрақұрылымға айналады:

- Smart Metering: ресурстарды есепке алу құралдарынан көрсетулерді автоматты түрде жинау (су, электр, газ, жылу энергиясы);
- Smart Lightning: ақылды жарықтандыру, қалалық жарықтандыруды қашықтан басқару және мониторингілеу;
- Smart Parking: ақылды паркинг;
- Smart Asset Management: көріз люктері, қоқыс контейнерлері және т.б. сияқты қала активтерін ақылды басқару.

«Smart Aqkol» ақылды қала құру жобасы

2018 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі аясында Ақмола облысы Ақкөл қаласында Smart Aqkol жобасы іске асырылды. Іс жүзінде Smart Aqkol ақылды қалаларды құру үшін «Қазақтелеком» АҚ мүмкіндіктері мен шешімдерінің таныстырылым алаңы болып табылады. Ақкөл Қазақстанда ақылды қалалардың қолжетімді элементтері мен шешімдері іске асырылған алғашқы қала болып табылады.

B2C/B2B/B2G сегменттеріне арналған «Бұлтты телевидение» өнімі

2017 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да бұлтты бейнебақылау жобасын іске асыру басталды. Жобаның 1-кезеңі 8 911 кіреберісте инфрақұрылымды дайындауға және ҚР 18 қаласында көппәтерлі үйдің кіреберістерінде орнатылған камералардан бейнедеректерді жинауды және сақтауды қамтамасыз ететін бұлтты бейнебақылау платформасына 16 940 бейнекамераны қосуға арналды.

Өзірленген мобильдік қосымшалар мен web-портал арқылы смартфоннан және басқа құрылғылардан бейнеге онлайн қатынау бұлтты бейнебақылаудың артықшылығы болып табылады.

Сондай-ақ ұзақтығы 7 тәулікке дейін архивтік бейнежазбаларды қарау мүмкіндігі, Tier 3 класының ДӨО-де бейнедеректерді сақтауды қорғау, республикалық, қалалық және аудандық деңгейлерде ИИ/ИД ДӨО-де біріктіру көзделген. Қызметті ұсыну географиясы: Алматы, Астана, Шымкент және 14 облыс орталығы.

2018 жылы жобаның 2-кезеңі іске асырылды, оның аясында «Бұлтты бейнебақылаудың» платформасы мен ресурстарды кеңейту жүргізілді:

1. B2C сегментінде 17 822 кіреберісте 33 880 бейнекамераға дейін камтуды кеңейту қамтамасыз етілді;

2. B2B/B2B сегментін 11 мың бейнекамерадан аса көлемде бұлтты бейнебақылау камераларымен қамту қамтамасыз етілді;
3. Бейнежазбаларды сақтау үшін серверлер шамамен 12 Петабайтқа дейін кеңейтілді;
4. Желілік түйіспені «Бұлтты бейнебақылау» платформасымен 100 Гбит/с дейін кеңейтілді.

Осылайша, 2018 жылы 45 мыңнан аса бейнекамераны қосу мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, B2B/B2G сегменттері үшін бұлтты бейнебақылау бойынша өнім іске қосылды және мемлекеттік органдар мен қоғамдық орындарда орнатылған бейнекамераларға онлайн-қатынау бойынша пилоттық жобалар жүргізілді. 2019 жылы платформаның функционалын ұлғайту, оның ішінде пайдаланушылық сипаттамалар мен бейнеаналитика функционалын қолдану жоспарлануда.

Blockchain

2018 жылы бағдарламалық-аппараттық кешен іске асырылды, ол Павлодар, Ақтөбе, Шымкент, Қарағанды қалаларындағы 4 Блокчейн торабы болып табылады. Олар Hyperledger fabric Блокчейн-платформасының басқарылуымен жұмыс жасайды. Сондай-ақ аталған жоба аясында BaaS (Blockchain-as-a-Service) тұжырымдамасы бойынша Blockchain есептеуіш және инфрақұрылымдық ресурстарды ұсыну бойынша өнім қалыптастырылды. Сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ ҚР-да блокчейн технологиясын стандарттау үдерісіне қатысу мақсатында «Қазақстан Республикасында блокчейн және криптотехнологияларды дамытудың ұлттық қауымдастығы» ЗТБ-ға кірді. 2019 жылы BaaS өнімін коммерциялық пайдалануға шығару жоспарлануда.



E-commerce

2017 жылдың соңында «Қазақтелеком» АҚ chocomart.kz және intermarket.kz. интернет-дүкендерінің активтерін сатып алу бойынша мәмілені жүзеге асырды.

2018 жылы сайтқа 1 млн. аса пайдаланушы кірген, 30 мыңнан аса қоңырау өңделді. Аталған жобаларды дамыту мақсатында сайтта тауарлар ассортиментін 30 000-нан 40 000-ға дейін ұлғайту жұмыстары жүргізілді. Жиһаз, балаларға арналған тауарлар, зергерлік әшекейлер, гүлдер санаттары қосылды. Еліміздің ірі желілік серіктестері қосылды. Жеке brand-book құрылды.

Homeshop және ForteMarket дүкенімен техникалық интеграция жүргізілді. Банк витринасына 3 000-нан аса тауар қойылған. Алматы қаласында «Қазақтелеком» АҚ ғимаратында тауарды өздігінен алып кету орны ашылды.

2019 жылы ассортиментті кеңейту, банктермен ынтымақтастық және сайт ретинайны жоспарланды.

Ktstore – marketplace (тауар сатушаларға арналған алаң), «Қазақтелеком» АҚ өз күшімен әзірленуде. 2018 жылы өнімнің бета-нұсқасы әзірленді, сайтқа «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өнімі – Home orange біріктірілді. Витрина макеті, мерчанттың жеке кабинеті, техникалық инфрақұрылым (CI, docker, ELK-мониторинг) әзірленді. Серіктестерге арналған marketing-kit құрылды. Ktstore іске қосу 2019 жылдың II тоқсанына жоспарланған.

Fintech

Fintech – «Қазақтелеком» АҚ өз күшімен әзірленген ктрау төлем жүйесі.

2018 жылы электрондық төлем жүйесінің MVP нұсқасы құрылды. Ктрау өніміне 406 қызмет енгізілді. Түрлі коммерция платформасында төлемдер қабылдау үшін төлем виджеті, интерфейс құру бойынша жұмыстар басталды. 3D-secure көмегімен өнімнің қауіпсіздігі күшейтілді және iOS пен Android үшін мобильдік қосымша жасалды. Touch ID/Face ID арқылы қосымшада авторландыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Өнімнің жұмысы тестілік режимде жүзеге асырылуда.

Төлем қабылдау бойынша «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен қызмет туралы шарт жасалды. telecom.kz сайтында виджет енгізу жоспарланды. Төлем ұйымының лицензиясын алу жұмысы жүргізілуде. Коммерциялық іске қосу 2019 жылдың II тоқсанына жоспарланған.



Telco Cloud

Акционерлік құнды арттыру стратегиясы аясында «Қазақтелеком» АҚ технологиялық және инфрақұрылымдық жобаларды белсенді дамыта бастады. Мұндай жобалардың бірі «SDN/NFV-де деректер беру желілерінің миграциясы» болып табылады, оның аясында көптеген тораптар мен ДӨО-ларды виртуалдандырылған желілік және есептеуіш сервистерінің өнімділігі жоғары платформасына ауыстыруды қамтитын жаңа архитектураны құру жоспарланып отыр. Осы мақсаттар үшін Алматы, Атырау, Шымкент, Талдықорған және Көкшетау қалаларында MetroEthernet желілерін жаңғырту үшін агрегация деңгейінің 28 коммутаторы орнатылып қосылды. OCP (Open Compute Platform) және Leaf&Spine коммутация фабрикасын қамтитын CORD (Central Office as a Data Center) мақсатты архитектурасы дайындалды. RedHat OpenStack базасында RedHat OpenStack виртуалды ортасының жұмысы тексерілді және VNF (virtualized network function) тестіленді – виртуалды ортадағы түпкілікті сервистер.

2018 жылы кэштеу платформасының өткізу мүмкіндігі ұлғайтылды. Осылайша, Google Global Cache 300 Гбит/с-ке және Akamai AANP 100 Гбит/с-ке кеңейтілді. 160 Гбит/с қосылған Facebook Network Appliance кэш-кластерді ескере келгенде жалпы кештелген трафик шамамен 500 Гбит/с құрайды және 2,2 млрд. тг. үнемдеуге мүмкіндік береді. 2019 жылы Google Global Cache кеңейту және Amazon CloudFront сервисімен түйіспе орналастыру жоспарлануда.

5G

2018 жылы компания Samsung-пен 5G технологиясының мүмкіндіктерін бірлесіп зерттеу бойынша өзара түсіністік туралы меморандум жасап, 5G дамыту бағытында ізденістерді бастады және Nokia корпорациясымен бірлесіп, технологияны пилоттық режимде тестілеу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. «Қазақтелеком» трендтерді мұқият зерттейді және 5G-ді инфрақұрылымдық сервистер мен жаңа бизнес-мүмкіндіктер құру үшін қарастырады. 2018 жылы Қазақстанда 5G технологияны белсенді енгізу бойынша жұмыстар басталды:

- Қазақстанда 5G тұжырымдамасы мен тестілеу жоспары әзірленді;
- 5G тестілеу үшін жиіліктер мен географиялық орындар анықталды;
- тестілеу үшін 5G жабдығын ұсыну туралы өндірушілермен уағдаластыққа қол жеткізілді;
- 5G FWA тіркелген сымсыз желілерде қолдану үшін 5G Beamforming технологиясы элементін тестілеу жүргізілді.



М.М.Әбділдәбеков
«Қазақтелеком» АҚ ақпараттық
технологиялар жөніндегі бас директоры

«Біздің болашағымыз – дамудың жаңа бағыттарында. 2018 жылдан бастап біздің барлық жобалар мен бастамалар – бұл жаңа стратегияның және ықпалдастырылған цифрлық қызметтер провайдері, жаңа Қазақтелекомның басты элементтері. Жаңа экономикалық заманда клиенттеріміздің қажеттіліктері туралы білім біздің құндылығымыз болып табылатынын ұғына отырып, электрондық коммерция нарығына шықтық. Біз бұл қажеттіліктерді түпкілікті тұтынушылар нарығында қанағаттандырумен қатар, цифрлық ортада өзара іс-қимыл құралдарын ұсына отырып, шағын және орта бизнестерге көмектесуге тырысамыз. Шағын және орта бизнес үшін цифрлық платформа, ismet.kz құралдарын ұсыну, фискалдық деректер операторының функцияларын іске асыру, сондай-ақ ктрау электрондық төлем жүйесін іске асыру – үлкен деректерге және тұтынушылар мен бизнестердің цифрлық экожүйе қызметтеріне деген сұранысын қанағаттандыруға негізделген цифрлық қаржылық экожүйе құру бойынша біздің алғашқы қадамдарымыз».

Корпоративтік ақпараттық жүйелер

«Қазақтелеком» АҚ бизнес-үдерістерін автоматтандыру аясында 2018 жылы Қоғам филиалдарының анықтамалықтарын орталықтандыру аяқталды. Тапсырысты 100 секундта құру мақсатында CRM 2.0. жүйесі пайдалануға енгізілді. Жеңілдетілген пайдаланушылық интерфейс, жүйенің іркіліссіз икемді қайта конфигурациясы мүмкіндігі, техникалық есепке алу жүйелерімен, телекоммуникация желісінің өзгерістерін басқару жүйесімен (ТЖӨБЖ) кеңейтілген интеграция, биллинг, тапсырыстарды басқару CRM 2.0 айрықша ерекшеліктері болып табылады. CRM 2.0 іске қосу нәтижесінде деректердің жаңа моделімен пайдаланушылық интерфейсін оңтайландыру есебінен тапсырыс уақытын қысқартуға қол жеткізілді, деректерді бақылау ұлғайтылды, өнім ұсыныстарын теңшеу, сегмент, филиал, сату арнасы бойынша абоненттің қызметтер жиынтығын қосуды бақылау орталықтандырылды.

ШОБ үшін ашық цифрлық платформа

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ «ISMET.kz бизнес үшін ашық цифрлық платформа» жобасын іске қосты. Жоба қазақстандық бизнес үшін ақпараттық іргетас құру бойынша бастамалар және инфокоммуникациялық оператордың жаңа бизнестер мен нарықтарды игеруі, сатуда клиентке және сегментке бейінделген бағытты қамтамасыз ету үшін цифрлық маркетинг әдістерін енгізу аясында іске асырылуда.

Платформада персоналды іріктеу, серіктестер іздеу, құжатайналымы, кассалық, бухгалтерлік және салықтық есепке алу сынды үдерістерді автоматтандыратын қазақстандық IT-компанияларының цифрлық сервистері агрегацияланған. ISMET.kz-те коммуникациялар үшін функционал автоматтандырылған: блогтар, «Сұрақ-жауап» бөлімі, бизнес жаңалықтары және бизнес тақырыбы бойынша танымдық мақалалар. Сондай-ақ IT-компаниясы өз шешімін ISMET.kz-те интегра-

циялап, әлеуетті мақсатты нарыққа шыға алады. Платформа кәсіпкерге бизнесті жүргізу үшін заманауи құралдар мен бизнесті жүргізуге қажетті білім береді. Портал кәсіпкерлердің консультация алу, кеңес немесе бағдарламалық шешім сынды көмек алатын бірыңғай ресурсы болуға ұмтылады.

Қазақстан медицинасының цифрлық картасы

«Қазақтелеком» АҚ 2018 жылы нарыққа медициналық ұйымдарға арналған «Қазақстан медицинасының цифрлық картасы» атты жаңа өнім шығарды. Жоба бұлтты технологиялар базасында іске асырылды. Ол Қазақстанның медициналық ұйымдарының сайттарын біріктіріп, бірыңғай платформада стандарттайды. Сервистің негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады және онда рейтингер мен пікірлер жүйесі бар республиканың барлық медициналық ұйымдары мен дәрігерлері туралы ақпарат агрегацияланған.

2018 жылы сервис пилоттық режимде Қазақстанның 70 клиникасында енгізілді.

Бұлтты бухгалтерлік есеп

Бұлтты бухгалтерлік есеп сервисі 2018 жылы Павлодар қ. мекемелерінде енгізілді. Сервиске 100-ден аса мектеп пен балабақшасы қосылды. Бұлтты есепке алу жүйесінде бухгалтерлік, кадрлық есепке алу және контингенттің қозғалысын есепке алу автоматтандырылады және бұл білім беруде жан басына қаржыландыруды енгізу жағадайларында мейлінше өзекті болып табылады.

Сервисті енгізу нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары оқушылар мен мұғалімдерге қатысты қаржы-шаруашылық қызмет туралы білім беру мекемелерінің нәтижелері мен бюджеттік құралдарды нақты пайдалану туралы дұрыс әрі жедел ақпаратты алады.

2019 жылы жобаны Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне тарату жоспарланды.

«Қазақтелеком» АҚ бірыңғай порталы – telecom.kz

2018 жылдың соңында сатудың цифрлық арнасы бөлшек бизнес сегментінде жалпы сату сомасының 15% артық көлемді құрады. Сайтқа кіру динамикасы тамыздағы ай сайынғы 143 791 көрсеткішінен желтоқсан айында 257 238 дейін артты. Атап айтқанда, 2018 жылы 14 желтоқсанда сайт ашылғалы күнделікті кірудегі ең жоғары көрсеткіш тіркелді – 25 519 кіру. Жаңа оңтайландырылған сайт әзірленді, сайт картасы оңтайландырылды, бұл іздеу жүйелері үшін ресурсты барынша ашық көре алу мүмкіндігін туғызды.

Жаңа өнімдер мен серіктестік сервистерді онлайн сату іске қосылды.

Big Data

«Қазақтелеком» АҚ-да 2018 жылдан бастап Big Data жобасы іске асырылуда. Data Flow, Big Data Analytics System, Marketing Automation System және Event Processing System кіші жүйелері негізгі құрамдастары болып табылатын ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама базасында машиналық оқытуға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен іске қосылды.

Бұл жоба 360 клиент профилін құруға, сегменттеу, таргеттеу жасауға және клиенттердің негізгі қызығушылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Деректер аналитикасы бойынша IT-және бизнес бөлімшелердің бірлескен командалары анықталды. 2018 жылға негізгі басымдықтар кетуді төмендету, «Қазақтелеком» АҚ қызметтерін, e-commerce қосымша сату және кросс сату бойынша бизнес-кейстер, сондай-ақ деректерді сыртқы монетизациялау мәселелері болып табылды.



А.В. Лезговко

«Қазақтелеком» АҚ бас техникалық директоры

«Біз үшін елді цифрландыру дегеніміз – бұл ең алдымен барлық телекоммуникация қызметтерін пайдалану салаларын кеңейту болып табылады, сондықтан біз «АЕМ-дегі ТОВЖ» жобасын жаңа цифрлық экономиканың инфрақұрылымдық негізі ретінде іске қостық. Негізгі мақсат – ауылдық жердегі мемлекеттік және әлеуметтік мекемелерді «Цифрлық Қазақстан» жобасы бойынша іске асырылатын қызметтермен қамтамасыз ету: мектептер үшін – білім беру контенті мен жобаларға қолжетімділік, құқық қорғау органдары үшін – өз корпоративтік желілерін құру мүмкіндігі, медициналық мекемелер үшін – телемедицина жетістіктерін және бірыңғай ақпараттық базаларды қолдану мүмкіндігі. Мұның барлығын телекоммуникациялық инфрақұрылыммен қамтылмаған аумақтарда жасау мүмкін емес, ендеше тұрғындардың мемлекеттік қызметтер сервистерінің барлық жиынтығын пайдалануда тең құқықтары ие емес».

Телекоммуникациялық инфрақұрылым және желіні дамыту

«Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары бойынша кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз ету» жобасы

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ауылдық елді мекендерді кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз етуге бағытталған жоба бойынша талшықты-оптикалық байланыс желіжолдары құрылысының басталуы 2018 жылдың басты оқиғаларының бірі болды. Екі жыл ішінде 15 мың км аса талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салу және магистралдық арналарға 828 елді мекенде 2,5 мыңға жуық мемлекеттік мекемені қосу жоспарланып отыр.

Бұл осындай ауқымдағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы іске асырылып отырған алғашқы жоба: Қазақтелеком жеке әріптес ретінде 2020 жылдың соңына дейін өз қаражаты есебінен талшықты-оптикалық желіні салады, оған мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдарды қосады және қызметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді. Құрылған инфрақұрылымды басқа нарыққа қатысушыларға, оның ішінде ұялы компанияларға ішкі желілерді салу және телекоммуникация қызметтерінің толық шоғырын көрсетуге ресурстарды ұсыну есебінен сервистерді ұсыну үшін пайдалануға болады. 2018 жылдың соңына дейін «Қазақтелеком» АҚ Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында 7 АЕМ-де 27ММ/БҰ қосуды қамтамасыз етті. Бұдан басқа 2019 жылдың екінші жарты жылдығында 462 АЕМ-де 1 352 ММ/БҰ қосу үшін ЖСҚ өзірлеумен жобалау-іздістіру жұмыстары басталды.

Магистральдық тасымал желісін дамыту

2018 жылы қолданыстағы Ұлттық ақпараттық супермагистральдың (ҰАСМ) өткізу мүмкіндігін кеңейту мақсатында DWDM магистральдық желісін салу бойынша жұмыстар жалғастырылды:

- Интернеттің сыртқы арналарына жиынтық қуат 890-нан 940 Гбит/с дейін ұлғайтылды;
- Шекаралас өтпешолдарды кеңейту үшін DWDM магистральдық желісі жабдығының құрастырылған сыйымдылығы 1 380 Гбит/с кеңейтілді;
- Жүйенің қосымша функционалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін DWDM басқару жүйесі ЖБ нұсқасы жаңартылды;
- Трафикті қорғауды қамтамасыз ету үшін Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз, Петропавл, Қостанай қ. ROADM тораптық станцияларында енгізу-шығару қосымша құрылымы ұйымдастырылды.

ДБМЖ желісі

Деректер берудің магистральдық желісі 100G 10 портына және 10G 296 портына кеңейтілді. B2O/B2B сегменті үшін жалпы өткізу мүмкіндігі 585 Гбит/с 1 497 арна, жалпы өткізу мүмкіндігі 1 Гбит/с B2G арналған 300 арна ұйымдастырылды. Павлодар, Семей, Өскемен, Қызылорда қ. қалалық желілері өзектерін өнімділігі мейлінше жоғары маршруттаушыларға ауыстыру жүргізілді. Атырау, Көкшетау, Талдықорған, Шымкент қалаларында SDN технологиясын қолдайтын қалалық желілердің жаңа жабдығы орнатылды, жаңа жабдыққа қатынау желілерін (DSLAM, МАҚ және т. б.) қосу жұмыстары жүргізілуде.

IPTV қызметін енгізу және дамыту

- Желі сыйымдылығы 86 060 iDTV қосылу орындарына санына кеңейтілді;
- Жаңа сервис енгізілді – Call орталыққа өтініш білдіру арқылы IDTV қосымша қызметтеріне (телеарналар топтамасына) қашықтан қосылу;

- Статистика жинауға арналған сервер жаңғыртылды;
- MPEGHD, FULLHD, 4K форматтарында 40 дейінгі телеарна қабылдау үшін Алматы қ. IPTV (HeadEnd) бас торабы кеңейтілді;
- 70 дейінгі HD арна тарату қамтамасыз етілді.

Жергілікті телекоммуникация желілері

Республиканың жергілікті телекоммуникация желісінде 6 090 коммутация орны (КО) бар. Оның ішінде: қалалық елді мекендерде (ҚЕМ) 3 158 КО, ауылдық елді мекендерде (бұдан әрі – АЕМ) 2 932 КО бар.

Құрастырылған жалпы сыйымдылық 5 403 953 нөмір болды, оның ішінде: ҚЕМ-де – 4 048 825, АЕМ-де – 1 355 128 нөмір.

Стационарлық телефон желіжолдарынан бас тарту секілді бүкіл әлемде орын алып отырған үрдіс «Қазақтелеком» АҚ желісін де айналып өткен жоқ. Бұл ретте ЖТ теріс өсімі бойынша көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 447 087 бірлік болды, оның ішінде ҚТЖ бойынша 387 374 бірлік, СТЖ бойынша 59 713 бірлік болды. Клиенттердің кетуінің алдын алу бойынша Қоғам өткізіп отырған кешенді іс-шаралар, оның ішінде қызметтерді топтамамен сату, қызмет көрсету сапасын арттыру, GPON желісіне телефонияны қосу белсенді абоненттік базаны ұстап қалуға мүмкіндік берді.

Тіркелген желіжолдар саны 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 978 472 бірлікті құрады. Оның ішінде: ҚТС-да – 2 123 977, СТС-да – 854 495 бірлік.

Қоғамның телефон желісін оңтайландыру аясында 2018 жылы 38 мың абонент сым желіжолдарынан FTTN желісіне ауыстырып қосылды. Өскемен қ. АТС-21 және RSU-238 пайдаланудан шығарылды. 2018 жылдың аяғына кеңжолақты қатынау желісі сыйымдылығы 116 433 портқа ұлғайтылды және 2 420 855 портты құрады, оның 41% GPON портына тиесілі.



Ауылдық мектептерге интернет желісіне қатынау ұсыну

2018 жылдың аяғына 7 019 телефондандырылған ауылдық мектептің 5 761-і КЖҚ технологиясы бойынша интернет желісіне қосылды, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының 75 мектебі және Қызылорда облысының 40 мектебі торап орындарында коммутаторлар орната отырып, радиокатынау жабдығы базасында интернет желісіне қатынауға қол жеткізді.

Орталықтандырылған телекоммуникация желілерін басқару

«Өрлеу» трансформация бағдарламасының аясында орталықтандырылған телекоммуникация желілерін басқару жобасы іске асырылды. 2018 жылдың Желілерді басқарудың бірыңғай орталығын автоматтандыру үдерісінің деңгейі 95% көрсеткішке жетті, оның ішінде еңбек өнімділігі 27%-ға артты.

2018 жыл телекоммуникация желілерін (ChangeManagement) өзгертудегі басқарудың сапалы үдерісін дамыту, абоненттік қатынау желілеріндегі (IncidentManagement) бүлінімдерді жою, телекоммуникация желілерінің жұмыс сапасын басқару (QualityManagement), үнемі өндірістік желілердегі басқару үдерісін дамыту, ресурстарды есептеу жүйесі мен телекоммуникация желі ресурстарындағы бұзылымдарды жоюмен сипатталады.

Үшдеңгейлі үлгідегі (Tier 1/2/3) тиімді жұмыстар TMForum ұсыныстарына сәйкес жасалғандықтан, қызметкерлерді жүйелі мамандандыруға және олардың жүктемесін бірдей бөлу мен желідегі жұмыс көрсеткіші сапасын арттыруға ықпал етеді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша MTTR желісіндегі жұмыстарды қалпына келтірудің орташа уақыт көрсеткіші 2017 жылмен салыстырғанда 12%-ға төмендеді және төмендеуі мүмкін.

Байланыс орталықтарын орталықтандыру аясында 2018 жылдың төртінші тоқсанында қызметкерлердің штат санын арттырмай, ҚР өңірлеріндегі барлық абоненттерге жетікүндік қызмет көрсетуге өту жүзеге асырылды. Бұл ретте орташа есеппен желіде абоненттердің күту уақыты 16%-ға төмендеді және 30 сек. құрайды. Шағымдарды жою жылдамдығы «165» Байланысу орталығының абоненттері шағымдарының санының 31%-ға төмендеуіне әкелді.

Техникалық шешімдерді іске асыру GPON жабдығында TriplePlay (жоғары жылдамдықтағы интернет, цифрлық телеарна және телефония топтама құрамындағы ұсыныстар) автоматты активация/деактивация қызметтері абоненттердің бұл қызметтерді қосу мерзімін айтарлықтай қысқартты, сондай-ақ жабдықты конфигурациялау үдерісінде қызметкердің қатесін жойып отырады. Қызметтер активациясының автоматты үдерісі бір минут (қолмен жұмыс істеу тәртібіндегі 4 сағаттың орнына) көлемінде орындалады, Оператордың жұмыс жылдамдығының артуы абоненттің қанағаттандыру дәрежесіне оң әсерін тигізеді.

Персоналды мобильді басқару

жобасын дамыту аясында мыңға жуық техникалық мамандар – монтерлер мен инсталляторлар мобильді терминалмен жабдықталды, бұл оларға онлайн тәртібінде абоненттердің өтінімін өңдеуге мүмкіндік береді. Персоналдың мобильділігін дамытуды қамтамасыз ету тапсырманың орындалу барысын қадағалау тиімділігін және мамандардың ағымдағы жұмыспен қамтылуын анықтауды арттырды және өз кезегінде желідегі жұмыстардың оңтайлы бөлінуіне мүмкіндік берді.

2018 жылы мобильді персонал 1 млн. астам қызметтерді орнату мен бүлінімдерді жою жұмыстарын жүргізді. Аталған механизмді қолдану техникалық кадрларды басқаруда аталған санат мамандарының еңбек өнімділігін 10%-ға арттырды.

VCIP дамуы

Қызметтерді ұсыну үдерісін жаңғыртуда маңызды кезеңдерінің бірі – техникалық есеп жүйесіне арналған бірыңғай интеграциялық торабына жататын VCIP орталықтандырылған дерекқор базасын дамыту. VCIP дамуының нәтижелілігі техникалық мүмкіндікті анықтауда нақты уақытты қысқартумен негізделіп, оптикалық желі бойынша абоненттерге қызмет көрсетуде Алматы қаласында 4–8 сағаттан 100 секундқа дейін қысқаруына себеп болады.

ҚР жергілікті телекоммуникация желісінде:

6 090

коммутация орны (КО) бар

қалалық телефон желісінде (ҚТЖ)
3 158 (КО)

селолық телефон желісінде (СТЖ)
2 932 (КО)

Жалпы құрастырылған сыйымдылық:

5 403 953

 нөмір құрады

ҚТЖ құрастырылған сыйымдылық

4 048 825

 нөмір

СТЖ құрастырылған сыйымдылық

1 355 128

 нөмір

Жалпы іске қосылған сыйымдылық:

3 074 653

 нөмір болды

ҚТЖ іске қосылған сыйымдылығы

2 201 031

 нөмір

Жалпы іске қосылған сыйымдылық

873 622

 нөмір



А.А. Өзбеков

«Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

«Компанияның қаржылық тұрақтылығы оның нарықта өмір сүру алуының кепілі болып табылады. Кірістердің шығыстардан тұрақты түрде артып отыруы, ақша қаражатын еркін және тиімді пайдалану компанияның 2018 жылы тұрақты дамуын қамтамасыз етті. 2018 жылы компанияның шоғырландырылған таза пайдасы рекордты 42,8 млрд. теңгені құрады. «Қазақтелеком» Кселл акцияларының бақылаудағы топтамасын сатып алды, бұл мобильді байланыс нарығында үлесті 64% дейін арттырып, бизнестің маржиналдығын ұлғайтуға және оның әрі қарай өсуіне мүмкіндікті қамтамасыз етуге жол ашты. «Қазақтелекомның» кредиттік рейтингісінің «BB+» деңгейінде сақталуы компанияның жоғары жұмыс өнімділігін, тәуекелдерді тиімді басқарып отырғанын және республиканың телекоммуникация нарығындағы көшбасшы тұғырда табысты сақтап отырғанын көрсетеді».

Қаржылық нәтижелер

Басты қаржы көрсеткіштері

2018 жылы компания ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізді.

«Қазақтелеком» АҚ 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша:

- «Қазақтелеком» АҚ желісінде тіркелген желіжолдар саны 2 978 472 желіжолды немесе 2017 жылғы фактімен салыстырғанда 86,9% құрады. Тіркелген желіжолдар санының төмендеуіне пайдаланушылардың тіркелген байланыс қызметтерінен мобильді байланысқа көшуі әсер етті, бұл үрдіс бүкіл әлемде орын алуда;
- КЖҚ абоненттерінің саны 1 700 976 портты құрады, бұл 2017 жылғы фактінің 101%;
- ақылы телевидение абоненттерінің саны 772 373 орынды немесе өткен жылғы фактімен салыстырғанда 105% құрады, соның ішінде iD TV – 621 758 орын.

«Қазақтелеком» АҚ бойынша **қызметтерді са-
тудан шоғырландырылған кіріс** 222 726 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылғыдан 6%-ға жоғары. Жоспар 103,5% орындалды.

Шоғырландырылған таза пайда 42 883 млн. теңгені құрады, бұл жоспардан 72%-ға асты.

ЕБИТДА – салық, кредит үшін пайыздар мен амортизациялық есептеулер шегерілгенге дейінгі пайда жоспарланған көрсеткіштен 14% асты. Нәтижесінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЕБИТДА көрсеткіші 79 887 млн. теңгені құрады, ал жоспар 69 376 млн. теңге болатын.

ЕБИТДА маржасының деңгейі 35,9% құрап, жоспарланған көрсеткіштерден 3,4% асты.


Аталған көрсеткішке операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығынды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілді.

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша есепті кезеңдегі негізгі қызметтен **шоғырландырылған шығыс** 185 622 млн. теңгені құрады.

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша 2018 жылғы **күрделі салымдар көлемі** 47 853 млн. теңгені немесе өткен жылғы фактімен салыстырғанда 164,4% құрады. Жоспар 88,4% орындалды.

ARPU (бір абонентке шаққандағы орташа кіріс) 5 017 теңгені құрады.

17-сурет. ARPU өзгеру динамикасы, 2012–2018 (теңгемен)



Кредиттік рейтингілер динамикасы

«Қазақтелеком» АҚ ұзақ мерзімді оң кредиттік тарихын Standard & Poor's және Fitch Ratings халықаралық агенттіктері белгілейтін компанияның кредиттік рейтингілерінің динамикасынан байқауға болады.

2018 жылдың 18 желтоқсанында Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% сатып алуы туралы келісімге қол қойылғаннан кейін «Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ рейтингілерін Fitch Ratings «Оң» тізіміне енгізді. Агенттік аналитиктерінің бағасы бойынша «Кселл» АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алу «Қазақтелеком» АҚ операциялық пайдасын және компанияның нарықтағы ұстанымдарын жақсартты. Мобильді байланыс сегментіндегі нық ұстаным компанияның кеңжолақты байланысты қоса алғанда, тіркелген байланыс сегментіндегі көшбасшылық жағдайын толықтыра түседі.

Standard & Poor's 2018 жылғы желтоқсанда Standard & Poor's рейтингілік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB» деңгейінде растады, бұл «Қазақтелеком» АҚ-ның «Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 75% сатып алуы туралы келісімге қол қойылғаннан кейін орын алды. Агенттікте мәміле «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобына мобильді байланыс нарығындағы үлесін 64% дейін өсіріп, бизнес маржиналдығын ұлғайтуға және оның әрі қарай өсуі үшін мүмкіндіктер қамтамасыз етуге жол ашты.


«Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингісінің «Кселл» АҚ үлесін сатып алу бойынша мәмілені жапқаннан кейін де «BB+» деңгейінде сақталуы компанияның кредит төлеу мүмкіндігі мен тәуекелдерді тиімді басқару деңгейі жоғары екенін және республиканың телекоммуникация нарығындағы Қоғамның көшбасшы ретіндегі ұстанымдарын табысты сақтап қалғанын көрсететін жағымды оқиға болып табылады.



Қаржылық шолу

«Қазақтелеком» АҚ 2018 жылға қызметтер сату-дан шоғырландырылған кірістері **222 726** млн. теңге болды.

18-сурет. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобындағы кірістер құрылымы




- Деректер беру желісі
- Жергілікті телефон байланысы
- Тасымал желісі арналарын жалдау
- Байланыс операторларына деректер беру желісі қызметтерін ұсыну барысындағы кірістер
- Халықаралық операторлармен келісімдер
- Қалааралық, халықаралық телефон байланысы
- Корпоративтік инфокоммуникациялық қызметтер
- Ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлар абоненттерімен сөйлесулер
- Басқалары
- Конвергентті қызметтер ұсынадан (FMS/FMC) кірістер
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған байланыс операторларымен келісімдер бойынша кірістер

2018 жылы кірістердің мейлінше көп үлес салмағы мыналарға тиесілі болды:

- деректер беру қызметтерінен, «Қазақтелеком» АҚ кірістерінің жалпы құрылымындағы үлесі 47,0% құрады;
- жергілікті телефон байланысы қызметтерін көрсетуден, кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі 15,4% құрады;
- тасымал желісі арналарын жалға беруден, кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі 8,3% құрады;
- байланыс операторларына деректер беру желісі қызметтерін көрсетуден, кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі 4,6% құрады;
- халықаралық операторлармен келісімдер бойынша кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі 4,0% құрады;
- қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсетуден, кірістердің жалпы құрылымындағы үлесі 3,6% құрады.



19-сурет. 5 жыл ішіндегі кірістің мейлінше елеулі баптарының динамикасы, млн. теңге



Соңғы бірнеше жылда тіркелген телефония қосылуларының көлемі мен дауыс трафигінің төмендегені байқалады. Нәтижесінде абоненттік сегмент бойынша ҚХТБ қызметтерінен кірістің өсу қарқыны мынадай себептермен төмендеді:

- мобильді байланыстың кірігу деңгейінің артуы және мобильді операторлардың төмен тарифтері;
- қоңырау шалудың балама түрлері мен алмастырушы қызметтер танымалдылығының артуы (VoIP, Skype, WhatsApp және т. б.).

Сондай-ақ тіркелген КЖҚ көлемдерінің өсу қарқыны азайғаны байқалады. Бұл бәсекелестіктің артуы, соның ішінде мобильді КЖҚ дамуы салдарынан орын алуда.

«Қазақтелеком» АҚ «тәжірибелі» қызметтерден азайған кірістің орнын толтыру және теңдестірілген өнім портфелін құру мақсатында:

1. Әлі де экстенсивті өсуі мүмкін сегменттерде белсенді даму және нарық үлесін арттыру стратегиясын әзірлеуде, атап айтқанда:
 - ақылы ТВ;
 - жаңа қызметтер.
2. Қосымша сервистерді өз уақытында енгізеді – бұл ең алдымен конвергенттелген қызметтер, ДӨО, жүйелік ықпалдастыру, «Бұлтты есептеулер» қызметтері (SaaS, PaaS және т. б.), пайдаланушылардың кең тобына арналған контент-сервистер (тақырыптық web-порталдар, мобильді коммерция, мобильді маркетинг, мультимедиялық контент және т. б.).




Жаңа қызметтер сатудан кіріс, 2018

Интернет желісіне КЖҚ қатынау қызметтерінің кірігу деңгейінің өсуіне және IT-технологиясының дамуына байланысты қызметтерді тұтыну стилі өзгерді. Тұтынушылар интернет қосымшалары (Skype, агенттер, мессенджерлер) арқылы VoIP

технологиясын пайдалану жолымен дауыс қызметтерін тұтынуға көбірек ауысуда және бұл дәстүрлі телефония қызметтерін тұтыну дәрежесіне әсер етуде. Деректер беру желісінің қызметтері үздіктер қатарын бастап тұр.


20-сурет. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылғы кіріс құрылымындағы өзгерістер, млн. теңгемен



Инвестициялық қызмет

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ инвестициялық жобалары портфелі ЕТҰ қоспағанда 47,7 млрд. тенге болды, оның ішінде техникалық даму жобаларына 35 млрд. теңгеге жуық қаражат жұмсалды.

21-сурет. Инвестициялар қарқыны, млн. теңгемен



Сатып алудағы қазақстандық қамту

Айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында электрондық сатып алу порталында және Қоғамның корпоративтік порталында алдағы кезеңде сатып алу жоспары және ұзақ мерзімді сатып алу жоспары, сондай-ақ өткізіліп жатқан сатып алу туралы ақпарат пен олардың нәтижелері орналас-тырылады.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы сатып алуды ашық тендер тәсілдерімен және баға ұсыныстарын сұратумен электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде бағаны төмендетіп, сауда жүргізу арқылы жүзеге асырды (www.tender.sk.kz). Электрондық сатып алудың жаңа алыңына көшуге байланысты 2018 жылғы 19 ақпаннан бастап бір көзден алу тәсілімен сатып алу және баға ұсыныстарын сұрату арқылы сатып алу, 2018 жылғы 21 мамырдан бастап ашық тендер тәсілімен сатып алу www.zakup.sk.kz адресі бойынша ЭСАЖ 2.0 жаңа платформасында жүзеге асырылады.

Компанияда тұрақты негізде «Электрондық сатып алу жоспары және есептілікті қалыптастырудың автоматтандырылған жүйесі» ақпараттық жүйесі арқылы сатып алудағы жергілікті қамту көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері жергілікті қамту мониторингі картасында (www.kmks.kz) көрнекі түрде көрсетілген.

Барлығы 2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы 64,936 млрд. теңге сомасына 10 214 шарт жасады, бұл ретте жергілікті қамту үлесі 30,24% (тауарлар сомасы 30,896 млрд. теңге (ЖҚ үлесі – 12,44%), жұмыстар – 16,491 млрд. теңге (ЖҚ үлесі – 58,31%), қызметтер – 17,549 млрд. теңге (ЖҚ үлесі – 47,93%).

Компаниялар тобының жалпы сатып алуындағы тауарлардың үлесі 47,6%, жұмыстардың үлесі – 25,4%, қызметтердің үлесі – 27,0%.

Жергілікті қамту бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында Қоғам холдингішілік кооперацияны дамыту және сатып алу кезінде холдингке кіретін ұйымдарға, холдингтің тауар өндірушілері тізіліміне кіретін сатып алынатын тауар өндірушілерге басымдылық ұсыну бойынша жұмыстар жүргізеді.

2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы жалпы сомасы 11,097 млрд. теңгеге ілгеріде жасалған ұзақ мерзімді шарттарды демеу жұмыстарын жалғастырды, бұл ретте жергілікті қамтудың орташа деңгейі: тауарларда – 59,7%, жұмыстар мен қызметтерде – 94,7% құрады. Ұзақ мерзімді шарттарды жасаудың мақсаты Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алу бөлігінде отандық тауар өндірушілермен өзара қарым-қатынасты дамыту, жаңа импортты алмастыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді игеруде көмек көрсету болып табылады.



06

Тұрақты даму

Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлер пайызы

96%

Кадрлардың тұрақтамау коэффициенті

9,8% құрады

Жылына 1 жұмыскерге шаққанда оқу сағатының орташа саны:

19,8
сағат



SALE RECEIPT
Date: 10/25/2024
Time: 10:30 AM
Salesperson: J. Doe

Item	Qty	Price
Widget A	5	\$10.00
Widget B	3	\$15.00
Widget C	2	\$20.00
Subtotal		\$125.00
Tax		\$12.50
Total		\$137.50

Bank Card: ****1234
Cardholder: J. Doe
Expire: 12/31/25

Thank you for shopping!

THANK YOU

ID	Name	Status	Age	Gender
001	John Doe	Active	30	Male
002	Jane Smith	Inactive	25	Female
003	Bob Johnson	Pending	45	Male
004	Alice Brown	Active	28	Female
005	Charlie White	Active	35	Male
006	Diana Green	Inactive	22	Female
007	Frank Black	Pending	50	Male
008	Grace King	Active	32	Female
009	Henry Lee	Inactive	40	Male
010	Ivy Hill	Pending	27	Female



Тұрақты даму саласындағы стратегия

Көшбасшы телекоммуникациялық компания ретінде «Қазақтелеком» АҚ еліміздің тұрақты дамуына елеулі үлес қосады, Қазақстанның жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын және Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған мыңжылдық даму мақсаттарын іске асыруға ықпал етеді.

Инфокоммуникациялық сектор қоғамды дамыту тұрғысынан негіз қалаушы элемент болып табылады, себебі дәл осы жерде адамдардың жайлы өмір сүру ортасын құру үшін технологияларды енгізу орын алады.

«Қазақтелеком» АҚ-да тұрақты даму тәсілін анықтаудағы басты нүкте экономикалық тұрақтылықты, әлеуметтік дамуды және қоршаған ортаны тең дәрежеде ескеретін орнықтылықтың үлгісі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің мынадай басты аспектілері адамдар өмірінің барлық салаларына ұзақ мерзімді оң ықпал етеді:

- ауылдық жерлерде кеңжолақты интернет технологияларын тарату және елді цифрландыру деңгейін арттыру;

- жоғары жылдамдықты интернет, телефония технологияларын енгізу арқылы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мен интернет желілерін және басқа да инфокоммуникациялық технологияларды дамыту үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
- деректерді берудің энергиялық тиімді желілерін әзірлеу және енгізу, бейнеконференцияларға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, өзара іс-қимыл платформалары және т. б. сияқты көлікті пайдалану қажеттілігін қысқартатын бұлтты сақтау мен қызметтерді ұсыну;
- клиенттер үшін деректерді беру және сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- еңбек жағдайларын үнемі жақсарту және жұмыскерлердің біліктілігін арттыру арқылы компанияның адами ресурстарын дамыту;
- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, жасыл технологияларды енгізу және өз жобаларын іске асыру шеңберінде біліктілікті арттыру;
- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес ресурстарды тұтыну мен ластаушы заттар шығарындыларының тұрақты мониторингін жүзеге асыру.

Тұрақты даму саласындағы бастамалар

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінде тұрақты даму тәсілдерін белсенді пайдаланатын компания. Орнықты дамудағы корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар арасында 2018 жылы орнықты дамуды басқару саласындағы бірқатар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бастамаларды атап өтуге болады. Жыл сайын компания көпшілік үшін GRI

халықаралық есептілік стандартына сәйкес орнықты даму бойынша есеп береді.

Кадрлық әкімшілендіру

Осы мәселе бойынша есепті жылы барлық күш-жігер HR үрдістеріне қызмет көрсету сапасын және тиімділігін арттыруға бағытталды. Персоналды басқару бойынша бизнес-үдерістерді автоматтандыру және оңтайландыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Мәселен, ТКЖ бірыңғай ақпараттық жүйесінде персоналды іріктеу үрдістері, COR өткізу үрдісі (мансап бойынша сұхбат), қызмет тиімділігін бағалау жүйесі, KPI қою автоматтандырылды.

Сонымен қатар іссапар куәлігінсіз жұмыскерлерді іссапарға жіберу үдерісі оңтайландырылды. Компания филиалдарында «Бюрократияның тоқтату» жобасын іске асыру басталды, оның шеңберінде компанияның ішкі құжаттарын келісу үдерісі қайта қаралып, оңтайландырылады.

Персоналды басқару тиімділігін арттыру және жұмыскерлер қызметін негізгі бизнес-үрдістерге біріктіру мақсатында HR ОҚО-ға кадрлық басқару бойынша барлық қайталама үдерістерді беру жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Осылайша, 2018 жылы компания филиалдарында міндеттері мынадай үдерістерді қамтитын HR ОҚО фронт-офистері құрылды:

- жеке істерді электрондық және қағаз тасығыштарда жүргізу,
- еңбек кітапшаларын жүргізу,
- еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын жүргізу,
- визалық қолдауды жүзеге асыру.

HR бөлімшесі HR ОҚО-мен (ортақ қызмет көрсету орталығы) бірлесіп, кадрлық басқару үдерістеріндегі қағаз тасығыштардың үлесін төмендету бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Осылайша, еңбек шартын бұзу, жұмыскерлерді ауыстыру үрдістері автоматтандырылды, демалыс кезеңдерін, де-



малыстың күнтізбелік күндерінің қалдықтарын көрсететін демалысқа арналған өтінім интер-фейсі жетілдірілді, бұл тиісінше жұмыскерлердің хабардар болуын жоғарылатты және туындаған мәселелер бойынша өтініштер санын азайтты.

HR ОҚО-да бизнес-үдерістерді автоматтандыру бойынша (SAP пен ПБЖ) жұмыс жалғастырылды, персоналды басқару бойынша жүйелерді ықпалдастыру аяқталды, бұл деректерді қолмен екі рет енгізу проблемасын, қателерге жол беру қаупін азайтуға мүмкіндік берді, үдеріске уақытша және еңбек шығындарын қысқартты. Сонымен қатар еңбек шарттарын электрондық тіркеу енгізілді, жұмыс уақытын есепке алу, бос орындар бойынша статистикалық есептілік автоматтандырылды. Көрсетілген барлық іс-шаралар HR ОҚО жұмыскерлерінің еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді.



Персоналды тарту және бейімдеу

2018 жылы HR функциясын трансформациялау шеңберінде жұмыскерлерді іріктеу мен функцияларды орталықтандырудың мақсатты құрылымын қайта қарау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Функцияны талдау жергілікті жерлердегі бизнес-үдерістің тиімділігінің төмендігін көрсетті: персоналды іріктеу жергілікті жерлерде тиісті көңіл бөлінбеді, рекрутердің тиісті құзыреттеріне ие бейінді мамандар болған жоқ, үдеріс ашық болмады, оның созылуы байқалды. Талдай отырып, персоналды басқару бойынша ортақ қызмет көрсету орталығында персоналды іріктеу функциясын орталықтандыру туралы шешім қабылданды. Есепті жылдың сәуір айынан тамыз айына дейінгі кезеңде Алматы қаласында орналасқан филиалдардағы функцияларды орталықтандыру бойынша пилоттық жоба өткізілді, ол бастаманың сәттілігін көрсетті. Қыркүйек айынан бастап бұл бастама компанияның барлық филиалдарына енгізілді.

Функцияны орталықтандыру персоналды іріктеу бойынша бизнес-үдерістің тиімділігін оңтайландыруға және арттыруға, жұмыскерлерді неғұрлым күрделі міндеттерді шешуге қайта бағыттауға және персоналды іріктеу жүйесінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, персоналды тарту рәсімінің ашықтығы мен объективтілігі артты, барлық кандидаттар үшін тең мүмкіндіктер (жасына, жынысына, ұлттық және діни көзқарасына қарамастан), үдерістің технологиялылығы (қазіргі заманғы технологияларды барынша енгізу, үдерістерді автоматтандыру) қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар 2018 жылы «Өрлеу» трансформация бағдарламасының «Персоналды тиімді басқару» бастамасы аясында «PROtelecom» тағылымдама бағдарламасы жобасы жүзеге

асырылды. Студенттердің тағылымдама жобасы ҚР үздік жоғары оқу орындарының түлектері арасынан талантты жастарды тартуды, сыртқы кадрлық резервті құруды, тартымды жұмыс беруші ретінде «Қазақтелеком» АҚ имиджін одан әрі қалыптастыруды, тәлімгерлік институтын дамытуды, компанияда кросс – функционалдық өзара іс-қимылды жақсартуды көздейді. Тағылымдамаға Алматы және Астана қалаларының жоғары оқу орындарының бейінді және бизнес мамандықтарының студенттері тартылды. Әрбір тағылымдамдан өтушіге жобаның негізгі қатысушылары болып табылатын жоғары білікті жұмыскерлер қатарынан тәлімгерлер бекітілген.

Жоба қорытындысы бойынша жұмысқа қабылданған финалистер анықталды, 11 студентке «Қазақтелеком» АҚ атаулы шәкіртақысы тағайындалды, 5 үздік тәлімгер оқуға шақыру алды.

Біліктілік деңгейі, кәсіби іскерлік және жеке қасиеттері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келетін неғұрлым қолайлы кандидаттарды тиімді іріктеуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жоғары кәсіби, тиімді жұмыс істейтін, мотивацияның жоғары деңгейі бар, компания алдында тұрған міндеттерді сапалы және жедел шешуге қабілетті, ішкі және сыртқы кандидаттарды іріктеу жолымен «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерін іріктеу ережесі өзектілендірілді. Ауыстыру матрицасына енгізілген кадр резервінен жұмыскерлерге ерекше көңіл бөлінді.

Жұмыскерлерді оқыту



Компания бизнес трансформация бойынша жаңа міндеттерге сәйкес өз персоналдарын үздіксіз дамытуға ұмтылады. 2018 жылы «Өрлеу» бағдарламасы аясында функционалды академияларға міндет жүктелді. Оның мақсаты – жұмыскерлерді белгілі және нақты мақсатты көздейтін қызметтің келесідей бағыттарына оқыту:

- 1) «Сату академиясы» жобасының аясында коммерциялық блок (B2B, B2C) жұмыскерлеріне арналған оқыту жүргізіледі;
- 2) «Техникалық академия» құрылды және енгізілді. ТЖББО ЖББО Т1 және Т2 арналған лауазым бейіні әзірленіп, бағалау жүргізіліп, оқыту жоспары әзірленуде. «Техникалық академия» жобасын іске асыру барысында ККО бөлімшелеріне сәйкес бағалау жүргізу және лауазым бейінін әзірлеу бойынша ӨТД-ге арналған пилоттық жоба енгізілді;
- 3) «Қаржы академиясы» жобасының аясында қаржы ОҚО, ОА Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті және ОА Қаржы департаменті үшін лауазым бейіні негізінде жұмыстар жүргізілді.

«Өрлеу» бағдарламасы HR бастамасының негізінде «Қазақтелеком» АҚ персоналды басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында филиалдардағы HRD мен Қызметкерлерді дамыту және басқару департаментінің жұмыскерлеріне арналған «Ғылым және коучинг өнері» бағдарламасы бойынша модульдік оқыту жүргізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасы Жол картасының іс-шарасын іске асыру үдерісіндегі табысты көшбасшының дағдыларын дамыту мақсатында бизнес трансформация жағдайында және нарықтағы жиі өзгерістерге байланысты жоғары топ басшылары – компанияның бас және басқарушы директорларына оқыту жүргізілді. Аталған бағдарлама интегралды көшбасшылықты дамытуға бағытталған.

Басшыларды бағалау нәтижесі бойынша CREDO корпоративтік құндылықтар жүйесін құру және басқару дағдыларын қалыптастыру мақсатында компания филиалдары мен Орталық аппараттың орта және жоғары топтарының басшыларына арналған «Басшы-Көшбасшы» ұзақ мерзімді оқыту бағдарламасы жасалды және енгізілді.

Компанияда «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясының базасында негізгі компоненттері корпоратившілік оқыту және корпоративтік қашықтан оқыту жүйесі болып табылатын оқыту жүйесі жұмыс істеп келеді. Кез келген жұмыскер қашықтан оқу курсына тіркеліп, электронды жүйедегі курстарды оқи алады және курсты бітірген соң оқығандығы туралы сертификат беріледі.



Таланттарды басқару

«Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасын іске асыру және «Қазақтелеком» АҚ персоналды басқару жөніндегі стратегиядан туындайтын мәселелер аясында компанияда «Қазақтелеком» АҚ ішкі көздерге негізделген негізгі лауазымға алмастыру, кадрлық пулды даярлау және қалыптастыру мақсатын көздейтін «Таланттарды басқару» жобасы іске асырылуда. Аталған жоба талантты жұмыскерлердің жоғары кәсіптік деңгейін анықтау және оларды ұстап қалу құралы болып табылады. Аталған жоба аясында «Көшбасшылық мектебі» жұмыс істейді, бұл бағдарламада резервтегілер басқару және көшбасшылық дағдыларды дамыту бойынша кезең-кезеңімен оқытылады. «Басқару шеберлігі негіздері» модульдік бағдарламасы бойынша оқытудың 2016 жылдың резервтегілері «Көшбасшылық мектебінің» үшінші кезеңін,

2017 жылдың резервтегілері «Көшбасшылық мектебінің» екінші кезеңін және 2018 жылдың резервтегілері «Көшбасшылық мектебінің» бірінші кезеңін өтті. Есептілік кезең бойынша Қоғамдағы резервтегілердің саны жалпы санның 25,7% (44 адам) құрайды. Негізгі бос лауазымға 24 резервші тағайындалды.

2018 жылы компания «Таланттарды басқару» жобасы бойынша WOW-HR халықаралық сыйлығын жеңіп алды.

Алматы қаласында 25 желтоқсанда Қазақтелеком жастар ұйымының «Z-telecom. Қайта жүктелім» форумы өткізілді. Қатысушыларға CREDO жобаларымен қатар, әлеуметтік жобалар бекітіліп берілді.

4telecom жаңа корпоратившілік порталы

DIGITAL CULTURE/Цифрлық мәдениет құндылықтарын басшылыққа ала отырып, «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлеріне арналған 4telecom.kz корпоратившілік порталы құрылды. Жаңа функционал, сайттың заманауи дизайны әлеуметтік желі элементтерімен персоналға жұмыс үшін қажетті ақпаратты алуға және компанияда болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуға мүм-

кіндік береді. Порталда Басқарма төрағасының және персонал жөніндегі басқарушы директордың блогтары құрылған. Осылайша, жұмыскерлер сұрақтарын оңай қойып, оларға «Қазақтелеком» АҚ басшыларынан жауап ала алады.



Қоршаған ортаны қорғау

Тұрақты дамудың маңызды аспектілерінің бірі – қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Телекоммуникация саласы қоршаған ортаны айтарлықтай ластаушылар санатына жатпайтынына қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ теріс ықпалды мейлінше төмендетуге және экологиялық менеджмент жүйесін дамытуға ұмтылады.

2018 жылы ISO 14001 халықаралық стандарты және оның қазақстандық баламасы ИСО 14001 ҚР СТ сәйкес экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігіне сертификатталған аудит табысты жүргізілді. Аудитті TUV Nord компаниясының халықаралық аудиторлары жүргізді.

Экологиялық менеджментті енгізу аясында құжатталған рәсімдер жүргізілді, олар экологиялық мақсаттар және оларға қол жеткізу бағдарламалары міндеттерімен экологиялық аспектілерді сапалы басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. 2018 жылдан бастап автокөліктерді мотор отыны ретінде газды пайдалануға көшіру, сондай-ақ автономды жылу жүйелерін дизельдік отыннан газға/орталық жылу жүйесіне көшіру басталды. Бұл болашақта автономдық және жылжымалы ластау көздерінен ластаушы заттардың шығу санын азайтуға мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі бағыты мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін және басқа да қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын сақтау;
- Қоғам қызметін жоспарлау және іске асыру барысында тұрақты даму тұжырымдамасына сүйену;
- Экологиялық менеджмент жүйесін тұрақты түрде жетілдіріп отыру.

Телекоммуникация саласының жаңа технологияларын дамыта отырып, «Қазақтелеком» АҚ LoRA және SDN желілері негізінде энергия үнемдеуші/энергия тиімді жобаларды енгізеді. Бұл желілермен Қазақстанның барлық қаласын қамту жоспарланып отыр. Осындай жобаларды енгізудің маңыздылығы сонда, олар Smart City, Smart Home және т. б. жобаларды дамытуға негіз болады. LoRA желісі байланыс қашықтығының энергия тиімділігімен бірегей сәйкестігімен ерекшеленеді. Басқа желілерден айырмашылығы – техникалық күтім жасауға шығын аз болуымен қатар, батареяларының қызмет мерзімі ұзақ (10 жыл). LoRA желісін дамыту базасында Smart Metering (энергия ресурстарын ақылды есептеу) және Smart Lighting (ақылды жарық беру) жобалары іске асырылуда. SDN (Software defined network) – деректер беру желісі, онда деректер беру құрылғысынан желіні басқару деңгейі қашық және бағдарламамен іске асырылады. Желіні виртуалдандыру формаларының бірі энергия тұтынуды айтарлықтай қысқартады.



Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Компанияда Қоғамдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына тұрақты әдістемелік-басшылық жасауды, талдау және бақылау жүргізуді қамтамасыз ететінеңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесі жұмыс істейді. Жүйе «2001 ILO-OSH 2001 MOT СУОТ еңбекті қорғауды басқару жүйелері жөніндегі нұсқамаға», OHSAS 18001:2007 халықаралық стандартына және оның қазақстандық баламасы 18001:2008 ҚР СТ сәйкес еңбекті қорғауды ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды белгілейді.

Компанияның өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы сөзсіз басымдықтары салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қауіпсіздік деңгейін үнемі жоғарылатып отыру, авария, өндірістік жарақат, кәсіби аурулар көрсеткіштерін төмендету болып табылады.

Еңбекті қорғау саласындағы Қоғам қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ еңбектің қауіпсіз жағдайларын және кәсіби аурулар мен жарақаттарды төмендетуді қамтамасыз ету бойынша талаптар көрсетілген корпоратившілік тәртіптемелер мен рәсімдерге сай жүргізіледі:

- компанияда 5 жылда 1 рет жұмыс орындарына аттестаттау жүргізіліп тұрады. Айталық, 2014 және 2018 жылдар аралығындағы кезеңде 3 638 жұмыс орны аттестаттаудан өтті;
- есепті жылы заңнама талаптарындағы өзгерістер мен Қоғамның құрылымындағы өзгерістер ескеріле отырып, еңбек қауіпсіздігі саласындағы 11 корпоративтік стандарт жаңартылды;

- филиалдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері қарастырылатын өндірістік кеңестер құрылған және жұмыс істейді;
- жыл сайынғы негізде жаппай мамандықтар мен офис жұмыскерлерін медициналық тексеру жүргізіліп отырады. Медицина мекемелері 16 785 жұмыскерді қарады;
- жаппай мамандықтардың жұмыскерлері үшін жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу өткізіліп, білімдері мерзімді түрде тексеріліп тұрады. Осылайша, 2018 жылы Қоғамның 15 447 жұмыскері үшін оқу ұйымдастырылды;
- күн сайын компанияның 13 903 жуық жаппай мамандықтар жұмыскері жұмысқа шығар алдында журналдарда есептік жазбамен нұсқаулықтан өтеді.

Компанияда бір жылда және үш жылда бір рет жұмыскердің мамандығына қарай өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқу өткізіліп, білімі тексеріледі және белгілі бір жұмыстарға рұқсат үшін сертификаттар беріледі. Үш жылда бір реттік жиілікпен компанияда басшылар мен өндірісте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты тұлғаларды сертификат бере отырып оқыту және білімін тексеру жүргізіліп отырады.

Компания филиалдарында құрылымдық бөлімшелердің барлық жұмыскерлеріне өндірістегі жазатайым жағдай кезінде және бұйрықтар бойынша өндірістік тәртіпті, лауазымдық нұсқаулықтарды және қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша жоспардан тыс. нұсқаулар жүргізіледі.

«Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік дамуға қосқан үлесі

«Қазақтелеком» АҚ өз жұмыскерлерінің әлеуметтік қорғалуына және ертеңгі күнге деген сенімін қолдауға жауапкершілікпен қарайды. Компания жұмыскерлер өкілдерімен лайықты өмір сүру деңгейін қолдауға Ұжымдық шарт бойынша алған міндеттемелерін орындау және жұмыскерлер арқылы мүдделі тарап алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарында іс-қимыл жасайды.

«Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік қызметі бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды құрамдасы, компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Айталық, есепті кезеңде кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп, «Қазақтелеком» АҚ ұжымдық шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысы жүргізілді, бұл жұмыскерлер мен компания зейнеткерлерінің әлеуметтік жағдайын айтарлықтай жақсартатын болады. «Қазақтелеком» АҚ қызмет көрсететін жерлерінде халықтың өмір сүру сапасын әлеуметтік және білім беру бағдарламалары, қызметінің ашықтығы, экологиялық мәселелеріне теріс әсерді төмендету арқылы жақсартуға күш жұмылдырады.

Компанияда «Қазақтелеком» АҚ 2018–2021 жылдарға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру корпоративтік бағдарламасы әзірленіп бекітілді. Бағдарламаға еріктілер қозғалысын дамыту, әлеуметтік аз қорғалған жұмыскерлерді қолдау секілді компанияның ішкі жобаларымен қатар, балалар үйімен қарым-қатынас, қайырымдылық қорларымен өзара іс-қимыл секілді сыртқы әлеуметтік жобалар да кіреді.

Тұрақты даму және компанияның әлеуметтік мақсаттарын іске асыру қағидаттарына сүйене отырып, акционерлік қоғам Басқармасының шешімімен жаңа редакцияда корпоративтік құндылықтар мен бизнес қағидаттардан тұратын комплаенс-тәуекелдер негізіндегі Іскери әдеп кодексі мақұлданды.





ГЛОССАРИЙ

5G/LTE – бесінші буын технологиясының жоғары жылдамдықты сымсыз интернеті, деректерді алу/беру жылдамдығын арттыру және диапазонды кеңейту есебінен барынша тиімді байланысты және деректер мен байланыс қызметтеріне қатынауды қамтамасыз етеді.

ARPU (Average Revenue Per User) – бір абонентке есептегенде бір айдағы орташа түсім.

B2B (ағыл. Business to Business) – заңды тұлғалар арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

B2C (ағыл. Business-to-Consumer) – заңды тұлға тұтынушы арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

B2G (ағыл. Business-to-Government) – заңды тұлға мен мемлекет арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

B2O (ағыл. Business-to-Operators) – заңды тұлға мен байланыс операторларының арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

Big Data – үлкен көлемді деректерді өңдеу.

Blockchain – ақпараттан тұратын блоктардың белгілі бір қағидалар бойынша құрылған үздіксіз бірізді тізбегі. Көп жағдайда блоктар тізбектерінің көшірмелері көптеген түрлі компьютерлерде бір-біріне байланыссыз сақталады.

CDMA (Code Division Multiple Access) – кодты бөлініспен көптік қатынау, цифрлық ұялы байланыс (сымсыз) желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдығын халықаралық байланысты стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін салуда ең перспективалы деп ұсынған.

DWDM (Dense Wave Division Multiplexing) – тығыз толқынды мультиплексиру технологиясы. Мультисервистік және мобильдік желілер тірек инфрақұрылымы үшін барынша сенімді технология болып табылады, желінің өткізу мүмкіндігін шұғыл арттыруды қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа қызметтердің кең ауқымды жиынтығын іске асырады.

EVDO (Evolution Data Optimized) – CDMA стандартындағы ұялы байланыс желілерінде пайдаланылатын жоғары жылдамдықпен деректер беру технологиясы.

FMC – One contact (fixed mobile convergence) – тіркелген және ұялы байланысты біріктіретін және кейіннен коммерциялық пайдалануға ауыстыратын технология.

FTTH (Fiber To The Home) – үйге дейінгі оптикалық талшық (жеке үй мағынасында).

GPON (Gigabit passive optical network – гигабитті пассив оптикалық желілер.

IoT (ағыл. internet of things) – жеке объектілерге орнатылған құрылғыларға интернет (сыммен немесе сымсыз) арқылы ақпарат жіберуге және алуға мүмкіндік беретін технологиялардың жалпы атауы.

LoRa (ағыл. Long Range) – бұл технология және осы аттас модуляция әдісі болып табылады. Көлемі жағынан шағын деректерді алыс қашықтыққа сымсыз беру технологиясы, бөлектелген телеметрия желілері, машинааралық өзара іс-қимыл мен заттар интернеті үшін әзірленген.

M2M (Machine-to-Machine) – машинааралық өзара іс-қимыл (машина-машинааралық өзара іс-қимыл) – машиналарға бір-бірімен ақпарат алмасуға немесе біржақты тәртіппен ақпарат беруге мүмкіндік беретін технологиялардың ортақ атауы. Бұл датчиктерді немесе қандай да бір құрылғылардың параметрлерін мониторингілеудің сым арқылы және сымсыз жүйелері болуы мүмкін.

SDN/NFV – бағдарламалы-конфигурацияланатын желі (Software Defined Networks, SDN) және желілік функцияларды виртуалдандыру (Network Function Virtualization, NFV).

VAS (Value Added Services) – қосымша құны бар қызметтер.

VPN (Virtual Private Network – виртуалды жеке желі) – бір немесе бірнеше желілік қосылуларды (логикалық желі) басқа желінің үстімен (мысалы, интернет) қамтамасыз ететін технологиялардың жалпы атауы.



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

МАЗМҰНЫ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	145–146
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	147–148
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	149
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	150–151
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	152–267



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақтелеком» АҚ
акционерлеріне

Пікір

Біз «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, ол 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық кіріс туралы шорғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұрады.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес Топтың 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайына сай барлық маңызды аспектілер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күнге аяқталған жылдың ақшалай қаражатының шоғырландырылған қозғалысын дұрыс көрсетеді.

Пікір білдіру үшін болған негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика кеңесінің Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне (БЭХС кодексі) сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз БЭХС кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біздің ұсынған аудиторлық дәлелдеріміз пікір білдіруіміз үшін жеткілікті және тиісінше дұрыс деп санаймыз.



Аудиттің басты сұрақтары

Аудиттің басты сұрақтары – бұл біздің кәсіби пайымымызға сәйкес ағымдағы кезең үшін біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін мейлінше маңызды болған сұрақтар. Бұл сұрақтар жалпы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл сұрақтар бойынша өзге пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір сұрақ бойынша біздің аудитіміздің барысында әрбір тиісті сұрақ қалай қарастырылғаны туралы сипаттама берілді, осы контекстінде беріледі.

Біз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде осы сұрақтарға қатысты да сипатталған міндеттерімізді орындадық. Сәйкесінше, біздің аудитімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі ауытқулары тәуекелдеріне біздің бағамызға жауап ретінде әзірленген рәсімдердің орындалуы қамтылған. Біздің аудиторлық рәсімдеріміздің, оның ішінде төменде көрсетілген сұрақтарды қарастыру барысында орындалған рәсімдердің нәтижелері қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлық пікір білдіруімізге негіз болып табылады.

Аудиттің басты сұрағы

Біздің аудитіміздің барысында тиісті басты сұрақ қалай қарастырылды

Түсімді тану – биллинг жүйелерінің күрделілігін ескергендегі танылған түсім сомасының дұрыстығы

Телекоммуникация қызметтерін ұсынудан түскен түсімді танумен және бағалаумен байланысты айтарлықтай тәуекел бар, себебі Топ пайдаланатын биллинг жүйесі күрделі болып табылады, ал тарифтер мен көпкомпонентті қызметтер құрамының өзгеруін есепке алу тәртібінің әсері елеулі болуы мүмкін.

Осы себептен, сондай-ақ ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» («ҚЕХС (IFRS) 15» көшуге қатысты тәуекелдерге байланысты біз түсімді тану мен ақпаратты сәйкесінше ашуды аудиттің басты сұрағы ретінде айқындадық.

Түсімді тану бойынша есеп саясатына қатысты Топтың ақпаратты ашуы шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3-ескертпеге, ал кірістер туралы ақпаратты жан-жақты ашу шоғырландырылған қаржылық есептілікке 30-ескертпеге қосылған.

Біз АТ тиісті жүйелері мен ішкі бақылау құралдарының дизайнын бағаладық және операциялар бойынша түсімді жинауды, түсімді есепке алуды, биллинг жүйелеріне енгізілген мөлшерлемелердің (тарифтердің) өзгерістерін авторландыруды, клиенттерге қойылған сомалар есептеулеріне ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестіледік.

Біз ай сайынғы түсім талдамасы мен түсімнің басты көрсеткіштеріндегі өзгерістердің талдамасын қоса алғанда, талдамалық рәсімдерді орындадық, қаржылық және қаржылық емес деректерді салыстырдық.

Біз есеп саясатының ережелерін және («ҚЕХС (IFRS) 15 талаптарына сәйкес ақпаратты ашуды талдадық.



Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және қауымдастырылған ұйымға инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтерді бағалау – құнсыздану тәуекелі

Топтың ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздануының елеулі тәуекелі бар. Гудвилді қоса алғанда негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге телекоммуникация саласындағы қарқынды технологиялық өзгерістер аясында құнсыздану тәуекелі тән. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйымына инвестицияға сондай-ақ Қазақстанның мобильдік телекоммуникация нарығының қанығуына байланысты құнсыздану тән.

Есепті күнге Топ ақша қаражатын өндіретін өзінің бірқатар бірліктері (АҚӨБ) бойынша құнсыздану белгілерін анықтады. ҚЕХС 36 сәйкес басшылық осындай АҚӨБ-лерді құнсыздануға қатысты тестілеуі тиіс.

Құнсыздану белгілері болған кезде ақша қаражатын өндіретін өзінің бірқатар бірліктерін (АҚӨБ) құнсыздануға қатысты тестілеу күрделі болып табылады және жоғары дәрежедегі субъективті жол берушіліктерді қамтиды, мысалы, клиенттік база, абоненттерден түсетін орташа түсім, күрделі салым деңгейі және болжалдық кезеңдегі EBITDA маржасы, ақша қаражаты ағынының болжалдық кезең шегінен тыс экстрополяция үшін өсім мөлшерлемесі және дисконт мөлшерлемесі.

Құнсыздануды тексеру барысында қолданылатын жол берушіліктер дұрыс болмауы мүмкін, сондықтан құнсызданудың қажеттілігіне қатысты қате тұжырым шығарылуы мүмкін.

Біздің аудиторлық рәсімдерімізге басқалармен қатар, құнсыздану моделінде қолданылатын жол берушіліктерді бағалау және тестілеу кірді. Біз Топ ҚЕХС 36 сәйкестікке пайдаланған әдіснаманы бағаладық. Рәсімдерді жүргізу үшін бағалау жөніндегі ішкі сарапшыны тарттық. Біз Топтың пайдаланған жол берушіліктері мен деректерін тарихи деректермен және ағымдағы салалық ақпаратпен салыстырдық. Біз жол берушіліктер өзгерістерінің негізделген мүмкіндігі АҚӨБ ағымдағы баланстық құнының оның өтелетін құнынан асуына алып келу ықтималдығын бағалай отырып,

тестілеу сезімталдығына ерекше назар аудардық.



Ұзақ мерзімді активтерді құнсыздануға тестелеуге қатысты Топтың ашулары шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 11-ескертпесіне қосылған, ол атап айтқанда, пайдаланылатын негізгі жол берушіліктердегі аздаған өзгерістер келешектегі гудвилді қоса алғанда, негізгі құралдармен материалдық емес активтерге, қауымдастырылған ұйымға инвестициялардың құнсыздануына алып келуі мүмкін екенін ашады.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен операциялар

Топ байланысты тарап, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС алған немесе көрсеткен деректерді беру, байланыс арналарын жалдау қызметтерін, желіаралық қосылыстар қызметтерін және өзге де қызметтерді қоса алғанда, бірқатар операцияларды жүзеге асырады.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен операцияларды ашу жөніндегі сұрақ аталған операциялар құрылымының күрделілігіне, саны мен айтырлықтай көлеміне байланысты біздің аудитіміз үшін елеулі сұрақтардың бірі болды.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен операциялар бойынша ашу шоғырландырылған қаржылық есептілікке 41-ескертпеде берілген.

Бизнесті біріктіру кезінде сатып алу бағасын бөлуді алдын ала бағалау

2018 жылы Топ «Кселл» АҚ акционерлік капиталының 75% үлесін сатып алды. Бұл сатып алу 5-ескертпеде жан-жақты жазылған.

Біз байланысты тараптармен операцияларды сәйкестендіру үдерісін бағаладық. Біз шарттық келісімдердің мәні мен аталған операциялардың сипатын түсіну үшін Топ пен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасындағы келісімді зерделедік, сондай-ақ қолданылған есепке алу қағидаттарын бағаладық. Біз LTE радиожиліліктерін жалға беруден түсімді тану және ұсынуды ҚЕХС (IFRS) 15 талаптарына сәйкестікке талдадық. Біз «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-нен операциялар және өтелмеген қалдықтар бойынша растау алдық, мәмілелердің ашылған елеулі шарттарын растаушы құжаттармен салыстырдық және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен операциялар бойынша ашуды талдадық.

Аудиторлық рәсімдерді жүргізу аясында біз Компания мен «Кселл» АҚ сатушылары арасында сатып алу-сату шартын, бизнесті біріктіру кезінде бухгалтерлік өткізбелерді қалыптастыруға қажетті мәміле бойынша өзге де құжаттарды талдадық.



Аталған сатып алудың гудвилі 54.656.742 мың теңге құраған сатып алынған компанияның таза активтері әділ құнынан төленген сыйақы жиынтық сомасының асуына байланысты шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін сатып алу бағасын алдын ала бағалау сұрағы мейлінше маңызды болады деп санаймыз.

Сәйкестендірілетін таза активтердің алдын ала әділ құнын анықтау кезінде қолданылатын елеулі пайымдар негізінде жатқан бағалау әдістері мен жол берушіліктерді қарадық. Біз сатып алынған еншілес ұйымның белгілі бір активтері санаттарын бағалау үшін басшылық пайдаланатын әдістер мен жол берушіліктерді талдауды бағалау жөніндегі мамандарымызды тарттық. Сатып алынған еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын іріктеу негізінде бағалауды тестіледік.

Біз сатып алынған жеке сәйкестендірілетін материалдық емес активтердің сипаты мен құнын басшылықтың бағалауын талдадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте бизнесті біріктіру бойынша таныстырылым мен ашуды қарадық.

Маңызды жағдайлар

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4-ескертпеге назар аударамыз, онда Топ ілгеріде 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығарғаны көрсетілген. Оған қатысты 2019 жылдың 15 наурызында түрлендірілмеген пікір білдіре отырып, аудиторлық есеп жасадық. 2019 жылдың 15 наурызында басшылық мақұлдап, бұған дейін шығарылған 2018 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігі 4-ескертпеде көрсетілгендей қайта қаралды. Қайта қаралған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты бұл аудиторлық есеп біз бұған дейін берген аудиторлық есепті ауыстырады. Осы сұраққа байланысты біз өзгертілген пікір білдірмейміз.

Топтың 2018 жылға арналған жылдық есебіне қосылған өзге де ақпарат

Өзге ақпаратқа жылдық есептегі ақпарат кіреді, бірақ оған шоғырландырылған қаржылық есептілік және біздің ол туралы аудиторлық есебіміз кірмейді. Өзге ақпарат үшін басшылық жауапты. Жылдық есеп болжам бойынша бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір түрде сенімділікті білдіретін қорытынды бермейміз.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты біздің міндетімізге жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты ол бізге ұсынылғаннан кейін таныстыру және бұл ретте сұрақты қарастыру, өзге ақпаратпен және шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алған біздің біліміміз арасында айтарлықтай сәйкессіздіктердің бар-жоғы, өзге ақпаратта басқа елеулі бұрмаланулар бар-жоғын қарау да кіреді.



Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін басшылық пен Директорлар кеңесі Аудит комитетінің жауапкершілігі

Басшылық аталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС сәйкес дайындауға және ұсынуға және жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің тиісті жағдайларында ашу үшін, басшылық Топты таратуды, оның қызметін тоқтатуды ниеттеніп не мұндай әрекеттерге нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол берушіліктер негізінде есептілік жасау үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесінің Аудит комитеті Топтың қаржылық есептілігін дайындау барысын қадағалау үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалпы алғанда жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқтығына және біздің пікірімізді білдіретін аудиторлық есепті шығаруда ақылға қонымды деңгейде сенімді болу біздің мақсатымыз болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік деп жоғары деңгейдегі сенімділікті айтамыз, алайда Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмаланулар болған жағдайда оларды айқындайтынына кепілдік бола алмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттер немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне жеке-лей немесе жиынтығында әсер ету мүмкін деп болжанған жағдайда елеулі деп саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдаманы қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмаланудың тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлеп, жүргіземіз; пікірімізді білдіруге негіз болатындай жеткілікті және сәйкес болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жоғарыдағы жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі жосықсыз әрекеттердің қатарында ымыраласу, жалған құжат беру, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өткен әрекеттер болуы мүмкін;



- аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, жағдайларға сәйкес, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірі білдіру мақсатында емес, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық белгілеген бухгалтерлік бағалаулардың негізділігі мен тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жол берушіліктерін қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігінде елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктер бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер елеулі белгісіздіктің бар болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты тиісті ашуға назар аударуымыз керек болады немесе мұндай ақпарат ашу дұрыс болмаса, пікірімізді өзгерту қажет болады. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда келешектегі оқиғалар мен шарттар Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігінен айырылуына алып келуі мүмкін;
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте оның негізіндегі операциялар мен оқиғалар дұрыс ұсынылғаны қамтамасыз етілгендігін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ ішінде ұйымдардың және шаруашылық қызметтің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті деңгейде тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Топтың аудитін жүргізуге, жалпы басшылық жасуға және бақылауға жауаптымыз. Біз аудиторлық есебіміз үшін жеке-дара жауапты болып табыламыз.

Біз Директорлар кеңесінің Аудит комитетімен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз. Оның назарына өзге ақпаратпен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит барысында ішкі бақылау жүйесінде елеулі кемшіліктер табылса, оларды да жеткіземіз.

Біз сондай-ақ Директорлар кеңесінің Аудит комитетіне тәуелсіз болуға қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және оны аудитордың тәуелсіздігіне әсер етуін негізді деп санауға болатын барлық қарым-қатынастар, ал қажет жағдайларда – тиісті қорғаныс шаралары туралы өзге де мәселелер жөнінде мәлімдемені ұсынамыз.



Директорлар кеңесі Аудит комитетінің назарына жеткізілген сұрақтар арасынан ағымдағы кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін мейлінше маңызды болған және сәйкесінше, аудиттің басты мәселелері болатын сұрақтарды айқындаймыз. Егер бұл сұрақтар туралы ақпаратты ашу заңда немесе басқа заңнамалық актіде тыйым салынған жағдайды қоспағанда, немесе қандай да бір сұрақ туралы ақпараттың біздің есебімізде хабарлануы тиіс емес деген қорытындыға келетін сирек жағдайларда, біз бұл сұрақтарды сипаттап жазамыз. Себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың кері әсері оны хабарлаудан келетін қоғам үшін маңызды пайдадан асып кетеді деп негізді түрде болжауға болады.

Тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебін шығаруға негіз болған аудитті жүргізуге жауапты басшы – Пол Кон.

Ernst & Young LLP

Пол Кон
Аудит бойынша серіктес



Рустамжан Саттаров
Аудитор

2012 жылғы 6 қаңтарда берілген
№ МФ-0000060 аудитордың біліктілік
куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы
қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7, «Есентай
Тауэр» ғимараты
2019 жылғы 19 сәуір



Динара Малаева
«Эрнст энд Янг» ЖШС бас директорының
м.а.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің 2005 жылы 15 шілдедегі
сериясы МФЮ-2 № 0000003 Қазақстан
Республикасы аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға берген мемлекеттік
лицензиясы



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл қайта қаралды*	2017 жыл**
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	8	390.309.113	259.021.612
Материалдық емес активтер	9	176.542.542	15.592.544
Айналымнан тыс активтер үшін төленген авансы		765.088	39.678
Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар	10	77.669.224	69.246.140
Кейінге қалдырылған салық активтері	39	246.884	104.614
Шарт жасасу шығындары		1.037.984	–
Шартты орындау шығындары		107.539	–
Өзге де айналымнан тыс активтер	14	3.194.682	2.453.521
Өзге де айналымнан тыс активтер	13	9.649.734	9.457.306
		659.522.790	355.915.415

Айналым активтері			
Тауарлы-материалдық қорлар	15	8.402.436	3.014.872
Сауда дебиторлық берешек	16	52.173.348	32.094.228
Аванстық төлемдер	17	1.416.363	538.756
Өтейтін актив	5	10.913.899	–
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.849	7.269
Шарт жасасу шығындары		420.604	–
Шартты орындау шығындары		115.285	–
Өзге де айналым активтері	19	10.392.954	1.624.022
Өзге де қаржылық активтер	18	4.685.111	62.133.687
Ақша қаражаты және олардың баламалары	20	45.350.092	15.985.943
		133.871.941	115.398.777
Барлық актив		793.394.731	471.314.192

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл қайта қаралды*	2017 жыл**
Капитал және міндеттемелер			
Шығарылған акциялар	21	12.136.529	12.136.529
Меншікті сатып алынған акциялар	21	(6.464.374)	(6.464.374)
Шетелдік валютаны қайта есептеу резерві	21	(15.157)	(6.354)
Өзге де резервтер	21	1.820.479	1.820.479
Бөлінбеген пайда		373.429.312	351.621.657
		380.906.789	359.107.937
Бақыламайтын қатысу үлесі		33.934.146	–
Барлық капитал		414.840.935	359.107.937

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл қайта қаралды*	2017 жыл**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар: ұзақ мерзімді бөлігі	22	135.838.411	24.967.690
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	23	15.975.306	7.681.118
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық активтер	25	993.705	260.431
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	39	38.897.126	19.040.850
Жұмыскерлерді сыйақылау міндеттемелері	24	14.471.353	11.940.014
Артықшылықты акциялардың қарыздық құрамдасы	21	874.244	874.244
Шарт бойынша міндеттемелер	26	5.699.301	–
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	26	1.444.530	5.361.847
		214.193.976	70.126.194
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар: қысқа мерзімді бөлігі	22	57.614.129	2.357.864
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	23	6.754.019	3.920.719
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	28	18.853.954	13.356.061
Жұмыскерлерді сыйақылау міндеттемелерінің қысқа мерзімді бөлігі	24	1.334.417	992.170
Сауда кредиторлық берешек	27	42.147.405	13.506.545
Төленетін ағымдағы корпоративтік табыс салығы		3.319.656	91.891
Шарт бойынша міндеттемелер	29	12.667.725	–
Алынған аванстар		–	3.033.151
Шарт бұзылғаны үшін айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер	5	14.551.865	–
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	29	7.116.650	4.821.660
		164.359.820	42.080.061
Барлық міндеттемелер		378.553.796	112.206.255
Барлық капитал мен міндеттемелер		793.394.731	471.314.192

* Бұл бағандағы кейбір сома 2019 жылдың 15 наурызында бекітілген 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген түзетулерді көрсетеді және олар туралы жан-жақты ақпарат **4-ескертпеде** берілген.

** Топ кумулятивті әсер әдісін пайдалана отырып, ҚЕХС (IFRS) 15 және ҚЕХС (IFRS) 9 қолданды. Аталған әдіске сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (**3-ескертпе**).

Басқарма төрағасы

Қ.Б. Есекеев

Бас қаржы директоры

А.А. Өзбеков

Бас бухгалтер

Е.Ә. Сүлейманов

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл	2017 жыл*
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім	30	216.542.790	203.057.540
Ауылдық мекендерде әмбебап қызметтерді көрсету үшін өтемақы	31	6.183.581	7.167.685
		222.726.371	210.225.225
Сатудың өзіндік құны	32	(154.015.612)	(151.676.716)
Жалпы пайда		68.710.759	58.548.509
Жалпы және әкімшілік шығыстар	33	(23.311.666)	(21.452.350)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан залал	42	(3.907.083)	–
Сату шығыстары	34	(4.387.521)	(3.802.172)
Операциялық пайда		37.104.489	33.293.987
Қауымдастырылған ұйымдар пайдасындағы Топтың үлесі	10	7.860.084	1.098.368
Қаржыландыру шығыстары	36	(7.349.641)	(7.825.754)
Қаржыландыру кірістері	36	3.067.029	4.125.054
Валюта баптарын қайта бағалаудан таза кірістер/ (шығыстар)	37	10.591.474	(633.942)
Негізгі құралдарды істен шығару кірістері		321.632	311.074
Өзге де кірістер	38	4.358.724	4.427.650
Өзге де шығыстар	38	(1.962.895)	(1.859.771)
Салық салынғанға дейінгі пайда		53.990.896	32.936.666
Табыс салығы бойынша шығыстар	39	(11.107.580)	(8.218.845)
Есепті жыл пайдасы		42.883.316	24.717.821
Пайда:			
Бас компанияның меншік иелерінікі		43.067.365	24.717.821
Бақыламайтын қатысу үлестері		(184.049)	–

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл	2017 жыл *
Өзге жиынтық залал			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық залал (салықты шегергенде)</i>			
Шетелдік еншілес ұйымдардың есептілігін қайта есептеудегі бағамдық айырма		(8.803)	(4.397)
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жататын таза өзге де жиынтық залал		(8.803)	(4.397)
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық залал (салықты шегергенде)</i>			
Табыс салығын шегергендегі белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлы залалдар	24, 39	(2.512.956)	(5.037.715)
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жатпайтын таза өзге де жиынтық залал		(2.512.956)	(5.037.715)
Табыс салығын шегергендегі бір жыл үшін өзге де жиынтық залал		(2.521.759)	(5.042.112)
Табыс салығын шегергендегі бір жыл үшін барлық жиынтық кіріс		40.361.557	19.675.709
Мыналарға келетін:			
Бас компания меншік иелеріне		40.545.606	19.675.709
Бақыламайтын қатысу үлестері		(184.049)	–
		40.361.557	19.675.709
Акцияға пайда			
Бір жылдағы таза пайдаға қатысты базалық және көбейтілген, теңгемен	21	3.914,04	2.250,11

* Топ кумулятивті әсер әдісін пайдалана отырып, ҚЕХС (IFRS) 15 және ҚЕХС (IFRS) 9 алғаш рет қолданды. Бұл әдіске сәйкес салыстармалы ақпарат қайта есептелмейді (**3-ескертпе**).

Басқарма төрағасы

Бас қаржы директоры

Бас бухгалтер



Қ.Б.Есекеев

А.А.Өзбеков

Е.Ә.Сүлейманов

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Бас компанияның меншік иелеріне түседі							Барлық капитал
	Шығарылған акциялар	Меншікті сатып алынған акциялар	Шетел валютасын қайта есептеу резерві	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Бақыламайтын қатысу үлестері	
Ескертпе	21	21	21	21				
2017 жылғы 1 қаңтарға	12.136.529	(6.464.374)	(1.957)	1.820.479	336.306.933	343.797.610	–	343.797.610
Кезеңдегі таза пайда	–	–	–	–	24.717.821	24.717.821	–	24.717.821
Өзге де жиынтық залал	–	–	(4.397)	–	(5.037.715)	(5.042.112)	–	(5.042.112)
Барлық жиынтық кіріс	–	–	(4.397)	–	19.680.106	19.675.709	–	19.675.709
Дивидендтер (21-ескертпе)	–	–	–	–	(4.365.382)	(4.365.382)	–	(4.365.382)
2017 жылғы 31 желтоқсанға*	12.136.529	(6.464.374)	(6.354)	1.820.479	351.621.657	359.107.937	–	359.107.937
2018 жылғы 1 қаңтарға*	12.136.529	(6.464.374)	(6.354)	1.820.479	351.621.657	359.107.937	–	359.107.937
ҚХЕС (IFRS) 15 және ҚХЕС (IFRS) 9 қолдануға байланысты есеп саясатының өзгерістері (3-ескертпе)	–	–	–	–	(1.244.742)	(1.244.742)	–	(1.244.742)
2018 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелді)	12.136.529	(6.464.374)	(6.354)	1.820.479	350.376.915	357.863.195	–	357.863.195
Кезеңдегі таза пайда	–	–	–	–	43.067.365	43.067.365	(184.049)	42.883.316
Өзге де жиынтық залал	–	–	(8.803)	–	(2.512.956)	(2.521.759)	–	(2.521.759)
Барлық жиынтық кіріс	–	–	(8.803)	–	40.554.409	40.545.606	(184.049)	40.361.557
Дивидендтер (21-ескертпе)	–	–	–	–	(17.502.012)	(17.502.012)	–	(17.502.012)
Еншілес ұйымды сатып алу (5-ескертпе)	–	–	–	–	–	–	34.118.195	34.118.195
2018 жылғы 31 желтоқсанға	12.136.529	(6.464.374)	(15.157)	1.820.479	373.429.312	380.906.789	33.934.146	414.840.935

* Топ кумулятивті әсер әдісін пайдалана отырып, ҚХЕС (IFRS) 15 және ҚХЕС (IFRS) 9 алғаш рет қолданды. Бұл әдіске сәйкес салыстармалы ақпарат қайта есептелмейді (3-ескертпе).

Басқарма төрағасы

Бас қаржы директоры

Бас бухгалтер



Қ.Б.Есекеев

А.А.Өзбеков

Е.Ә.Сүлейманов

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл	2017 жыл*, **
Операциялық қызмет			
Есепті кезең үшін салық салынғанға дейінгі пайда		53.990.896	32.936.666
Мыналарға түзетулер:			
Негізгі құралдардың тозуы	32, 33	35.546.828	40.096.546
Материалдық емес активтердің тозуы	32, 33	3.329.003	3.054.440
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан залал	38	1.169.713	1.246.347
Болашақ кезең кірістеріндегі өзгерістер		–	2.639.160
Бағамдық айырмадан іске асырылмаған (кірістер)/залалдар		(6.405.452)	1.447.704
Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		126.551	(585.721)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан залал	33,42	3.907.083	882.403
Тауарлы-материалдық қор құнын өткізудің таза құнына дейін есептен шығару	33	30.673	13.729
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы Топ үлесі	10	(7.860.084)	(1.098.368)
Қаржыландыру бойынша шығыстарды есептеу	36	7.349.641	7.825.754
Қаржыландырудан түскен кірістерді есептеу	36	(3.067.029)	(4.125.054)
Негізгі құралдардың шығуынан кіріс		(321.632)	(311.074)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс		(5.602.091)	(7.940.071)
Тауарлы-материалдық қордағы өзгеріс		262.303	1.455.123
Өзге де айналым активтеріндегі өзгеріс		(4.152.583)	1.295.230
Берілген аванстардағы өзгеріс		888.909	(239.724)
Кредиторлық берешектегі өзгеріс		(318.020)	1.432.917
Шарт жасасу залалындағы және шартты орындаудағы залалдағы өзгеріс		(375.931)	–
Шарт бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		906.894	–
Алынған аванстардағы өзгеріс		–	198.045
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		283.619	1.274.880
Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі		79.689.291	81.498.932
Төленген табыс салығы		(11.211.037)	(9.129.857)
Төленген пайыздар	42	(3.788.368)	(7.923.012)
Алынған пайыздар		1.661.720	1.778.771
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		66.351.606	66.224.834
Инвестициялық қызмет			
Негізгі құралдарды сатып алу		(19.615.661)	(20.330.697)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2.875.572)	(652.798)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсімдер		1.534.246	696.344

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл	2017 жыл*, **
Еншілес ұйымды сатып алу, алынған ақша қаражатының шегерімімен	5	(158.819.914)	–
Депозиттерді орналастыру		(12.196.800)	(64.648.712)
Депозиттер бойынша қаражатты қайтару		74.525.196	49.519.792
Жабылған банк кепілдемесін шығару	18	(7.411.000)	–
Жұмыскерлерге ұзақ мерзімді қарыздар беру		(2.858.020)	(2.146.515)
Жұмыскерлерден қарыздың қайтарылуы		394.960	421.838
Қауымдастырылған ұйымдардан инвестициялар	10	(563.000)	(986.980)
Жабылған банк кепілдемесінің қаражатын қайтару	18	7.608.800	50
Қаржылық көмекті қайтару		–	2.000
«QazCloud» ЖШС еншілес ұйымындағы үлесті сатып алудан ақша қаражаты	6	–	30.170
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(120.276.765)	(38.095.508)

Мың теңгемен	Ескертпе	2018 жыл	2017 жыл*, **
Қаржылық қызмет			
Қарыздар алу	42	100.000.000	–
Қарыздарды өтеу	42	(2.029.593)	(28.009.799)
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	21	(16.996.235)	(4.299.346)
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	42	(3.697.239)	(3.162.706)
Қаржылық қызметтен алынған / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		77.276.933	(35.471.851)
Ақша қаражатына және оның баламаларына бағам айырмасының әсері		6.519.140	(992.474)
Күтілетін кредиттік залал резервіндегі өзгерістерден әсер	20	(506.765)	–
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза өзгерісі		29.364.149	(8.334.999)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары, 1 қаңтарға		15.985.943	24.320.942
Ақша қаражаттары және олардың баламалары, 31 желтоқсанға	20	45.350.092	15.985.943

* Топ кумулятивті әсер әдісін пайдалана отырып, ҚЕХС (IFRS) 15 және ҚЕХС (IFRS) 9 алғаш рет қолданылды. Бұл әдіске сәйкес салыстармалы ақпарат қайта есептелмейді (3-ескертпе).

** Бұл бағандағы кейбір сома 2017 жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігімен сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген түзетулерді көрсетеді және олар туралы жан-жақты ақпарат 4-ескертпеде берілген.

Елеулі ақшалай емес операцияларды ашу 40-ескертпеде берілген.

Басқарма төрағасы

Қ.Б.Есекеев

Бас қаржы директоры

А.А.Өзбеков

Бас бухгалтер

Е.Ә.Сүлейманов

Қоса беріліп отырған 145-шіден 267-ші парақтардағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – «Компания» немесе «Қазақтелеком») 1994 жылы маусымда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Компанияның тіркелген, орналасқан және қызметін жүзеге асыратын орны Қазақстан Республикасы болып табылады. Компанияның заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сауран көшесі, 12, Қазақстан Республикасы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияны Компания акцияларының 51% мөлшеріндегі бақылау пакеті меншігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» немесе «Бас компания») арқылы бақылайды. Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанға Компания акционерлерінің тізбесі беріліп отыр:

	2018 жылғы 31 желтоқсанға	2017 жылғы 31 желтоқсанға
Самұрық-Қазына	51,0%	51,0%
SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A.	24,5%	–
АДР (The Bank of New York – депозитарий)	9,2%	9,2%
«Алатау Капитал Инвест» ЖШС	3,7%	3,7%
«Бірыңғай жинақтау зейнетақы қоры» АҚ	3,4%	3,4%
Deran Investment B.V.	2,0%	2,0%
SOBRIO LIMITED	–	24,5%
өзгелері	6,2%	6,2%
	100%	100%

Компания телекоммуникация операторларына көрсетілетін трафикті беру, тәуелсіз телекоммуникация операторларына көрсетілетін ортақ пайдаланылатын телефон желісіне (бұдан әрі – «ОПТЖ») қосу, сондай-ақ ОПТЖ-ға қосылу үшін телекоммуникация операторларына бөлектелген телефон арналарын жалға беру бойынша қызметтер бөлігінде табиғи монополиялар тізіліміне қосылған.

Компания және оның 6-ескертпеде көрсетілген еншілес ұйымдары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») жергілікті, қалааралық және халықаралық, оның ішінде таяу және алыс шетелдермен байланыс қызметін қоса алғанда, тіркелген байланыс нарығының елеулі үлесіне ие; сондай-ақ байланыс арналарын жалға беру, деректер беру, сонымен қатар АТ қызметтері мен ақылы телевидение қызметтерін көрсетеді.

Компания басшылығы атынан Басқарма төрағасы 2019 жылғы 18 сәуірде Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін басып шығаруды мақұлдады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде басқаша көрсетілмесе, бастапқы құн бойынша бағалау қағида-тының негізінде дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») берілді және барлық сома, егер басқаша көрсетілмесе, бүтін мыңдықпен жуықталып дөңгелектенді.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептіліктерінен тұрады. Егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал ету мүмкіндігі болса, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ инвестициялар объектісін мынадай шарттар орындалса ғана бақылай алады:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктері болса (яғни инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін күшіндегі құқықтары);
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысудан ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшырау немесе осындай кірісті алу құқығы болса.
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал ету мүмкіндігі болса.

Негізінен дауыс беру құқығының көп болуы бақылауды қажет етеді. Мұны растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс құқығының басым бөлігі немесе осыған ұқсас құқығы болса, Топ барлық орынды фактілер мен жағдайларды осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің барлығын бағалау барысында ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс құқығына ие барлық тұлғамен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс беру құқықтары және әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Топ, егер бақылаудың бір немесе бірнеше құрамдасының өзгергені туралы фактілер мен жағдайларды көрсетіп тұрса, инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайталап талдайды. Еншілес компанияны шоғырландыру Топ еншілес компанияны бақылауға ие болғанда басталады және Топ еншілес компанияны бақылаудан айырылғанда тоқтатылады. Сатып алуы немесе шығып кетуі бір жыл ішінде орын алған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылау алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылауды жоғалтқан күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кірістің («ӨЖК») әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының акционерлеріне жатады және егер бұл бақылауда емес қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкелсе де, бақылауда емес қатысу үлестеріне жатады. Қажет жағдайда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осындай ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестікке келтіру үшін түзетіледі. Топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру барысында толықтай алынып тасталады.

Бақылауды жоғалтусыз еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту меншікті капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол меншікті капиталының тиісті активтерін (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерін, бақылауда емес қатысу үлестерін және меншікті капиталының басқа құрамдастарын тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамындағы туындаған пайда немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер

Топ ҚЕХС (IFRS) 15 және ҚЕХС (IFRS) 9 алғаш рет қолданды. Аталған қаржылық есептілік стандарттарын қолданумен байланысты өзгерістердің сипаты мен әсері төменде жазылған

2018 жылы сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпеген, стандарттар мен түсіндірмелерге кейбір басқа түзетулер алғаш рет. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар, түсіндірмелер немесе түзетулер мерзімінен бұрын қолданылмаған.

ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім»

ҚЕХС (IFRS) 15 заменяет ҚЕХС (IAS) 11 «Құрылыс шарттары», ҚЕХС (IAS) 18 «Түсім» және тиісті түсіндірмелер және шарттар басқа стандарттарды қолдану саласына қатысты жағдайларды қоспағанда сатып алушылармен шарттарға байланысты туындайтын түсімдердің барлық баптарына қатысты қолданылады.

Сатып алушылармен шарттарға байланысты туындайтын түсімді есепке алу үшін жаңа стандарт бес кезеңнен тұратын модельді көздейді. ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес түсім ұйым тауарлар немесе қызметтерді сатып алушыға беруге ауыстырып алуды күтетін құқықты өтеуді көрсететін сомада танылады.

ҚЕХС (IFRS) 15 ұйымдар пайымды қолдануын және сатып алушылармен шарттарға қатысты модельдің әр кезеңін қолдану кезіндегі барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескеруін талап етеді. Стандарт сондай-ақ шартты жасауға қосымша шығындарды және шартты орындауға тікелей байланысты шығындарды есепке алуға қойылатын талаптарды қамтиды. Сонымен қатар стандарт үлкен көлемдегі ақпаратты ашуды талап етеді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS)(жалғасы)

Топ 15 ҚЕХС (IFRS) өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бастапқы қолдану күніне орындалған болып табылмайтын барлық шарт бойынша түрленген ретроспективті әдісті пайдалана отырып қолданды.

Қаржылық есептіліктің әр негізгі нысаны бойынша салыстырмалы ақпарат 11 ҚЕХС (IAS), 18 ҚЕХС (IAS) талаптарына сәйкес және тиісті түсіндірмелермен ұсынылды.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайданың бастапқы сальдосын кумулятивті түзету 2018 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Осы түзету туралы ақпарат мынадай түрде ашылады:

Мың теңгемен		Түзетулер
Айналымнан тыс активтер		
Шартты жасасу шығындары	(г)	649.182
Шартты орындау шығындары	(б)	61.515
Барлық айналымнан тыс актив		710.697
Айналымдағы активтер		
Шартты жасасу шығындары	(г)	420.604
Шартты орындау шығындары	(б)	174.180
Барлық айналымдағы актив		594.784
Барлық актив		1.305.481
Капитал		
Бөлінбеген пайда	(б), (в), (г)	731.690
Барлық капитал		731.690
Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(б), (г)	261.096
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	(в)	(5.215.862)
Шарт бойынша міндеттемелер	(в)	5.360.104
Барлық ұзақ мерзімді міндеттеме		405.338
Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	(в)	(1.207.937)
Алынған аванстар	(в)	(3.033.151)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Мың теңгемен		Түзетулер
Шарт бойынша міндеттемелер	(в)	4.409.541
Барлық қысқа мерзімді міндеттеме		168.453
Барлық міндеттеме		573.791

Топтың қызметі негізінен деректер беру, жергілікті, қалааралық және халықаралық қоңыраулар бойынша қызметтерді, желіаралық қосылыстарды ұсынумен/басқа операторларға трафикті берумен және байланыс арналарын берумен байланысты.

(а) Қызметтерді көрсету

Желіаралық қосылысты орнату үшін жергілікті және шетелдік операторлардың төлемі өңделетін трафиктің нақыт минут санын ескере отырып, қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

Ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және бөгде операторлардың абоненттерімен қосылыс қызметтерінен кірістер Топтың желісі бойынша қоңырау шалуды жасау кезінде танылады.

Кеңжолақты және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қатынау үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе тегіс кіріс ретінде танылады. Интернетке коммутацияланған қатынаудан түсетін кіріс клиенттерге ұсынылатын нақты эфир уақытының негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кірістер, сондай-ақ көтерме қатынаудан кірістер уақыт ішінде кіріс ретінде танылады, өйткені сатып алушы бір уақытта шарт бойынша Топ өз міндеттерін орындау барысында пайданы алады және тұтынады.

Тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне жаңа абоненттерді қосу кезінде алынатын өтелмейтін аванстық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастардың күтілетін кезеңі ішінде танылады. Клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі алдыңғы қатынастың тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

Сатып алушылармен шарттарға 15 ҚЕХС (IFRS) қолдану төмендегі (б), (в) және (г) ескертпелерінде сипатталған тармақтарды қоспағанда, Топтың кірістері мен шығыстарына елеулі әсер етпеді.

(б) Шартты орындау шығындары

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді және модемдерді, роутерлер мен тағы басқаларды қоса алғанда, осы қызметтерді көрсету үшін жабдықтарды ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштердің талдауын негізге ала отырып, Топтың қызметтерінен бөлек абонент пайдалана алмайтын жабдық орындауға бөлек сәйкестендірілетін міндеттеме болып табылмайды деген қорытындыға келді.

15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес Топ шартты орындау шығыны ретінде тегін ұсынылатын жабдықтың құнын капиталдандырды және оның сомасы бөлінбеген пайда құрамында танылды. Шартты орындау шығындары клиентке қызметтерді көрсету кезеңі ішінде амортизацияланады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS)(жалғасы)

(б) Шартты орындау шығындары (жалғасы)

15 ҚЕХС-ға (IFRS) көшу күніндегі жағдай бойынша (2018 жылғы 1 қаңтар) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің деректері қайта есептелді, нәтижесінде 174.180 мың теңге және 61.515 мың теңге мөлшерінде шартты орындау шығындары қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып танылды, сәйкесінше, 47.139 мың теңге сомаға кейінге қалдырылған салық міндеттемелері артты және 188.556 мың теңгеге бөлінбеген пайда артты.

(в) Клиенттерден алынған аванстар

Топ халықаралық желіге қосылуды белсенді ету үшін ұзақ мерзімді аванстарды да алады. 15 ҚЕХС (IFRS) қолданғанға дейін Топ мұндай аванстық төлемдерді кейінге қалдырылған түсім ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетті. Ұзақ мерзімді аванстық төлемдерге қатысты бұдан бұрын қолданыстағы есептік саясатқа сәйкес пайыз есептелмеді. Топ осы шарттар қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрады деген қорытындыға келді. 15 ҚЕХС (IFRS) қолдану нәтижесінде Топ сомасы бөлінбеген пайданың құрамында танылған қаржыландырудың елеулі компонентінен тұратын шарттар бойынша сатып алушылардан алған аванстық төлемдер бойынша пайыздарға қатысты шарт бойынша міндеттемені таныды. Мұнымен қатар Топ сатып алушылардан алған аванстық төлемдердің қалдығын шарт бойынша міндеттемелер құрамында кейінге қалдырылған түсім құрамынан қайта жіктеді.

15 ҚЕХС-ға (IFRS) көшу күніндегі жағдай бойынша (2018 жылғы 1 қаңтар) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің деректері қайта есептелді, нәтижесінде мынадай өзгерістер жасалды: сәйкесінше, 4.409.541 мың теңге және 5.360.104 мың теңге сомаға шарт бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы артты; сәйкесінше, 1.207.937 мың теңге және 5.215.862 мың теңге сомаға басқа да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер сомасы азайтылды; 3.033.151 мың теңге сомаға алынған аванстар азайтылды және 312.695 мың теңгеге бөлінбеген пайда азайтылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

(г) Шартты жасасу шығындары

Топ В2С сегментінде жаңадан қосқан абоненттер үшін сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы төлейді. Бұдан бұрын қолданыста болған есептік саясатқа сәйкес сату жөніндегі агенттерге төленген комиссиялық сыйақы кезең шығыстары болып танылды. Егер Топ шартты жасасудың қосымша шығындары өтелетінін күтсе, 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес Топ мұндай шығындарды активтер ретінде таниды.

Егер шарт жасалмаса, сату жөніндегі агенттерге төленген комиссиялық сыйақы келтірілмеген қосымша шығындарды білдіреді. 15 ҚЕХС (IFRS) қолдану нәтижесінде Топ сату жөніндегі агенттерге төленген шығындарды капиталдандырды.

15 ҚЕХС-ға (IFRS) көшу күніндегі жағдай бойынша (2018 жылғы 1 қаңтар) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің деректері қайта есептелді, нәтижесінде шартты жасасуға қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді шығындар 420.604 мың теңге және 649.182 мың теңге мөлшерінде танылды, сәйкесінше, 213.957 мың теңге сомаға кейінге қалдырылған салық міндеттемелері артты және 855.829 мың теңгеге бөлінбеген пайда артты.

(д) Ақпаратты ұсыну мен ашуға қойылатын талаптар

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің талаптарына сәйкес Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша танылған түсім туралы ақпаратты экономикалық факторлар түсім мен ақша ағындарының сипатына, мерзімі мен туындау белгісіздігіне қалай ықпал ететінін көрсететін санаттар бойынша талдап ашты. Толық түсім туралы ақпаратты ашу 30-ескертпеде берілген.

(е) Есептік саясатқа ықпал ету

Кестелерде 2018 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне 15 ҚЕХС (IFRS) қолданудың ықпалы ұсынылған:

Мың теңгемен	Есептік саясатқа өзгерістердің ықпалы		
	Есептілікте қалай ұсынылған	Түзетулер	15 ҚЕХС (IFRS) нәтижелерінің есебінсіз баланс
2018 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп			
Айналымнан тыс активтер			
Шартты жасасу шығындары	1.037.984	(1.037.984)	–
Шартты орындау шығындары	107.539	(107.539)	–
Барлық айналымнан тыс актив	659.522.790	(1.145.523)	658.377.267
Айналымдағы активтер			
Шартты жасасу шығындары	420.604	(420.604)	–
Шартты орындау шығындары	115.285	(115.285)	–
Барлық айналымдағы актив	133.871.941	(535.889)	133.336.052
Барлық актив	793.394.731	(1.681.412)	791.713.319



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS)(жалғасы)

(е) Есептік саясатқа ықпал ету (жалғасы)

Мың теңгемен	Есептік саясатқа өзгерістердің ықпалы		
	Есептілікте қалай ұсынылған	Түзетулер	15 ҚЕХС (IFRS) нәтижелерінің есебінсіз баланс
Капитал			
Бөлінбеген пайда	373.429.312	(1.785.446)	371.643.866
Барлық капитал	414.840.935	(1.785.446)	413.055.489
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	38.897.126	(336.282)	38.560.844
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	1.444.530	5.555.059	6.999.589
Шарт бойынша міндеттемелер	5.699.301	(5.699.301)	–
Барлық ұзақ мерзімді міндеттеме	214.193.976	(480.524)	213.713.452
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	7.116.650	1.937.069	9.053.719
Алынған аванстар	–	10.734.219	10.734.219
Шарт бойынша міндеттемелер	12.667.725	(12.086.730)	580.995
Барлық қысқа мерзімді міндеттеме	164.359.820	584.558	164.944.378
Барлық капитал мен міндеттеме	793.394.731	(1.681.412)	791.713.319

Мың теңгемен	Есептік саясатқа өзгерістердің ықпалы		
	Есептілікте қалай ұсынылған	Түзетулер	15 ҚЕХС (IFRS) нәтижелерінің есебінсіз баланс
2018 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	222.726.371	(377.569)	222.348.802
Өткізудің өзіндік құны	(154.015.612)	174.180	(153.841.432)
Өткізу бойынша шығыстар	(4.387.521)	(161.309)	(4.548.830)
Расходы по финансированию	(7.349.641)	549.585	(6.800.056)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Мың теңгемен	Есептік саясатқа өзгерістердің ықпалы		
	Есептілікте қалай ұсынылған	Түзетулер	15 ҚЕХС (IFRS) нәтижелерінің есебінсіз баланс
Есепті кезеңге салық салынғанға дейінгі пайда	53.990.896	184.887	54.175.783
Табыс салығы бойынша шығыстар	(11.107.580)	(2.574)	(11.110.154)
Есепті кезеңге пайда	42.883.316	182.313	43.065.629

Мың теңгемен	Есептік саясатқа өзгерістердің ықпалы		
	Есептілікте қалай ұсынылған	Түзетулер	15 ҚЕХС (IFRS) нәтижелерінің есебінсіз баланс
2018 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп			
Операциялық қызмет			
Салық салынғанға дейінгі пайда	53.990.896	184.887	54.175.783
Мынаған түзету:			
Қаржыландыру бойынша шығыстарды есептеу	(7.349.641)	549.585	(6.800.056)
Айналым капиталын түзету			
Шартты жасасу шығындары мен шартты орындау шығындарындағы өзгеріс	375.931	(375.931)	–
Шарт бойынша міндеттемелердегі өзгеріс	906.894	(906.894)	–
Алған аванстардағы өзгеріс	–	7.701.068	7.701.068
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс	283.619	(6.794.174)	(6.510.555)
Операциялық қызметтен алған таза ақша ағындары	66.351.606	–	66.351.606

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS)

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) алмастырады. 9 ҚЕХС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 9 ҚЕХС (IFRS) қаржы құралдарын есептеудің үш аспектісін: жіктеме және бағалау, құнсыздану және хеджерлеу есебін біріктіреді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

Хеджерлеу есебін қоспағанда, стандарт 2018 жылғы 1 қаңтар бастапқы қолдану күнімен ретроспективті түрде қолданылады. Топ басшылығы 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеу туралы шешім қабылдады, демек:

- қаржылық есептіліктің әрбір негізгі нысаны бойынша салыстырмалы ақпарат 39 ҚЕХС-дағы (IAS) жіктеу мен бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылады;
- 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайданың бастапқы сальдосын түзету 2018 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте танылды. Осы түзету туралы ақпарат мынадай түрде ашылып көрсетілді:

Мың теңгемен	Түзетулер	
Айналымнан тыс активтер		
Басқа да қаржылық айналымнан тыс активтер	(б)	(311.627)
Барлық айналымнан тыс актив		(311.627)
Айналымдағы активтер		
Сауда дебиторлық берешек	(б)	(870.289)
Ақша қаражаты мен оның баламалары	(б)	(20.240)
Басқа қаржылық айналым активтері	(б)	(278.727)
Барлық айналымдағы актив		(1.169.256)
Барлық актив		(1.480.883)
Капитал		
Бөлінбеген пайда	(a), (б)	(1.976.432)
Барлық капитал		(1.976.432)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(б)	(204.630)
Басқа ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	(a)	700.179
Барлық ұзақ мерзімді міндеттеме		495.549

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9 ҚЕХС-ға (IFRS) өтуден бөлінбеген пайдаға ықпал мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	Бөлінбеген пайда
Бөлінбеген пайда	
39 ҚЕХС (IAS) сәйкес түпкілікті баланс (2017 жылғы 31 желтоқсан)	351.621.657
9 ҚЕХС (IFRS) бойынша болжалды кредиттік залалдарды тану	(2.181.062)
Жоғарыда көрсетілгенге қатысты кейінге қалдырылған салық	204.630
9 ҚЕХС сәйкес қайта есептелген баланс (2018 жылғы 1 қаңтар)	349.645.225
9 ҚЕХС-ға өту есебінен капиталдағы барлық өзгеріс	(1.976.432)

(а) Жіктеу және бағалау

9 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес Топ ең алдымен пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша емес, мәміле бойынша шығындар сомасына бағаланатын қаржылық активтер жағдайында ұлғайған әділ құны бойынша қаржылық активтерді бағалайды. 9 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес борыштық қаржы құралдары нәтижесінде пайда немесе залал (ССЧПУ) арқылы әділ құны бойынша, амортизациялық құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс (ССЧПСД) арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Жіктеу екі критерийге байланысты: қаржылық активтерді басқару үшін Топ пайдаланатын бизнес-модельдер; шартта көзделген қаржы құралдары бойынша ақша ағындары «борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер ғана» болып табыла ма?

Жаңа талаптарға сәйкес Топ борыштық қаржы активтерін мынадай түрде жіктейді және бағалайды:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар – борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер болып қана табылатын, шартта көзделген ақшалай ағындарды алу үшін міндеті қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтер үшін. Топ осы санатқа сауда және өзге де дебиторлық берешекті, сондай-ақ қаржылық институттардағы қаражатты (банк депозиттерін, ақшалай қаражат пен оның баламалары) қосады.

Топтың пайда мен залал және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері жоқ.

Топ бастапқы танылған сома және болжалды кредиттік залалдарға көзделген резерв сомасы бойынша бастапқы танығаннан кейін қаржылық кепіл шартын ескереді. Нәтижесінде Топ 2018 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген пайданың қалдығын және 700.179 мың теңге сомаға басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелерді түзетті.

Топтың бизнес-модельдерін бағалау бастапқы қолдану күні, 2018 жылғы 1 қаңтарда жүзеге асырылды, содан кейін 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тануы тоқтатылмаған қаржылық активтерге ретроспективті қолданылды. Шартта көзделген қаржылық құралдар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдер болып қана табылады ма деген талдау осы активтерді бастапқы тану кезінде қолданыста болған фактілер мен міндеттемелердің негізінде жүзеге асырылды.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

(б) Құнсыздану

9 ҚЕХС (IFRS) қолдану қаржылық активтер бойынша құнсызданудан болған залалға қатысты Топ қолданатын есепке алу тәртібін түбегейлі өзгертті. 39 ҚЕХС-да (IAS) қолданылатын және тартқан залалдарға негізделген әдіс болжалды күтілетін кредиттік залалдар моделіне (ОКУ) ауыстырылды.

9 ҚЕХС (IFRS) Топтың пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық қарыз бен басқа да борыштық қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалмен бағалау резервін көрсетуді талап етеді.

Болжалды кредиттік залалдар шартқа сәйкес Топқа тиесілі ақша ағындары мен Топтың алуы күтіліп отырған барлық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде есептеледі. Алмай қалу кейіннен осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең мөлшерлеме бойынша дисконтталады.

Топ сауда мен өзге де дебиторлық берешекке қатысты стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және барлық қолданыс кезеңі үшін болжалды кредиттік залалдарды есептеді. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық шарттар үшін арнайы болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындауы бойынша өзінің өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын қолданды.

Топ амортизациялық құны бойынша көрсетілетін ұзақ мерзімді банк депозиттері мен өзге де қаржылық активтер бойынша жалпы амал-тәсілді қолданды.

Топ қысқа мерзімді банк депозиттері, ақша қаражаты мен оның баламалары үшін кредиттік тәуекелді банктер мен қаржы мекемелерінің кредиттік рейтингілерінің негізінде төмен деп бағалады.

Егер шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деп есептейді. Бірақ жекелеген жағдайларда Топ, егер ішкі және сыртқы ақпарат Топ ұстайтын кредиттік сапаны көтеру механизмдерін ескермей, шарт бойынша көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын Топ алатыны екіталай екенін көрсетсе, қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға да келеді.

Болжалды кредиттік залалдарға қатысты 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарын қолдану Топты борыштық қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған бағалау резервтерінің артуына әкеп соқты. Осы артудың нәтижесінде капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайданың сомасы тиісінше түзетілді. Түзету нәтижесі мынадай: дебиторлық берешектің, ақша қаражаты мен оның баламаларының, басқа да айналым және айналымнан тыс қаржылық активтердің, кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен бөлінбеген пайданың төменде-

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

үі сәйкесінше, 870.289 мың теңге, 20.240 мың теңге, 278.727 мың теңге, 311.627 мың теңге, 204.630 мың теңге және 1.276.253 мың теңге.

Мұнымен қатар Топ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жыл үшін жиынтық кіріс туралы өзінің шоғырландырылған есепте қаржылық активтердің құнсыздануынан болған залалы бөлек ұсынды.

22 «Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемді жасау немесе алу нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені тануды тоқтату кезінде тиісті активті, шығысты немесе кірісті (немесе оның бір бөлігін) бастапқы тану кезінде пайдаланылуы тиіс айырбастау бағамын анықтау мақсатында операция күні алдын ала төлемді жасау немесе алу нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені ұйым бастапқы танитын күн болып табылатыны түсіндіріледі. Ұйым алдын ала төлемді жасаудың немесе алудың бірнеше операциясы жағдайында әр төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін анықтау керек. Бұл түсіндіру шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпал етпейді.

40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер

Түзетулер ұйымның салу немесе дамыту барысындағы жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе санатынан ауыстыру керектігін түсіндіреді. Түзетулерде жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келуі басталатын немесе тоқтайтын жағдайда және оны пайдалану сипатының өзгеруіне растау болғанда, пайдалану сипатының өзгеруі болатыны көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниетінің өзгеруі оны пайдалану сипатын өзгертуге растау бола алмайды. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпал етпейді.

2 «Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер

ҚЕХС жөніндегі кеңес 2 «Акциялар негізіндегі төлемдер» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді шығарды, онда үш негізгі аспект қаралады: ақша қаражатының есептеулері бар акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарына көшу шарттарының ықпалы; қаржы көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негізге есептеулер шарты бар акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізінде төлемдер бойынша операция шарттарының өзгерісін есепке алу, осының нәтижесінде операция ақша қаражатының есептеулері бар операция ретінде жіктелуін тоқтатады және ақша қаражатының есептеулері бар операция ретінде емес, үлестік құралдардың есептеулері бар операция ретінде жіктелуді бастайды. Түзетулерді алғашқы қабылдау кезінде ұйымдар өткен кезеңдер үшін ақпаратты қайта санауға міндетті емес, бірақ барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолданған және басқа критерийлерді сақтаған жағдайда ретроспективті қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпал етпейді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

4 «4 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) орнына 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) қолдану» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер

Бұл түзетулер 4 ҚЕХС (IFRS) алмастыратын 17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) енгізгенге дейін 9 ҚЕХС (IFRS) қаржы құралдары бойынша жаңа стандартты қолдануға байланысты туындайтын проблемаларды жояды. Түзетулер сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді: 9 ҚЕХС (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Бұл түзетулер Топқа қолданылмайды.

28 «Қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» ҚЕХС (IAS) – инвестиция объектілерін пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағалау бойынша шешім әр инвестиция үшін бөлек қабылдануы керектігі туралы түсіндіру

Түзетулер венчурлік инвестицияларда мамандандып жүрген ұйым немесе басқа ұқсас ұйым пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды бағалау шешімін қабылдай алатынын түсіндіреді. Мұндай шешім бастапқы тану кезінде әр инвестиция үшін бөлек қабылданады. Егер өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын ұйымның инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымдарда немесе бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесі болса, онда мұндай ұйым үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде инвестициялық ұйымдар болып табылатын оның қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қолданатын әділ құны бойынша бағаны еншілес ұйымдардағы өзінің меншікті қатысу үлестеріне сақтауды шеше алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйымдар болып табылатын әрбір қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға бөлек мына күндердің ең соңғы күні қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымды немесе бірлескен кәсіпорынды бастапқы тану күні; (б) қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымдар болатын күн; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымдар болатын күн. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғаш қолдану» – ҚЕХС алғаш қолданып отырған ұйымдар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою» ҚЕХС-ға түзетулер (IFRS)

1 ҚЕХС (IFRS) E3-E7 тармақтарында көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, өйткені олар өзінің міндетін орындады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Топтың қаржылық есептілігі шыққан күніне дейін күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ бұл стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануды көздеп отыр.

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS)

16 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылған болатын және 17 «Жалдау» ҚЕХС (IAS), 4 «Келісімде жалдау белгілерінің болуын анықтау» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіруін, 15 «Операциялық жалдау – ынталар» ТТК (SIC) түсіндіруін және 27 «Жалдаудың заңдық нысанына ие операциялар мәнін анықтау» ТТК (SIC) алмастырады. 16 ҚЕХС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді және жалгерлер қаржылық жалдау үшін 17 ҚЕХС-да (IAS) көзделген есепке алу тәртібіне ұқсас баланстағы бірыңғай есепке алу моделін пайдалана отырып, барлық жалдау шартын көрсетуді талап етеді. Стандарт жалгерлер үшін танудан екі босатуды көздейді – құны төмен активтерді жалдауға қатысты (мысалы, дербес компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдау (яғни 12 айдан аспайтын мерзіммен жалдау).

Жалдауды бастау күнінен жалгер жалгерлік төлемдерге қатысты міндеттемені (яғни жалдау бойынша міндеттемені), сондай-ақ жалдау мерзімі ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы түріндегі актив) таниды. Жалгерлер жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы түріндегі активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек тануға міндетті болады.

Сондай-ақ жалгерлер белгілі бір оқиға болғанда (мысалы, жалдау мерзімі өзгергенде, жалгерлік төлемдерді анықтау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде болашақтағы жалгерлік төлемдер өзгергенде), жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалайтын болады. Көп жағдайда жалгер жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалау сомасын пайдалану құқығы нысаны бойынша активті түзету ретінде ескеретін болады.

Қазіргі уақытта қолданыстағы 17 ҚЕХС (IAS) талаптарымен салыстырғанда 16 ҚЕХС (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есептеу тәртібі өзгермейді. Жалға берушілер 17 ҚЕХС-дағыдай (IAS) жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып және жалдаудың екі түрін бөле отырып (операциялық және қаржылық), жалдауды жіктеуді одан әрі жалғастыратын болады.

16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді, 17 ҚЕХС-мен (IAS) салыстырғанда жалға берушілер мен жалгерлерден үлкен көлемді ақпаратты ашуды талап етеді.

Топ түрленген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып, 16 ҚЕХС (IFRS) қолдануды жоспарлап отыр. Мұндай тәсілде өткен кезеңдер үшін қаржылық ақпарат қайта есептелмейді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

Жалдау бойынша міндеттемелер және пайдалану құқығы нысанындағы активтер бөлінбеген пайда көрсетілген тиісті нәтижесі бар 16 ҚЕХС-ға (IFRS) көшу күніне танылатын болады. Түрлендірілген ретроспективті амал-тәсіл көшу күніне қосымша қарыз алу мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау бойынша дисконтталған міндеттемелерді тануды көздейді және Топқа активтерді пайдалану құқығы нысанында қалай бағалау керектігін таңдауға мүмкіндік береді:

- 16 ҚЕХС (IFRS) әрдайым қолданылса, сомаға;
- жалдау бойынша міндеттемеге тең сомаға (есептеулер мен алдын ала төлемді ескере отырып).

Топ 17 ҚЕХС (IAS) мен 4 ХҚЕТК (IFRIC) сәйкес бұдан бұрын жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілген шарттарға 16 ҚЕХС (IFRS) қолдануды жоспарлап отыр. Осылайша, Топ 17 ҚЕХС (IAS) мен 4 ХҚЕТК (IFRIC) сәйкес бұдан бұрын жалдау белгілері бар ретінде сәйкестендірілмеген шарттарға стандартты қолданбайтын болады.

Топ бастапқы қолдану күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын жалдау шарттарына қатысты стандартта көзделген босатуларды, сондай базалық активті төменгі құнға ие жалдау шарттарын пайдалану туралы шешім қабылдады.

2018 жылы Топ 16 ҚЕХС (IFRS) ықпалына алдын ала талдау жүргізді. 16 ҚЕХС (IFRS) қолданудың жалпы болжалды ықпалы мынадай түрде ұсынылды: пайдалану құқығы нысанындағы активтердің 25-30 млрд теңге сомаға артуы, жалдау бойынша міндеттемелердің артуы 26-32 млрд теңге және бөлінбеген пайданың тиісінше азаюы. Осы ескертпеде ашылған сан бойынша ақпарат 2019 жылы өзгеруі мүмкін.

17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS)

2017 жылдың мамыр айында ҚЕХС жөніндегі кеңес сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа, жан-жақты қамтылған стандарты 17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) шығарды. Ол тану мен бағалау, ақпаратты ұсыну мен ашу мәселелерін қарастырады. 17 ҚЕХС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) алмастыратын болады. 17 ҚЕХС (IFRS) оларды шығаратын ұйым түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады.

Қолдану саласынан бірнеше ерекшелігі бар. 17 ҚЕХС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін анағұрлым тиімді және бірізді болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсынудан тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17 ҚЕХС (IFRS) алдыңғы жергілікті есеп саясаттарына негізделетін 4 ҚЕХС (IFRS) талаптарынан ерекшелігі есепке алудың барлық орынды аспектісін қамти отырып, сақтандыру шарттарының жан-жақты есепке алу моделін ұсынады. 17 ҚЕХС (IFRS) негізінде мыналармен толықтырылған жалпы модель бар:

- Тікелей қатысу талаптары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сый-ақылау әдісі).
- Негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін жеңілдетілген амал-тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі амал-тәсіл).

17 ҚЕХС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі. Ұйым 17 ҚЕХС (IFRS) алғашқы қолдану күніне немесе оған дейін 9 ҚЕХС (IFRS) пен 15 ҚЕХС (IFRS) да қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты екіұштылық» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру 12 ҚЕХС (IAS) қолдануға ықпал ететін салық түсіндірмелерінің екіұштылығы болатын пайдаға салынатын салықты есептеу тәртібін қарастырады. Түсіндіру 12 ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жатпайтын салыққа немесе алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ екіұшты салық түсіндірмелерімен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптардан тұрмайды. Атап айтқанда, түсіндіру мынадай мәселелерді қарастырады:

- ұйым екіұшты салық түсіндірмелерін бөлек қарастыра ма;
- салық органдарының салық түсіндірмелерін тексеруіне қатысты ұйым жасайтын қателіктер;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және салық мөлшерлемелерін қалай анықтайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгерісін қалай қарайды.

Ұйым әрбір екіұшты салық түсіндірмесін бір немесе бірнеше басқа екіұшты салық түсіндірмелерімен бірге немесе бөлек қарайтынын шешу керек. Екіұштылықты шешу нәтижесін айқын дәлдікпен алдын ала айтуға мүмкіндік беретін амал-тәсілді пайдалану керек. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл түсіндіру Топқа қолданылмайды.

9 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер – «Орнын әлеуетті теріс толтыру арқылы мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттар»

9 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес борыштық құрал амортизациялық құн немесе шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер болып қана табылады» деген талаптармен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалануы мүмкін (SPPI критерийі) және құрал осындай жіктеуге мүмкіндік беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады. 9 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер қаржылық актив қандай жағдай немесе оқиға шартты мерзімінен бұрын бұзуға алып келетініне қарамастан, сондай-ақ қандай тарап төлейтініне немесе шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізді өтеуді алатынына қарамастан, SPPI критерийін қанағаттандырады.

Бұл түзетулер ретроспективті қолданылады және 2019 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

«Инвестор және оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында мәмілелерде активтерді сату немесе енгізу» 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер

Түзетулер 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) арасында қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын еншілес ұйымға бақылауды жоғалту бөлігіндегі қайшылықтарды қарастырады немесе оларға енгізіледі. Түзетулер 3 ҚЕХС (IFRS) анықтама бойынша бизнесті білдіретін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалды түсіндіреді, инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәміледе толық көлемде танылады. Алайда бизнесті білдірмейтін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал қауымдастырылған ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында инвесторлар ұйымдастырғаннан гөрі басқаларда бар қатысу үлестері шегінде ғана танылады. ҚЕХС жөніндегі кеңес осы түзетулердің күшіне ену күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, алайда осы түзетулерді қолданатын ұйым оларды перспективалы түрде мерзімінен бұрын қолдану керек. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

19 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер – «Бағдарламаға өзгерістер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»

19 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер есепке алу тәртібін бағдарламаға өзгерістер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу есепті кезең ішінде болатын жағдайда қарастырады. Түзетулер бағдарламаға өзгерістер енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу есепті кезең ішінде болса, ұйым:

- белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған, бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыны көрсететін актуарлық жорамалдардан шыға отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізгеннен кейін, оны қысқартқаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтегеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қолданылатын ағымдағы кезеңнің қызметтер құнын және осы оқиғадан кейінгі бағдарламаның активтерін анықтау керек;
- бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыны көрсететін белгіленген төлемдері бар таза міндеттемені (активті) пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізгеннен кейін, оны қысқартқаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтегеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қолданылатын пайыздардың таза шамасын және осы оқиғадан кейінгі бағдарламаның активтерін және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін анықтау керек.

Сондай-ақ түзетулер ұйым басында өткен кезеңдердің қызметтер құнын немесе активтің шекті шамасын ескермей, міндеттемелерді өтеуден болған пайданы немесе залалды анықтау керек екенін түсіндіреді. Бұл сома пайда немесе залал құрамында танылады. Содан кейін ұйым бағдарламаға өзгерістер енгізгеннен кейін, оны қысқартқаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтегеннен кейін активтердің шекті шамасының ықпалын анықтау қажет. Пайыздардың таза шамасына қосылған соманы қоспағанда, осы ықпалдың өзгерісі басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады.

Бұл түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтарда басталатын бірінші жылдық есептік кезең күнінде немесе одан кейін немесе осы күннен кейін болған бағдарламаның өзгерістеріне, оның қысқартылуына немесе

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

бағдарлама бойынша міндеттемелерді толық өтегенге қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

28 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер – «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» (жалғасы)

Түзетулер ұйым 9 ҚЕХС (IFRS) үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен ұйымға (ұзақ мерзімді салымдар) таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен ұйымға ұзақ мерзімді салымдарға қолданатынын түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ҚЕХС-дағы (IFRS) күтілетін кредиттік залалдардың моделі қолданылатынын көздейді.

Түзетулерде 9 ҚЕХС (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен ұйым тартқан залалды не 28 ҚЕХС (IAS) «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» қолдану нәтижесінде туындайтын қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен ұйымға таза инвестицияның түзетуі ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалды назарға алуды қабылдамайтынын да түсіндіріледі.

Бұл түзетулер ретроспективті қолданылады және 2019 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қолданылмайды.

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2015–2017 жылдардағы кезең (2017 жылдың желтоқсанында шығарылды)

Бұл жетілдіру мына түзетулерді қамтиды:

3 «Бизнесті біріктіру» ҚЕХС (IFRS)

Түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау жасауды ұйым алғанда, ұйым әділ құны бойынша бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі бұдан бұрын бар қатысу үлестерін қайта бағалауды қоса алғанда, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын бизнесті біріктіруге қатысты талаптарды қолданатынын түсіндіреді. Бұл ретте сатып алушы бірлескен операциялардағы өзінің бұдан бұрын бар барлық қатысу үлесін қайта бағалау керек.

Ұйым осы түзетулерді бизнесті біріктіруге қатысты қолдану керек, олардың күні 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезеңнің басталуымен сәйкес келеді немесе содан кейін басталады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қолданылмайды.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2015–2017 жылдардағы кезең (2017 жылдың желтоқсанында шығарылды) (жалғасы)

11 «Бірлескен кәсіпкерлік» ҚЕХС (IFRS)

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ оған бірлескен бақылау жасай алмайтын тарап бұл термин 3 ҚЕХС-да (IFRS) анықталғандай, бірлескен операциялар аясындағы қызметі бизнесті білдіретін бірлескен операцияларға бірлескен бақылау жасауды ала алады. Түзетулерде мұндай жағдайларда осы бірлескен операциядағы бұдан бұрын бар қатысу үлесі қайта бағаланбайтыны түсіндіріледі.

Ұйым осы түзетулерді бірлескен бақылауды алатын мәмілелерге қатысты қолдану керек және олардың күні 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезеңнің басталуымен сәйкес келеді немесе содан кейін басталады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерТопқа қолданылмайды.

12 «Пайдаға салынатын салық» ҚЕХС (IAS)

Түзетулер дивидендтерге қатысты салықтың салдары иегерлердің арасындағы бөлулерінен гөрі, бөлінетін пайданы өндірген өткен операцияларға немесе оқиғаларға байланысты екенін түсіндіреді. Демек, ұйым осы өткен операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде бастапқы танығанына қарай пайда немесе залал, өзге де жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында дивидендтерге қатысты салықтың салдарын тану керек.

Ұйым осы түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолдану керек. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданғанда, ол оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында немесе осы күннен кейін таныған дивидендтерге қатысты салықтың салдарына қолдануға тиіс.

23 «Қарыздар бойынша шығындар» ҚЕХС (IAS)

Түзетулер осы активті пайдалануға немесе сатуға көздеп дайындауға қажетті барлық жұмыс аяқталғанда, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарызды жалпы мақсатқа арналған қарыздың құрамында ескеру керек екенін түсіндіреді.

Ұйым осы түзетулерді олар алғаш қолданылатын жылдық есепті кезең басталған күнге немесе содан кейінгі күнге жатқызылған қарыздар бойынша шығындарға қатысты қолдану керек. Ұйым осы түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолдану керек. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерТопқа қолданылмайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Бизнесі анықтау – 3 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер

ҚЕХСК (IASB) ұйымдарға сатып алған қызмет пен актив түрлерінің жиынтығы бизнес немесе бизнес емес екенін анықтауға көмектесу үшін 3 «Бизнесі анықтау» ҚЕХС-да (IFRS) бизнесі анықтауға түзетулер шығарды. Олар бизнеске қойылатын ең аз талаптарды түсіндіреді, нарық қатысушылары қандай да бір жетіспейтін элементтерді ауыстыра ала ма деген бағалауды жояды, ұйымдарға сатып алған үдеріс елеулі болып табыла ма деп бағалауға көмектесуге нұсқаулар береді, бизнес пен нәтижелердің анықтамасын қысқартады және әділ құнды топтаудың міндетті емес тестісін енгізеді.

Түзетулер сатып алу күні 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі бірінші жылдық есепті кезеңнің басында немесе осыдан кейін басталатын не бизнесі біріктіру, не активтерді сатып алу болып табылатын операцияларға қолданылуы керек. Демек кәсіпорындар өткен кезеңдерде болған мұндай мәмілелерге қайта қараудың қажеті жоқ. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа қолданылмайды.

Материалдылықты анықтау – 1 ҚЕХС-қа (IAS) және 8 ҚЕХС-қа (IAS) түзетулер

2018 жылғы қазан айында ҚЕХСК (IASB) стандарттар арасындағы «елеулінің» анықтамасын келісу және анықтаманың кейбір аспектілерін нақтылау үшін 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ҚЕХС-ға (IAS) және 8 «Есептік саясат, есептік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» БЕХС-ға түзетулер шығарды.

Түзетулер маңыздылық ақпараттың сипатына немесе көлеміне немесе басқаға байланысты екенін нақтылайды. Ұйым ақпарат жеке немесе басқа ақпаратпен қаржылық есептіліктің мәнмәтінінде елеулі болып табыла ма екенін бағалау керек.

Түзетулерді перспективалық түрде қолдану керек. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бірақ материалдықты анықтауға түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі ықпал етпейді деп күтілуде, анықтамаға «жасыратын ақпарат» деген терминді қосу қаржылық есептілікте ақпарат қалай ұсынылады және ашылады деген маңыздылықты көтере отырып, маңыздылық туралы пайым практикада қабылданады дегенге әлеуетті әсер етуі мүмкін.

Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздері

ҚЕХСК (IASB) 2018 жылғы наурыз айында Тұжырымдамалық негіздерді шығарды. Тұжырымдамалық негіздер қаржылық есептілікті жасау, ҚЕХС стандарттарын құру үшін тұжырымдамалардың жан-жақты жиынтығынан, бірізді есептік саясатты әзірлеу үшін басшылыққа алатын нұсқаулардан тұрады және олар стандарттарды түсінуге және түсіндіруге көмектеседі.

Қайта қаралған Тұжырымдамалық негіздер (2018 жылы) ҚЕХСК (IASB) және ҚЕХС Интерпретациялау комитеті үшін тез арада күшіне енеді. Тұжырымдамалық негіздердің негізінде есептік саясатты әзірлейтіндер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезең үшін күшіне енеді.

Тұжырымдамалық негіздердегі өзгерістер бірде-бір стандарт нақты бір операцияға немесе оқиғаға қолданылмайтын жағдайда ҚЕХС қолдануға ықпал етуі мүмкін.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның негізгі еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды. Теңге негізгі экономикалық айналымның валютасы болып табылады, онымен Компания және оның негізгі еншілес ұйымдары жұмыс істейді. Топқа кіретін әрбір компания өзінің функционалдық валютасын белгілейді және әр компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осындай функционалдық валютамен бағаланады.

Операциялар мен қалдықтар

Шетел валюталарындағы операцияларды ең алдымен Топтың компаниялары операция тану критерийлерін қанағаттандыратын күні қолданыстағы спот-бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескереді. Шетел валютасымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») белгілеген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») жариялаған есепті күні қолданыстағы ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайда мен залалдарда көрсетіледі.

Шетел валютасында тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасау күнінде қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құнымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі.

Мына кестеде шетел валюталарының теңгеге шаққандағы бағамы берілген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	384,20	332,33
Еуро	439,37	398,23
Ресей рублі	5,52	5,77

«КТ-АЙИКС» ЖШҚ (Ресей) шетелдегі бөлімшенің функционалдық валютасы ресей рублі болып табылады. Шетелдік бөлімшелердің активтері және міндеттемелері шоғырландыру барысында есепті күнде қолданыстағы теңгеге шаққандағы бағам бойынша қайта есептеледі, ал мұндай бөлімшелердің жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есептің баптары мәміле жасау сәтіндегі қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеуде туындаған бағамдық айырма өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алынатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесі және сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген өтеу сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша әрбір мәміле үшін Топ сатып алатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділ құны бойынша, не сатып алынатын компаниядағы таза активтерге сәйкесетін бара-бар үлес бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді және белгілейді. Бұған туынды құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алушыға берілетін шартты қайтару сатып алу күніндегі әділ құны бойынша танылады. Қаржылық құрал болып табылатын және 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жататын актив немесе міндеттеме түрінде жіктелетін шартты өтеу әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгерісі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады (берілген өтеу сомасының және танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің артуы ретінде анықталатын) және бұдан бұрын сатып алушыға қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтің және барлық қабылданған міндеттеменің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс соманы бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген өтеу таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді тестілеу үшін гудвил Топ еншілес ұйымды сатып алған күнінен бастап сатып алынатын еншілес ұйымның өзге де активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша қаражатын өндіретін Топтың әрбір бірлігіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктің бір бөлігін құраса және осы бірліктің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша қаражатын өндіретін бірліктің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар

Қауымдастырылған ұйым – бұл қызметіне Компания елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдерді қабылдауға қатыса алатын, бірақ осы саясатты бақылай алмайтын немесе бірлесіп бақылай алмайтын өкілеттік.

Елеулі ықпалдың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарды бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың қауымдастырылған ұйымдарына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар (жалғасы)

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға инвестиция басында бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны нәтижесінде сатып алу күнінен кейін туындаған тәуелді ұйымның таза активтерінде Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Қауымдастырылған ұйымға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді.

Егер қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесі сенімсіз активті қауымдастырылған ұйымға салуға айырбас ретінде сатып алынса, Топ (а) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес әділ құны бойынша қауымдастырылған ұйымдағы қатысу үлесін бағалайды; және (б) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес анықталғандай, бизнес болып табылатын активтерді сату немесе салу нәтижесінде туындаған пайданы немесе залалды толық көлемде таниды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдастырылған ұйымның қызмет нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Осындай инвестиция объектілерінің БЖК өзгерістері Топтың БЖК құрамында ұсынылады. Мұнымен қатар, егер қауымдастырылған ұйымның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ осы өзгерістегі өзінің үлесін таниды және орынды жерде бұл фактіні меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ашып көрсетеді. Қауымдастырылған ұйыммен байланысты Топтың операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда және залалдар Топтың қауымдастырылған ұйымдағы бар қатысу үлесі деңгейінде алынып тасталған.

Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы немесе залалындағы Топ үлесі операциялық пайдадан тыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдастырылған ұйымның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестеріне салық салынғаннан кейінгі және есепке алынғаннан кейінгі пайда немесе залалды білдіреді.

Қауымдастырылған ұйымның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі жасалатын есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдастырылған ұйымға салған өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша залалды тану қажеттілігін анықтайды. Әр есепті күнге Топ қауымдастырылған ұйымға салған инвестициялардың құнсыздануына объективті растаулардың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда, Топ қауымдастырылған ұйымға инвестицияның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде құнсыздану сомасын есептейді және «Топтың қауымдастырылған ұйымдар залалындағы үлесі» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте залалды таниды.

Топ қауымдастырылған ұйымға елеулі ықпал етуді жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлесіп бақылауды жоғалту кезіндегі қауымдастырылған ұйымның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді деп жіктеу арқылы ұсынады. Актив:

- оны сату қарастырылған немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сатуға арналған;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде сату қарастырылған; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болу жағдайларын қоспағанда, ақша қаражаты немесе оның баламалары болып табылған жағдайларда айналымдағы актив болып табылады.

Барлық өзге актив айналымнан тыс актив ретінде жіктеледі.

Міндеттеме:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделген;
- ол негізінен сауда үшін ұсталған;
- ол есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде өтелуге жатқан; немесе
- Топтың есепті кезеңнен кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы болған жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады.

Топ барлық өзге міндеттемені ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құны бойынша бағалау

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу 42-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операция аясында активті сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция мынадай жағдайларда өтетінін қарастырады:

- не аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмағанда, аталған актив немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Әділ құны бойынша бағалау (жалғасы)

Топқа негізгі немесе мейлінше оңтайлы нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушыларының актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдалануы мүмкін жорамалдарды қолдану арқылы бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделері үшін әрекет ететіні көзделеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

Топ бұл ретте орынды қадағалайтын шығыс деректерді барынша пайдалана отырып және қадағаламайтын шығыс деректерді мейлінше аз пайдалана отырып, туындаған жағдайларда қолдануға болатын және олар үшін әділ құны бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді осындай бағалау модельдерін пайдаланады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын барлық актив пен міндеттеме жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарық котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – бағалау модельдері, онда әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын болып табылады.
- 3-деңгей – бағалау модельдері, әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылады.

Мерзімді түрде қаржылық есептілікте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлерінің арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құн бойынша бағалау үшін мәнді болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сату үшін қолда бар котировкаланбайтын қаржылық активтерді әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалауға арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Компания басшылығы анықтайды.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік объектілері мен қаржылық активтер сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын Компанияның Аудит комитеті талқылап, бекіткеннен кейін Жұмыс тобы қабылдайды. Нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі іріктеу критерийлері болып қабылданады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

талқылағаннан кейін әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелер құнының өзгерісін талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары да әрбір активтің әділетті құнының және міндеттемелердің өзгерісін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде нәтижелерді Топтың Аудит комитетіне және тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі сипаттамалары мен тәуекелдерінің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын сипаты негізінде жіктейді.

Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды олардың баланстық құны ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталатын деп жіктейді. Сату үшін ұсталатын деп жіктелген айналымнан тыс активтер және шығатын топтар екі мәннің мейлінше аз мәні бойынша – баланстық құны және сату шығындарын шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Сату ықтималдығы жоғары болып, ал актив немесе шығатын топ өзінің ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сату үшін ұсталатын объектіні жіктеу критерийі сақталған болып саналады. Басшылықтың жіктеу күнінен кейін бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану критерийіне сәйкестік күтілетін сатылымды жасауға мықты ниеті болуы тиіс.

Жіктеуден кейін сатуға арналған деп анықталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Бөлу үшін ұсталатындар деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің айналымдағы/қысқа мерзімді баптары ретінде жеке ұсынылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет (жалғасы)

Кетуші топ, егер ол кеткен немесе сатуға арналған деп жіктелетін компанияның құрамдасы болып табылса, тоқтатылған қызмет ретінде жіктеме критерийлерін қанағаттандырады және:

- қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірді білдіреді;
- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірдің немесе қызметтің жеке негізгі бағытының кетуін жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға кіргізілген; не
- қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейін алынған пайда немесе залал ретінде бөлек баппен ұсынылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және құнсызданудың жинақталған залалдарын шегергендегі бастапқы құны бойынша есептеледі. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын тану критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ оларды пайдалы қолданудың тиісті жеке мерзімдеріне сәйкес бөлек амортизациялайды. Елеулі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық өзге шығындары жатқызылу сәтінде пайда немесе залал құрамында танылады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер» бөлімінде беріледі **(26-ескертпе)**.

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар	50
Құрылыстар	10-20
Телекоммуникация жабдығы	3-20
Өзгелері	3-20

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын пайда немесе залал (істен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізі құралдардың жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың амортизация әдістері әрбір қаржы жылының аяғында талданып, қажетіне қарай перспективалы негізде түзету енгізіледі.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге де тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану мынадай жағдайда тоқтатылады: ол істен шықса немесе ол пайдаланудан шығарылса және оны пайдаланудан болашақта ешқандай экономикалық пайда болмаса. Істен шығудың таза түсімдері мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық оны тану тоқтатылған есепті жылдың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылатын болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе оның санатынан ауыстыру жылжымайтын мүлікті пайдалану сипаты өзгергенде ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі орын алған жылжымайтын мүлік объектісіне ауыстырған кезде кейінгі есепке алудың шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту кезіндегі әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болса, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаты өзгергенге дейінгі негізгі құралдарды есептеу саясатына сәйкес есепке алады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсыздану салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімдерді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топтың ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар туындаған кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздануға бағаланады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация мерзімі мен әдісі ең аз дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономикалық пайданың болжалды құрылымын өзгерту амортизация мерзімін немесе әдісін өзгертеді және есеп бағасының өзгерістері ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтердің функциясы сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе залал активтің шығуынан таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде танылады.

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.

	Жылдар
Лицензиялар және тауар белгілері	3-20
Бағдарламалық жасақтама	1-14
Клиенттік база	8-10
Өзгелері	2-15

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер болса немесе жыл сайынғы активті құнсыздану мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің (ақша қаражатын өндіретін бірлік) өтелетін сомасы мынадай мөлшерлердің ең үлкені: істен шығу шығындарын шегергендегі активтің (ақша қаражатын өндіретін бірліктің) әділ құны және активті (ақша қаражатын өндіретін бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен өзге де активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша ағынын өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дискондтау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнына дейін дисконтталады. Шығуы бойынша шығындарын шегере отырып, әділ құнын белгілеу кезінде жақын мерзімде болған нарықтық операциялар есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер акциялар нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын ақша қаражатын өндіретін әр бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсыздану сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінен 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқындары бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылады және есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған залалдар құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Топ гудвилді қоспағанда, әрбір есепті күнге активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған залалдардың белгісінің бар-жоғын немесе қысқарғандығын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алса, Топ активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудың бұдан бұрын танылған залалдары құнсызданудан болған залалды соңғы таныған мерзімнен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мынадай активтердің құнсыздануы болуы анықталған жағдайда мынадай критерийлер қолданылады:

Гудвил

Гудвил құнсыздануға жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар немесе жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе, тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша қаражатын өндіретін әр бірліктің (немесе осындай бірліктер тобының) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздану залалы танылады. Гудвилдің құнсыздану залалы болашақ кезеңдерде қалпына келтірілмейді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін бастапқы тану кезінде қаржылық активтер тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер; берілген қарыз және дебиторлық берешек; өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктелді. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді қоспағанда, бастапқыда қаржылық активті сатып алуға тікелей жататын мәміле бойынша шығынға ұлғайтылған әділ құны бойынша танылды.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бастапқы тану кезінде қаржылық активтер кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатындай жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының шартында көзделген сипаттамаларға байланысты. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентінен тұрмайтын немесе Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеп бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары «борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебі болып қана табылатын» ақша ағындарын алумен негізделген. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құралдың деңгейінде жүзеге асырылады.

Қаржылық активтерді бағалау үшін Топ қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топтың өзінің қаржылық активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді немесе басқаны сату нәтижесі болатынын-болмайтынын анықтайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес («стандартты талаптарда» сату) белгіленген мерзімдерде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операция мәміле жасау күні, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күні танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген қарыз және дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы белгіленбеген анықталатын немесе белгіленген төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерді білдірді. Мұндай түрдегі қаржылық активтер бастапқы танудан кейін құнсыздануды шегергенде, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып анықталатын амортизацияланған құны бойынша бағаланды. Амортизациялық құн сатып алу кезінде дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелді. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландырудан түскен кіріс құрамына қосылды. Құнсызданумен негізделген залалдар қарыз жағдайында қаржыландыру бойынша шығыстар құрамында және дебиторлық берешек жағдайында жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылды.

Егер мына екі шарт орындалатын болса, 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін Топ қаржылық активтерді амортизациялық құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- борыштың негізгі сомасына және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз есебіне төлемдер болып қана табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алумен негізделген қаржылық активтің шарттық талаптары.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залалдар активті тануды тоқтатқан, ол өзгерген немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Топ сауда және басқа дебиторлық берешекті, жұмыскерлерге берілетін қарызды, банк депозиттері мен басқа да айналымнан тыс және айналымдағы қаржылық активтерді жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтердің бір бөлігін) мынадай жағдайларда тану тоқтатылады (яғни Топтың шоғырландырылған есебінен қаржылық жағдай туралы алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе; не
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын тапсырса немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтырлықтай кешіктірмей беру бойынша міндеттемені өзіне алса; не (а) Топ іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде тапсырса, не (б) Топ тапсырмаса, бірақ активтің барлық тәуекелі мен пайдасын іс жүзінде өзінде сақтамай, осы активтің бақылауын тапсырса.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Тануды тоқтату (жалғасы)

Егер Топ активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың сақталуын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Топ тапсырмаса, оған қоса іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын өзінде сақтамаса, сондай-ақ активтің бақылауын тапсырмаса, Топ тапсырылған активті ондағы өзінің қатысуын жалғастырып отырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Тапсырылған актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілуі мүмкін төлемді өтеудің жоғарғы сомасы.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін Топ әрбір есепті күнге қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобы құнсыздануының объективті белгісінің бар-жоғын бағалайды. Активті бастапқы танығаннан кейін қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының сенімді бағалауына жоғары ықпал еткен бір немесе одан да көп оқиғаның («залалға әкелетін оқиғаның» басталуы) нәтижесінде құнсыздану орын алады. Борышкер немесе борышкерлер тобы елеулі қаржылық қиыншылыққа душар болса, өзінің берешегіне қызмет көрсете алмаса немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді дұрыс жүргізбесе, сондай-ақ олардың банкрот іс-жосығын өткізу немесе басқа түрдегі қаржылық қайта құрылу ықтималдығы болса, құнсыздану дәлелі бола алады. Мұнымен бірге мұндай дәлелдерге қаржылық құрал бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының төмендеуін көрсететін қадағалау деректері де жатады, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемінің немесе қарызды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен өзара байланысты экономикалық жағдайлардың өзгерісі.

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен мән-ді қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдерінің болуын бөлек бағалайды не жекелей алғанда мән-ді болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша тұтас бағалайды. Егер Топ жеке бағаланатын қаржылық активтің объективті құнсыздану дәлелдері жоқ екенін анықтаса, оның мәніне қарамастан, ол осы активті кредит тәуекелінің баламалы сипаттары бар қаржылық активтер тобына қосады, содан кейін осы активтерді құнсыздануға жиынтық негізде қарастырады. Құнсыздану шығыны танылатын немесе тануы жалғасатын, құнсыздану үшін бөлек бағаланатын активтер құнсыздануға арналған жиынтық бағалауға қосылмайды.

Анықталған құнсызданудан залал сомасы активтің баланстық құны мен болашақтағы болжалды ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық ретінде (әлі келтірілмеген болашақтағы

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

болжалды кредиттік залалдарды есептеусіз) бағаланады. Болашақтағы есептік ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменен дисконтталады.

Активтің баланстық құны бағалау резервінің шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал залал жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төмендетілген баланстық құны бойынша пайыздық кірісті есептеу (жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісі ретінде көрсетілетін) құнсыздану залалын бағалау мақсатында болашақтағы ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделі отырып жалғасын табады. Қарыз, егер оны болашақта өтеудің нақты перспективасы болмай, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылса не Топқа өткізілсе, тиісті бағалау резервімен бірге есептен шығарылады. Егер құнсыздануды танығаннан кейін болған қандай да болмасын жағдайдан келесі жыл ішінде құнсызданудың есептік залалының сомасы ұлғайса не төмендесе, құнсызданудың бұдан бұрын танылған залал сомасы бағалау резервінің есебін түзету арқылы ұлғаяды не төмендейді. Егер қаржылық құралдың бұдан бұрынғы есептен шығарылған құны нәтижесінде қайта қалпына келтірілсе, қайта қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру бойынша шығыстардың төмендеуі ретінде танылатын болады.

Топ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бағалау резервін пайда немесе залал арқылы әділ емес құнымен бағаланатын барлық борыштық құралға қатысты болжалды кредиттік залалдармен (БКЗ) таниды. БКЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен алуды Топ күтіп отырған барлық ақша ағыны арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалас мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын құнсыздануды сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны көтерудің басқа механизмдерінен түсетін ақша ағындарынан тұрады.

БКЗ екі кезеңмен танылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артпаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде ықтимал (12 айлық болжалды кредиттік залалдар) дефолттардың салдарынан пайда болуы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады. Бастапқы танығанынан бастап кредиттік тәуекелі елеулі артқан қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан (барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдар), осы қаржы құралының қалған қолданыс мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалмен бағалау резерві құрылады.

Топ сауда дебиторлық берешекке қатысты БКЗ есептеу кезінде жеңілдетілген амал-тәсілді қолданады. Олай болса, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерісін қадағаламайды, мұның орнына әр есепті күнге барлық мерзімге болжалды кредиттік залалдарға тең сомада залалмен бағалау резервін таниды.

Топ қарыз алушыларға арналған болжалды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың туындауына қатысты өзінің өткен тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржылық активтер бойынша дефолт болды деп санайды. Егер ішкі және сыртқы ақпарат Топ ұстайтын, шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын кредиттік сапаны көтеру механизмдерін ескермей, Топтың алатыны екіталай екенін көрсетсе, белгілі бір жағдайларда Топ қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға да келуі мүмкін. Егер Топта шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізді болжамдар болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, қарыздар мен кредиттерді, қаржылық жалдау міндеттемелерін, қаржылық кепілдік шарттары мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

Кредиттер мен қарыз

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыз тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады.

Ең бастысы бұл санатқа пайыздық кредиттер мен қарыз кіреді. Толық ақпарат 22-ескертпеде берілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары белгілі бір борышкердің борыштық құрал талаптарына сәйкес уақытында төлем жүргізе алмау салдарынан осы шарт иесіне келтірілген залалдарды өтеуге төлем жүргізуді талап ететін шарттар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдік шығаруға тікелей қатысты мәміленің шығындары ескерілген әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Соңында міндеттеме мына шамалардың ең үлкені бойынша бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағасы және жинақталған амортизация шегеріле отырып, міндеттеменің танылған сомасы.

Артықшылықты акциялардың міндеттемелер құрамында көрсетілетін борыштық құрамдас бөлігі

Міндеттемелердің құрамында берілетін және міндеттеменің сипаттамасын көрсететін артықшылықты акциялардың борыштық құрамдасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі міндеттеменің құрамында мәміле бойынша шығындар шегеріле отырып танылады. Көрсетілген акцияларға кепілді дивидендтердің тиісті ең төмен мөлшері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру шығыстарының құрамында көрсетіледі. Міндеттемелердің құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы танылу кезінде ұқсас борыштық құрал арқылы нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Нәтижесінде міндеттемелердің құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен қарыздарға қатысты қолданылатын қағидаттар арқылы есептеледі, ал капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесі келесі жылдары қайта бағаланбайды.

Сауда және өзге де кредиторлық берешек

Сауда және өзге де кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топтың шоттары ұсынылғанына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс әділ құны бойынша есептелінеді.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай айырмашылықтары бар шарттарда сол кредитор алдында басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің тоқтатылуы және жаңа міндеттемені танудың басы болып ескеріледі, ал олардың баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сома ағымдағы сәтте танылған соманы өзара есепке алуға заңды қорғау құқығы бар кезде және есептесуді нетто-негізде жүргізуге, активтерді сатуға және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниеті болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғарыландырылған есепте көрсетуге жатады.

Тауарлы-материалдық қорлар

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығыстарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорға қатысты бір ғана құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Жалдау

Келісім жалдау келісімі болып табылатынын не онда жалдау белгілерінің бар-жоғын анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Егер келісімді орындау нақты белгілі активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және осы келісім нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтсе, тіпті бұл келісімде анық көрсетілмесе де, келісім жалдау келісімі болып табылады және жалдау белгілерінен тұрады.

Жалға алушы ретіндегі Топ

Жалдау қаржылық немесе операциялық ретінде жалдау қатынастарының басталу күніне жіктеледі. Топқа меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел және пайда өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалға алынатын мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімі басталу күніне немесе егер бұл сома аз болса – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталға айналдырылады. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығыстар мен міндеттеменің негізгі сомасын төмендету арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық мөлшерлеме шығатындай етіп бөлінеді. Қаржыландыру шығыстары тікелей жиынтық кіріс туралы шоғарыландырылған есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда Топқа жалдау мерзімінің соңында активтің меншік құқығы ауысатындығына дәйекті сенімділік болмаса, актив мына кезеңдердің ең қысқа мерзімі ішінде амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалдау мерзімі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі бойы тікелей әдіспен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде танылады.

Жалға беруші ретіндегі Топ

Топ активке қатысты меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел мен пайдаға ие болатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау барысында келтірілген бастапқы тура шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі секілді сондай негізде жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі төлем алынған кезеңдегі түсімдер мен өзге де кірістер құрамында танылады.

Бағалау міндеттемелері

Жалпы ақпарат

Егер Топтың өткен жағдайдың нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеттемесі болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымда болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда бағалау міндеттемесінің ұлғаюы уақыт өте келе қаржыландыру шығыстары ретінде танылады.

Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда, қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиісті актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жұмыскерлерге сыйақы беру

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін жұмыскерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың жұмыскерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар

Компаниямен жасалынатын ұжымдық шарт белгілі жұмыскерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақылар мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі – «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жыл бойы жұмыс істеген жұмыскерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген сыйақылар көлемі жұмыскердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актuarлы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына жіктелмейді.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- Компания қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Топ белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің аударылған өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өткізудің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

Меншікті сатып алынған акциялар

Топ сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

Ақша қаражатымен төленген дивидендтер және бас компания акционерлеріне ақшалай емес активтерді бөлу

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Топтың қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Топ бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөліністі акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу міндеттемесі бөлінуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Топтың қызметі негізінен деректер беру, жергілікті, қалааралық және халықаралық қоңыраулар бойынша қызметтерді, желіаралық қосылыстарды ұсынумен/басқа операторларға трафикті берумен және байланыс арналарын берумен байланысты.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілетін жағдайда және осы тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде Топ алуды күтіп отырған өтеуді көрсететін сомада таниды.

Шарттың басында Топ сатып алушымен жасалған шартта уәде етілген тауарларды және қызметтерді бағалайды және орындауға міндет ретінде сатып алушыға уәде етілген белгілі бір тауарды немесе қызметті немесе белгілі бір тауарлардың немесе қызметтердің жиынтығын анықтайды.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім (жалғасы)

Топ өзі жасасқан және түсім алуды көздейтін барлық шарт бойынша принципал болу туралы қорытындыға келді. Себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша міндетті өзіне қабылдаған негізгі тарап болып табылады және тауарлар мен қызметтер сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылайды.

Қызметтер көрсету

Жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланысы қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Өңделетін трафиктің нақты минут саны ескеріле отырып, жергілікті және шетелдік операторларға желіаралық қосылыс үшін төлем қызмет көрсетілуіне қарай танылады.

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерінен және ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлардың абоненттерімен қосылу қызметтерінен кіріс Топ желісі бойынша қоңырау жасалған сәтте танылады.

Кеңжолықты және басқа интернет қызметтеріне немесе дауыс қызметтеріне қатынау үшін негізінен ай сайынғы төлемдерден тұратын абоненттік төлем уақыт өте келе кіріс ретінде теңдей танылады. Интернетке коммутацияланатын қатынаудан кіріс клиентке ұсынылатын нақты эфирлік уақыт негізінде танылады.

Аналогты және цифрлық байланыс арналарын және жеке желілерді жалға беруден кіріс, сондай-ақ көтерме қатынаудан кіріс уақыт өте келе кіріс ретінде танылады. Себебі Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындауы барысында сатып алушы бір уақытта пайда түсіреді және тұтынады.

Жаңа абоненттерді тіркелген және сымсыз байланыс желілеріне қосу кезінде алынған өтелмейтін аванстық төлемдер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде танылады. Клиентпен қарым-қатынастың болжалды кезеңі бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

Клиенттерге ұсынылатын жабдық

Топ интернет және деректер беру бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ модемді, роутерлерді және басқаларды қоса алғанда, аталған қызметтерді көрсету үшін жабдық ұсынады.

Топ ағымдағы операциялық көрсеткіштер талдауын негізге ала отырып, абонент Топтың қызметтерінен бөлек пайдалана алмайтын жабдық орындау үшін жеке сәйкестендірілетін міндет болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Топ шартты орындау шығындары ретінде тегін ұсынылатын жабдық құнын ақшаға айналдырады. Шартты орындау шығындары клиентке қызмет көрсетілетін кезең ішінде амортизацияланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Қаржыландырудың елеулі компоненті

Топ сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдер алады. Егер шарт жасасу сәтінде уәделі тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру мен мұндай тауар немесе қызмет үшін төлем арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтілсе, 15 ҚЕХС-де (IFRS) көзделген практикалық сипаттың жеңілдігін пайдалану нәтижесінде Топ қаржыландырудың елеулі компоненті әсерін ескере отырып, уәделі өтем сомасын түзетпеді.

Сондай-ақ Топ халықаралық желіге қосылысты іске қосу үшін ұзақ мерзімді аванстар алады. Қаржыландырудың елеулі компонентін көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміленің тіркелген бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушылар арасындағы жеке қаржыландыру операциялары үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

Шарт жасасу шығындары

Топ В2С сегментінде жаңадан қосылған абоненттер үшін сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы төлейді. Комиссиялық сыйақы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте шарт жасасу шығындары ретінде ақшаға айналдырылады. Шарт жасасу шығындары клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде жүйелі түрде амортизацияланады.

Шарт бойынша қалдықтар

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив сатып алушыға тапсырылған тауарлардың немесе қызметтердің орнына өтем алуды ұйымдастыру құқығы болып табылады. Егер Топ сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді сатып алушы өтемді төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болған сәтке тапсырса, онда шартты болып табылатын, алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемге құқығын білдіреді (яғни, мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы уақыт ағынына ғана байланысты болады). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы активтері – бастапқы тану және келесі бағалау бөлімінде қаралады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл Топ сатып алушыдан орнына өтем алған (не өтем төленуі тиіс) тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға тапсыру міндеттемесі. Егер Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермей тұрып, сатып алушы өтем төлесе, төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуі тиіс болған сәтте (қайсысы бірінші болуына қарай) шарт бойынша міндеттеме танылады. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда шарт бойынша міндеттеме түсім ретінде танылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шарт бойынша қалдықтар (жалғасы)

Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы

Әмбебап қызметтер көрсету үшін өтемақы алынатынына және оған байланысты шарттар орындалатынына негізді сенімділік болған жағдайда ол әділ құны бойынша танылады. Егер өтемақы шығыстар бабына қатысты болса, ол мұндай өтемақыны орнына өтемақы алынған шығындарға жүйелік жатқызу үшін қажетті кезеңдердегі кірістер құрамында көрсетіледі. Егер өтемақы активке қатысты болса, онда оның әділ құны алдағы кезеңдердің Кірістер кредит шоттарына қосылады және тиісті активтің болжалды қызмет мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тең үлестермен жыл сайын есептен шығарылады.

Кірістерге жататын өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен кіріс ретінде жеке баппен көрсетіледі.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы мен сату үшін қолда бар активтер ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралын болжалды пайдалану мерзімі немесе бұл орынды болған жағдайда қаржы активінің не міндеттемесінің таза баланстық құнына дейінгі барынша қысқа кезең ішінде алдағы күтілетін төлемдерді немесе ақшалай қаражат түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме.

Дивидендтер

Дивидендтерден кіріс Топтың төлемді алу құқығы белгіленген кезде танылады және бұл әдетте акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

Шығыстарды тану

Шығыстар жатқызылуына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрінеді.

Абоненттерді қосу бойынша алдағы кезеңдердің шығыстары

Топ клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартуды көрсетеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Қарыз алу бойынша шығыстар

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге де шығын олар жаратылған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты Топ тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайданың ағымдағы салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы тиісті салық заңнамасы әртүрлі қарастырылуы мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытылы жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрайды.

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақытша айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған кіріс міндеттемелері:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірігуі болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпеген;
- егер тарату уақытша айырмашылықтың төмендеуі кезінде бақылауға алынатын болса және уақытша айырмашылық көз жетерлік болашақта төмендейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, еншілес компанияларға, қауымдастырылған ұйымдарға салынар инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімдерге қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақытша айырмашылық бойынша танылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған табыс салығы (жалғасы)

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық болатын, орнына шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары ескерілетін деңгейде танылады:

- шегерілетін уақытша айырмашылыққа жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активі бизнестің бірігуінен туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде туындағанда;
- еншілес компанияларға, қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімдерге қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмашылықтар көз жетерлік болашақта пайдаланылады деген және орнына уақытша айырмашылықтар қолданылатын салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық деңгейінде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылады. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не өзге де жиынтық кіріс құрамында, не болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңмен бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салық бір салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болса, бір-біріне қарсы есептелінеді.

Бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған, бірақ сол күнге жекелей тану критерийлеріне сай келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдайлардың өзгерісі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда соңынан танылады. Егер түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса, ол гудвилді азайту ретінде көрсетіледі (егер оның көлемі гудвилдің мөлшерінен аспаса), басқа жағдайларда ол пайда немесе залалдың құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін кірістердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомаларына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдаулары, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- Қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – **42-ескертпе**.
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – **11 және 24-ескертпелер**.

Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер **«Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер мен қателер» 8 БЕХС** сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын, оның өтелетін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктердің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат **11-ескертпеде** келтіріледі және түсіндіріледі.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Болжалды кредиттік залал үшін резерв

Кредиттік мекемелердегі дебиторлық берешек және қаражат (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) бойынша болжалды кредиттік залалдарға резервтер жасайды

Болжалды кредиттік залалдарды сауда және өзге дебиторлық берешекке қатысты бағалау кезінде Топ стандартта қарастырылған жеңіл амал-тәсілін қолданды және аталған қаржы құралдарының барлық қызмет мерзіміне болжалды кредиттік залалдарды есептеді. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі негізінде дайындалған, қарызға алушыларға тән факторлар мен жалпы экономикалық талаптар ескеріле отырып түзетілген бағалау резервтерінің моделін пайдаланды. Топ кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзету үшін болжалды ақпарат негізінде матрицаны жаңартып отыратын болады. Мысалы, келесі жыл ішінде телекоммуникациялық секторда дефолт жағдайлары артуына алып келуі мүмкін болжалды экономикалық талаптар нашарлайды деп күтілсе (мысалы, ЖІӨ), онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер әрбір есеп күніне жаңартылады және болжалды бағалардың өзгерістері талданады.

Экономикалық талаптар арқылы болжанатын дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері мен БКЗ арасындағы өзара байланысты бағалау маңызды есеп бағасы болып табылады. БКЗ мөлшері жағдайлар мен болжанатын экономикалық талаптардың өзгерістеріне сезімтал болады. Топтың кредиттік залалдар пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптар болжамы сатып алушының болашақтағы нақты дефолты үшін көрсеткіш болмауы мүмкін. Топтың сауда дебиторлық берешегі бойынша БКЗ туралы ақпарат 16-ескертпеде берілген.

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа (ақшалай қаражат пен оның баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезеңге болжалды кредиттік залалдарды есеп шықты. 12 айлық болжалды кредиттік залалдар – бұл бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдардың бір бөлігі. Олар есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал, қаржы құралы бойынша дефолттар салдарынан туындайтын болжалды кредиттік залалдар болып табылады. Бірақ бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай артқан жағдайда залалға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдарға тең сомамен бағаланады.

Егер шарт бойынша төлемдер 30 күннен аса кешіктірілсе, Топ кредиттік тәуекел айтарлықтай артты деп есептейді. Сондай-ақ шарт бойынша төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, қаржы құралы бойынша дефолт деп саналады. Бірақ ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ бекітетін кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта қарастырылған төлемдердің барлық қалған сомасын Топтың алуы ықтималдығы аз деп көрсетсе, Топ белгілі бір жағдайларда қаржы құралы бойынша дефолт болды деген қорытынды жасауы мүмкін.

Осылайша, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған резервтер 7.395.913 мың теңге сомасында құрылды (**13, 16 және 18-ескертпелер**). Экономикадағы және саладағы өзгерістер, нақты сипаттамалар шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілген резервтерге ықпал етуі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Шартта қаржыландырудың елеулі компонентінің болуы

Топтың сатып алушыға қызмет көрсетуі мен сатып алушының мұндай қызметтердің ақысын төлеу сәті арасындағы уақыт аралығына байланысты Топ кейбір ұзақ мерзімді шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті қамтылған деген қорытындыға келді.

Мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарт жасасу кезінде Топ пен сатып алушы арасындағы қаржыландырудың жеке операциясына қолданылатын мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталады.

Шарт жасасу шығындары

Топ делдалдық комиссияны шарт жасасудың қосымша шығыны деп есептейді және мұндай шығындарды сатып алушылармен шарт жасасу шығындары бойынша актив ретінде ақшаға айналдырады. Топ шарт жасасу шығындарын жүйелік негізде амортизациялайды және бұл сатып алушыларға қызмет көрсету мерзімдеріне сәйкес келеді. Қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері өзгерген жағдайда Топ амортизация мерзімдерін қайта қарайды.

Өтелмейтін аванстық төлемдер

Жеке пайда түсірумен байланысы жоқ, іске қосу қызметтері мен сымды және сымсыз байланыс қызметтері үшін аванстық төлемдер шарт бойынша міндеттемелердің құрамына енгізіледі және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрсетіледі. Пайымдама жасау барысында басылық 15 ҚЕХС-да (IFRS) көзделген қосу қызметтерінен кірісті тану критерийлерін, салалық тәжірибені және клиенттердің қызметтерден бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиентпен қарым-қатынастың орташа кезеңі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл және интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағаланады.

Қаржылық жалдау – Жалгер ретіндегі Топ

Топ телекоммуникациялық жабдықтарды жалдау шарттарына ие. Топ жалға берілетін объектінің меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайда осы шарттар бойынша берілетінін және тиісінше, жалдаудың өзі қаржылық жалдау ретінде жіктелетінін анықтады.

Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген жұмыскерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан жұмыскерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған жұмыскерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін Топтың он екі ай ішінде төлеуді жоспарлаған міндеттемелері болып табылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары кірісті корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындарына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат **23-ескертпеде** ашып көрсетілген.

Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар

2016 жылғы 29 ақпанда Топ Қазақстан Республикасында GSM және LTE стандартында мобильді телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсететін «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясындағы акционерлік капиталдың дауыс беруші акциялардың 51% және дауыс беру акцияларының 49,48% сатып алды. Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» дауыс беру акцияларының 49,48% ие болғандықтан, Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қызметіне айтарлықтай ықпал етеді және сәйкесінше «Хан Тенгри Холдинг Б.В.»-дағы үлесі қауымдастырылған ұйымға инвестиция ретінде есептеліп, шоғырландырылған қаржы есептілігінде үлестік қатысу әдісін пайдалану арқылы көрсетіледі (**10-ескертпе**)

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салу пайдасы алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың алдағы кезеңдерге ауыстырған салық залалдары болмады (**39-ескертпе**).

2018 жылғы 31 желтоқсанға Топтың танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны 246.884 мың теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 104.614 мың теңге). 2018 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған салық активтерінің баланстық құны 0 теңгені (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 92.891 мың теңге) құрайды. Толық ақпарат **39-ескертпеде** берілген.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін бел-

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

гілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат **42-ескертеде** берілген.

Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны

Топ бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған немесе өзіне қабылдаған сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелер мен шартты міндеттемелерді олардың әділ құны бойынша сатып алу күніне жеке тану тиіс, бұл бағаларды пайдалануды білдіреді. Мұндай бағалаулар болашақтағы ақша ағындарын болжау барысында елеулі пайымдаулар қолдануды талап ететін түрлі бағалау әдістеріне және өзге жорамалдар машықтарына негізделген.

2018 жылғы 21 желтоқсанда Топ «Кселл» АҚ дауыс беруші акцияларының 75% сатып алды. «Кселл» АҚ акциялары Лондон қор биржасында және Қазақстандық қор биржасында бағаланады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Кселл» АҚ активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалауды аяқтаған жоқ. Тиісінше, сатып алу күніне «Кселл» АҚ таза активтері әділ құнын алдын ала бағалау негізінде танылды (**5-ескерте**).

Салыстырма деректерді қайта жіктеу

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте кейбір баптар 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі көрініс құрылысына сәйкестендіру үшін қайта жіктелді.

2018 жылы Топ жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтердің жіктелімін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен қаржылық қызметке өзгертті. Себебі Топ дивидендтердің қаржылық қызметте жіктелуі шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушыларға барынша орынды ақпарат ұсынады және бәсекелестер қолданатын тәжірибеге барынша сәйкес келеді деп есептейді.

Мың теңгемен	Бұған дейін ұсынылғаны	Қайта жітеу	Ескерт.	Түзетілгені
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп				
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	(4.299.346)	4.299.346	[1]	–
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	61.925.488	4.299.346		66.224.834
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	–	(4.299.346)	[1]	(4.299.346)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	(31.172.505)	(4.299.346)		35.471.851



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Салыстырма деректерді қайта жіктеу (жалғасы)

[1] Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген 4.299.346 мың теңге сомасындағы дивидендтер операциялық қызметтен түскен ақша ағындарынан қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына қайта жіктелді.

Қайта жіктеуде көрсетілгендер таза пайдаға, жиынтық кіріске немесе капиталға әсер еткен жоқ.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті қайта қарау

Бұған дейін Топ 2019 жылғы 15 наурызда басшылық бекіткен 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығарды.

2019 жылғы сәуірде Топ 2019 жылғы 15 наурызда басшылық бекіткен, бұған дейін шығарылған 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті қайта қарады.

«Қазақтелеком» АҚ 2018 жылғы желтоқсанда сатып алған компания «Кселл» АҚ 2019 жылғы 12 сәуірде «Кар-Тел» ЖШС-дан желіні бірлесіп пайдалану туралы келісім (бұдан әрі «Келісім») бұзылатыны туралы хабарлама алды. Себебі 2018 жылғы желтоқсанда «Кселл» АҚ-да бақылаушы акционер ауысты, ал бұл Келісімнің талаптары бойынша Келісім талаптарын бұзу болып табылады, сондай-ақ екінші тарапқа Келісімнің бұзылуын және Келісімде көрсетілген механизмге сәйкес анықталатын бұзу жағдайындағы төлемдерді талап ету құқығын береді. Сонымен қатар «Кселл» АҚ 14.551.865 мың теңге көлемінде «Кар-тел» ЖШС-дан бұзу үшін төлем шотын алды. Сондай-ақ «Кселл» АҚ-дағы 75% үлесті сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес Telia Company және Fintur Holding B.V. Топқа бұзу үшін төлемнің 75%-дағы өз үлесін төлеуге кепілдік берді.

«Кар-Тел» ЖШС шартты бұзу құқығын іске асыруына байланысты Топ «Қазақтелеком» АҚ 2018 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептелігінде «Кселл» АҚ сатып алу бағасы бөлінісін қайта қарады.

«Кселл» АҚ желісін бірлесіп пайдалану туралы келісімді бұзу есепті күннен кейінгі маңызды түзеутші оқиға екенін ескере отырып, Топ «Кар-Тел» ЖШС-ға бұзу үшін төлемді әділ құны бойынша төлеу міндеттемесін және Telia Company и Fintur Holding B.V. компанияларынан бағаланған айыппұлдың 75% орнын толтыру бойынша тиісті өтеуші активті және аталған сомалардың кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен бақыламайтын қатысу үлесіне ықпалын таныды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Өзгерістер 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тиісті баптарын қайта қарау арқылы түзетілді:

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл қайта қаралғанға дейін	Түзету сомасы	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл қайта қаралғаннан кейін
Айналымдағы активтер			
Өтеуші актив	–	10.913.899	10.913.899
Барлық айналымдағы актив	122.958.042	10.913.899	133.871.941
Капитал мен міндеттемелер			
Бақыламайтын қатысу үлесі	36.844.519	(2.910.373)	33.934.146
Барлық капитал	417.751.308	(2.910.373)	414.840.935
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	39.624.719	(727.593)	38.897.126
Барлық ұзақ мерзімді міндеттеме	214.921.569	(727.593)	214.193.976
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Бұзу үшін төлем міндеттемесі	–	14.551.865	14.551.865
Барлық қысқа мерзімді міндеттеме	149.807.955	14.551.865	164.359.820

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі ашып көрсетулерге де тиісті өзгерістер енгізілді.

Өзгеріс Топтың таза пайдасына, жиынтық кірісіне немесе операциялық, инвестициялық және қаржылық ақша ағындарына әсер еткен жоқ.

5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

«Кселл» АҚ сатып алу

2018 жылғы 21 желтоқсанда Топ «Кселл» АҚ дауыс беруші акцияларының 75% сатып алды. «Кселл» АҚ акциялары Лондон қор биржасында және Қазақстандық қор биржасында бағаланады. «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасында тіркелген және Қазақстан Республикасында мобильді байланыс қызметтерін көрсетеді.

Топ GSM және LTE стандартындағы мобильді телекоммуникация байланысы сегментінде өз орнын кеңейтуге мүмкіндік беретін болғандықтан «Кселл» АҚ-ны сатып алды.

Топ сатып алу объектісіне бақыламайтын қатысу үлесін оның сәйкестендірілетін таза сатып алу активтеріне қатысуына пропорционалды үлеспен бағалауға шешім қабылдады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)

«Кселл» АҚ сатып алу (жалғасы)

Сатып алу күніне «Кселл» АҚ сәйкестендірілетін активтерінің, міндеттемелері мен шартты міндеттемелерінің алдын ала әділ құны былайша ұсынылған:

Мың теңгемен	Сатып алу кезінде та- нылған алдын ала әділ құны
Активтер	
Негізгі құралдар	120.819.693
Материалды емес активтер	107.833.516
Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар	729.049
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	6.922.533
Сауда дебиторлық берешек	15.969.678
Тауарлы-материалдық қорлар	5.680.540
Аванстық төлемдер	975.529
Шарт жасасу шығындары	388.802
Өзге айналымнан тыс активтер	37.986
Өзге айналымдағы активтер	9.757.609
	280.028.834
Міндеттемелер	
Сауда кредиторлық берешек	(14.047.602)
Қарыздар	(66.316.119)
Шарт бойынша міндеттемелер	(7.297.746)
Төленуге тиіс ағымдағы корпоративтік табыс салығы	(2.694.377)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(20.520.232)
Объектілерді пайдаланудан шығару шығындары бойынша бағалау міндеттемесі	(1.285.482)
Шартты бұзу үшін айыппұл төлемі бойынша міндеттеме <i>(4-ескертпе)</i>	(14.551.865)
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	(8.111.511)
	(134.824.934)
Сатып алу күніне әділ құны бойынша таза активтер	145.203.900
Бақыламайтын қатысу үлесі	(34.118.195)
Әділ құны бойынша сәйкестендірілетін барлық таза актив	111.085.705
Сатып алу кезінде туындайтын гудвил <i>(11-ескертпе)</i>	54.656.742
Берілген сыйақы	165.742.447

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Сатып алу кезіндегі ақша ағындарының талдауы

Еншілес компанияда сатып алынған ақшалай қаражаттың таза сомасы	6.922.533
Төленген ақшалай қаражат	(165.742.447)
Ақшалай қаражаттан таза жылыстау	(158.819.914)

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған таза активтер олардың әділ құнының алдын ала бағасына негізделеді. Бұл ретте Топ «Кселл» АҚ компаниясының меншігіндегі активтерді тәуелсіз бағалау жүргізеді. Бұл бағалау 2018 жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару сәтіне аяқталған жоқ.

1.933.255 мың теңге сомасындағы шығындар әкімшілік шығыстар құрамына енгізілді.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі салық салу мақсатында негізгі құралдар мен материалды емес активтерді жедел амортизациялаудан салық әсеріне тікелей байланысты.

54.656.742 мың теңгеге тең гудвил сомасы сатып алудан күтілетін синергетикалық әсер құнын қамтиды. Гудвилдың бүкіл сомасы мобильді телекоммуникация байланысы сегментіне жатқызылған. Танылған гудвил салық салу мақсатындағы шегеруге толықтай да, ішінара да жатқызымайды деп күтілуде.

Сатып алу күніне «Кселл» АҚ мен «Кар-Тел» ЖШС арасында желіні бірлесіп пайдалану туралы келісімді бұзғаны үшін 14.551.865 мың теңге сомасында айыппұл төлеу міндеттемесі және Telia Company и Fintur Holding B.V. компанияларынан аталған айыппұлдың 10.913.899 мың теңге сомасындағы 75% орнын толтыру бойынша өтеуші актив және бұл сомалардың кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріне ықпалы танылды (**4-ескерте**).

Сатып алынған күннен бастап Топтың түсіміне «Кселл» АҚ үлесі 4.257.756 мың теңгені, ал салық салынғанға дейінгі пайда – салық салынғанға дейінгі таза залал 544.955 мың теңгені құрады. Егер компаниялар жыл басында біріккен жағдайда, Топтың түсімі 355.148.278 мың теңгені, ал салық салынғанға дейінгі таза пайда 50.722.371 мың теңгені құрайтын еді.

6. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар енгізілді:

Тіркелген елі		Қатысу үлесі	
		2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
«Нұрсат» АҚ	Қазақстан	100,00%	100,00%
«КТ-АЙИКС» ЖШҚ	Ресей	100,00%	100,00%
«КТ CloudLab» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Востоктелеком» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Info-Net Wireless» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Нұрсат+» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Кселл» АҚ	Қазақстан	75,00%	0,00%



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. ШОҒЫРЛАНДЫРУ (жалғасы)

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде «Қазақтелеком» АҚ мен «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС арасында 2016 жылғы 7 тамызда «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС жарғылық капиталына «Қазақтелеком» АҚ 51% қатысу үлесін сатып алу-сату шарты жасалды. Мәміле сомасы 30.170 мың теңгені құрады және 2017 жылғы 29 наурызда төленді.

2018 жылғы 21 желтоқсанда «Кселл» АҚ дауыс беруші акцияларының 75% сатып алу жөніндегі мәміле аяқталды (24% акция Telia Company компаниясынан және 51% акция Fintur Holdings BV компаниясынан). Мәміле сомасы 165.742.447 мың теңгені құрады және 2018 жылғы 20 желтоқсанда төленді **(5-ескертпе)**.

7. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Басқару мақсатында Топ бизнес-бөлімшелерді топтың ұйымдық құрылымына қарай ұсынады және мынадай есептік операциялық сегменттерден тұрады:

- «Қазақтелеком» АҚ, «Востоктелеком» ЖШС, «KT Cloud Lab» ЖШС және «Нұрсат» АҚ бизнес-бөлімшелерінің жергілікті, қалааралық және халықаралық тіркелген байланыс қызметтерін көрсетуі.
- Хан Тенгри Холдинг Б.В» қауымдастырылған ұйымның бизнес-бөлімшелері мен еншілес ұйым «Кселл» АҚ GSM және LTE стандартында мобильді телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсетуі.

Жоғарыда көрсетілген есептік сегменттерді ұсыну мақсатында операциялық сегменттерді біріктіру жүргізілген жоқ.

Басшылық ресурстарды бөлу және олардың қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бөлімше қызметінің операциялық нәтижелеріне мониторинг жүргізді. Сегменттер қызметінің нәтижелері операциялық пайда немесе залал негізінде бағаланады, оларды бағалау шоғырландырылған қаржылық есептілікте операциялық пайда немесе залалды бағалауға сәйкес жүргізіледі.

Кестелерде 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін Топтың салалық сегменттері бойынша кіріс пен пайда туралы ақпарат көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін:

Мың теңгемен	Тіркелген телекоммуникациялық байланыс	GSM және LTE стандартындағы мобильді телекоммуникациялық байланыс*	Өзгелері	Элиминациялар мен түзетулер	Топ
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім					
Сыртқы сатып алушыларға іске асыру	217.668.184	4.493.142	565.045	–	222.726.371
Сегменттер арасында іске асыру	252.366	35.900	222.987	(511.253)	–
Сатып алушылармен шарттар бойынша барлық түсім	217.920.550	4.529.042	788.032	(511.253)	222.726.371
Қаржылық нәтижелер					
Амортизация және тозу	(37.477.326)	(1.288.815)	(109.690)	–	(38.875.831)
Қаржыландыру шығыстары	(6.830.492)	(519.149)	(72)	72	(7.349.641)
Қаржыландыру кірістері	3.030.209	34.703	2.189	(72)	3.067.029
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы Топтың үлесі	–	7.743.570	116.514	–	7.860.084
Құнсыздану	(1.169.713)	–	–	–	(1.169.713)
Күмәнді берешек үшін резерв	(3.874.468)	(32.153)	(462)	–	(3.907.083)
Табыс салығы	(10.915.839)	(191.237)	(504)	–	(11.107.580)
Сегменттің пайдасы/ (залалы)	46.187.814	7.198.613	(130.593)	735.062	53.990.896
Операциялық активтер	551.021.413	407.842.367	2.218.590	(167.687.639)	793.394.731
Операциялық міндеттемелер	247.072.042	132.647.334	260.773	(1.426.353)	378.553.796
Өзге ақпаратты ашу					
Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар	–	76.070.585	1.598.639	–	77.669.224
Күрделі шығындар	49.676.196	316.434	90.946	–	50.083.576

* GSM және LTE стандартындағы мобильді телекоммуникациялық байланыс» сегменті 2018 жылғы 21 желтоқсанда сатып алынған күннен бастап «Кселл» АҚ кірістері мен шығыстарын қамтиды.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Тіркелген телекоммуникациялық байланыс	GSM және LTE стандартындағы мобильді телекоммуникациялық байланыс*	Өзгелері	Элиминациялар мен түзетулер	Топ
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім					
Сыртқы сатып алушыларға іске асыру	210.224.025	–	1.200	–	210.225.225
Сегменттер арасында іске асыру	–	–	210.405	(210.405)	–
Сатып алушылармен шарттар бойынша барлық түсім	210.224.025	–	211.605	(210.405)	210.225.225
Қаржылық нәтижелер					
Амортизация және тозу	(43.122.634)	–	(28.352)	–	(43.150.986)
Қаржыландыру шығыстары	(7.825.754)	–	–	–	(7.825.754)
Қаржыландыру кірістері	4.843.630	–	4.929	(723.505)	4.125.054
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы Топтың үлесі	–	1.166.223	(67.855)	–	1.098.368
Құнсыздану	1.246.347	–	–	–	1.246.347
Күмәнді берешек үшін резерв	(881.870)	–	(533)	–	(882.403)
Табыс салығы	(8.209.058)	–	(9.787)	–	(8.218.845)
Сегменттің пайдасы/ (залалы)	32.826.988	1.166.223	(76.973)	(979.572)	32.936.666
Операциялық активтер	401.862.495	68.327.015	1.614.407	(489.725)	471.314.192
Операциялық міндеттемелер	111.850.809	–	354.742	704	112.206.255
Өзге ақпаратты ашу					
Қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар	–	68.327.015	919.125	–	69.246.140
Күрделі шығындар	30.221.868	–	154.902	–	30.376.770

- 1) Сегменттер бойынша кіріс шоғырландыру кезінде алынып тасталады.
- 2) Қаржыландыру шығыстары мен қаржыландыру кірісіне сегментаралық қаржыландыру шығыстары мен сегментаралық қаржыландыру кірісі кіреді.
- 3) Сегменттердің операциялық пайдасына сегментаралық операциялар пайдасы кіреді.
- 4) Күрделі шығындарға негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Пайданы салыстырып тексеру

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сегменттердің пайдасы	53.255.834	33.916.238
Өзгелері	735.062	(979.572)
Топтың пайдасы	53.990.896	32.936.666

Активтерді салыстырып тексеру

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сегменттердің операциялық активтері	961.082.370	471.803.917
Компанияның еншілес ұйымдарға инвестицияларын элиминациялау	(166.261.286)	(250.965)
Корпоративішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау	(1.426.353)	(238.760)
Топтың барлық активі	793.394.731	471.314.192

Міндеттемелерді салыстырып тексеру

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сегменттердің операциялық міндеттемелері	379.980.149	112.205.551
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	–	239.464
Корпоративішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтарды элиминациялау	(1.426.353)	(238.760)
Топтың барлық міндеттемесі	378.553.796	112.206.255



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардың 2018 және 2017 жылдардағы қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Жер	Фимарат-тар мен құрылыстар	Жабдық	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Бастапқы құн						
2017 жылғы 1 қаңтарға	554.818	48.157.375	502.873.315	13.164.465	11.087.670	575.837.643
Түсім	148.543	100.816	9.105.525	1.053.724	19.338.230	29.746.838
Аударым	–	1.253.906	10.802.436	19.248	(12.075.590)	–
Істен шығару	(12.263)	(464.406)	(4.849.673)	(401.820)	(1.214)	(5.729.376)
Материалды емес активтерге аударымдар (9-ескертпе)	–	–	–	–	(957.300)	(957.300)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	691.098	49.047.691	517.931.603	13.835.617	17.391.796	598.897.805
Түсім	451	101.547	9.502.685	533.433	36.955.437	47.093.553
Еңшілес ұйымды сатып алу (5-ескертпе)	2.249.378	4.878.774	92.965.754	2.544.564	18.181.223	120.819.693
Аударым	–	1.947.461	17.652.886	16.638	(19.616.985)	–
Істен шығару	(13.317)	(978.467)	(5.418.161)	(215.536)	(258.846)	(6.884.327)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	2.927.610	54.997.006	632.634.767	16.714.716	52.652.625	759.926.724
Жинақталған тозу және құнсыздану						
2017 жылғы 1 қаңтарға	–	16.658.584	275.106.330	10.623.033	1.273.823	303.661.770
Есептелген тозу	–	1.896.927	37.513.243	709.252	–	40.119.422
Құнсыздану	589	2.964	932.073	729	257.027	1.193.382
Істен шығару	–	(211.648)	(4.224.964)	(390.457)	(271.312)	(5.098.381)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	589	18.346.827	309.326.682	10.942.557	1.259.538	339.876.193
Есептелген тозу	–	1.976.120	32.722.740	745.830	–	35.444.690
Істен шығару	(589)	(284.707)	(5.052.424)	(209.739)	(155.813)	(5.703.272)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	–	20.038.240	336.996.998	11.478.648	1.103.725	369.617.611
Қалдық құн						
2017 жылғы 31 желтоқсанға	690.509	30.700.864	208.604.921	2.893.060	16.132.258	259.021.612
2018 жылғы 31 желтоқсанға	2.927.610	34.958.766	295.637.769	5.236.068	51.548.900	390.309.113

Аяқталмаған құрылыс негізінен желі құрылысы және орнатылатын телекоммуникация жабдығы болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2017 жылы Топ құнсызданудан 1.193.382 мың теңге сомасында залалды таныды, бұл тіркелген телекоммуникациялық байланыс сегментінде технологиялық ескіру салдарынан өтелетін құнға дейінгі негізгі құралдардың белгілі бір объектілерін есептен шығаруды талап етті. Залал жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі өзге де шығыстар құрамында көрсетілді. Өтелетін құн жекелеген активтер деңгейінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу негізінде анықталды.

2018 жылғы 31 желтоқсанға Топ қаржылық жалдау шарттары бойынша пайдаланатын және негізгі құралдар құрамына қосылған жабдықтың қалдық баланстық құны 42.229.062 мың теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 23.365.385 мың теңге). Жыл ішіндегі түсімдердің құрамына қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған 13.278.268 мың теңге мөлшерінде негізгі құралдар кіреді (2017 жыл: 9.019.870 мың теңге). Жалға алынған активтер тиісті қаржылық жалдау шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге берілді.

2018 жылғы 31 желтоқсанға бастапқы құны 166.079.984 мың теңге негізгі құралдар толығымен амортизацияланды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 135.390.566 мың теңге).

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына қосылған тозу сомасы 130 мың теңгені құрады (2017 жыл үшін: 4.670 мың теңге).



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2018 және 2017 жылдардағы материалдық емес активтердің қозғалысы мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Лицензия- лар мен тау- ар белгілері	Бағдар- ламалық жасақтама	Гудвил	Өзгелері	Аяқтал- маған құрылыс	Барлығы
Бастапқы құн						
2017 жылғы 1 қаңтарға	16.544.978	21.555.045	2.706.335	4.329.457	–	45.135.815
Түсім	434.575	156.231	–	39.126	–	629.932
Аударым	25.770	(25.764)	–	(6)	–	–
Істен шығару	(1.652.307)	(1.316.169)	–	–	–	(2.968.476)
Аяқталмаған құрылыстан аударым <i>(8-ескерте)</i>	376.982	580.318	–	–	–	957.300
2017 жылғы 31 желтоқсанға	15.729.998	20.949.661	2.706.335	4.368.577	–	43.754.571
Түсім	596.243	375.271	–	13	2.018.496	2.990.023
Еншілес ұйымды сатып алу <i>(5-ескерте)</i>	99.965.947	2.555.473	54.656.742	5.312.096	–	162.490.258
Аударым	55.461	(55.335)	–	(126)	–	–
Істен шығару	(3.870.985)	(144.726)	–	(1.243.671)	–	(5.259.382)
Аяқталмаған құрылыстан аудару	152.071	1.866.425	–	–	(2.018.496)	–
2018 жылғы 31 желтоқсанға	112.628.735	25.546.769	57.363.077	8.436.889	–	203.975.470
Жинақталған амортиза- ция және құнсыздану						
2017 жылғы 1 қаңтарға	9.055.741	16.504.181	–	2.435.772	–	27.995.694
Амортизациялық есептеулер	1.162.646	1.287.779	–	619.995	–	3.070.420
Құнсыздану	9.933	43.032	–	–	–	52.965
Істен шығару	(1.646.437)	(1.310.615)	–	–	–	(2.957.052)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	8.581.883	16.524.377	–	3.055.767	–	28.162.027
Амортизациялық есептеулер	1.507.815	1.138.848	–	682.348	–	3.329.011
Құнсыздану	1.169.713	–	–	–	–	1.169.713
Істен шығару	(3.869.426)	(123.726)	–	(1.234.671)	–	(5.227.823)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	7.389.985	17.539.499	–	2.503.444	–	27.432.928
Қалдық құн						
2017 жылғы 31 желтоқсанға	7.148.115	4.425.284	2.706.335	1.312.810	–	15.592.544
2018 жылғы 31 желтоқсанға	105.238.750	8.007.270	57.363.077	5.933.445	–	176.542.542

Лицензиялар және тауарлық белгілер, бағдарламалық жасақтама және өзгелері бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтерді қамтиды *(5-ескерте)*.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2018 жыл ішінде Топ құнсызданудан 1.169.713 мың теңге сомасында залалды таныды, бұл тіркелген телекоммуникациялық байланыс сегментінде еншілес ұйымдардың («КТ Cloud Lab» ЖШС, «Востоктелеком» ЖШС) қызметін өзгерту салдарынан өтелетін құнға дейінгі лицензияларды есептен шығаруды талап етті. Залал жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі өзге де шығыстар құрамында көрсетілді. Өтелетін құн 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жекелеген активтер деңгейінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу негізінде нөл теңге мөлшерінде анықталды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны 10.408.974 мың теңге материалдық емес активтер (негізінен бағдарламалық жасақтама) толық амортизацияланды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 8.372.440 мың теңге).

10. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай қауымдастырылған ұйымдар енгізілді:

Мың теңгемен	Негізгі қызмет	Тіркелген елі	2018 жылғы 31 желтоқсанға		2017 жылғы 31 желтоқсанға	
			Баланстық құны	Иелену үлесі	Баланстық құны	Иелену үлесі
Хан Тенгри Холдинг Б.В.	Телекоммуникациялық қызметтер	Нидерланд	76.070.585	51%	68.327.015	51%
«QazCloud» ЖШС	АТ-қызметтер	Қазақстан	1.598.639	49%	919.125	49%
			77.669.224		69.246.140	

2018 және 2017 жылдардағы қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялардың баланстық құнындағы қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Хан Тенгри Холдинг Б.В.	«QazCloud» ЖШС	Барлығы
2016 жылғы 31 желтоқсанға	67.160.792	–	67.160.792
Жарғылық капиталға қосымша жарна	–	986.980	986.980
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы/(залалындағы) үлес	1.166.223	(67.855)	1.098.368
Қауымдастырылған ұйымдардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлес	–	–	–
Жарияланған дивидендтер	–	–	–
2017 жылғы 31 желтоқсанға	68.327.015	919.125	69.246.140
Жарғылық капиталға қосымша жарна	–	563.000	563.000
Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы үлес	7.743.570	116.514	7.860.084
Қауымдастырылған ұйымдардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлес	–	–	–
Жарияланған дивидендтер	–	–	–
2018 жылғы 31 желтоқсанға	76.070.585	1.598.639	77.669.224



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына инвестициялар

2016 жылғы 29 ақпанда Топ Қазақстан Республикасында GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникациялық қызметтер көрсететін «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының акционерлік капиталының 51% және дауыс беру акцияларының 49,48% сатып алды. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» – биржада айналымда жоқ, жекеменшік ұйым. Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте қатысу үлесі әдісін пайдаланумен көрсетіледі.

Сатып алу күніне инвестиция әділ құнын бағалау негізінде 80.700.000 мың теңге мөлшерінде танылды.

Төменде көрсетілген кестеде алдын ала әділ құнды бағалау негізінде Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына инвестициялары бойынша қорытынды қаржылық ақпарат қамтылған:

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсанға	2017 жылғы 31 желтоқсанға
Айналымдағы активтер	23.058.916	39.906.159
Айналымнан тыс активтер	155.086.820	153.137.417
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(38.288.604)	(46.052.692)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(104.123.963)	(126.441.186)
Меншікті капитал	35.733.169	20.549.698
Топтың меншікті капиталдағы үлесі – 51%	18.223.916	10.480.346
Гудвил	57.846.669	57.846.669
Топ инвестициясының баланстық құны	76.070.585	68.327.015

Мың теңгемен	2018 год	2017 год
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім	120.803.222	104.154.218
Операциялық шығыстар	(100.897.873)	(100.929.964)
Операциялық емес шығыстар	(9.514.034)	(10.566.819)
Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал)	10.391.315	(7.342.565)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	4.792.155	9.629.276
Кезеңдегі пайда	15.183.470	2.286.711
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	15.183.470	2.286.711
Қауымдастырылған ұйымға инвестицияның құнсыздануы (11-ескертпе)	–	–
Топтың бір жылғы пайдадағы үлесі	7.743.570	1.166.223
Доля Группы в прибыли за год	7.743.570	1.166.223

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының болашақта 2.522.158 мың теңге көлемінде күрделі салымдарды жүзеге асыру бойынша міндеттемелері болды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 1.944.930 мың теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Қауымдастырылған ұйымда үлес сатып алу опциондары

Топ пен Tele2 арасындағы кел арасындағы келісімге сәйкес Топ мәміле жасалған күннен үш жыл өткеннен кейін кез келген уақытта Tele2-ден «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлестерінің 49% сатуды талап етуге сөзсіз құқығы бар («колл» опционы). Tele2-нің Топтан «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясына қатысу үлестерінің 49% сатып алуды талап етуге симметриялы құқығы бар («пут» опционы).

Опционның бағасы АҚШ долларымен есептеледі және берілетін акциялардың әділ нарықтық құны анықталған күнгі жағдайдағы мөлшеріне тең болуы керек. Топ опционның әділ құнын бағалау жүргізді және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға опционның әділ құны нөлге тең (2017 жыл: нөл).

«Қазақтелеком» АҚ-ның «Кселл» АҚ акцияларының 75%, Tele2 А.В. сатып алуы бойынша мәміленің жабылуына байланысты, «пут» опционын мерзімінен бұрын іске асыру туралы шешім қабылданды және Tele2 А.В. соған сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-дан Tele2 А.В. компаниясына тиесілі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» барлық акциясын нарықтық құны бойынша сатып алуды талап ету құқығына ие. Пут опционын мерзімінен бұрын орындау 2016 жылғы 29 ақпандағы акционерлер келісімінің бәсекелессіздік туралы тармағы бұзылуына байланысты мүмкін болды. Осыған сәйкес «Қазақтелеком» АҚ мобильді операторлардағы бақылаушы үлесін иеленбеу міндетін алды. 2018 жылғы 28 желтоқсанда Tele2 А.В. компаниясынан опционды іске асыру туралы хабарлама алынды.

Осыған байланысты «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 А.В. акционерлері опционды іске асыру, соның ішінде Tele2 А.В. компаниясына тиесілі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларының әділ нарықтық құнын бағалау бойынша іс-шараларды жүзеге асырып жатыр. Акционерлер акциялардың әділ нарықтық құны бойынша келісімге келгеннен кейін «Қазақтелеком» АҚ Tele2 А.В. компаниясына тиесілі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларын сатып алатын болады. 2016 жылғы 29 ақпандағы акционерлер келісімінің талаптарына сәйкес Tele2 А.В. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларының әділ құны келісілгеннен кейін 10 күн ішінде опционды іске асыру туралы хабарламаны кері қайтаруына болады. Сәйкесінше, опцион жарамды болып табылмайды және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Хан Тенгри Холдингін бақылау мүмкіндігі болмайды.

«QazCloud» ЖШС-ға инвестициялар

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде «Қазақтелеком» АҚ және «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС арасында 2016 жылғы 17 тамызда «Қазақтелеком» АҚ-ның «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 51% сатып алу-сату шарты жасалды.

2017 жылғы 4 қазанда «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС атауын «QazCloud» ЖШС деп өзгертіп, қайта тіркеуден өтті.

2017 жылғы 25 шілдеде «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі «QazCloud» ЖШС жарғылық капиталына 1.973.960 мың теңге мөлшерінде қосымша инвестициялық жарна енгізу туралы шешімді мақұлдады.

2017 жылғы 15 қарашада және 2018 жылғы 27 сәуірде Топ нақты қажеттілікке сәйкес «QazCloud» ЖШС жарғылық капиталына 986.980 мың теңге және 563.000 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатымен жарна енгізді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

«QazCloud» ЖШС-ға инвестициялар (жалғасы)

«QazCloud» ЖШС жарғылық капиталына қосымша жарналар Топтың қатысу үлесін өзгертпеді, себебі екінші қатысушы «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС да өз үлесіне сәйкес «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС жарғылық капиталына жарна енгізді.

Төменде «QazCloud» ЖШС жеке елеулі емес қауымдастырылған ұйымы туралы жалпылама ақпарат берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім	3.767.779	35.446
Операциялық шығыстар	(3.521.735)	(165.446)
Операциялық емес шығыстар	44.655	7.822
Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал)	290.699	(122.178)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	(52.915)	–
Бір жылдағы пайда/(залал)	237.784	(122.178)
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс/(залал)	237.784	(122.178)
Танылмаған жинақталған залал	–	(7.988)
Топтың бір жылғы пайдадағы/(залалдағы) үлесі	116.514	(67.855)

11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ

Гудвил

Бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған гудвил құнсыздануға тестілеу мақсатында ақша қаражатын өндіретін екі бірлікке («АҚӨБ») («IP TV» және «Мобильді телекоммуникациялық байланыс») бөлінген. IP TV АҚӨБ тіркелген телекоммуникация байланысы сегментінің бір бөлігі болып табылады.

Ақша қаражатын өндіретін әрбір бірлікке бөлінген гудвилдің баланстық құны:

	IP TV		Мобильді телекоммуникациялық байланыс		Барлығы	
	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл
Гудвил	2.706.335	2.706.335	54.656.742	–	57.363.077	2.706.335

Топ 2018 және 2017 жылдардың желтоқсанында құнсыздануға тест жүргізді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

«IP TV» бірлігі

IP TV АҚӨБ өтетін құны басшылық бес жылдық мерзімге бекіткен қаржылық жоспарларға негізделген, болжанатын ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салудан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 13,10% құрады (2017 жыл: 14,86%), ал бес жылдық мерзім шегінен тыс ақша ағындары 0% өсу қарқынын ескерумен экстраполирленген (2017 жыл: 0%).

Осы талдау нәтижесінде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық аталған АҚӨБ құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

«Мобильді телекоммуникациялық байланыс» бірлігі

«Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ өтетін құны басшылық бес жылдық мерзімге бекіткен қаржылық жоспарларға негізделген, болжанатын ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салудан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 12% құрады, ал бес жылдық мерзім шегінен тыс ақша ағындары 1,5% өсу қарқынын ескерумен экстраполирленген.

Осы талдау нәтижесінде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық аталған АҚӨБ құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

Активтерді пайдалану құқығын есептеу кезінде пайдаланылатын басты жорамалдар

АҚӨБ «IP TV» АҚӨБ және «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ активтерін пайдалану құндылығын есептеу кезінде мынадай көрсеткіштерге қатысты жасалған жорамалдар елеулі мәнге ие болды:

- Болжанатын кезең ішіндегі клиенттік база және түсімнің өсу қарқынына тікелей әсер ететін абоненттен түсетін орташа кіріс.
- Қаржылық жоспарға салынатын күрделі салымдар деңгейі.
- Қаржылық жоспарға салынатын EBITDA маржасы.
- Болжанатын кезеңнен тыс ақша ағындары эстраполяциясы үшін өсу қарқыны.
- Дисконттау мөлшерлемесі.

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы өз бәсекелестеріне қатысты болжалды кезең ішінде бөлімшенің позициясы қалай өзгеретінін бағалайды.

Топ басшылығы болжалды кезең ішінде IP TV клиенттік базасын ұлғайтуды күтеді, Топ «Қазақтелеком» АҚ нарықтағы үлесін ұлғайту үшін «Қазақтелеком» АҚ инфрақұрылымының басымдылығын пайдалануды жоспарлайды.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (жалғасы)

Активтерді пайдалану құқығын есептеу кезінде пайдаланылатын басты жорамалдар (жалғасы)

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны (жалғасы)

Сонымен қатар Топ басшылығы болжалды кезең ішінде мобильді сегменттегі клиенттік базасын ұлғайтуды күтеді, себебі «Кселл» АҚ 4G/LTE желісімен және мобильді интернетпен қамтудағы бәсекелестерінен артықшылығын, сондай-ақ нарықтағы өз үлесін арттыру үшін тартымды тарифтерін пайдалануды жоспарлап отыр. Нәтижесінде Топ бүкіл болжалды кезең ішінде бөлімшенің кірісі артуын күтеді.

Күрделі салымдар деңгейі

«Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ-ге күрделі салымдар деңгейі маңызды. Себебі бұл бөлімшенің клиенттік базаны арттыруды техникалық қолдау және нарық талаптарының өзгерістеріне жауап беру мүмкіндігін анықтайды. Күрделі салымдар деңгейі бөлімшенің халықтың байланыс қызметтеріне қажеттілігін қамту мен желінің сапалық көрсеткіштерін жақсартудағы артықшылықтарын сақтауға және нығайтуға деген қажеттіліктерімен анықталады.

EBITDA маржасы

EBITDA маржасы «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ бөлімшесінің нарық талаптары, бәсекелестік және өзге факторлар ескерілген өз қаржылық жоспарына салатын кірістілік деңгейін көрсетеді. Аталған көрсеткіштің үдемелі қарқыны бөлімшенің операциялық ауқымының өсуіне және соған сәйкес шығыстар үнеміне сәйкес келеді.

Өсу қарқыны

Өсу қарқыны жарияланған салалық зерттеу материалдары негізінде анықталады.

Дисконттау мөлшерлемесі

Дисконттау мөлшерлемелері әр АҚӨБ-ге тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағаларын ақшаның уақытша құнын және ақша ағындарын бағалауға енгізілмеген АҚӨБ құрамына кіретін активтер бойынша жеке тәуекелдерді есепке ала отырып көрсетеді. Дисконттау мөлшерлемесінің есебі Топ қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тән нақты талаптарға негізделген және өз капиталының орташа есептелген құнына жүгіне отырып анықталады. Капиталдың орташа есептелген құны қарыздық, сонымен бірге акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капиталдың құны Топ акционерлерінің инвестициялары бойынша күтілетін кіріс негізінде анықталады.

Қарыздық капиталдың құны Топ қызмет көрсетуге міндетті пайыздық қарыздарға негізделген. Белгілі бір сегменттерге тән тәуекелдер бета жеке коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері ашық қолжетімді нарық ақпараты негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Басшылық Топқа тиесілі IP TV нарық үлесі болжалды кезең ішінде өседі деп күткенімен, клиенттік базаның немесе абоненттен түсетін орташа кірістің 30,59%-ға азаюы (2017 жыл: 25,01%) IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

Басшылық Топқа тиесілі мобильді телефон байланысының нарықтағы үлесі болжалды кезең ішіндегі өседі деп күткенімен, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсу қарқының төмендеуі немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы түсімнің өсу қарқыны 0,37% аса төмендеуіне алып келіп, «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салым деңгейі 11,90% аса ұлғаятын болса, бұл осы «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ-де құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді.

ЕБИТДА маржасы

ЕБИТДА маржасының 1,37% артық төмендеуі «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ-де құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді.

Өсу қарқыны

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы және бір салада жұмыс істейтін жаңа компаниялар пайда болу мүмкіндігі өсу қарқыны туралы қабылданған жорамалдарға айтарлықтай ықпал етуі мүмкін деген фактіні қабылдайды. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны жылдық 10,33%-ға төмендеуі (2017 жыл: жылдық 8,31%) IP TV бөлімшесі үшін құнсызданудан залал туындауына әкеліп соқтырады.

Ұзақ мерзімді өсу қарқыны жылдық 0,42% және одан аса төмендеуі «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ үшін құнсызданудан залал туындауына әкеліп соқтырады.

Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салу есебінен соң дисконттау мөлшерлемесінің 18,44% дейін өсуі IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады (2017 жыл: салық салу есебінен соң дисконттау мөлшерлемесінің 19,32% дейін артуы құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады).

Салық салу есебінен соң дисконттау мөлшерлемесінің 12,76% дейін өсуі «Мобильді телекоммуникациялық байланыс» АҚӨБ -де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (жалғасы)

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» – қауымдастырылған ұйымына инвестиция

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйымына инвестиция жеке АҚӨБ болып табылады. Аталған АҚӨБ GSM және LTE стандартында мобильді телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсету бойынша операциялық сегмент болып табылады.

Инвестицияның баланстық құны мынаны құрады:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Қауымдастырылған ұйымға инвестиция	76.070.585	68.327.015

Аталған АҚӨБ құнсыздану белгілері болуына байланысты, Топ құнсыздануға тестіні 2018 және 2017 жылдардың желтоқсанында жүзеге асырды.

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» АҚӨБ өтелетін құны басшылық сегіз жыл мерзімге бекіткен қаржылық жоспарларға негізделген, болжанатын ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салғаннан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 13,10% құрады (2017 жыл: 14,86%), ал сегіз жылдан тыс ақша ағындары 1,5% өсу қарқынын ескере отырып экстраполирленді (2017 жыл: 1,5%).

Аталған талдау нәтижесінде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық аталған АҚӨБ құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

Активтерді пайдалану құндылығын есептеу кезінде қолданылатын басты жорамалдар

АҚӨБ активтерін пайдалану құндылығын есептеу кезінде мынадай көрсеткіштерге қатысты жасалған жорамалдар елеулі мәнге ие болды:

- Болжанатын кезең ішіндегі клиенттік база және түсімнің өсу қарқынына тікелей әсер ететін абоненттен түсетін орташа кіріс.
- Қаржылық жоспарға салынатын күрделі салымдар деңгейі.
- Қаржылық жоспарға салынатын EBITDA маржасы.
- Болжанатын кезеңнен тыс ақша ағыны экстраполяциясы үшін өсу қарқыны.
- Дисконттау мөлшерлемесі.

Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы бөлімшенің позициясы өз бәсекелестеріне қатысты болжамды кезең ішінде қалай өзгеруі мүмкін екенін бағалайды. Топ басшылығы болжалды кезең ішінде клиенттік базаның ұлғаюын күтеді, себебі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» бәсекелестерін 4G/LTE-мен қамту артықшылығын және мобильді интернет жылдамдығын, сондай-ақ нарықтағы өз үлесін ұлғайту үшін тартымды тарифтерді пайдалануды жоспарлайды. Нәтижесінде Топ бүкіл болжалды кезең ішінде бөлімшенің кірісі ұлғаюын күтеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салым деңгейі маңызды, себебі ол бөлімшенің клиенттік базада ұлғаюын техникалық қолдау және нарықтың өзгермелі талаптарына жауап беру қабілетін анықтайды. Күрделі салымдар деңгейі бөлімшенің белгіленген мерзімде екі желіні техникалық біріктіруді аяқтауға деген қажеттіліктерімен, сондай-ақ тұрғындардың байланыс қызметтеріне деген қажеттіліктерін жабуды және желінің сапалы көрсеткіштерін жақсарту қажеттіліктерімен анықталады.

EBITDA маржасы

EBITDA маржасы бөлімше нарық жағдайларын, бәсекелестікті және басқа факторларды ескеретін өз қаржылық жоспарына салатын кірістілік деңгейін көрсетеді. Аталған көрсеткіштің өсу қарқыны бөлімшенің операциялық ауқымының артуына және соған байланысты шығысты үнемдеуге сәйкес келеді.

Өсу қарқыны

Өсу қарқыны салалық зерттеулердің жарияланған материалдары негізінде анықталады.

Дисконттау мөлшерлемесі

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын бағалауға кірмеген, АҚӨБ құрамына қосылған активтер бойынша жеке тәуекелдерді және ақшаның уақытша құнын ескере отырып, аталған АҚӨБ тиесілі ағымдағы нарықтық тәуекелдер бағасын көрсетеді. Дисконттау мөлшерлемелерін есептеу топтың қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тиесілі нақты жағдайларға негізделіп, өз капиталының орташа есептелген құнына қарай анықталады. Капиталдың орташа есептелген құны қарыз және акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капитал құны топ қызмет көрсетуі тиіс пайыздық қарыздарға негізделеді. Белгілі бір сегменттерге қатысты тәуекелдер жеке бета коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері қолжетімді ашық нарықтық ақпарат негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық

Басты жорамалдардағы өзгерістердің өтетін сомаға әсері төменде келтірілген:

Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі болжалды кезеңде өседі деп күтсе де, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсуінің баяулауы немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы түсімнің өсу қарқынын 0,3% аса баяулауға алып келіп, АҚӨБ-дегі құнсызданудан залалдың пайда болуына алып келеді (2017 жыл: өсу қарқынының 2,7% төмендеуі құнсызданудан залалдың артуына алып келеді).



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (жалғасы)

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық (жалғасы)

Күрделі салымдар деңгейі

Күрделі салым деңгейі 13,7% аса ұлғаятын болса, бұл осы бөлімшеде құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді (2017 жыл: күрделі салымдар деңгейінің 5,87% аса артуы құнсызданудан залалдың артуына алып келеді).

ЕБИТДА маржасы

ЕБИТДА маржасының 1,4% артық төмендеуі осы бөлімшеде құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді (2017 жыл: ЕБИТДА маржасының 2,79% аса төмендеуі құнсызданудан залалдың артуына алып келеді).

Өсу қарқыны

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы және осы салада жұмыс істейтін жаңа компаниялардың пайда болу ықтималдығы өсу қарқыны туралы қабылданған жорамалдарға елеулі әсер етуі мүмкін екенін мойындайды. Ұзақ мерзімді жылдық өсу қарқыны 0,28% кем төмендеуі осы бөлімше үшін құнсызданудан залалдың туындауына алып келеді (2017 жыл: ұзақ мерзімді өсу қарқының 1% кем төмендеуі құнсызданудан залалдың артуына алып келеді).

Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесінің 13,94% дейін өсуі АҚӨБ-дегі құнсызданудан залалдың пайда болуына алып келеді (2017 жыл: салық салғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесінің 16,52% дейін өсуі құнсызданудан залалдың артуына алып келеді).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

12. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктегі қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Бастапқы құны		
1 қаңтарға	1.264.668	1.264.668
31 желтоқсанға	1.264.668	1.264.668
Жинақталған тозу және құнсыздану залалы		
1 қаңтарға	(1.264.668)	(1.264.668)
31 желтоқсанға	(1.264.668)	(1.264.668)
Баланстық құны		
1 қаңтарға	–	–
31 желтоқсанға	–	–

Инвестициялық жылжымайтын мүлік мемлекеттік мекемелерге жалға беру мақсатында салынған офистік ғимаратпен қамтылған.

1.264.668 мың теңге мөлшерінде құнсыздану инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнын оның өтелетін құнына дейін есептен шығару болып табылады. Өтелетін құнды бағалау өткізу шығыстарын шегерумен пайдалану құнын және әділ құнын талдау негізінде жасалды және 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нөлге тең деп бағаланды. Себебі Топ оны салу шығынын офистік ғимаратты сату немесе жалдау төлемдері түрінде өтеп алуы ықтималдығы аз. Бұл бағалаулар келешекте өзгеруі мүмкін.

13. АЙНАЛЫМНАН ТЫС ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына айналымнан тыс өзге де қаржылық активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	6.669.328	3.326.666
Жұмыскерлерге қарыздар	2.760.145	2.603.464
Ұзақ мерзімді депозиттер	–	3.323.300
Өзгелері	220.396	203.876
	9.649.869	9.457.306
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(135)	–
	9.649.734	9.457.306



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

13. АЙНАЛЫМНАН ТЫС ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың өзге айналымнан тыс қаржылық активтері мынадай валюталармен көрсетілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Теңге	9.649.734	6.134.006
АҚШ доллары	–	3.323.300
	9.649.734	9.457.306

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ға 2019 жылға дейін өтеу мерзімімен және жылдық 2,5% пайыздық мөлшерлеменен 3.323.300 мың теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді депозит орналастырды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған депозиттің мерзімі бір жылдан аз болғандықтан ол өзге айналымдағы қаржылық активтер ретінде жіктелді.

2018 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді дебиторлық берешек «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дан берешек болып табылады. 2016 жылы 29 ақпанда Топ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Компанияның алдындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берешегін төлеу мерзімін 2031 жылға дейін ұзартуға келісті. Берешек 10% мөлшерлеме бойынша қайта құрылымдау күніне дисконтталды.

Жұмыскерлерге қарыздар 1 жылдан аса және 15 жылға дейінгі мерзімге берілген пайызсыз қарыздар болып табылады. Аталған қарыздар беру күніне жылдық 12,2%-дан 22%-ға дейін нарықтық мөлшерлемелер бойынша дисконтталды (2017 жыл: жылдық 12,2-ден 22%-ға дейін). Ұзақ мерзімді қарыздар жұмыскерлердің жалақысынан берешекті ұстап қалу жолымен өтеледі. Қарыздар жұмыскерлердің жылжымайтын мүлкі түрінде қамтамасыз ету негізінде беріледі.

14. АЙНАЛЫМНАН ТЫС ӨЗГЕ АКТИВТЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына айналымнан тыс өзге де активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС	1.711.640	822.977
Абоненттерді қосу бойынша болашақ кезеңдердің шығысы	692.795	1.034.865
Телекоммуникация қызметтері үшін операторларға төленген аванстар	671.168	522.337
Өзгелері	119.079	73.342
	3.194.682	2.453.521

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына тауарлы-материалдық қорларға мыналар кірді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сатудың таза ықтимал бағасы бойынша қайта сатуға арналған тауарлар	4.580.048	220.171
Өзіндік құны бойынша кәбілдік материалдар	1.657.088	1.425.726
Өзіндік құны бойынша өзге де материалдар және шикізат	1.076.600	556.203
Өзіндік құны бойынша қосалқы бөлшектер	636.318	409.529
Өзіндік құны бойынша отын	452.382	403.243
	8.402.436	3.014.872

2018 жылдың ішінде 30.673 мың теңге (2017 жыл: 13.729 мың теңге) сома таза ықтимал сату бағасы бойынша көрсетілген, тауарлы-материалдық қорларға қатысты шығыстар ретінде танылды. Бұл сома «Жалпы және әкімшілік шығыстар» бабы бойынша көрсетілді.

16. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешекке мыналар кірді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сауда дебиторлық берешек	55.348.456	34.370.423
	55.348.456	34.370.423
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(3.175.108)	–
Минус: күмәнді берешек үшін резерв	–	(2.276.195)
	52.173.348	32.094.228

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы күмәнді берешек үшін резервте/болжалды кредиттік залал үшін резервтегі қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына күмәнді берешек үшін резерв	(2.276.195)	(2.224.485)
9 ҚЕХС қолданылуына байланысты есеп саясатындағы өзгерістер	(870.289)	–
Жыл басына болжалды кредиттік залал үшін резерв/күмәнді берешек үшін резерв (қайта есептелді)	(3.146.484)	(2.224.485)
Бір жылға есептеу	(622.360)	(838.049)
Бір жылда есептен шығару	593.736	786.339
Жыл соңына болжалды кредиттік залал үшін резерв/күмәнді берешек үшін резерв	(3.175.108)	(2.276.195)



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

16. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанға Топтың сауда дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицаларын пайдалану арқылы ұсынылған:

Мың теңгемен	Мерзімі өтпеген	Төлемдердің мерзімін өткізу						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	0,49%	4,52%	9,12%	9,33%	15,11%	23,98%	100%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	38.033.653	4.302.479	2.970.636	2.381.772	1.772.938	5.069.507	817.471	55.348.456
Болжалды кредиттік залал	(186.502)	(194.524)	(270.799)	(222.139)	(267.811)	(1.215.862)	(817.471)	(3.175.108)

2017 жылғы 31 желтоқсанға сауда дебиторлық берешек жасын талдау мына түрде берілген:

Мың теңгемен	Барлығы	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				
			30 күннен кем	30 күннен 90 күнге дейін	90 күннен 120 күнге дейін	120 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса
2017 жылғы 31 желтоқсан	32.094.228	28.853.169	1.712.306	1.103.628	200.939	224.186	–

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың сауда дебиторлық берешегі мынадай валюта-лармен берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Теңге	48.905.384	31.030.653
АҚШ доллары	3.098.781	1.060.084
Басқа валютамен	169.183	3.491
	52.173.348	32.094.228

2018 жылдың 31 желтоқсанына Топтың дебиторлық берешегіне телекоммуникация қызметтерін көрсету және IP VPN желісі арқылы деректер беруге қатынау ұсыну нәтижесінде туындаған 12.400.895 мың теңге (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 11.397.300 мың теңге) сомасындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС дебиторлық берешегін қамтыды. Топ осы берешектің 4.842.282 мың теңге сомасына қатысты «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» алдындағы міндеттемелердің осындай сомасына «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен өзара есеп айырысу жасауды жоспарлап отыр (**28-ескертпе**).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМДЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аванстық төлемдерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Аванстық төлемдер	1.419.500	609.409
	1.419.500	609.409
Минус: құнсыздану	(3.137)	(70.653)
	1.416.363	538.756

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервінің қозғалысы:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына құнсыздану резерві	(70.653)	(72.405)
Бір жылда қалпына келтіру	67.516	1.752
Жыл соңына құнсыздану резерві	(3.137)	(70.653)

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына қысқа мерзімді активтерге төленген аванстар Топтың операциялық қызметі үшін қызметтер мен ТМҚ жеткізгені үшін мердігерлерге берілді.

18. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де қаржылық активтерге мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Банк депозиттері	3.576.340	58.493.090
Жұмыскерлерге берілген қарыздар	2.132.007	2.060.217
Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты	438.812	446.198
Жұмыскерлердің берешегі	228.993	114.825
Алуға жататын сыйақы	108.103	371.432
Радиожиілікті пайдалану үшін төлем өтемі	–	205.709
Өзге де дебиторлық берешек	2.421.526	1.129.742
Өзгелері	–	4.065
	8.905.781	62.825.278
Минус: болжалды кредиттік залалдар үшін резерв	(4.220.670)	–
Минус: күмәнді берешек үшін резерв	–	(691.591)
	4.685.111	62.133.687

Бастапқы мерзімі 3 (үш) айдан артық, бірақ 12 (он екі) айдан аз банк депозиттері жергілікті банктерде ашылды және жылдық 1,25-тен 10,5% пайызға дейін пайыздық мөлшерлемелер бойынша кіріс алып келді (2017 жыл: жылдық 1-ден 13% дейін).



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

18. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

2018 жылғы 12 желтоқсанда Топтың «Кселл» АҚ акцияларының 75% үлесін сатып алу-сату шарты талаптарына сәйкес «Қазақстан Халық банкі» АҚ екі жабылған қарсы кепілдік шығарды, негізгі кепілдіктерді Commerzbank AG кепіл-банкі шығарды, сатып алушылар Fintur Holdings B.V. и Telia Sonera Kazakhstan Holding B.V. кепілдіктер бойынша бенефициарлар болып табылады. Fintur Holdings B.V. атына қарсы кепілдік пен Telia Sonera Kazakhstan Holding B.V. атына қарсы кепілдік тиісінше 5.039.480 мың теңгені және 2.371.520 мың теңгені құрады.

Мәміле аяқталғаннан кейін 2018 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан халық банкі» АҚ Топқа жабылған банк кепілдігінің қаражатын толықтай қайтарды. 2018 жылғы 31 желтоқсанға болжалды кредиттік залалдарға арналған резервке банк таратылуына байланысты «Әксимбанк Қазақстан» АҚ-ға орналастырылып, депозитке аударылған 3.399.500 мың теңге мөлшеріндегі резерв кіреді.

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанға жұмыскерлерге берілген қарыздар және өзге дебиторлық берешек бойынша Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат резервтер матрицасын пайдалану арқылы берілген:

Мың теңгемен	Мерзімі өтпеген	Төлемдердің мерзімін кешіктіру						Барлығы
		1 күннен 30 күнге дейін	31 күннен 60 күнге дейін	61 күннен 90 күнге дейін	91 күннен 120 күнге дейін	121 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса	
Болжалды кредиттік залал пайызы	1,02%	5,01%	9,99%	10,00%	25,01%	70,01%	100,00%	
Дефолт кезінде жалпы есеп айырысу жиынтық баланстық құны	4.419.090	12.522	5.305	3.211	5.709	13.406	762.095	5.221.338
Болжалды кредиттік залал	(44.921)	(627)	(530)	(321)	(1.428)	(9.385)	(762.095)	(819.307)

2017 жылғы 31 желтоқсанға жұмыскерлерге берілген қарыздар және өзге дебиторлық берешек бойынша талдау мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	Барлығы	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				360 күннен аса
			30 күннен кем	30 күннен 90 күнге дейін	90 күннен 120 күнге дейін	120 күннен 360 күнге дейін	
2017 жылғы 31 желтоқсан	3.636.532	3.603.623	10.846	7.061	6.053	8.949	–

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына өзге де қаржылық активтер мынадай валюталармен берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Теңге	4.552.766	4.357.248
АҚШ доллары	124.948	57.772.374
Басқалары	7.397	4.065
	4.685.111	62.133.687

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты – «КазИнвестБанк» АҚ-ның лицензиясын алып қоюына байланысты қайтарып алу ықтималдығы минималды деп бағаланатын, аталған банк шоттарындағы ақша. Бұл ақша қаражатының барлық сомасына құнсыздану резерві жасалды.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін күтілетін кредиттік залалдарға резервтегі/күмәнді берешекке резервтегі қозғалыс мына түрде берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына құнсыздану резерві	(691.591)	(660.721)
Есеп саясатындағы ХҚЕС 9 қолдана отырып, өзгерістер	(590.354)	–
Күтілетін кредиттік залалдарға резерв/күмәнді берешекке резерв, жыл басына (қайта есептелді)	(1.281.945)	(660.721)
Бір жылға есептеу	(2.966.001)	(46.106)
Бір жылда есептен шығару	27.276	15.236
Күтілетін кредиттік залалдарға резерв/күмәнді берешекке резерв, жыл соңына	(4.220.670)	(691.591)

19. АЙНАЛЫМДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ АКТИВТЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына айналымдағы өзге де активтерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Өтелуге жататын ҚҚС	7.572.175	495.503
Корпоративтік табыс салығынан басқа, алдын ала төленген салық	1.345.611	161.181
Абоненттерді қосу бойынша келешек кезеңдердің шығыстары	799.362	820.026
Телекоммуникация қызметтері үшін операторларға төленген аванстар	143.086	86.027
Өзгелері	532.720	61.285
	10.392.954	1.624.022

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайтарылуға жататын ҚҚС 7.572.175 мың теңге болды.

20. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	45.763.434	14.909.487
Өтеу мерзімі ашылу күнінен бастап 90 күннен аз депозиттер	72.802	1.071.989
Кассадағы ақша қаражаты	20.621	4.467
Минус: күтілетін кредиттік залалдар	(506.765)	–
	45.350.092	15.985.943



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (жалғасы)

Ағымдағы банк шоттарына орналастырылған ақша қаражатына пайыздар жылдық 0,1%-дан 8,5%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептеледі (2017 жыл: жылдық 0,1%-дан 10%-ға дейін). 2018 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатына 7% дейінгі мөлшерлеменен «овернайт» депозиттерінде орналастырылған, 72.802 мың теңге мөлшеріндегі сома кіреді (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 7% дейінгі мөлшерлеменен 74.999 мың теңге). 2018 жылғы 31 желтоқсанға топтың ақша қаражатына ағымдағы қажеттілігіне қарай бір күннен үш айға дейінгі кезеңде ашылатын қысқа мерзімді банк депозиттері болған жоқ (2017 жылы: жылдық 0,15%-дан 1,5%-ға дейін).

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталармен көрсетілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
АҚШ доллары	29.886.154	8.654.970
Теңге	15.314.144	7.200.660
Ресей рублі	128.024	98.540
Өзгелері	21.770	31.773
	45.350.092	15.985.943

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін болжалды кредиттік залалдар резервіндегі қозғалыс:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына құнсыздану резерві	–	–
ҚХЕС 9 қолданумен байланысты есеп саясатындағы өзгерістер	(20.240)	–
Күтілетін кредит залалдарына резервтер, жыл басына (қайта есептелді)	(20.240)	–
Бір жылда есептелгені	(486.525)	–
Жыл соңына күтілетін кредит залалдарына резервтер	(506.765)	–

21. КАПИТАЛ

Жарияланған және шығарылған акциялар

	Акциялар саны		Мың теңге		
	Жай акциялар	Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Ар-тықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Барлық шығарылған акция
2016 жылғы 31 желтоқсанға	10.922.876	1.213.653	10.922.876	1.213.653	12.136.529
2017 жылғы 31 желтоқсанға	10.922.876	1.213.653	10.922.876	1.213.653	12.136.529
2018 жылғы 31 желтоқсанға	10.922.876	1.213.653	10.922.876	1.213.653	12.136.529

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

	Акциялар саны		Мың теңгемен		Барлығы
	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	
2016 жылғы 31 желтоқсанға	215.553	893.097	2.966.250	3.498.124	6.464.374
Меншікті акцияларды сатып алу	–	–	–	–	–
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	–	–	–	–	–
2017 жылғы 31 желтоқсанға	215.553	893.097	2.966.250	3.498.124	6.464.374
Меншікті акцияларды сатып алу	–	–	–	–	–
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	–	–	–	–	–
2018 жылғы 31 желтоқсанға	215.553	893.097	2.966.250	3.498.124	6.464.374

Сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған акциялар

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған жай және артықшылықты акциялар саны тиісінше 10.707.323 және 320.556 (2017 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 10.707.323 және 320.556 акция).

2018 жылдың 13 желтоқсаны мен 2019 жылдың 8 қаңтары аралығында Топтың атына миноритарлық акционерлерден «Кселл» АҚ-ның 75% акциясын сатып алу жөнінде ірі мәміле жасау туралы Топтың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен олардың келіспейтіндігіне байланысты Топтың өзіне тиесілі акцияларды сатып алуы жөніндегі талабымен өтініштер келіп түсті. Сатып алуға барлығы 34.911 жай және 21.962 артықшылықты акция қойылған (бірқатар өтініштерді қайтарып алумен). Акцияларды сатып алу және оларды сатып алу бағасы жөніндегі шешімді «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі өкілетті органдардың қабылдаған процессуальдық шешімдерінің нәтижелерінен соң белгіленген тәртіппен қабылдайды. Акцияларды сатып алу бойынша міндеттемелердің күтілетін шекті ауқымы 256-дан 660 млн теңгеге дейін бағаланады.

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қолданыстағы әдістемеге сәйкес «Қазақтелеком» АҚ акцияларын сатып алу құны ҚҚБ-дағы «Қазақтелеком» АҚ акцияларының ағымдағы бағасынан және «Қазақтелеком» АҚ ағымдағы жылдағы таза кірісінің болжамдық көрсеткішінің өткен жылдағы «Қазақтелеком» АҚ таза кірісінің нақты көрсеткіштеріне қатынасы есебінен жүргізіледі.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

21. КАПИТАЛ (жалғасы)

Артықшылықты акциялар

Артықшылықты акциялар иелерінің бір акцияға шаққанда 300 теңге көлемінде жыл сайынғы кумулятивті дивидендтерді және жай акциялардың иелеріне төленетін акцияға дивидендтерді алуға құқығы бар. Жыл сайынғы кумулятивті дивидендтердің болашақтағы ақша ағындарының дисконтталған құны 2018 жылғы 31 желтоқсанға сомасы 874.244 мың теңге қаржы міндеттемесін құрайды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 874.244 мың теңге). Бұл міндеттеме ұзақ мерзімді міндеттемелер құрамындағы артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген. Егер акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың иелерінің құқықтарын шектейтін шешімді, сондай-ақ Компанияны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау туралы мәселені қарастырса, сонымен бірге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер жарияланған төлем күнінен соң 3 (үш) ай ішінде төленбеген жағдайда, артықшылықты акциялардың иелері дауыс беру құқығына ие.

Дивидендтер

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің міндетті мөлшері Компания Жарғысына сәйкес бір акцияға шаққанда 300 теңгені құрайды. Тиісінше, артықшылықты акциялар құрамдастырылған қаржы құралдары болып табылады, демек міндеттемелер мен капиталда ескерілетін компоненттер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен міндеттемелер немесе капитал құрамында көрсетіледі.

2018 жылғы 31 желтоқсанға 96.167 мың теңге сомасындағы белгіленген дивидендтер есептелінді (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 96.167 мың теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздар бойынша шығыс ретінде көрсетіледі (**36-ескертпе**).

2018 жылғы 30 мамырда «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде Компания 2017 жылдың қорытындылары бойынша 415.373 мың теңге көлемінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді жариялады және 17.086.639 мың теңге көлемінде жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялады (2017 жыл: 33.520 теңге және 4.331.862 мың теңге тиісінше). Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер 2018 жылдың ішінде төленді. 2018 жылғы 31 желтоқсанға акцияға (жай және артықшылықты) дивидендтер 1.595,79 теңгені (2017 жылғы 31 желтоқсанға: жай және артықшылықты акцияға 404,57 теңге).

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін төлеуге дивидендтердегі қозғалыс:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына төлеуге дивидендтер	1.628.625	1.547.439
Жай акцияларға жарияланған дивидендтер	17.086.639	4.331.862
Міндетті көлемнен тыс артықшылықты акцияларға жарияланған дивидендтер	415.373	33.520
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс (36-ескертпе)	96.167	96.167
Төлем көзінен салық	(197.074)	(81.017)
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	(16.996.235)	(4.299.346)
Жыл соңына төлеуге дивидендтер (28-ескертпе)	2.033.495	1.628.625

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Өзге резервтер

Компания Жарғыға сәйкес жарияланған жарғылық капиталдың 15% мөлшерінде резерв қорын құрды. Бұл резерв қоры бөлінбеген пайдадан құрылған. 2018 және 2017 жылдары резерв қорында қозғалыстар болмады.

Шетел валютасын қайта есептеу қоры

Шетел валютасын қайта есептеу қоры қолданыстағы валютасы теңге емес және 3-ескертпеде берілген есеп саясатына сәйкес қаржы есептілігі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қосылатын еншілес компаниялардың қаржы есептілігін қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылады.

Акция пайдасы

Акцияның базалық кірісі жыл бойы айналымда болған жай және артықшылықты акциялардың орта есеппен алғандағы санын бас компанияның (артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің таза сомасын ескере отырып түзетілген) жай акцияларын ұстаушылардың арасында бөлуге жататын бір жылдағы таза пайданы бөлумен есептеледі.

Топта әлеуеті артатын жай акциялар болмағандықтан, акцияның көбейтілетін пайда көлемі акцияның базалық пайда көлеміне тең.

Келесі кесте акцияның базалық және көбейтілетін пайдасын есептеу кезінде пайдаланылатын кірістер және акциялар бойынша деректерді көрсетеді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Таза пайда	43.067.365	24.717.821
Конвертацияланатын артықшылықты акциялар бойынша пайыздар	96.167	96.167
Акцияға базалық және аралас пайданы есептеу үшін таза пайда	43.163.532	24.813.988
Акцияға базалық және аралас пайданы есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орташа алынған саны	11.027.879	11.027.879
Акцияға базалық және аралас пайда, теңге	3.914,04	2.250,11

Есепті күн мен осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру күнінің арасында жай акциялармен немесе әлеуетті жай акциялармен ешқандай басқа операция жүргізілмеді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

21. КАПИТАЛ (жалғасы)

Қазақстан қор биржасының («ҚҚБ») талаптарына сәйкес ашылатын қосымша ақпарат

Жай акциялардың құны ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген

ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген бір жай акцияның құны берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Активтер жиыны	793.394.731	471.314.192
Минус: материалдық емес активтер (9-ескертпе)	176.542.542	15.592.544
Минус: міндеттемелер жиыны	378.553.796	112.206.255
Минус: сатып алынған акцияларды шегергендегі артықшылықты акциялардың аталуы құны	320.556	320.556
ҚҚБ талаптарына сәйкес жай акция құнын есептеу үшін таза активтер	237.977.837	343.194.837
Жай акциялар саны	10.707.323	10.707.323
ҚҚБ талаптарына сәйкес есептелген бір жай акция құны (теңгемен)	22.226	32.052

Сондай-ақ ҚҚБ талаптарына сәйкес Топ шығарылған дауыс бермейтін артықшылықты акцияның (капиталдағы) санына бөлінген және дауыс бермейтін артықшылықты акция бойынша қарызын, дауыс бермейтін артықшылықты акция ұстаушыларының дивиденді бойынша берешек соманы көрсетуі тиіс. Осыған орай, артықшылықты акция шегінде дивиденд бойынша берешек ҚҚБ әдістемесінде ескерілмегендіктен, акция ұстаушыларымен және олардың төлем деректемелері туралы өзекті мәліметтің болмауына байланысты төленбеген. Аталған көрсеткіш 2018 жылдың 31 желтоқсанына 3.727 теңгені (2017 жылдың 31 желтоқсанына 3.727 теңге) құрайды.

22. ҚАРЫЗДАР

2018 және 2017 жылдарға қарыздар мыналардан тұрды:

Мың теңгемен	Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме	2018 жыл	Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме	2017 жыл
Жылдық мөлшерлемесі 7%-дан 12%-ға дейінгі тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар	10,61%	86.791.306	7,64%	27.319.491
Жылдық мөлшерлемесі 7,5%-дан 11,5%-ға дейінгі тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар облигациялар	11,50%	106.661.234	7,50%	6.063
		193.452.540		27.325.554

2018 жылдың 6 қарашасы мен 12 желтоқсанында Топ 11,5% мөлшерлеменен жалпы сомасы 100.000.000 мың теңгеге және 2024 жылдың қарашасында өтеу мерзімімен «Астана» халықаралық

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

қор биржасында («АIX») купондық облигацияны листингілеуді жүзеге асырды. Бір облигацияның номиналды құны – бір мың теңге. Осы шығарылымдағы облигацияларды Бас компания сатып алды (41-ескертпе).

Купондық облигацияны сатып алу-сату туралы Бас компаниямен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес Топ 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде шарттағы жалпы соманы жабатындай көлемді қамтамасыз етуді немесе қайсысы әрекетке алдымен түсетіндігіне орай Компанияның акцияларын қор биржасында бастапқы/екінші рет ашық түрде орналастыруды міндетіне алады. Қамтамасыз ету ретінде берілетін активтер есепті күнге анықталған жоқ. 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздар теңгемен көрсетілді.

Қарыздарды өтеу мерзімдері мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	57.614.129	2.357.864
1 жылдан 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	7.392.518	4.065.248
2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	23.780.192	12.177.556
5 жылдан аса өтеу мерзімімен	104.665.701	8.724.886
Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі	135.838.411	24.967.690
Барлық қарыз	193.452.540	27.325.554

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар мынаны құрады:

Облигациялар	Өтеу күні	Атаулы сыйақы мөлшерлемесі	2018 жыл	2017 жыл
«Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (КТСВ.1024 и КТСВ2.1024)	2024 жылғы 1 қараша	11,50%	101.461.458	–
«Кселл» АҚ жергілікті облигациялары (KCELB1)	2021 жылғы 16 қаңтар	11,50%	5.193.713	–
«Қазақтелеком» АҚ жергілікті облигациялары (KZTKb3)	2019 жылғы 26 желтоқсан	7,50%	6.063	6.063
			106.661.234	6.063

Қарыздар	Өтеу күні	Атаулы сыйақы мөлшерлемесі	2018 жыл	2017 жыл
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	2024 жылғы 19 желтоқсан	7,00%	17.113.449	18.539.569
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	2024 жылғы 19 желтоқсан	9,00%	8.152.784	8.779.922
«Евразиялық банк» АҚ	2019 жылғы 20 желтоқсан	12,00%	29.749.590	–
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	2019 жылғы 2 желтоқсан	11,50%	7.818.525	–
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	2019 жылғы 20 қыркүйек	11,50%	3.893.578	–
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	2021 жылғы 16 шілде	11,50%	9.976.714	–
«Альфа Банк» АҚ	2019 жылғы 7 маусым	12,00%	5.036.666	–
«Альфа Банк» АҚ	2019 жылғы 7 маусым	12,00%	5.050.000	–
			86.791.306	27.319.491

2018 жылғы 31 желтоқсанға Бас компания Топтың «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ алған 24.961.627 мың теңге сомасындағы кредит желісіне кепілдеме болды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 26.991.220 мың теңге). 2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қарыздары жоғарыда көрсетілген кепілдемеден басқа қандай да бір мүлікпен қамтамасыз етілген жоқ.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

23. ЖАЛДАУ

Қаржылық жалдау

Топ телекоммуникациялық жабдыққа басымдылық бере отырып, бірқатар негізгі құралдар объектілері бойынша қаржылық жалдау шарттарын жасасты. Шарттар талаптарына сәйкес жалға алынатын активтер жалдау мерзімі аяқталған бойда Топтың жеке меншігіне өтеді. Болашақтағы ең төменгі жалдау төлемінің сомалары және олардың дисконтталған құны мынадай болып берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл		2017 жыл	
	Ең төменгі жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	Ең төменгі жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны
Бір жыл ішінде	9.437.411	6.754.019	5.305.919	3.920.719
Бір жылдан бес жылға дейін	18.889.078	15.975.306	9.331.352	7.681.118
Минус: қаржыландыру бойынша алдағы шығындарды көрсететін сома	(5.597.164)	–	(3.035.434)	–
Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	22.729.325	22.729.325	11.601.837	11.601.837
Минус: 12 ай ішінде өтеуге жататын сома		6.754.019		3.920.719
Кем дегенде 12 айдан кейін өтеуге жататын сома		15.975.306		7.681.118

Пайыз сомасын есептеу пайыздың жылдық 14,6% тиімді мөлшерлемесіне негізделеді.

24. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық және жалақыны есептеу олардың туындауына қарай шығыстарда көрсетіледі.

Сондай-ақ Топ жұмыскерлердің жалақысынан жинақтаушы зейнетақы қорларына жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін 10% ұстап қалады. Мұндай шығыстар орын алған кезеңі бойынша көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның сыйақы беру бойынша жалпы міндеттемелері мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құны	15.225.384	12.474.055
Басқа ұзақ мерзімді төлемдер бойынша міндеттемелердің дисконтталған құны	580.386	458.129
	15.805.770	12.932.184

Зейнеткерлік жоспар Компания мен жұмыскерлер арасында жасалған еңбек шартына сәйкес мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауды көздейді. Басқа ұзақ мерзімді төлемдер мерейтойлық күндерге сыйақылар төлемін, негізгі жұмыскерлердің өліміне байланысты төлемдер және басқаларды қамтиды.

Топ мұндай міндеттемелермен қор құрған жоқ.

Төменде 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына бөлек төлемдері бар белгіленген төлемдермен зейнеткерлік жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын салыстыру берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына барлық міндеттемелер	12.474.055	7.831.035
Ағымдағы қызметтердің құны	366.783	334.343
Пайыздар шығыны	923.080	747.081
Кезең ішінде төленген сыйақы	(1.285.569)	(1.736.771)
Басқа жиынтық кіріс құрамындағы кезең ішінде танылған актуарлы залал	2.747.035	5.298.367
Жыл соңына барлық міндеттемелер	15.225.384	12.474.055
Жыл бойына өтелетін міндеттемелер	(1.255.222)	(909.227)
Бір жылдан аса мерзімде өтелетін міндеттемелер	13.970.162	11.564.828

Төменде 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына бөлек төлемдері бар белгіленген төлемдермен зейнеткерлік жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын салыстыру берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басына барлық міндеттеме	458.129	388.503
Ағымдағы қызметтердің құны	46.548	34.668
Өткен қызметтер құны	212.923	–
Пайыздар шығыны	33.902	37.063
Кезең ішінде төленген сыйақы	(73.532)	(79.858)
Шығыстар құрамында кезең ішінде танылған актуарлы залал	(97.584)	77.753
Жыл соңына барлық міндеттеме	580.386	458.129
Жыл бойына өтелетін міндеттемелер	(79.195)	(82.943)
Бір жылдан аса мерзімде өтелетін міндеттемелер	501.191	375.186



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

24. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Жұмыскерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер (жалғасы)

2018 жылға танылған актуарлық залал көбінесе дисконттау мөлшерлемесіне қатысты болжамдарды және болашақтағы ең төменгі жалақыны ұлғайтудың көзделген нормасын өзгерту нәтижесінде туындады.

Ағымдағы қызметтердің құны, пайыз шығындары мен жұмыскерлерге басқа сыйақылар бойынша жалпы сомасы 1.485.652 мың теңгеге актуарлы шығындар өзіндік құны бойынша шығыстар мен жұмыскерлерге шығындар құрамында жалпы әкімшілік шығыстарда көрсетілді (2017 жыл: 1.230.908 мың теңге) **(35-ескертпе)**.

2018 жылға өзге жиынтық кіріс құрамында танылған, табыс салығын шегеріп тастағандағы актуарлық залал 2.512.956 мың теңгені құрады (2017 жыл: 5.037.715 мың теңге).

Топтың танылмаған актуарлық залал немесе өткен қызметтерден танылмаған құны болмады.

Міндеттемелерді есептеуде Компания жұмыскерлерінің өлім деңгейіне қатысты жарияланған статистикалық деректер мен жұмыскерлердің саны, жасы, жынысы мен еңбек өтіліне қатысты Компанияның нақты деректері пайдаланылды. Компанияның зейнеткерлік жоспарлары бойынша зейнеткерлік міндеттемелерді анықтау кезінде пайдаланылған басқа да негізгі болжамдар мына кестеде көрсетілген:

	2018 жыл	2017 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	8,39%	7,40%
Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы	8,66%	8,70%

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

Сезімталдық деңгейі	Дисконттау мөлшерлемесі		Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы	
	0,5%-ға өсім	0,5%-ға төмендеу	1%-ға өсім	1%-ға төмендеу
Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал, мың теңгемен	(886.813)	1.175.846	1.218.675	(1.156.773)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

Сезімталдық деңгейі	Дисконттау мөлшерлемесі		Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы	
	0,5%-ға өсім	0,5%-ға төмендеу	1%-ға өсім	1%-ға төмендеу
Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал, мың теңгемен	(636.998)	691.057	1.337.969	(1.160.631)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Жоғарыда көрсетілген сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемеге негізгі жорамалдардың дәйекті өзгерістері ықпал ететін әдістің негізінде жүргізілді, есепті кезең соңындағы жағдай бойынша олардың мәндері экстраполяциялау арқылы анықталады. Сезімталдық талдауы басқа жорамалдар өзгермейтін жағдайда елеулі жорамалдардың өзгерісіне негізделеді. Сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламасы бойынша міндеттеменің нақты өзгерісін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың өзгерістері бір-біріне қатыссыз ететіндіктен оның орын алу мүмкіндігі аз.

25. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Берілген кепілдіктер	915.558	258.551
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	78.147	1.880
	993.705	260.431

Берілген кепілдіктер

2016 жылдың 25 ақпанында Компания 2024 жылдың 19 желтоқсанына дейін 10.008.780 мың теңгеге дейін кредиттік лимитпен «Қазақстан Даму банкісі» АҚ несие желісі бойынша «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қауымдастырылған ұйымының міндеттемелеріне кепілдік берді. «Қазақстан Даму банкісі» АҚ кредиттік желісі бойынша несие сомасын нақты игеру мөлшері 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға 9.984.421 мың теңгені құрады. «Қазақстан Даму банкісі» АҚ-дағы кредиттік желі бойынша қарыздың игерілген сомасы бойынша берешектің нақты қалдығы 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға 9.271.248 мың теңгені құрады. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» міндеттемелері бойынша берілген кепілдік болжалды кредиттік залалға бағалау резерві ретінде қаралады.

26. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанға өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер	1.444.530	145.985
Операторлардан алдағы кезеңдер кірістері	–	2.758.768
Абоненттерді қосуға алдағы кезеңдердің кірістері	–	1.444.644
Өзгелері	–	1.012.450
	1.444.530	5.361.847



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер резерві ақша ағындарын бағалау пайдаланыла отырып, учаскелер мен объектілерді бастапқы жағдайына қалпына келтіруге болжалды шығынның дисконтталған құнымен көрсетілді және нақты актив құнының бір бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Ол ақша ағындарын пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсетеді.

2018 жылғы 31 желтоқсанға активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резервінің қозғалысы:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
1 қаңтарға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві	145.985	141.564
Қосымша құрылған резерв	12.375	1.114
Дисконт амортизациясы (36-ескертпе)	688	3.307
Бизнесі біріктіру (5-ескертпе)	1.285.482	–
31 желтоқсанға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві	1.444.530	145.985

Шарт бойынша міндеттемелер

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанға шарт бойынша міндеттемелер мынадай баптармен көрсетілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Операторлармен шарттар бойынша міндеттемелер	3.425.567	–
Абонеттерді қосуға шарттар бойынша міндеттемелер	1.163.051	–
Шарттар бойынша өзге міндеттемелер	1.110.683	–
	5.699.301	–

2018 жылғы 31 желтоқсанға шарт бойынша міндеттемелер қозғалысы::

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
1 қаңтарға шарт бойынша міндеттемелер	9.456.950	–
Алдағы кезеңдерге жыл ішінде жатқызылды	15.801.393	–
Қолма-қол ақша ретінде танылды	(7.440.902)	–
Дисконт амортизациясы	549.585	–
31 желтоқсанға шарт бойынша міндеттемелер жиыны	18.367.026	–
Қысқа мерзімді (29-ескертпе)	12.667.725	–
Ұзақ мерзімді	5.699.301	–

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

27. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Көрсетілген қызмет үшін сауда кредиторлық берешек	23.512.079	8.546.021
Негізгі құралдарды жеткізу үшін сауда кредиторлық берешек	17.445.106	4.635.227
Алынған ТМҚ үшін сауда кредиторлық берешек	1.190.220	325.297
	42.147.405	13.506.545

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешекке пайыз есептелген жоқ.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек мынадай валюталармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Теңге	30.835.928	12.146.351
АҚШ доллары	10.879.035	994.400
Өзгелері	432.442	365.794
	42.147.405	13.506.545

28. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жұмыскерлермен есептесу	11.100.616	6.239.349
Хан Тенгри Холдинг Б.В. алдындағы міндеттемелер	4.842.282	4.842.282
Төлеуге арналған дивидендтер (<i>21-ескертпе</i>)	2.033.495	1.628.625
Берілген кепілдер	43.174	82.150
Өзгелері	834.387	563.655
	18.853.954	13.356.061

Хан Тенгри Б.В. алдындағы міндеттемелер Хан Тенгри Холдинг Б.В. қауымдасқан ұйымында қатысу үлесін сатып алу бойынша түпкілікті есеп айырысулармен байланысты (*10-ескертпе*).

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелерге пайыздар есептелінбеді, баланстар көбінесе теңгемен көрсетілді.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді міндеттемелерге мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Табыс салығынан басқа, төлемге салық	6.305.705	2.600.717
Зейнетақы қорларымен есептесу	561.920	718.267
Абоненттерді қосуға алдағы кезең кірістері	–	586.369
Операторлардан алдағы кезеңдер кірістері	–	412.170
Өзгелері	249.025	504.137
	7.116.650	4.821.660

Шарттар бойынша міндеттемелер

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына шарттар бойынша міндеттемелерге мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Алынған аванстар	10.734.219	–
Операторлармен шарттар бойынша міндеттемелер	902.722	–
Абоненттерді қосуға шарттар бойынша міндеттемелер	471.924	–
Шарттар бойынша өзге міндеттемелер	14.673	–
Өзгелері	544.187	–
	12.667.725	–

Алынған аванстар клиенттерге телекоммуникациялық байланыс, интернет, IP-TV қызметтерін көрсеткені үшін алдын ала төлемді білдіреді. Клиенттерді үш негізгі топқа бөлуге болады: жеке тұлғалар, жеке фирмалар және мемлекеттік сектор.

30. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін сатып алушылармен шарттар бойынша түсім мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	Тіркелген телекоммуникациялық байланыс	Мобильдік байланыс	Өзгелері	Жиыны
Деректер беру қызметтері	111.745.082	1.554.392	–	113.299.474
Сымды және сымсыз телефон байланысы қызметтері	44.991.160	1.557.710	–	46.548.870
Байланыс арналарын жалға беру	18.542.643	–	–	18.542.643
Желіаралық қосылыс қызметтері	14.353.098	595.431	–	14.948.529
Өзгелері	21.917.114	785.609	500.551	23.203.274
	211.549.097	4.493.142	500.551	216.542.790
B2C*	104.849.713	3.132.867	–	107.982.580

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін				
Мың теңгемен	Тіркелген телекоммуникациялық байланыс	Мобильдік байланыс	Өзгелері	Жиыны
B2B**	31.853.238	764.822	500.551	33.118.611
B2O***	42.539.481	595.431	–	43.134.912
B2G****	32.306.665	22	–	32.306.687
	211.549.097	4.493.142	500.551	216.542.790

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
Мың теңгемен	Тіркелген телекоммуникациялық байланыс	Басқалары	Жиыны
Деректер беру қызметтері	106.291.761	–	106.291.761
Сымды және сымсыз телефон байланысы қызметтері	48.325.566	–	48.325.566
Байланыс арналарын жалға беру	18.419.971	–	18.419.971
Желіаралық қосылыс қызметтері	15.876.122	–	15.876.122
Басқалары	14.144.120	–	14.144.120
	203.057.540	–	203.057.540
B2C*	101.339.429	–	101.339.429
B2B**	30.604.494	–	30.604.494
B2O***	41.374.997	–	41.374.997
B2G****	29.738.620	–	29.738.620
	203.057.540	–	203.057.540

* B2C (Business-to-consumer – тұтынушыға арналған бизнес) түпкілікті тұтынушыларға (жеке тұлғалар) көрсетілетін қызметтер.

** B2B (Business-to-business – бизнеске арналған бизнес) ірі кәсіпорындар мен ШОБ қоса алғандағы корпоративтік секторға көрсетілетін қызметтер.

*** B2O (Business-to-operators – операторларға арналған бизнес) байланыс операторларына көрсетілетін қызметтер.

**** B2G (Business-to-government – мемлекетке арналған бизнес) мемлекеттік секторға көрсетілетін қызметтер.

Топтың сатып алушыларымен шарттар бойынша қолма-қол түсім клиенттер Топ ұсынатын қызметтерді бірізгілікте алатынын және пайдаланатынын ескере келе, негізінен уақыт өте келе танылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ӘМБЕБАП ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ ӨТЕМАҚЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 31 наурыздағы №451 қаулысына сәйкес Топ әлеуметтік-маңызды аудандарда байланыс қызметтерін көрсету кезіндегі операторлардың шығындарын өтеуге арналған үкіметтік дотациялар алды. Көрсетілген дотацияларға қатысты шарттар мен шартты міндеттемелер орындалды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға алынған субсидиялардың жалпы сомасы 6.183.581 мың теңге (2017 жыл: 7.167.685 мың теңге).

32. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанға аяқталған жылдары өзіндік құн мына түрде берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жұмыскерлерге арналған шығыстар (35-ескертпе)	53.723.725	51.977.009
Тозу және амортизация	38.587.880	42.929.496
Байланыс арналарын жалға беру	9.346.137	7.569.127
Желіаралық қосылыс қызметтері	7.685.137	7.068.297
Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары	7.532.292	7.981.590
Материалдар	6.213.926	7.301.851
Контент шығыстары	5.379.248	4.995.547
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС GSM стандартындағы радиожілілік шоғырын пайдалану үшін төлем	5.263.310	5.446.007
Байланыс қызметтерін көрсету құқығына төлемдер	2.940.937	2.831.806
Электр энергиясы	2.901.765	2.763.385
Күзет және қауіпсіздік	2.190.836	2.488.223
Коммуналдық қызметтер	1.881.526	1.709.762
Орынжайларды және жабдықты жалдау шығыстары	1.754.904	960.294
Жілілік диапазонын пайдалану үшін төлемдер	1.269.941	202.632
Иссапар шығыстары	780.069	737.406
Спутниктік байланыс қызметтері	765.528	698.782
Мүлікті сақтандыру	397.980	524.521
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС биллинг жүйесін пайдалану үшін төлем	219.305	250.000
Өзгелері	5.181.166	3.240.981
	154.015.612	151.676.716

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары жалпы және әкімшілік шығыстар мынадай баптармен берілді :

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жұмыскерлерге арналған шығыстар <i>(35-ескертпе)</i>	13.075.235	12.385.800
Консультациялық қызметтер	3.138.478	1.169.063
Табыс салығынан басқа салық	3.104.911	3.083.629
Өлеуметтік іс-шаралар	715.633	731.491
Іссапар шығыстары	589.980	458.529
Тозу және амортизация	287.951	221.490
Материалдар	234.471	247.306
Жұмыскерлердің біліктілігін арттыру	223.382	126.362
Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары	216.900	253.984
Жабдықты жалдау	162.519	33.319
Сақтандыру	162.063	258.001
Күзет және қауіпсіздік	94.278	69.767
Банк комиссиялары	54.262	101.379
Өткізудің таза құнына дейін тауар-материалдық қорлардың құнын есептен шығару <i>(15-ескертпе)</i>	30.673	13.729
Күмәнді берешекке резервті есептеу* <i>(16, 17 және 18-ескертпелер)</i>	–	882.403
Өзгелері	1.220.930	1.416.098
	23.311.666	21.452.350

* 2018 жылы 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес Топ қаржылық активтердің құнсыздануынан залалдарды жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен ашып көрсетті *(42-ескертпе)*.

34. ӨТКІЗУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары өткізу бойынша шығыстар мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Маркетинг және жарнама	2.499.979	2.109.757
Шарт жасасу шығындарын амортизациялау	1.511.909	1.289.929
Өзгелері	375.633	402.486
	4.387.521	3.802.172



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. ПЕРСОНАЛҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары персоналға арналған шығыстар мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Жалақы	59.778.384	57.235.422
Еңбекке ақы төлеу қорынан салық	5.534.924	5.896.479
Жұмыскерлерге сыйақы беру шығыстары (24-ескертпе)	1.485.652	1.230.908
	66.798.960	64.362.809

31 желтоқсанда аяқталған жылдары персоналға арналған шығыстарды бөлу мынадай баптар бойынша берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сатудың өзіндік құны (32-ескертпе)	53.723.725	51.977.009
Жалпы және әкімшілік шығыстар (33-ескертпе)	13.075.235	12.385.800
	66.798.960	64.362.809

36. (ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР)/ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға қаржыландыру бойынша шығыстар және қаржыландырудан түскен кірістер мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Қаржыландыру бойынша шығыстар		
Қарыздар бойынша пайыздық шығыстар (42-ескертпе)	(4.016.403)	(6.535.447)
Қаржылық жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыс (42-ескертпе)	(1.565.491)	(578.249)
Жұмыскерлерге берілетін ұзақ мерзімді қарыздарды дисконттау	(1.054.793)	(601.926)
Ұзақ мерзімді кредиттік берешекті дисконттау амортизациясы	(549.789)	(3.665)
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыстар (21-ескертпе)	(96.167)	(96.167)
Айналымнан тыс өзге де қаржылық активтерді дисконттау	(66.310)	(6.993)
Дисконттың амортизациясы (активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резерві) (26-ескертпе)	(688)	(3.307)
	(7.349.641)	(7.825.754)
Қаржыландырудан түскен кірістер		
Ақша қаражатының қалдықтары бойынша пайыздық кіріс	994.635	799.590
Жұмыскерлерге ұзақ мерзімді қарыздар беру бойынша дисконт амортизациясы	981.797	1.019.945
Депозиттер бойынша пайыздық кіріс	653.487	1.403.158
Ұзақ мерзімді берешек бойынша дисконт амортизациясы	337.264	364.402
Шығарылған кепілдіктер бойынша пайыздық кіріс	82.148	537.959
Басқа кірістер	17.698	–
	3.067.029	4.125.054

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

37. ВАЛЮТАЛЫҚ БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУДАН ТҮСКЕН ТАЗА КІРІСТЕР/ (ШЫҒЫСТАР)

2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі «теңгенің еркін айырбас бағамына» өтуі және валюта дәлізін алып тастағаны туралы хабарлады. Нәтижесінде қазақстандық теңгенің АҚШ доллары мен басқа да басты валюталарға қатысты бағамы шамамен 90% пайызға айтарлықтай құнсызданды. Топ 2017 жылы ұзақ валюталық позицияға ие болды, сондықтан 2018 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылы Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан 10.591.474 мың теңге көлемінде таза кірісті таныды (2017 жылы: Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан 633.942 мың теңге көлеміндегі таза пайданы таныды).

38. ӨЗГЕ ДЕ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға өзге де кірістер мен шығыстар мынадай баптармен берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Өзге кірістер		
Жалға беру кірістері	3.229.876	3.247.383
Коммуналдық шығыстардан кірістер	421.558	459.366
Өзгелері	707.290	720.901
	4.358.724	4.427.650
Өзге шығыстар		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануына байланысты шығыстар (8, 9-ескертпелер)	(1.169.713)	(1.246.347)
Коммуналдық шығыстар	(396.991)	(403.235)
Жалға беру шығыстары	(14.292)	(11.916)
Өзгелері	(381.899)	(198.273)
	(1.962.895)	(1.859.771)

Жалдау кірісі негізінен технологиялық жабдықтарды орнату үшін алаңдарды жалдауынан тұрады.

39. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	11.736.193	8.646.038
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар/(үнемдеу)	(628.613)	(427.193)
	11.107.580	8.218.845

Топ және оның «КТ-АЙИКС» ЖШҚ басқа, еншілес компаниялары Қазақстан Республикасында салық салынуға жатады. «КТ-АЙИКС» ЖШҚ Ресей Федерациясында салық салынуға жатады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

39. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Жоғарыда көрсетілген еншілес ұйымнан басқа, Топ пен еншілес ұйымдар үшін ресми салық мөлшерлемесі 2018 және 2017 жылдары 20% құрады.

20% көлеміндегі ресми мөлшерлемені (2017 жыл: 20%) пайдалану арқылы есептелген салық салынғанға дейінгі пайдаға қатысты табыс салығы бойынша шығыстарды 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру төменде берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Салық салғанға дейінгі пайда	53.990.896	32.936.666
20% ресми салық мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы	10.798.179	6.587.333
Тауарлы-материалдық қорларды есептен шығару	22.358	29.800
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгеріс	7.777	(44.455)
Салық салу мақсатында алынбайтын қауымдастырылған ұйымдардың пайдасындағы Топтың үлесі	(1.572.017)	(219.673)
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	210.031	834.592
Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	778.198	–
Шегерілмейтін шығыстар	863.054	1.031.248
Табыс салығы бойынша барлық шығыс	11.107.580	8.218.845

2018 жылдың 31 желтоқсанына шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар, активтер мен міндеттемелер арасындағы мерзімдік айырмашылықтарына есепті күнде қолданыстағы ресми салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салықта мынадай позициялар қамтылды :

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп		Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	Еншілес ұйым сатып алу		Өзге жиынтық залал құрамында	
	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл	
Кейінге қалдырылған салық активтері									
Ауыстырылатын салық залалы	–	–	–	(17.384)	–	–	–	–	
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	1.104.258	935.383	(65.204)	(969.177)	–	–	234.079	260.652	
Айналымнан тыс активтер бойынша дисконт	917.356	936.763	(19.407)	(100.295)	–	–	–	–	
Жұмыскерлердің пайдаланбаған демалыстары бойынша есептелген резерв	338.438	257.068	81.370	705	–	–	–	–	
Үмітсіз берешек резерві	1.956.416	454.985	(39.222)	(52.346)	204.630	1.336.023	–	–	

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп		Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	Еншілес ұйым сатып алу	Өзге жиынтық залал құрамында	
	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл
Қарыздар бойынша төлем пайыздары	468.247	–	–	(272.588)	–	468.247	–	–
Материалдық емес активтер	210.672	165.350	45.322	36.741	–	–	–	–
Алдағы кезең кірісі	28.610	35.224	(6.614)	17.364	–	–	–	–
Шартты бұзғаны үшін айыппұл төлеу міндеттемелері (4-ескертпе)	2.910.373	–	–	–	–	2.910.373	–	–
Өзгелері	1.839.330	934.596	283.981	280.310	–	620.753	–	–
Минус: танылмаған салық активтері	–	(92.891)	92.891	44.455	–	–	–	–
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері	(9.526.816)	(3.521.864)	(464.926)	876.177	(204.630)	(5.335.396)	–	–
Кейінге қалдырылған салық активтері	246.884	104.614	(91.809)	(156.038)	–	–	234.079	260.652
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері								
Негізгі құралдар	32.314.502	22.323.250	(13.458)	(1.433.387)	–	10.004.710	–	–
Материалдық емес активтер	13.541.800	239.464	(239.464)	(26.021)	–	13.541.800	–	–
Өтелетін актив	2.182.780	–	–	–	–	2.182.780	–	–
Өзгелері	384.860	–	(2.574)	–	261.096	126.338	–	–
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері	(9.526.816)	(3.521.864)	(464.926)	876.177	(204.630)	(5.335.396)	–	–
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	38.897.126	19.040.850	(720.422)	(583.231)	56.466	20.520.232	–	–
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу			628.613	427.193		(20.520.232)	234.079	260.652



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

39. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері	246.884	104.614
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(38.897.126)	(19.040.850)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(38.650.242)	(18.936.236)
Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін салыстыру, нетто		
1 қаңтарға сальдо	(18.936.236)	(19.624.081)
Есепті кезеңге табыс салығы бойынша үнемдеу – мерзімдік шектердің пайда болуы және қалпына келтіру	628.613	427.193
Басқа жиынтық залалдың құрамындағы танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде	234.079	260.652
Жаңа стандарттар қолданудан тиімділік	(56.466)	–
Бизнесі біріктіру аясында сатып алынған кейінге қалдырылған салықтар (5-ескертуге)	(20.520.232)	–
31 желтоқсанға сальдо	(38.650.242)	(18.936.236)

Топ бір салық органы алатын табыс салығына қатысты ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеуге заңды құқығы болған жағдайда ғана салық активтері мен міндеттемелері арасында өзара есепке алу жүргізеді.

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта осы актив қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын пайдаға қол жеткізудің айтарлықтай ықтималдығы болатын дәрежеде ғана танылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық залалдары олар пайда болған күннен бастап 10 жылға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін және 2019 жылы аяқтала бастайды. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық үнемін іске асыру ықтималдығы жоқ дәрежеде азайтылады.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ жиынтығы 13.908.799 мың теңгені (2017 жылғы 31 желтоқсанда: 20.554.741 мың теңге) құрайтын еншілес және қауымдастырылған ұйымдардағы инвестициялармен байланысты уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін таныған жоқ, себебі Топ осы уақытша деректердің пайдалануын бақылай алады және бұл уақытша айырмашылықтар жуырдағы болашақта пайдаланылатын болады.

40. АҚШАСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР

Бұл ақшасыз айтарлықтай операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

2018 жылға Топ алдыңғы жылы сатып алынған негізгі құралдар және материалдық емес активтер үшін 4.635.188 мың теңге төледі (2017 жыл: 4.545.215 мың теңге). 17.445.106 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар 2018 жылы сатып алынды, бірақ 2018 жылдың 31 желтоқсанына төленген жоқ (2017 жыл: 4.635.227 мың теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2018 жылы қаржылық жалдау шарттарына сәйкес Топ 14.871.625 мың теңге сомасына телекоммуникация жабдығын алды (2017 жыл: 9.019.870 мың теңге).

41. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

«Бас компания бақылайтын кәсіпорындар» санатына бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді. Бас компания бақылайтын кәсіпорындарға кіретін компаниялармен операциялар негізінен Топтың «Қазақстан Темір жолы» АҚ, «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазпочта» АҚ-лармен операцияларымен берілген. Топ телекоммуникация қызметтерін бас компанияға, бас компания бақылайтын кәсіпорындарға көрсетеді.

Байланысты тараптармен операциялар («Хан Тенгри Холдинг Б.В.» және оның еншілес ұйымы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен мәмілелерді қоса алғанда) тараптар арасында келісілген талаптармен жасалды. Олардың нарықтыққа сәйкес келуі міндетті болған жоқ және үшінші тараптар үшін қолжетімсіз болуы мүмкін. Жыл аяғына өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмеген, қысқа мерзімді болып табылады, ал есептеулер төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда жүргізіледі.

2018 жылдың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегіне қатысты 29.208 мың теңге көлеміндегі күтілетін кредиттік залалды бағалау резерві ретінде таныды.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен сату мен сатып алу және 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша қалдық мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Тауарлар мен қызметтерді сату		
Бас компания	359.794	383.768
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	2.519.743	3.041.650
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	23.907.818	22.089.462
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	913.141	239
Мемлекеттік мекемелер	32.306.666	30.588.918
Тауарлар мен қызметтерді сату		
Бас компания	779	–
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	3.267.303	3.189.663
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.») [1]	11.042.238	8.350.347
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	279.525	–
Мемлекеттік мекемелер	9.328	109.616
Қарыздар бойынша есептелген сыйақы		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар		
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	2.035.544	6.498.768
Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	8,00%	8,15%
Бас компания	1.461.458	–
Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	11,50%	–



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

41. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Ақша қаражаты мен оның баламалары		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар («Қазақстан Даму Банкі» АҚ)	103	172
Қарыздар		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар («Қазақстан Даму Банкі» АҚ)	25.266.233	27.319.491
Бас компания	101.461.458	–
Сауда және басқа дебиторлық берешек		
Бас компания	130.725	56.378
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	613.921	797.881
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	16.248.774	14.949.354
Қауымдастырылған ұйым («Qaz Cloud» ЖШС)	105.827	71
Мемлекеттік мекемелер	11.431.512	7.078.905
Кредиторлық берешек		
Бас компания	39	–
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	469.260	172.879
Қауымдастырылған ұйым («Хан Тенгри Холдинг Б.В.»)	11.014.949	9.370.735
Мемлекеттік мекемелер	735.815	477.877
Басқа ұзақ мерзімді активтер		
Басты басқарушы жұмыскерлерге ұзақ мерзімді қарыздар	35.914	27.294
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ ұзақ мерзімді депозиттері	–	3.323.300

2018 және 2017 жылдары Топ бас компания бақылайтын кәсіпорындарға байланыс қызметтерін көрсетті, сондай-ақ осы кәсіпорындардан телекоммуникация қызметтерін ұсыну саласында оепарциялық қызметті қолдау үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

[1] Топтың жиынтығы Топтың жалпы шоғырландырылған қолма-қол түсімінің 11% құрайтын «Мобайл Телеком-Севрис» ЖШС-нан (бұдан әрі «МТС»), «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» еншілес ұйымынан, деректер беру, интернетке қатынауды ұсыну, байланыс арналарын жалдау қызметтерінен, желіаралық қосылыстар қызметтерінен кірістерді және басқа да кірістерді қоса алғанда, айтарлықтай операциялары бар. Топ сонымен қатар МТС GSM стандарты радиожиілік шоғырын пайдалану қызметтерін, желіаралық қосылыстар қызметтері, конвергентті қызметтер көрсету үшін мобильдік трафик және МТС көрсететін және жиынтығы Топты сатудың жалпы шоғырландырылған өзіндік құнының 6% құрайтын қызметтерді сатып алады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2018 және 2017 жылдарға аяқталған жылдар үшін МТС-дан сату және сатып алу мына түрде берілді:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Сату		
Деректер беру қызметтері [А]	13.911.058	12.998.033
Байланыс арналарын жалға беру [Б]	5.482.615	5.696.007
Желіаралық қосылыстар қызметтері [В]	1.590.226	1.228.912
Базалық стансыларға күтім жасау [Г]	659.989	853.828
Үй-жайлар жалдау	624.182	672.800
Өзгелері	1.639.748	639.882
	23.907.818	22.089.462
Сатып алу		
GSM стандарты радиожіілік шоғырын пайдалану төлемі [Е]	5.263.310	5.446.007
Көтерме тарифтер бойынша ұтқыр трафик [Ж]	3.621.460	1.701.897
Желіаралық қосылыстар қызметтері [З]	845.920	614.191
Биллинг жүйесін пайдалану үшін төлем [И]	219.305	250.000
Өзгелері	1.092.243	338.252
	11.042.238	8.350.347

[А] Деректер беру қызметтері бойынша кіріс тіркелген және сымсыз байланыс арналарын ұсынудан кірістерді, сондай-ақ интернет желісіне қатынаудан кірістері білдіреді және ұсынылған анраның өткізу мүмкіндігі (Мбит/сек), сондай-ақ ұсынылған байланыс арналары саны негізінде есептеледі.

[Б] Байланыс арналарын жалға беруден кіріс LTE желісі базалық стансыларын пайдалана отырып (4G стандарты радиожіілік шоғыры аясында) ұйымдастырылған, келісілген техникалық сипаттамаларымен деректер беру арналарын уақытша жалға беруден кірісті білдіреді және жалға берілген байланыс арналарының нақты саны негізінде есептеледі. 2016 жылғы ақпанда Топ 4G стандарты радиожіілік шоғырын жалдау туралы МТС-мен шарт жасады. 4G стандарты радиожіілік шоғырын жалдау туралы шартпен бірізгіде Топ және МТС Топ төменде сипатталғандай төлем жасайтын GSM стандарты радиожіілік шоғырын пайдаланғаны үшін төлемді және биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлемді ұлғайтуға келісті. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланыс арналарын жалға беруден кірістер 5.482.615 мың теңге болды (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.696.007 мың теңге).

[В] Желіаралық қосылыстар қызметтері бойынша кірістер қосылыс минутының нақты санының негізінде есептеледі.

[Г] Базалық стансыға күтім жасаудан кіріс радиоқатынау желілерінің тұрақты және іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін орындалатын сервистік жұмыстар кешенін ұсынуды білдіреді және күтім жасалатын базалық стансылардың нақты санының негізінде есептеледі.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

41. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

- [Е] GSM стандарты радиожилік шоғырын пайдаланғаны үшін төлем МТС тиесілі GSM стандарты радиожилік шоғырын пайдаланғаны үшін ай сайынғы тіркелген төлемді білдіреді. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін GSM стандартты радиожилік ауқымын пайдаланғаны үшін төлем 5.263.310 мың теңге болды (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.446.007 мың теңге).
- [Ж] Көтерме тарифтер бойынша ұтқыр трафик шығыстары «Қазақтелеком» АҚ абоненттері нақты тұтынған ұтқыр оператор желісіндегі трафик көлемін білдіреді және шығыс минуттары, қысқа хабарламалар (SMS), ұтқыр трафик мегабайттары нақты санының негізінде есептеледі.
- [З] Желіаралық қосылыстар қызметтері бойынша шығыстар қосылыс минутының нақты саны негізінде есептеледі.
- [И] Биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлем МТС тиесілі биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін ай сайынғы тіркелген төлемді білдіреді. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін биллинг жүйесін пайдаланғаны үшін төлем 219.305 мың теңге болды (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 250.000 мың теңге).

Бұл қызметтерді көрсету өзара байланысты түрлі шарттармен реттеледі. Осындай шарттардың әрбірі бойынша Топ белгілі бір қызметтер түрлерін көрсетеді немесе алынады. Ол үшін Топ сыйақы алады немесе төлейді, оның үшінші тараптармен шарттар бойынша талаптардан айырмашылығы болуы мүмкін. Үшінші тараптармен шарттар бойынша талаптардан айырмашылығы Топ және қауымдастырылған компания арасындағы көлемге шегерім және басқа да айрықша шарттармен түсіндірілуі мүмкін. МТС-дан/ға сатып алынатын және сатылатын қызметтер көлемі үшінші тараптармен балама қызметтер көлемінен асады.

Басты басқарушы персоналға сыйақы беру

2018 жылғы 31 желтоқсанда және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға жалпы және өкімшілік шығыстар құрамында қоса берілген жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген басты басқарушылық персоналға сыйақының жалпы сомасы тиісінше 637.785 мың теңге және 681.493 мың теңге болды. Басты басқарушылық персоналға өтемақы еңбек келісімінде тіркелген жалақыдан, сондай-ақ жылға жыл нәтижелері бойынша сыйақыдан құралған.

31-ескертпеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Үкіметі Топқа ауылдық жерлерде әмбебап қызметтер көрсету үшін белгілі бір өтемақы ұсынады.

22-ескертпеде көрсетілгендей, 2018 жылғы 31 желтоқсанда Топта Бас компания кепіл болған (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 26.991.220 мың теңге) 24.961.627 мың теңге сомасындағы қарыз болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ*Қаржы активтерінің құнсыздануынан болатын залалдар*

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын бір жылдағы қаржы активтерінің құнсыздануынан болатын залалдар 135 мың теңге мөлшеріндегі айналымнан тыс басқа қаржы активтері (**13-ескерту**), 622.360 мың теңге мөлшеріндегі сауда дебиторлық берешек (**16-ескерту**), 2.966.001 мың теңге мөлшеріндегі басқа айнылымдық қаржылық активтер (**18-ескерту**), 486,525 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражаттары мен оның баламалары (**20-ескерту**) бойынша бір жылдағы қор есептемесінен жасақталады.

Топтың негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк депозиттері, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек кіреді. Топтың қаржы құралдарымен байланысты негізгі тәуекелдеріне пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Сондай-ақ Топ барлық қаржы құралдарымен байланысты нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады.

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай қаржы құралы құнының ауытқуымен байланысты тәуекелді білдіреді. 2018 жылдың 31 желтоқсанына Топта өзгермелі пайыз мөлшерлемелері бар кредиттері және қарыздары болған жоқ және нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістер салдарынан өзгеріп отыру тәуекелі.

АҚШ долларымен берілген елеулі кредиттер мен қарыздардың, кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламаларының, дебиторлық берешектің болуына байланысты, Топтың шоғырландырылған балансына мынадай айырбас бағамдарының өзгеруі айтарлықтай ықпал етуі мүмкін: АҚШ доллары/теңге.

Төмендегі кестеде салық салғанға дейінгі Топ пайдасының (монетарлық активтері мен міндеттемелері құнындағы өзгерістер есебінен) басқа айнымалылар өзгеріссіз болғанда, өзгерісін негізді түрде болжамдау мүмкін болғанда, АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарының сезімталдығы көрсетілген. Көрсетілген факторлар Топтың капиталына әсер етпейді.

Мың теңгемен	2018 жыл		2017 жыл	
	Айырбас бағамның ұлғаюы/ (азаюы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері	Айырбас бағамның ұлғаюы/ (азаюы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	14%	3.141.003	10%	7.005.596
	-10%	(2.243.573)	-10%	(7.005.596)



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – клиенттер немесе контрагенттер өз шарт міндеттемелерін орындамауы салдарынан Топтың көтеретін қаржылық залал тәуекелі. Топ операциялық (ең алдымен, сауда дебиторлық берешегіне қатысты) және қаржылық қызметіне байланысты, банктегі депозиттер мен қаржылық ұйымдар, валюталық операциялар мен басқа да қаржылық құралдарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелге бейім.

Сауда және басқа да дебиторлық берешек

Топтың кредиттік тәуекелі көп қаржылық құралдары – сауда және басқа да дебиторлық берешек. Осы активтермен байланысты кредиттік тәуекел Топтағы клиенттер санының көптігі мен клиенттердің және басқа да дебиторлардың кредит төлеу қабілеттілігіне үздіксіз мониторинг жасау рәсімі салдарынан шектелген.

Күтілетін кредиттік залалды бағалауда матрица қорын қолдану арқылы әр есептілік мерзімде құнсыздануды мойындау қажеттілігі талданады. Резервтердің мөлшерлемесі төлем мерзімін өткізіп алған күннің санына байланысты түрлі клиенттік сегменттегі топтар үшін залалдың туындауы (географиялық аймақ, өнімнің түрі, сатып алушының рейтингісі, аккредитив немесе басқа да кредиттік тәуекелді сақтандыру түрлерімен қамтамасыз ету) сипаттамасына байланысты қойылады. Есеп айырысу белгіленген есептіліктің ықтималдығына, уақытша ақша құны мен өткен оқиғалар туралы негізделген және расталған ақпаратқа, ағымдағы жағдай мен болашақ экономикалық жағдайдың болжамы мен есеп мерзімінің қолжетімділігі нәтижеде көрінеді. Әдетте, сауда және басқа да дебиторлық берешектер, егер бір жылдан жоғары мерзімі өткен және тиесілі қаржыны мәжбүрлі талап ету арқылы рәсімдеу қолданылмаған жағдайда алынып тасталады.

Есепті күнге кредиттік тәуекелге мейлінше түсіп қалу әр сыныптама бойынша **16 және 18- ескертпелерде** қарастырылған қаржылық активтердің теңгерімдік құнымен ұсынылды.

Қаржылық құралдар және ақша депозиттері

Топтың қаржылық саясатына сәйкес, бос ақшалай қаражатты бірнеше ірі қазақстандық банкілерге (несие рейтингісі барынша жоғары) орналастырады. Несиелік тәуекелді басқару үшін банктегі бос ақшалай қаражатты орналастыруға байланысты Топ басшысы банктің несиелік төлеу қабілетін бағалау жұмыстарын мерзімді жүргізіп отырады. Депозитті бағалау жұмыстарын жеңілдету үшін Топ салыстырмалы несиелік міндеттемелері мен ағымдағы есеп айырысу шоты бар және қызметін оңай мониторинг жасай алатын банкке басымдылық береді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Мың теңгемен	2018 жыл рейтингісі	2017 жыл рейтингісі	Ақша қаражаты қалдығы		Депозит шоттардағы қалдық	
			2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл
«Қазкоммерцбанк» АҚ	–	B+/теріс/B	–	5.868.048	–	–
«Банк ЦентрКредит» АҚ	B/тұрақты/B, kzBBB-	B/тұрақты/B	4.621	4.098.977	76.329	–
«Цеснабанк» АҚ	B-/теріс/B, kzBB-	B+/теріс/B, kzBBB-	2.846	2.458.522	–	4.984.950
«АТФБанк» АҚ	B/теріс/B, kzBB+	B/теріс/B	5.761.522	2.275.670	98.648	1.000.000
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	BB/тұрақты/B, kzA+	BB/теріс/B, kzA	34.424.030	456.903	–	42.538.240
«Эксимбанк Казахстан» АҚ	CCC+/C/теріс	CCC+/C/теріс	–	454.889	–	–
«Форте Банк» АҚ	B/оң/B, kzBBB-	B/оң/B	170.705	187.349	–	–
«Сбербанк России» ҚАҚ	Ba2	Ba2	123.935	82.922	–	–
«Altyn Bank» АҚ («Қазақстанның Халық Банкі» АҚ ЕБ)	Ba2/тұрақты/NP	Ba2/тұрақты/NP	3.293.559	80.231	–	6.646.600
ҚР Министрлігінің Қазынашылық комитеті МММ			128	16.728	–	–
«Каспий Банк» АҚ	BB-/тұрақты/B, kzA	BB-/теріс/B, kzBBB+	700.494	977	–	3.323.300
«Қазақстанның даму банкі» АҚ	BB+/тұрақты/B, kzAA+	BB+/тұрақты	103	172	–	–
«Сбербанк» АҚ ЕБ	BB +/оң	BB +/оң	45.695	52	–	–
«Ситибанк Казахстан» АҚ	A +/тұрақты	A +/тұрақты	764.800	36	–	–
«Еуразиялық банк» АҚ	B/теріс/B, kzBB+	B+/теріс/B	36.930	–	–	–
«Альфа-Банк» ЕҰ» АҚ	BB-/тұрақты/B, kzA	BB-/тұрақты	103	–	–	–
Жиыны			45.329.471	15.981.476	174.977	58.493.090

Мың теңгемен	2018 жыл рейтингісі	2017 жыл рейтингісі	Ұзақ мерзімді депозит шоттарындағы қалдық	
			2018 жыл	2017 жыл
«Эксимбанк Казахстан» АҚ	CCC+/C/теріс	CCC+/C/теріс	–	3.323.300



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қалыпты немесе күтпеген жағдайларда төлем мерзімі келген кезде төлем бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі.

Топ ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражаттың жетіспеу тәуекелін бақылауды жүзеге асырады. Бұл құрал қаржы инвестицияларының және қаржылық активтердің (мысалы, дебиторлық берешек және басқа да қаржылық активтер) өтелу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтің болжамды ақша ағынын ескереді.

Топтың міндеті – банк кредиттерін және қаржылық жалдау шарттарын пайдалану есебінен үздіксіз қаржыландыру мен қолайлылық арасындағы балансты тепе-теңдікте ұстап тұру. Топтың саясатына сәйкес келесі 12 ай ішінде 30%-дан аспайтын кредиттер мен қарыздар өтелуі тиіс. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қарыз қаражатының баланстық құнын негізге ала отырып, Топтың қарыз қаражатының шамамен 30% бір жыл ішінде өтелуге жатады (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 16%).

Төмендегі кестеде міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Топтың қаржылық міндеттемелерінің шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Барлығы
2018 жылдың 31 желтоқсанына						
Қарыздар	768.936	9.264.447	63.780.975	83.391.057	118.387.210	275.592.625
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	179.634	2.319.854	6.937.923	18.889.078	–	28.326.489
Сауда кредиторлық берешек	32.134.910	4.170.384	5.842.111	–	–	42.147.405
Берілген қаржылық міндеттемелер*	–	1.130.379	1.098.286	7.630.950	2.322.269	12.181.884
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	18.810.780	–	78.147	–	18.888.927
	33.083.480	35.695.844	77.659.295	109.989.232	120.709.479	377.137.330
2017 жылдың 31 желтоқсанына						
Қарыздар	–	382.105	3.707.152	21.704.466	9.624.022	35.417.745
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	–	1.412.533	3.893.386	9.331.352	–	14.637.271
Сауда кредиторлық берешек	10.296.822	1.337.562	1.872.161	–	–	13.506.545
Берілген қаржылық міндеттемелер*	–	436.003	1.309.772	9.814.952	2.312.966	13.873.693
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	13.273.911	–	1.880	–	13.275.791
	10.296.822	16.842.114	10.782.471	40.852.650	11.936.988	90.711.045

* Төлемі қаржылық кепіл шарты бойынша талап етілуі мүмкін максималды сома негізінде (25,28-ескертпелер).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Ақша ағындарының қозғалысымен байланысты тәуекелдер

Ақша қаражатының қозғалысымен байланысты тәуекел монетарлық қаржы құралына байланысты болашақтағы ақша ағындары құнының өзгеру тәуекелін білдіреді.

Ақша ағындарына қажеттілік мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және басшылық туындауына орай кез келген міндеттемелерді орындауға қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Топ басшылығы ақшалай қаржы құралымен байланысты болашақтағы ақша ағындарының ешқандай ықтимал ауытқулары Топтың қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

Капиталды басқару

Қызметті қолдау және акционерлік құнды барынша көбейту мақсатында жоғары кредит рейтингі мен жеткілікті капиталдың тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету Топ капиталын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

Топ өз капиталының құрылымын басқарады және оған экономикалық жағдайдың өзгеруіне орай түзету енгізеді. Капитал құрылымын қолдау немесе оған түзету енгізу үшін Топ жай акциялар иегерлерінің дивидендік төлемдер көлемін қайта қарауы, акционерлерге капиталдарды қайтаруы немесе жаңа акциялар шығаруы мүмкін. 2018 және 2017 жылдары Топ капиталды басқару мақсатына, саясатына немесе үдерістеріне өзгерістер енгізген жоқ.

Топ таза берешектің жалпы капиталға арақатынасын білдіретін берешек коэффициентін пайдалана отырып, капитал мониторингін жүзеге асырады. Топтың саясаты бұл коэффициентті 1,0 шегінде ұстап тұруды көздейді. Топ пайыздық кредиттер және қарыздарды, сауда кредиторлық берешек пен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді таза берешек құрамына қосады. Капитал Топтың акционерлеріне келетін капиталдан тұрады.

Төмендегі кестеде кезеңнің аяғына Топтың берешек коэффициенті берілген:

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Пайыздық кредиттер мен қарыздар	193.452.540	27.325.554
Сауда кредиторлық берешек	42.147.405	13.506.545
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	22.729.325	11.601.837
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	993.705	260.431
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	18.853.954	13.356.061
Таза берешек	278.176.929	66.050.428
Капитал	414.840.935	359.107.937
Берешек коэффициенті	0,67	0,18



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Әділ құн

Әділ құнын анықтау мақсатында Топ жоғарыда көрсетілгендей, активтер немесе міндеттемелердің сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің санаттарын және әділ құн иерархиясы деңгейлерін анықтады.

Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы туралы сандық ақпараттың ашылып жазылуы:

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Жиыны
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылатын активтер					
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	7.040.366	7.040.366
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	4.685.111	4.685.111
Өтемелеуші актив	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	10.913.899	10.913.899
Сауда дебиторлық берешек	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	52.173.348	52.173.348

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Жиыны
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Қарыздар	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	194.104.469	194.104.469
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	22.729.325	22.729.325
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	144.085	144.085
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	18.878.261	18.878.261
Шартты бұзғаны үшін айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	14.551.865	14.551.865
Сауда дебиторлық берешек	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	42.147.405	42.147.405

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Төменде Топтың активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалау көздерінің иерархиясы берілген. Қаржы құралдарының әділ құнын бағалау көздерінің иерархиясы туралы ақпараттың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ашылуы:

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Жиыны
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылатын активтер					
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	6.835.991	6.835.991
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	62.133.687	62.133.687
Сауда дебиторлық берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	32.094.228	32.094.228

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Жиыны
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Қарыздар	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	21.995.442	21.995.442
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	11.601.837	11.601.837
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	172.590	172.590
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	13.341.392	13.341.392
Сауда дебиторлық берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	13.506.545	13.506.545



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Әділ құн (жалғасы)

Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмейтін, Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің санаттары бойынша баланстық құн мен әділ құнның салыстырмасы берілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құн мәндері көрсетілмеген.

Мың теңгемен	Баланстық құн 2018 жыл	Әділ құн 2018 жыл	Таныл- маған кіріс/ (шығыс) 2018 жыл	Баланстық құн 2017 жыл	Әділ құн 2017 жыл	Таныл- маған кіріс/ (шығыс) 2017 жыл
Қаржылық активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	45.350.092	45.350.092	–	15.985.943	15.985.943	–
Айналымнан тыс өзге қаржылық активтер	9.649.734	7.040.366	(2.609.368)	9.457.306	6.835.991	(2.621.315)
Айналымдағы өзге қаржылық активтер	4.685.111	4.685.111	–	62.133.687	62.133.687	–
Өтемелеуші актив	10.913.899	10.913.899	–	–	–	–
Сауда дебиторлық берешек	52.173.348	52.173.348	–	32.094.228	32.094.228	–
Қаржылық міндеттемелер						
Қарыздар	193.452.540	194.104.469	(651.929)	27.325.554	21.995.442	5.330.112
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	22.729.325	22.729.325	–	11.601.837	11.601.837	–
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	993.705	144.085	849.620	260.431	172.590	87.841
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	18.853.954	18.878.261	(24.307)	13.356.061	13.341.392	14.669
Шартты бұзғаны үшін айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер	14.551.865	14.551.865	–	–	–	–
Сауда дебиторлық берешек	42.147.405	42.147.405	–	13.506.545	13.506.545	–
Өткізілмеген әділ құндағы барлық танылмаған өзгеріс			(2.435.984)			2.811.307

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Бағалау әдістемелері және жорамалдар

Төменде осы қаржылық есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) болған жағдайда олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жорамал талап етілетін салымдарға және өтеу мерзімі белгіленбеген жинақтаушы шоттарға қолданылуы мүмкін.

Амортизацияланатын құн бойынша есептелетін қаржылық міндеттемелер

Алынған қарыздардың әділ құны шарттары, кредит тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі уақытта қолданыстағы мөлшерлемелер пайдаланыла отырып, алдағы ақшалай қаражат ағындырын дисконттау арқылы бағаланады.

Қаржы қызметіне байланысты міндеттемелердегі өзгерістер

2018 жылғы қаржы қызметімен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2018 жылғы 1 қаңтар	Жаңа қарыз/жалдау шарттары	Бизнесті біріктіру	Қысқа мерзімді бөлігіне қайта сыныпталды	Ақша қаражатымен негізгі қарызды қайтару	Пайыз төлемі	Пайыз шығысы	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	24.967.690	100.000.000	14.935.969	(4.065.248)	–	–	–	135.838.411
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	2.357.864	–	51.380.150	4.065.248	(2.029.593)	(2.175.943)	4.016.403	57.614.129
Қаржылық жалдаудың ұзақ мерзімді бөлігі	7.681.118	14.871.661	–	(6.577.473)	–	–	–	15.975.306
Қаржылық жалдаудың қысқа мерзімді бөлігі	3.920.719	–	–	6.577.473	(3.697.239)	(1.612.425)	1.565.491	6.754.019
Жиыны	38.927.391	114.871.661	66.316.119	–	(5.726.832)	(3.788.368)	5.581.894	216.181.865



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

42. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

2017 жылғы қаржы қызметімен байланысты міндеттемелердегі өзгерістер мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2017 жылғы 1 қаңтар	Шығып жатқан топтан қайта сынып- талды	Қысқа мерзімді бөлігіне қайта сы- ныпталды	Ақша қара- жатымен негізгі қарызды қайтару	Пайыз төлемі	Пайыз шығысы	Валюта баға- мындағы өзгеріс	2017 жылғы 31 желтоқ- сан
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	53.794.669	-	(29.501.388)	-	-	-	674.409	24.967.690
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	2.473.507	-	29.501.388	(28.009.799)	(7.571.331)	6.535.447	(571.348)	2.357.864
Қаржылық жалдаудың ұзақ мерзімді бөлігі	1.273.015	10.102.254	(3.694.151)	-	-	-	-	7.681.118
Қаржылық жалдаудың қысқа мерзімді бөлігі	3.162.706	-	3.694.151	(3.162.706)	(351.681)	578.249	-	3.920.719
Жиыны	60.703.897	10.102.254	-	(31.172.505)	(7.923.012)	7.113.696	103.061	38.927.391

43. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Операциялық орта

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар және құқықтық, салық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының болашақтағы тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалар барысына байланысты және Үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдайтын шаралар тиімділігіне қатысты болмақ.

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

Топ құрылыс жобаларын орындауға және телекоммуникация жабдығын сатып алуға шарттар жасады. 2018 жылғы 31 желтоқсанға Топтың көбінесе телекоммуникация жабдығын сатып алумен және телекоммуникация желісін салумен байланысты жалпы сомасы ҚҚС қоса алғанда 6.238.697 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 3.582.193 мың теңге) шарт міндеттемелері болды.

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер – Топ жалгер ретінде

Топ Қазақстанның түрлі облыстарында офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдауға мүлдіктік шарттар жасады. Офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдау шарттарында орта есеппен 1 жылға жалдау шарттары бар. Бұл шарттарды жасау Топқа ешқандай шектеу қоймайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Операциялық жалдаудың бұзылмайтын шарттары бойынша төлеуге жататын болашақтағы ең аз жалгерлік төлемдер мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2018 жыл	2017 жыл
Бір жыл ішінде	7.874.102	776.505
Бір жылдан аса, бірақ 5 жылдан артық емес	54.116	–
	7.928.218	776.505

Лицензиялық міндеттемелер

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензиялардың талаптарына сәйкес Топтың өз желісін қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдар бойымен өтетін аудандарды, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерді қамти отырып, ұтқыр желінің қамту аймағын кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия талаптарын сақтайды деп есептейді.

Қауымдастырылған ұйымдарда үлесті сатып алуға опциондар

Топ және Tele2 арасындағы келісімге сәйкес Топта Tele2-ден мәміле аяқталған күннен бастап («колл» опционы) үш жылдан кейін кез келген уақытта «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қатысу үлесінің 49% сатуды талап ету сөзсіз құқығына ие. Tele2-де Топтан «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қатысу үлесінің 49% сатып алуды талап ету симметриялық құқығы бар («пут» опционы).

Опцион бағасы АҚШ долларымен көрсетіледі және оны анықтау күніндегі жағдай бойынша алынған көлемде берілетін акциялардың нарықтық әділетті құнына тең.

Топ опционның әділетті құнын бағалауды жүргізді және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша опционның әділетті құны нөлге тең.

«Қазақтелеком» АҚ «Кселл» 75% акциясын сатып алу бойынша мәміленің жабылуына орай Tele2 А.В. «пут» опционын мерзімінен бұрын сату туралы шешімі қабылданды, оған сәйкес Tele2 А.В. «Қазақтелеком» АҚ-дан Tele 2 А.В. компаниясына тиесілі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» барлық акциясын нарық құнымен сатып алуды талап етуге құқылы. Пут опционын мерзімінен бұрын орындау Акционерлердің 2016 жылғы 29 ақпандағы келісімінің бәсекелес болмау туралы тармағының бұзылуына байланысты мүмкін болып отыр, оған сәйкес «Қазақтелеком» АҚ мобильдік операторларда бақылау үлесін иеленбеуді міндетіне алған болатын. Осыған орай акционерлер «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 А.В. опционды сату, соның ішінде Tele2 А.В. тиесілісі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларының нарықтық әділетті құнының бағалауын жүргізу бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда. Акционерлер акциялардың нарықтық әділетті құны бойынша келісімдерге қол жеткізгеннен кейін «Қазақтелеком» АҚ Tele2 А.В. компаниясына тиесілі «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларын сатып алатын болады. Акционерлердің 2016 жылғы 29 ақпандағы келісімінің талаптарына сәйкес Tele2 А.В. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акцияларының әділетті құнын келіскеннен кейін 10 күн ішінде опционды сату туралы хабарламаны кері шақырып алу мүмкіндігіне ие. Тиісінше, опцион айтарлықтай болып табылмайды және Топта 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Хан Тенгри Холдинггіне бақылау жасау мүмкіндігі жоқ.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

43. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (жалғасы)

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі түсіндірулерге жол береді. Мұнымен бірге басшылық Халықаралық электр байланысы одағына кіретін бейрезиденттермен Топ жұмыс істейтін және белгілі салықтық босатуды беретін халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасы алдында басымдылыққа ие деп есептейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылығы жиі кездесетін жағдай. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзудың айыппұлы мен өсімақысының қолданыстағы тәртібі қаталдықпен ерекшеленді. Айыппұл мөлшері есептелген салық сомасының 50%-ден 80%-ға дейінгі көлемін құрайды, ал өсімақы Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген, 1,25-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептелінеді. Осының нәтижесінде айыппұл мен өсімақының сомасы есептелген салық сомасынан бірнеше рет жоғары болуы мүмкін. Салық тексерулері тікелей тексеру жылы алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамти алады. Қазақстандық салық жүйесімен байланысты екіұштылықтың себебінен есептелген салықтың, өсімақы мен айыппұлдың (егер мұндай болса) қорытынды сомасы осы күннің шығыстарына жатқызылған және 2018 жылдың 31 желтоқсанына есептелген шығыстардан асып кетуі мүмкін. Басшылықтың пікірінше, 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс талданып берілген және салық заңнамасымен байланысты Топтың жағдайын сақтап қалу ықтималдығы жоғары болып табылады.

44. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2019 жылғы ақпанда Топ өзінің «Альфа-банк» АҚ алдындағы 10.093.600 мың теңге сомасындағы міндеттемесін толықтай қайтарды және «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ бір жылдық мерзімге және жылдық мөлшерлемесі 10.9% болатын 5.000.000 мың теңге сомасына кредит желісін ашты.

2019 жылғы 28 ақпанда Қазақстандық қор биржасында кірістілігі 11,5% және қайтару мерзімі 2012 жылғы 16 қаңтардағы 16.804.000 мың теңге сомасына облигациялар орналастырды.

«Нұрсат» АҚ еншілес ұйымын ерікті тарату туралы» «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2017 жылғы 31 наурыз) негізінде 2019 жылдың 6 ақпанында 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Нұрсат» АҚ жиынтық тарату балансы бекітілді. 2019 жылғы 22 ақпанда «Нұрсат» АҚ жарияланған акцияларын шығаруды жою туралы Ұлттық банктің куәлігі алынды. 2019 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі «Нұрсат» АҚ қызметін тоқтатуды тіркеді.



Байланыс деректері



telecom@telecom.kz
ayim.ablekenova@telecom.kz



«Қазақтелеком» АҚ

№ 1 офис:

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Есіл ауданы, Сауран көш., 12

Телефон: +7 (7172) 587 154; 280 784;
Факс: 8 (7172) 587 724;

№ 2 офис:

050059, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Н. Назарбаев даңғ., 240б

Телефон: 8 (727) 258 72 19, 258 72 15;
Факс: 8 (727) 227 84 84;



www.telecom.kz



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

www.telecom.kz